

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА БББ



**«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ІЗДЕНІСТЕР МЕН КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Қызылорда, 2024 жыл

УДК 811.512.122
ББК 81.2Қаз
Қ17

Редакция алқасының төрағасы:

Б.С.Кәрімова – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма-Төрағасы, ректор, ф.ғ.к.

Редакция алқасы:

М.Ә.Бөрібаева - Басқарма мүшесі - Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі
проректоры

Ә.Б.Алмауытова – Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның жетекшісі,
ф.ғ.к;

Б.Е.Боранбай – ф.ғ.к., қауымд.профессор;

А.М.Абасилов – ф.ғ.к., қауымд.профессор;

Қ17. «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері: ізденістер мен келелі міндеттер»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –
Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2024. – 157 бет.

ISBN 978-601-7822-73-6

Бұл жинақта тіл біліміндегі жаңа бағыттар мен ізденістер, ұлттық әдебиеттану
ғылымының өзекті мәселелері, орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері,
ономастикалық кеңістік және ономастикалық саясат мәселелері, қазақ тілі әліпбиін латын
графикасына көшіру және емле ережелерін жетілдіру мәселелері жайында өзекті тақырыптар
қамтылған.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушыларға, білім алушыларға
арналған.



УДК 811.512.122
ББК 81.2Қаз
Қ17

© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2024 жыл

ISBN 978-601-7822-73-6

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
АЛҒЫСӨЗ
БОЛАТ БОРАНБАЙ – ТІЛТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Бүгінгі айтылар сөз өзінің өнегелі өмірінде ғылымның ауыр жүгін арқалаған, шәкірт тәрбиелеудегі ірілігі мен ұстаздарға ұстаз болудағы ұлылығын көрсетіп жүрген, асқаралы алпыстың төріне шығып отырған Болат Елтайұлының ғылыми ізденісі туралы болмақ.

Боранбай Болат Елтайұлы 1964 жылдың 20 қаңтарында Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бестам аулында дүниеге келді.

1982-1988 жылдар аралығында Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдайды.

Еңбек жолын 1988 жылы Шиелі ауданындағы №205 қазақ орта мектебінде мұғалімдіктен бастап, 1991 жылдан қазіргі күнге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор қызметтерін атқарып келеді.

Ол студенттік кезінің өзінде курстастарының ішінде ерекше көзге түсіп, ұстаздарының назарын өзіне аудара білді. Оның «Шиелі ауданының жергілікті жер-су аттары», «Ұлпан» романындағы үстеулер табиғаты» тақырыбындағы мақалалары алғашқы ғылыми ізденістерінің бастауы болатын.

Болат Елтайұлы 1994 жылы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспирантурасына қабылданады. Ол уақытта аспирантураға түсу үлкен жетістік болып табылатын. Осы жолда оны үздіксіз ізденістер мен жаңа белестер күтіп тұрды. Ізденуші терең білімі мен табандылығының арқасында ф.ғ.д., профессор Қ.Есеновтің жетекшілігімен 1997 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы Диссертациялық кеңесте «Сейіл Жиенбаевтың лингвистикалық мұрасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды.

Болат Елтайұлының ғылыми-зерттеу тақырыптарының ауқымы кең. Оның басты еңбектері қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, терминология, орфография, ономастика, синтаксис салаларына арналған, осы бағытта ғалымның 50-ден астам ғылыми мақаласы, 2 әдістемелік оқу құралы, 4 монографиясы, 2 сөздігі жарық көрген.

Болат Елтайұлына тән тағы бір ерекшелік – ұлтын сүйген ғалым болуы. Тілінің жоғын жоқтап, сөзін түгендеген ғалымның ұлтын сүюі – заңдылық. Ғалымды ана тіліміздің емлесіне, фонетикалық құбылысына, тіл мәдениетіне де қатысты ойлар мазаламай қоймайды. Сонымен қатар тіл саясатына қатысты мәселелерге бей-жай қарай алмайды, осы жолда аянбай еңбек етіп келеді. Осы тұрғыда ғалымның авторлық бірлестікте жарық көрген «Қазақстандағы тілдік аһуал: аймақтық ерекшеліктер және өзекті мәселелер», «Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам түрлері: қазіргі жағдайы, проблемалары» тақырыбындағы монографиялары мемлекеттік тілдің дамуына қосқан сүбелі еңбек деп білеміз.

Қазақ тілінің дыбыстық әлеміне ену деген сөз – ұлттық тілдің дыбыстық таным әлеміне бойлауды білдірмек. Осымен байланысты, ғалымның «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін» жасауда айшықты қолтаңбасымен көрініп жүргені баршамызға белгілі. Бұл тақырыпта қазақ тіл білімінде қарымды зерттеу жасап жүрген, осымәселеге тісі бататын ғалымдардың некен-саяқ екені де баршамызға аян. Осы бағытта жазылған ғалымның «Байтұрсынұлы және тіл әуезі», «Ақымет Байтұрсынұлы және дыбыс жүйесі», «Ә-нің әлегі немесе емле түйткілдері», «Қазақ жазуы және емле мәселесі», «Емле ережесіндегі кейбір мәселелер жайында» т.б. мақалалары ұзақ жылғы ғылыми-практикалық зор ізденістің нәтижесі екені дау тудырмайды.

«Емле ережесіндегі кейбір мәселелер жайында» тақырыбындағы мақалада автор «жасыратыны жоқ, 1983 жылдың 25 тамызында қабылданған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінен» басқа осы күнге дейін мемлекеттік дәрежеде қабылданған емле ережесі болған жоқ. Тиісінше соңғы жылдары жарияланып келген орфографиялық сөздіктердің де, ондағы емле ережелерінің де тек ұсынымдық сипаты болды, ол өз кезегінде емледегі ауа

жайылушылыққа алып келді... Емле түзуде тіліміздің дыбыстық заңдарын, дыбыстық құбылыстарды, акцентуация және интонология мәселелерін негізге алмаса болмайды. Емлені жасауда лексиколог пен фонетистің ортақ пәтуаға келуі қажет-ақ» деген пікірі тіл жанашырларына ой салғаны анық.

Мемлекеттік терминологиялық комиссияның құрамында болмаса да, өткір ойларымен біршама қазақ терминдерінің ұтымды қалыптасуына үлес қосты. Қазақ терминдерінің қолданысына, жасалымына қатысты сын мақалалар жазды.

«Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында жарық көрген оқу құралында ғылым тарихын зерттеу, оның өткені туралы мағлұмат беріп қана қоймайды, сонымен бірге қазіргі күйін айқындауға, оның болашағының қалай болатынын бағдарлауға үлкен септігін тигізеді.

Болат Елтайұлы қажет жерінде табандап тұратын мінезділігіне қарамастан, тәкаппарлыққа бой алдырмайтын өте қарапайым жан. Тек ғылыми пікір алысумен шектелмей, әр ізденуші жастың еңбектенуіне түрткі болып, жол сілтеумен қатар, қамқоршы бола жүретін қасиеті – ағамыздың атап көрсететін мінезі.

Сөз орайы келгенде, ұстаздығымен, адамдығымен, ғалымдығымен, үлкендігімен, кішілігімен, қарапайым қазақылығымен дараланатын бүгінгі мерейлі жасты бағындырған Болат Елтайұлына мағыналы да ұзақ ғұмыр тіледік.

Әсия Базарбайқызы Алмауытова
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның жетекшісі, ф.ғ.к.

КЕМЕЛ ТІЛ – КЕМЕЛ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ

ЕРДЕН ҚАЗЖЫБЕК

Халықаралық «Қазақ тілі» академиясының президенті,
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, ф.ғ.д., профессор

Осыдан аттай отыз жыл бұрын «Кемел елге кемел әліпби керек» деген атпен ұстазым, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, академик Әбдуәлі Қайдар Қазақстан Республикасының Президентіне ашық хат жолдады. Толық мәтінін 1993 ж., № 52 санында, «Ана тілі» газеті жариялады.

Жиырма жыл өткен соң, 2013 жылдың 14 ақпанында «Егемен Қазақстан» газеті бетінде академик осы хатын еске алып: «Ашық хаттың соңына түркі жұртына ортақ әліпбидің 34 таңбадан тұратын жобасы қоса берілген. Бұдан шығатыны түркі жұртына ортақ әліпбидің үлгісі бұдан 20 жыл бұрын әкелініп, қалың жұртшылыққа белгілі болған. Ол қазір аяқ астынан белгілі болып отырған жайт емес... Қазақ әліпбиіне байланысты біз әзірлеген үлгі сол 34 таңбаның негізінде жасалған 28 әріптен тұрады».

2006 жылдан бастап 2015 жылға дейін Тіл білімі институты бірнеше мемлекеттік тапсырыстар аясында осы бағытта бірнеше монография, мақала жинақтарын жарыққа шығарды. 2016 жылы «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» деген атпен шыққан қорытынды монографиясында былайша: «Латын әліпбиіндегі *i* қазақтың төл сөздерінде [i] дыбысын береді: **ini** (іні), **bir** (бір), ал кірме сөздерде [и]-ді береді: **kino** «кино», **import** «импорт»; латын әліпбиіндегі *u* қазақ төл сөздерінде [ұ] дыбысын береді: **ul** [ұл], **urpaq** [ұрпақ], ал кірме сөздерде [у]-ды береді: **universitet** (университет), **Peru** (Перу); дауыссыздан кейін тұрған қазіргі [и,у] әріптерінің құрамы [ый, йй, ұу, үу] түрінде ажыратылып жазылады» – деп түйді.

Қазақ орфографиясының негізін қалаушы академик Рәбиға Сыздық 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 14 қыркүйек санында: «Бұрынғы емлемізде жаңсақ танылған тұстар бар... **Й, у** дыбыстарын бірде дауысты, бірде дауыссыз деп танып келдік. Орыс тілінің үлгісімен **й** дыбысын әрдайым жіңішке, **у** әрдайым жуан айтылады деп келдік... Алайда **й** үнемі жіңішке айтыла бермейді: *мый, сый, қый, жый* т.с.с. ...**Й, у** дыбыстарын бірде дауысты, бірде дауыссыз деп танып, **йй, ый** дыбыстарын жалаң **и**-мен, **үү, ұу** дыбыстарын жалаң **у** таңбасымен беру оқыту ісінде, морфемалардың жігін ажыратуда, сөздерді буынға бөлуде, тасымалдауда елеулі қиындық келтіріп келді... Ендеше, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінің емлесін жасауда қазақ тілінің табиғатын, шынайы болмысын танытуымыз керек. Сондықтан жуан болып келген жерде **ый** (*мый, мыйық, оқыйды, тасыйды, сый, сыйлау, сыйады, тый, тыйады, тыйылды*), жіңішке болып келген жерде **йй** (*жібійді, ерійді, кемійді, тійеді, бійлейді*) жазуымыз керек» – деп, дұрыс жолды сілтеді.


Қазақ тілі ғалымдарының пікірі 1991 жылдан бастап отыз жыл бойы өзгермеді. Соңғы бірер жылдың ішінде, ғұлама ғалым Әлімхан Жүнісбек сөзімен айтсақ, «әліпбиімізді құдай ұрғаны» – тілші филологтарға емес, билік басындағыларға тікелей тиесілі екенін БАҚ бетінен де, телеарналардан да талай айттық. Бағымызға қарай, Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлыұстанымы мен айқын талабы ғалымдар пікірімен сарындас болды: «Бұған дейін біз 2 рет латын графикасына көшуге тырыстық. Алайда, соңы сәтті болған жоқ. Сондықтан, бұл мәселеге жан-жақты, терең талдау жасап барып, түбегейлі шешім қабылдаған абзал. Кириллицадан латын әліпбиіне жасанды түрде, тек сәйкес әріптерді өзгерту арқылы көшуге болмайды. Әйтпесе, бұл үлкен қателікке апарып соғады. Ең бастысы, азаматтар, әсіресе, жастарымыз қазақ тіліндегі барлық сөздердің латын графикасындағы жазылу тәртібін анық білуі керек». Әділ, анық және дөп сөз. Мемлекет басшысының «жазылу тәртібі» деп атап көрсеткені, қазақ тілінің емлесін, орфографиясын, төл ереже-заңдарын сақтау маңызына назар аударып, аурудың диагнозын айқындағаны – емделуге мүмкіншілік тудыру деп есептейміз.

Неге қазақ тілінің бүгінгі «жазу тәртібі» соншалықты күрделенді деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Нақтылап айтсақ, «қазақ халқы қашаннан бастап және қалайша бір-ақ у таңбасымен және бір и әрпімен бір дыбысты емес – қос дыбысты белгілей бастады?» деген сұраққа жауап беруге тырысайық.

Біреу дыбысты бір таңбамен белгілеу мысалдардың тарихына үңілсек, олар қазақ тіліне тілші ғалымдардың пайымы бойынша еңбегенін, дәлірек айтсақ, қатаң тоталитарлық, диктаторлық режимының қылышынан қан сорғалап тұрған кезде, қазақ ұлтының қаймағы, бетке ұстар азаматтарының баршасы дерлік зұлымдықпен о дүниеге аттандырылған тұста, қайғылы 1937 жылдан кейінгі келесі 1938 жылдың басынан бастап КСРО саяси басшылығының – ЦК ВКП (б)-ның Политбюросы мен Орталық комитетінің, атап айтсақ, Иосиф Сталинның тікелей өзінің бастамасымен қатаң бұйрық, ресми қаулы күшімен тілімізге тапжылмас заң ретінде зорлықпен танылғанын көреміз.

Нақты айтсақ, қазақтар үшін арнайы шығарылған қаулыда былай делінген (түпнұсқа орыс тілін өзгертпей бергенді жөн көрдік) – мұқият назар салыңыз:

«Заменить в существующем казахском алфавите комбинированные двойные знаки – **uw, üw, iy** и **иу**... буквой **и** вместо прежних **uw** и **üw**; и буквой **і** вместо прежних **iy** и **иу**,



придав им значение полногласных. Этим же двум знакам **и, і** после гласных букв дать значение коротких полугласных... Поручить Наркомпросу КазССР на основе этого постановления внести соответствующие изменения в грамматику казахского языка...». (Мәтінде сол тұстағы жазуға сәйкес **uv, uv, ij, bj** түрінде берілгенді, түсінікті болу үшін, дыбыстық мазмұнын өзгертпей, **uw, üw, iy, иу** деп түзеттік – Е.Қ.).

Яғни ежелден **kiy, qiy, tuw, ilüw, awa** деп жазып төселген қазақты басқаша, бүгін бізге үйреншікті болып көрінетін – **ki, qi, tu, ilu, awa** түрінде жаздырған – бірде-бір тілші ғалым емес! Әділін, шындығын қаласақ, қазақ тілінің емлесіне қиянат жасаған – орыстандыруды, яғни ашығын айтсақ, нәтижеде ұлттық тілдерінің бәрін жою арқылы бір орыс тіліне көшуін қамтамасыз етуді көздеген саяси билік екенін ашық мәлімдеуге міндеттіміз.

Тілімізге осылайша саяси бұйрықпен енгізілген жаңа жат ережелер кіре бастайды.

Ешбір ауытқушылықты болдырмау мақсатында, Мәскеуде сол сұрапыл 1938 жылы осындай қаулы қабылданады:

«Установить такой порядок, чтобы впредь все алфавиты, орфографические справочники, терминологические словари и грамматики, а также всякие изменения в них принимались и вводились в употребление не иначе, как только по особым постановлениям Президиума Совета национальностей ЦИК Союза ССР».

Ең ғажабы, соңғы жылдарда ашыла бастаған құжаттардың ішінде табылған бір құпия хаттамада сол тұстағы қазақ тілші жас ғалымдарының осындай шешімдермен келіспей, қарсылық білдіргені анықталды! Құжатқа зер салыңыз: «... При разработке и одобрении алфавита и терминологии опять-таки нам не пришлось обойтись без серьезной идеологической борьбы. Против принятия русского алфавита целиком, следовательно, против правильного написания терминов, слов, вошедших в казахский язык, выступили такие герои «тыла», как Сауранбаев Н. (ныне директор Института языка, литературы и

истории филиала Академии наук СССР), языковеды Кенесбаев С., Жиенбаев С., Балакаев М. и Бегалиев Г. Они странным образом свои предложения мотивировали так: а зачем нам принимать русский язык целиком, ведь русские не включают в свой алфавит такие знаки, которые выражают специфические звуки казахского языка! При этом **они не признают преимущества русского языка, его оборонное значение и то, что все новые научно-технические термины в языке нерусской национальности идут и должны идти через русский язык...** Если бы этим горе-языковедам удалось провести свои предложения, то русский алфавит в казахском пользовании был бы хуже арабского, а мальчики или девочки незаслуженно страдали бы от такого **искусственно созданного двойного правописания**. Конечно, предложения перечисленных выше лиц в 1940 году не получили достаточную поддержку. И мы решили вопрос...» (толығырақ қараңыз: «Российский государственный архив социально-политической истории»: Фонд 17, опись 114, дело 751, листы 38-47).

Тарихи құжаттар сөйлегенде артық сөздің қажеті жоқ. Мәселе айдан анық. Жағдай маңыздылығы ғалымдарға ерекше жауапкершілік артады.

Халықаралық түркі академиясы шығарған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінің» (факсимилесімен бірге 270 беттік) толық стенограммасына зер салып көрелік. 1924 жылдың 12-18 маусымы аралығында Орынборда бір апталық құрылтай аясында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Хәлел Досмұхаметұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Сәкен Сейфуллин (ұзын саны жиырма-отыздан астам адам) қатысқан үш күн қатар үлкен жиналыс, жан-жақты талқылау өткізіледі. Тақырыбы қазақ тілінің жазуы мен емле ережелеріне арналады. Төрағалыққа Ахаңның өзі сайланады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша арнайы тағайындалған баяндамашылар сөз сөйлейді. Баяндамашыға бір сағат регламент беріледі (қандай керемет! – *Е.Қ.*). Қосымша сөз сөйлегендерге – жарты сағаттан уақыт беріледі (!– *Е.Қ.*). Пікір айтушыларға – 15 минуттан. Жиналыс жұмысы – күнде таңғы сағат онда басталып, кешкі тоғызға дейін үздіксіз жалғасады (!– *Е.Қ.*). Баяндамалардың, сөздердің бәрі – толық қағазға түсірілген.

Ашығын айтайық, бүгін айтылып жүрген уәждердің бәрі дерлік осы басқосуда егжей-тегжейлі және әлдеқайда толық түрде тізіліп берілген. Сол тарихи қазақ білімпаздары құрылтайында ғалымдар бір пәтуаға келеді және тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жиын төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы өзі жария етеді.

Ахаң сөзін толық берейік: «Қазақ тілінде дауысты ұзын *у* мен *и* жоқ екенін мойындаған соң *ыу* / *ұу*-лардың орнына жалғыз *у* жазамыз деудің түк те қисыны жоқ. Мұнан былай *у* мен *и*-дің жазылуын дыбыс жүйесіне келтіріп, дұрысынша жазуымыз керек. Онан қашып, тілдің заңына келмейтін шатақ ереже шығарудың жөні жоқ» (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Нұр-Сұлтан, 2022, 53 б.).

Тағы да Ахмет Байтұрсынұлының түптеп айтқан, қорыту тұжырымдарын келтірейік: «*У* мен *и* дауысты дыбыстарының қатарына кіре алмайды. Дауыссыз *р* мен *л*-ға қосылып кетеді» (бұл да сонда, 31 б.).

Ахаң *и* мен *у*-ға «дауыстыға аяқталған сөздерше» жалғалану туралы да нақты жауап береді: *и* мен *у* «дауыссыз *р* мен *л*-ға қосылып кетеді. *Бала, кісі, еге, оқы* деген сөздердің аяғындағы дыбыстары дауысты, *қар, жүр* деген сөздердің аяғындағы дыбыстары дауыссыз *р, сұу, сай, жұу, тій* деген сөздердің аяғындағы дыбыстары дауыссыз *у* мен *и*... Дыбыс жүйесінше *у* мен *и*-дың дауыссыз *р*-дан еш басқалығы жоқ екені, екеуі де дауысты дыбыстарға қосылмайтыны сипатталады» (бұл да сонда, 31-32 б.).

Ахмет Байтұрсынұлы пікірі айқын, анық және дау тудыру мүмкін емес. Осы шешімді мәжіліс аяғында дауысқа салып көпшілік мақұлдап бекітеді. Ең ғажабы қолдаушылардың ішінде талқылау кезінде қарсы пікір білдірген Міржақып Дулатұлы да болғанын ерекше атап өту керек. Яғни ол да Ахаңның пікіріне қосылған, ғұлама ғалым ойымен келіскен. Жиналыс тоқетерін, нүктесін Хәлел Досмұхаметұлы қояды: «Ақметтің келтірген дәлелдерінен асып кету мүмкін емес» (бұл да сонда, 35 б.).

Біз де ғұлама ұстазымыз Ахаң сөзіне тоқтаған жөн деп санаймыз.

Айтқанымызды түйіндей келе, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тілдік реформамызға байланысты берген тапсырмаларын естеріңізге тағы да салуға рұқсат етіңіз:

«Мәселе әліпбиді кирил қарпінен латынға көшіру емес, қазақ тілінің емлесін қайта құруда болып отыр»;

«Тілімізге арналған орфографиялық қағидаларды қайта қараған жөн»;

«Тіліміз бұрмаланып кетті. Ашығын айту керек, бұл қазақ тілінің табиғатына жат, тіпті, тілімізді мазақ қылу сияқты көрінеді»;

«Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіз тілімізді жаңғырту қажет.

Ғалымдарымыздың салмақты пікірлерін күтеміз»;

«Тағы да қайталап айтамын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз».

Жетесіне жеткізіп айтылған шындық.

Бұрынғы орфографиялық ережелерді көз жұма «көшіру емес – қазақ тілінің емлесін қайта құру» және «тілімізге арналған орфографиялық қағидаларды қайта қараған жөн» және ең маңыздысы, ең қиыны, ең бастысы «мәселе әліпбиді кирил қарпінен латынға көшіру емес», мәселе – қазақ тілін реформалауда.

Бағымызға, бүгінгі ең жоғары деңгейдегі билігіміз кейбір ресмиленген мемлекеттік ұйымдардан гөрі кәсіби тілші ғалымдардың пікіріне көбірек құлақ асуда.

Олай болса, ақиқаттан ауытқымай, тарихымыздағы әділетсіздіктердің тілдік сардарын еңсере отырып, ана тілімізді терең және жан-жақты реформалап, ескіге жармаспай емле қағидаларын жаңадан түзіп, ұлттық жазуымызды мемлекеттік тілдің төл табиғатына бағындырып адал міндетімізді аброймен атқару бізге серт деп, мақаламызды осымен аяқтайық.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ КӨРІГІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН ҒАЛЫМ

САҒЫНДЫҚҰЛЫ БЕКЕН

**филология ғылымының докторы, профессор,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

Бүгінгі күні алпыс атты асқаралы жастың табалдырығын аттаған Болат Елтайұлымен алғаш танысқаным есімде жоқ. Әйтеуір Ғылым Академиясының қалтарыстарында кездесіп, әңгіме өрбіткен шақтар көз алдымда. Бізді барынша жақындатып жіберген ғылыми жетекшіміздің бір адам, қала берді ғылыми тақырыптарымыздың бір арнадан табылып жатқандығы болды ма деп бағдарлаймын. Бір қайнауы ішінде жасырынған сол уақыт шеңберіндегі әріптестеріміз ғылым сынды санаттың барлық берерін алып қалғысы келді. Диссертациялық қорғаулардың қай мекемеде өтетінін алдын ала біліп, басталар уақытынан бұрын келіп, аудиторияның бір шетінен тиген орынға жайғасып алуды әдетке айналдырды. Екінші жағынан аға буын ғалымдарымыздың тұлғасын көріп, лебізін естіп, сөзаралық саудаға түскен тақырыпты тарқататын тұста көп болатын. Сондайда Боранбай Болаттың кең иық жауырынды сұлбасы ғана емес, ойлы да арлы сөздері тыңдарманын қалың ноқатпен тыныштандыратын.

Ата-анадан тарамдалған тылсым күш пе, туған ауылындағы мектеп пен жоғары мектептен жиған-терген білім бе, әйтеуір тіл мен әдебиеттің терең тарихы, синхронды әлеуеті Боранбай баласының аузынан шыққанда, қоршаған жанды ойландырып-ақ тастайтын. Оның өзіндік негіздемелері мол екен. Біріншіден, әдебиеттің аңызға бергісіз қалтарыстарын қағажу қалдырмайтын Қоңыратбаевтың алдын көріпті. Ие, ие, сол Әуелбек Қоңыратбаев! Дала академияның ақыл-танымына қала академиктерінің өзі әдейі ат басын бұратынын бүгін біреу білер, біреу білмес. Дәл осы сыйды тағдырдың өзі бұйыртты. Абыз әдебиетшінің аузынан төгілген жыр-дастан Болат Елтайұлына етене сінді. Қазір қайта айналып сұқтана сұрасаң, Әуелбек әуеніне салып, төгіліп кететіндігі содан-ау, шамасы!

Екінші жағынан, тіл білімінің қасаң қағидасы мен жатық практикасы да студент кезінде қаланды. Қызылорда – тіл мен әдебиеттің тамыры жайылған мекен. Кешегі Молдаш Достанов, Әли Байжолов, Медеуәлі Бимағанбетов, Әбжапар Аблақов тәрізді т.т.б. тарландар тағылымы керемет-ақ болатын. «Достановтың салпыншақтары» әлі күнге дейін ел аузында. Әли Байжоловтың қайбір қатаңдығы алдындағы шәкірттің терең терімділігіне итермелейтін. Қазақ грамматикасының құрылымы мен құрылысын тең ұстаған ұстаздары (Бимағанбетов, Аблақов) ғылымға ұқыптылықтың ұшын игертіп кетті. Бұған мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде шақырылатын Қ.Есенов, Т.Сайрамбаев сынды синтаксис сүлейлерінің селкем сөздерін қоссаңыз, сөз терем деген ізденушінің танымына терең бойлайтын тәуипық тағдыр екені тағы күмән тудырмайды.

Қазақ ілімінің түлеуі ел тәуелсіздігінің тәй-тәй басуымен тұспа-тұс келді-ау деймін. Тәуелсіздіктің соңғы және соны бір символы теңге тұрақтанған тұста, қазақ рухы аспандап берді. Қазақ елінің шығысы мен батысы, күнгейі мен теріскейінен түленген көп жастар ғылымның ошағына айналған Алматы шаһарына бет түзеді. Естеріңізде болса, 1970 жылдары әдебиет әлеміне үлкен бір шоғыр топ келіп қосылып, кейіннен сол шоғыр топ кесек-кесек дүниелер тудырды. Әрі олар болған мен барды, бар мен болатынды байланыстырды. Осыдан да болса керек, Темірхан Медетбек бұл шоғыр топқа «Алтынкөпірліктер» деп айдар тақты. Міне, осындай бір шоғыр тіл біліміне 1990 жылдың ортасында қонды. Бүгінгі күн көзімен қарасақ, бұл шоғыр қазақ тіл білімінің «алтын қарлығаштары» еді.

Бұл көшке Сыр елі Боранбай Болат Елтайұлын қосты. Анығын айту керек, аталған уақыттан бұрын да, дәл сол уақыт шамасында да тіл білімінің көші-қонына дайын тұрған бір аймақ болса, ол Сыр елі еді. Қазір құпия емес, 1990 жылдар ортасы ұлт ұстазы еңбектерімен қауышудың басы еді. Ақталғанына сенімділік аз болды ма, әлде сеніңкіремеді ме, бәлкім, жас буын өкілдеріне салмақ түсіргісі келмегендіктен болар, әйтеуір Ақымет шығармашылығы тек аға буын ғалымдарымыздың топшылауына тиді. Бізге біткені 1940 жылдардан бергі еңбектер-тің. Сол жылдары Н.Сауранбаев ілімі сараланды, С.Аманжоловтың пайымдаулары тарқатылды, С.Жиенбаевтың бар болмысы таразыланды. Сейіл Сарықұлының тіл біліміне қатысты сергек те серпінді тұстарын Болат Боранбай екшеді. «Сейіл Жиенбаевтың қазақ тіл білімі саласында жазып қалдырған мұралары сан алуан. Олар – қазақ әліпбиі мен емлесіне байланысты ұсыныстары, пунктуацияға қатысты еңбектері, қазақ тілі лексикасы жөніндегі жұмысы, сөздіктері жасау принциптері туралы нұсқауы, сөздерді таптастыру туралы және жекелеген сөз таптары туралы, сөйлем мүшелерінің талас мәселелері туралы, құрмалас сөйлем туралы, тіл тарихы жөніндегі пікірлері, қазақ тілі әдістемесі мәселесіндегі еңбектер шоғыры» деген түйіннің ақиқаты күмәнсіз. 1940 жылдар шамасындағы тілдің түйткілді тұстарын түгендеген С.Жиенбаевтың тұжырымдары қазіргі күні Болат Боранбайдың бағамдауына ауысқан ба дерсің?!

Біздің байымдауымызда, 1994-95 жылдардан бастап қазақ тіл білімі өзінің өткені мен бүгінін тиянақтауды мұқият қолға алды. Тарихта алғаш рет «Қазақ тілі» энциклопедиясына мол материал жинақталды. Соның ішіндегі тіл білімінің тұлғаларына қатысты, тіл білімініңбұрыннан бар және жаңадан танылған тосын бірліктеріне қатысты мол мақалалар Болат Боранбай есімімен тарқатылды. Шын мәнінде, бұл энциклопедиялық мақалалардың қазақ ғылымы үшін берері, сілтері көп болды. Ең алдымен, қазақ ғылымының бастау көздері анықталды. Екіншіден, көзі қарақты қазақ жұрты тіл біліміндегі ақтандақ жылдардың еншісін қайтарды. Тағы бір соны тұс, қазақ тіл білімінде теориялық қағидаттар жүйеленіп, жүзелік сипаттағы бұлтартпас шаралар қамтылды.

Айналасы төрт-бес жылдың шамасында Болат Елтайұлы қажетті талап деңгейіндегі сұраныстарды (мақалалар жариялау, ғылыми іс-шараларда баяндама жасау, дөңгелек үстел, семинарларда сұраққа жауап беру) толық қамтып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Көп бөгелмей туған жеріне бет алды. Онда да алысқа аяқ баспай, студент ретінде жасақталған оқу орнына келді. Тек ол енді студент емес, студентке тәлімгер болып оралды.

Өз ұстанымын орнатты: білгендерімен білетіндерді байыты. Алдыңғы толқын аға ұстаздарды ұлықтап, жоғарыда айтқан ұқыптылықты енді басқаға сіңіруді қолға алды.

Өзі әр өңірдің жоғары мектеп оқытушыларына қоғамдық сананы өзгертуді, мәдениеттің мәйегін түзуді маңдайына жазып қойғандай әсер береді. Естеріңізде болса, 2017 жылы қоғамдық сана жаңа әліпби мәселесімен жаңғыра қалды. Несін жасырайық, Ақымет іліміне сүйенгендер бір төбе де, ілімге сүйенеміз деп сергелденге салғандар бір төбе құрды. Осы тұста салмақты сөз Сыр елінің жігіттерінен шықты. Басы Болат Боранбай десем ешкімнің көңіліне келмес. Ғалымның бұл бағытта жазған «Ақымет Байтұрсынұлы және дыбыс жүйесі», «Ә-нің әлегі немесе еміле түйіткілдері» болмаса «Емле ережесіндегі кейбір мәселелер жайында» мақалалары әлі де болса әудем жерге жеткізетіні ақиқат.

Елдің ежелгі тарихы мен бүгінгі бақыты жер-су атауларының түгенделуінен тарайды. Ономастика мәселелерін Болат Боранбай бұйыртып жазып жүр. Мәселен, Бексұлтан Нұржекеұлының шығармасына шылау салған «Өзендер өрнектеген өлке»: атаулар қазынасы» атты мақалаға сүйеніп, топоним, зооним, этнонимдердің түр-түрін жинақтап алуға болады. Дәл осы тұжырымға ғалымның «Ай мен Айша»: атаулар бітімі» атты мақаласын да қосар едік. Қолымызға «Сыр бойы» газетіндегі «Жер аты – тарих хаты» атты сұхбат та ілікті. Тек Сыр аймағына емес, тіпті тек қазақстандық ауқымда емес, әлемдік ел-шаһарларына қазақ транслитерациялаған атаулар талқыланыпты. Айтса айтқандай, «Біздің халқымыз жер-су аттарын қоюға өте шебер, оған ерекше мән берген. Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін атаулардың сымбат-көркі қандай десеңізші! Қазақстанда таным-пайымыңды көріктендіретін хәм тереңдететін, қиял-сезімді қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті» деген сұхбат иесі Б.Боранбайға алып-қосарымыз артық болар!

Қазақ ілімінің алғашқы қалыптасуы қазақы болды. Біле білген жұртқа 1920-24 жылдар салыстырмалы түрде қазақ тіл білімінің тұңғыш ғалымы үшін жаймашуақ кезең-тін. Осы жылдар аралығында «Тіл – құралдың» сөйлем жүйесі жазылды. Сөздің сөз болуы (лексика), сөздің түрлену тұрқы (морфология) тек синтаксис жүйесінде жанданып шыға келері даусыз. Осы жағынан келгенде, синтаксис тіл білімінің тайқазаны десек болады. Синтаксистік тайқазанның бұрқ-бұрқ қайнаған уақыты 1940 жылдар ішіне сәйкеседі. Мысалға бір ғана С.Жиенбаевтың «Синтаксис мәселелерін» тартсақ, аз дәлел болмас. Бұл әмбебап-классикалық еңбек. Ғалым еңбегіне етене енген Болат Боранбай С.Жиенбаевтың «қазақ тіл біліміндегі орны тек қана жай және құрмалас сөйлем саласындағы еңбектерімен шектеліп жүр» деп өкінішке берілуі синтаксисті саралайтындар үшін сара жол сыйпатты!

Осыдан кейін Болат Боранбайды синтаксист ғалым десек те орынды. Бұған, біріншіден, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, жоғарыда атауға түскен мұғалімдерінің брендтік білім бергені бекем байлау болды. Екіншіден, бәйгеге қосқан Қайырболат Есеновтің бірегей бітімі бағыттады, мәре сызығын қиғызған Сапарғали Омарбековтің есімі де бүгін аталса игі. Менің байқауым бойынша, таным, талғам, парасат таразыға түскен кезде, ұстаз атты пірім тұс салмақтырақ болады екен. Жарқын бейнелері жадымызда сақталсын!

Біз білген ғалым Болат Боранбайдың орда бұзар отыз жасында, осыдан отыз жыл бұрын, бір ғана мақсаты болды: азаматтығым абыройым деген. Сол жылдары азаматтығы парызға ауғанын өзі де білген жоқ. Мүмкіндігінше, тарқатып көрсеткеніміздей, азы тіл білімінің көрнекті өкілі С.Жиенбаевтың аруағын аунатты, артығы сол, өзі тіл білімінің таразысында теңселді, соңында тербелді. Теңселген тұс Қ.Есеновтің қазақ тіл білімінен жырақтап, мәңгілікке бет бұрған шақ та, тербелген тұс ғылым кандидаты дәрежесін иеленгеннен бергі екі мүшелік ғылыми ғұмыр ма деймін! Кейіннен парыз пайымға ауды: Болат Елтайұлының пайымдаудағы тағылымы мол тілдік түйткілдерді ауылдық, аудандық, аймақтық, республикалық аудитория асыға күтетін күйге кенелдік. Бүгін пайым талғам мен жауапкершілікке жүк артқандай әсер береді. Тіл білімі сынды телегей теңіздегі шығармашылық жұрттың жауапкершілігі талғамынан талқан түйгендей ғана қызмет ететін болса, ұлт ұстазы жеткізгеніндей, «Ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін

меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарайтын» тілдің міндеті орындалатын еді. «Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарай» береді екен. Ондай адамның ортамыздағы екі отызға келген Болат Елтайұлы екендігі де анық!

Сөз соңында Қорқыт ата университетінің ұстазы, филология ғылымының кандидаты, профессор Боранбай Болат Елтайұлын асқаралы алпыс жасымен құттықтаймыз. Ғылым биігіне ен салған, ұлағатты ұстаздықты қоса меңгерген ерен еңбек иесінің жолы ашық та сәтті, бағы салмақты да берекелі болсын!

1-СЕКЦИЯ. ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ЖОБАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР ЖАЙЫНДА

БОРАНБАЙ БОЛАТ ЕЛТАЙҰЛЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, ф.ғ.к., қауымд.профессор

Жасыратыны жоқ, 1983 жылдың 25 тамызында қабылданған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінен» басқа осы күнге дейін мемлекеттік дәрежеде қабылданған емле ережесі болған жоқ. Тиісінше соңғы жылдары жарияланып келген орфографиялық сөздіктердің де, ондағы емле ережелерінің де тек ұсынымдық сипаты болды, ол өз кезегінде емледегі ауа жайылушылыққа алып келді. Латыннегізді қазақ әліпбиіне көшу жөнінде саяси шешім бар, ендігі міндет соны жазуда пайдалану нормасын – емле ережесін бекіту міндеті тұр алдымызда. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алға қойған міндеттердің біріншісі қазақ жазуын латын негізді әліпбиге көшіру екендігі аталмыш мәселенің маңыздылығын көрсетсе керек. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұжымы даярлаған, Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» оқу әдістемелік орталығы сынамадан өткізген «Қазақ емлесінің негізгі ережелері» атты құжат мамандар тарапынан талқыланып келеді. Соның нәтижесінде біршама пікірлер ескеріліп, өзгертулер енгізілді де. Дегенмен де, тілшілер арасында, сонымен қатар жалпы тіл жанашырлары арасында туындап жатқан таласты мәселелер жоқ емес. Пікірлер баспасөз беттерінде болсын, әлеуметтік желілерде болсын әлі де толастаған жоқ. Әрине, пікір таласы ешқашан тоқтамайды да. Толастамайды екен, кейін жөндеуге болады екен, әзірге осы нұсқаны қабылдай берейік деген сынды пікірлер де жоқ емес. Емле ережесі қандай болмақ керек деген мәселе Ахмет Байтұрсынұлынан бастап, беріде Ә.Жүніспек, С.Мырзабек, Б.Қалиұлы сынды білімпаздар тарапынан негізделгенімен [1;2;3;4.], 1983 жылғы емле ережесіндегі ұстанымдардан шыға алмай келеміз. Емле мәселесіне қатысты елде қызмет ететін, әлеуметке жақын жүретін, күнде жұртпен араласатын тіл маманы ретінде өз пікірімізді айтпасақ болмас.

Талас тудырып жүрген жайлар мамандар қауымына жалпы таныс. Атап айтқанда, әліпбидегі кейбір дыбыстардың дұрыс таңбаланбауы емлені түзуде қиындықтар келтіруде, тіліміздің дыбыстық заңдылығына сәйкес келмейтін жалаң и мен у емлесі де дау туғызуда, б,в,г,д әріптерінің шет сөздерде сөз соңында келуіне қатысты мәселесінің шешімін таппауы түсініксіз, бірге, бөлек жазу мәселесінде келісімге келмей жатқан тұстар бар, Ахаң айтқандай «қосып жазуға құмарлық» бар [5.25] шет сөздерді транслитерациялау жайын әлі де болса тиянақтай түсу қажет, «үнемдеу» қағидаты толық ескерілді ме деген сұрақ туындауда, т.т.

Емле түзуде тіліміздің дыбыстық заңдарын, дыбыстық құбылыстарды, екпін және интонация мәселелерін негізге алмаса болмайды. Емлені жасауда лексиколог пен фонетистің ортақ пәтуаға келуі қажет-ақ. Емле мәселесіне қатысты өзін қызмет ететін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде баяндама жасадым. Тілімізге негіз болатын сингармонизм заңының бір парасы – тіл сингармонизмін әріптестерім қабылдаса, ерін сингармонизміне мысал келтіргенде, «бұл қырғыздың тілі ғой»

дегендей шу ете қалды. Яғни қазіргі таңдағы қазақ тілін тұтынушылар арасында тіліміздің әуезділігіне нәр беретін ерін үндестігі жазудан тыс қалғалы, «дыбыс жүйелі емле» [5.25] (фонетикалық принцип) қолданыста азайғалы ұмытыла бастағандай. Жалпы дауысты дыбыс әріптерін буын талғайтын және буын талғамайтын деп жіктеудің салдары осындай келеңсіз жағдайға душар еткенін бәріміз де білеміз.

Емледегі үнемдеу мәселесі 30-жылдардағы латын қарпі негізіндегі қазақ жазу емлесіне қатысты да сөз болған. «Ы», «і» әріптерін сөздің соңғы буынында келсе, оған дауыстыдан қосымша жалғанғанда түсіріп жазу, тіпті «мылтық» сөзін «млтк» деп үнемдеп жазу ұсыныстары да болған [6.19]. Тілдегі редукция құбылысына сай бұндағы бірінші мәселе ішінара емле ережесінде орын алды, дегенмен ескерілмеген тұстары да бар. Осыған байланысты профессор Сейдін Бизақовтың «Қысаң дауыстылардың акустикалық жағынан солғындау естіліп редукцияға ұшырауын, сондай-ақ кейде мүлдем түсіп қалуға бейім тұруын ескеріп, мәжліс, төңрек, зрыл, қонрау, құрлыс, тәжрибе, дәргер, аңзақ, жадрау, топрақ, бадрақ, кішпейіл, ертінді, кеклік, слан, клем, жрау деп жазғанда, ол сөздердің айтылуы да жазылуына сәйкестеніп кетер ме еді. Әуел баста, сөздің табиғи айтылым қалпын сақтап аброй, айрықша, баурым, жарғым, қазна, қойлым, құблыс, қатнас, қрым, мәмле, отрыс, күңрене, топрақ, ықлас деп жазылып келген сөздерге кейін келе қысаң дауыстының үстемелеп жазылуына көз үйреніп, дағдыға айналып кетті» деген пікірін, толығымен болмаса да, ескерген жөн [7.4]. Соңғы кезде шыққан сөздіктерде аулы, ауылы, орны, орыны сынды бір сөзді екі түрлі жазуды нормаға айналдыруға ұмтылыс болғанын айтпасақ та болады.

Емледегі қайшылықты пікір, біздің ойымызша, қазақтың төл сөздері мен шеттілдік сөздер емлелеріне қатысты болып отыр. Шеттілдік сөздерге келгенде орыс тілінен енген сөздер мен қазіргі таңда тілімізге көптеп еніп жатқан ағылшын сөздерінің жазылуы жайына қатысты пікір де екіге айырылады. Соңында нг әріптері қатар келген сөздерді сол тілдегі айтылу ерекшеліктері ескеріліп, жалғыз н әрпімен беру мақұлданса, орыс тілінен енген сөздердегі сөз соңында келетін б, в, г, д әріптері қатаң жұптарымен, яки п, к, т әріптерімен алмастыру жөніндегі ұсыныс қолдау таппады. «Дауыссыздардың емлесі» бөлімінде өзге дауыссыздармен бірге сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында жазылады деп, мысалдарына төл сөздермен бірге кірме сөздерді де араластырып берген. Мұнда орыс тілінен енген сөздер орыс тілінде берілгеніндей өзгертусіз берілген. Б, в, г, д дыбыстары қазақтың төл сөздерінде де, кірме сөздерде де сөз басында және сөз ортасында ғана келеді деген ұсынысымыз өтпей қалған. Қазіргі таңда қалай жазылса, солай оқуға жұрттың, жалпы жұрттың ғана емес жорналшылар қауымының да (әсіресе, теледидар мен радиодадағы) әдет еткенін ескерсек, тіліміздің әуезділігін қалай қалпына келтіреміз. Тілші ғалым Исхан Бейбіттің пікірінде осыған жауап бергендей: «...жобалық тұжырымдама авторлары: «Сөз аяғында [б] [г] дыбыстары қолданылмайды, сондықтан *штаб*, *клуб*, *педагог*, *демагог* т.б. атауларды *штан*, *клуб*, *педагок*, *демагок* деп орфографиялау қажет деген пікір орынды болып саналмайды. Дәстүр бойынша бұл типтес сөздер қосымшалармен түрленгенде: *штабы*, *клубы*, *педагогі*, *демагогі* т.б. түрінде жазылады» деп қазақ тіліне тән түбір сөз бен қосымшаның немесе бір әуенмен (ритммен) айтылатын екі сөздің ара жігінде болатын фонетикалық құбылыс – дыбыстардың бір-біріне тигізетін кейінді ықпалын орынсыз дәлел ретінде келтіріп, мұқым елді адастырмақ болғандай. Сонда «*кітап* – *кітабы*, *қазақ* – *қазағы*, *күрек* – *күрегі*» сияқты т.б. сөздерді де ұяң дауыссыз дыбыстармен аяқтап жазуымызға болады екен ғой!» [8].

«Дефистің қолданылуы» тарауында «§48. *Ў*eb, *eks* сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады: *у eb-braўzer*, *ўeb-dizain*, *ўeb-interfeis*, *ўeb-sait*; *eks-ákim*, *eks-múshe*» деген ереже берілген. Мұндағылардың бірінші буындары бірінде - желі, екіншісінде - бұрынғы деген мағына береді, желі интерфейсі, бұрынғы әкім дегендерді орыс тілінің ыңғайында неге дефис арқылы жазуға тиіспіз. Бұлардың қатарына СД карта, СД дискі, DVD дискі, USB карта сықылдыларды жатқызуға болады.

Ережеде кісі есімдеріне қатысты мысалы: *Ábýnasyr ál-Farabı*, *Áz- Zahır Rýkn ád-Dın Beıbarys* сөздеріндегі дефистерді қолданбай, бөлек жазған дұрыс, өз тілдерінде де солай.

Жобада «§59. Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады: *Jelaiiaq, Qambarata, Oısylyqara, Zeñgibaba, Shekshekata, Shopanata.*» деген ереже түсініксіз. Желаяқ сөзі жалпы есім түрінде де бірге жазылады, ал онан кейін тұрған жалқы есімдердің мифтік атау болғаны үшін де бірге жазылуы түсініксіз. Профессор Ә.Қоңыратбаев Қорқыт атаны мифтік тұлға деп таниды, сонда оны да қосып жазамыз ба?

Шеттілдік сөздерге қатысты тараудағы кейбір ережелер төл сөздерге қатысты ұстанымдарға сәйкес келмей жатады. Мысалы: «ө әрпі о әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: *manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), amóba (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), dirjór (-diń, -i, -ge, -ler), rejsór (-diń, -i, -ge, -ler).*». Төл сөзде ө әрпі буын талғап, шет сөзге келгенде буын талғамай кетуі ортақ ұстанымның болмауын көрсетеді. Дегенмен, ө-нің осылай қолданылуы шеттен келген сөзді «сындыруға» тәуір қызмет етіп тұрғанын мойындауымыз керек.

Осындай «сындыру» әдісі ә әрпіне қатысты да орын алған: «§84. Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді: *ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), dúbl (-diń, -i, -ge, -der), rúbl (-diń, -i, -ge, -der), paról (-diń, -i, -ge, -der), asfált (-tiń, -i, -ke, -ter), púlt (-tiń, -i, -ke, -ter), ált (-tiń, -i, -ke, -ter), ós (-tiń, -i, -ke, -ter), vólt (-tiń, -i, -ke, -ter), búldog (-tyń, -y, -qa, -tar), batalón (-niń, -i, -ge, -der), medalón (-niń, -i, -ge, -der), koról (-diń, -i, -ge, -der), gastról (-diń, -i, -ge, -der), alkogól (-diń, -i, -ge, -der), kúlt (-tiń, -i, -ke, -ter), gólf (-tiń, -i, -ke, -ter), vestbúl (-diń, -i, -ge, -der), sírkúl (-diń, -i, -ge, -der), roıál (-diń, -i, -ge, -der), álpınıs (-tiń, -i, -ke, -ter), álternativ (-tiń, -i, -ke, -ter), kobált (-tiń, -i, -ke, -ter), festıvál (-diń, -i, -ge, -der), álbátros (-tyń, -y, -qa, -tar), álbom (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álmanah (-tyń, -y, -qa, -tar), áltrón (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álfa (-nyń, -ǵa, -lar), váls (-tiń, -i, -ke, -ter), bálzam (-nyń, -y, -ǵa, -dar), pálma (-nyń, -sy, -ǵa, -lar), oftálmolog (-tyń, -y, -qa, -tar), búldozer (-diń, -i, -ge, -ler), múlftılm (-niń, -i, -ge, -der), últrasáyle (-niń, -si, -ge, -ler), fólklor (-dyń, -y, -ǵa, -lar), vólfıram (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*». Жоғарыда атап өткендей, дауыстыларды буын талғайтын, талғамайтын деген жіктемені алып тастасақ, шеттілдік сөздерді де «сындырар» едік, ерін үндестігі сынды «жоғалтып алған» әуезімізді қалыпқа келтірер едік.

О әрпіне қатысты әңгіме басқаша. Мәселен: «Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады және оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: *moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), ..., айфон (-nyń, -y, -ǵa, -dar), banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), ..., skrinshot (-tyń, -y, -qa, -tar), ...*» деген ережедегі сөздің соңғы позициясында о-ның қолданылуы тілімізде сөйлеу тілінде де дыбыстық заңдылығымызға томпақ келеді. Тырақтыр (немесе тірәктір), модератыр (немесе мәдерәтір), искриншөт, т.т.

Апакопа. Ережеге назар аударыңыз: «§92. Шеттілдік сөздердің соңындағы *a* әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: *gazet (-tiń, -i, -ke, -ter), minýt (-tyń, -y, -qa, -tar), sıfır (-dyń, -y, -ǵa, -lar), kordinat (-tyń, -y, -qa, -tar), kapsýl (-dyń, -y, -ǵa, -dar), kardiogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*. Бірақ *matematika, pedagogika, statistika, mehanika* болып жазылады». Шолтию құбылысы тілімізге ертерек енген сөздерде кеңінен қолданыс тапты да, (газет, алимент) математик (математикші), педагогик, статистик (статис), механик (механикші) 30-жылдардағы емледе орын алып, кейіннен орыс тіліндегі кейпінде қолданыла бастады. Жаңадан қабылданып жатқан шеттілдік сөздерге шолтию құбылысын кеңінен қолдануға болады деп ойлаймыз.

«Б, в, г, д әріптері қазақтың төл сөздерінде де, шеттілдік сөздерде де сөз басы мен ортасында ғана жазылады» деген ережені енгізетін болсақ, келесі параграфтың қажеті де болмай қалар еді: «§99. *-og* әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: *pedagog-tar, pedagog-y, dialog-tar, dialog-y, ekolog-tar, ekolog-y*» (негізі соңына к әрпін қолдансақ. Қосымша жуан болмай ма?).

Қорытындылай келе, қазақ жазуының ережесі, яки емлесі қазақ үшін, қазақ тілі үшін екендігін естен шығармаған жөн демекпіз. Емлемізді осы кезден дұрыстап алу керек, «көш жүре түзеледі» деген атам қазақтың сөзіне иек артып, істі кейінге шегере беруге болмайды, бұдан соң мүмкіндіктердің бола беретініне күмәніміз бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. 238 б.
2. Мырзабектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. 352 б.
3. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009. 296 б.
4. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, параматика, дискурс, мәтін, - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
5. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.
6. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы.- Алматы, 2013
- Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
7. Бизақов С. Емлені ескеруіміз керек// «Ана тілі» газеті, 2013. № 7. 14-20 ақпан, 4- б.
8. <https://abai.kz/post/51305>

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

ҚАПАЛБЕКОВ БИЖОМАРТ СЕЙСЕНБЕКҰЛЫ Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Бұл жиын қазақ тілі майданының сардары Болат досым Боранбайдың 60 жасқа толу құрметіне арналған. Болат ойындағысын ірікпей айтатын, сонысымен билеп-төстей басқаратын басшыларға жақпайтын мінезі бар ғалым, шыншыл. Осы қасиеті кезінде жаңа әліпби жасап жатқан орпотоп басшыларына жақпай қалған. Болат Боранбайдың осы уақытқа дейін 4 монографиясы, 2 оқу құралы, 2 сөздігі, 50-ден астам ғылыми мақалалары жарық көріпті. Зерттеу аясы *Тіл білімінің өзекті мәселелері, Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, графика, орфография, Сыр өңірінің ономастикасы, этнолингвистика және синтаксис мәселелері* және т.б.

Бұлардың ішінде жақсы білетіні, оң жамбасына келетіні «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, графикасы және орфографиясы». Өзі сол пәннен сабақ береді.

Синтаксис мәселелерін де жетік біледі. Сол саладан кандидаттық диссертация қорғаған.

1994-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Ақымет Байтұрсынұлы атаған Тіл білім институтында аспирантурада оқыған. Жалпы лингвистиканың теориясы бойынша білімі әбден жетілген.

Болат алғашқы еңбек жолын 1988-1990 жылдары мектепке сабақ беруден бастаған, яғни қазақ тілінің практикалық жағына, сөйлем талдауға да өте жүйрік. Біздің де бүгінгі әңгімеміз осы мектептегі қазақ тілі пәнін оқыту мәселесіне арналады.

Қазір біз мектепте функционалды білім, функционалдық сауаттылық дегенді көп айтамыз, жиі айтамыз. Ақаң оны жалпыға бірдей тегіс керек білім дейді [1]. Орта мектептегі қазақ тілі – баланың келешегіне азық болатын нағыз функционалды білім беретін пән. Ол дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйретеді. Ал жазу мен сөйлеу бәрімізге тән.

Бұл өмірде жазбайтын, сөйлемейтін адам жоқ. Тілші, әдебиетші, журналист қана жазбайды, бәріміз жазамыз, бәріміз сөйлейміз. Мектептегі оқушыны дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрететін, яғни, функционалды білім беретін пән болғандықтан, қазақ тілі мектептегі пәндердің ішіндегі негізгісі!

Біріншіден, қазақ тілі нағыз керек білімді, яғни, сөйлеуді және жазуды үйретеді.

Екіншіден, ішінара ғана емес, жалпыға тегіс керек білімді үйретеді. Жоғарыда айтқанымыздай, бәріміз сөйлейміз, бәріміз жазамыз. Әрине, мектептегі барлық пәндер баланың болашағына керек білімді үйретуге міндетті. Функционалдық білім дегеніміз осы.

Бірақ, жұрттың бәріне тегіс керек білімді, тек қазақ тілі ғана үйретеді. Өйткені ол сөйлеуге және жазуға үйретеді. Бәрінің физик, химик, математик болуы екі талай, ішінара ғана болады. Ал бірақ, сөйлемейтін физик, жазбайтын математик болмайды. Сондықтан мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімнің жауапкершілігі өте жоғары. Қазақ тілі пәні сөйлеу мен жазуға үйретсе, әдебиет ұлттың болашағын тәрбиелейді. Бірақ осы негізгі пәндердің сыйқы бүгін кетіп ақ тұр. Реформадан көз аспаған мектептің бағдарламасы қисық. Қазақ тілінің де, әдебиетінің де. Қазақ тіліне бөлінген сағат санына назар аударалық:

	Қазақ тілі (жылына)
1 сынып	Әліппе – 96
2 сынып	Қазақ тілі – 136
3 сынып	Қазақ тілі – 136
4 сынып	Қазақ тілі – 136
5 сынып	Қазақ тілі – 136
6 сынып	Қазақ тілі – 136
7 сынып	Қазақ тілі – 68
8 сынып	Қазақ тілі – 68
9 сынып	Қазақ тілі – 68
10 сынып (гуманитарлық бағыт)	Қазақ тілі – 68
11 сынып (гуманитарлық бағыт)	Қазақ тілі – 68
Барлығы	1048 сағат

Жалпы орта мектепте, қазақ тіліне бөлінген сағаттың саны осы екен. Бұнда қазақ тілінің сағат саны әліппеден бастап, қоғамдық бағыттағы 11 сыныпқа дейін алынған (1048 сағат). Жалпы қазақ тілінің мақсаты, сөйлеуге және жазуға үйрету, дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін тілдің нормаларын, тілдің ережелерін білу керек. Грамматика дегеніміз осы. Бірақ кейбір адамдарға сөйлеу мен жазу табиғатынан өнер ретінде қонады. Бірақ сөйлей аламын, жаза аламын деп керексіз, мәнсіз сөйлей беруге тағы болмайды. Ақаң айтады: “Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Асыл сөздің сипаттарын білумен адам ақын болмайды, бірақ ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзі таза, мінсіз шағарады” [2]. Бұндағы сипаты деп отырғаны, сөздің яғни тілдің жүйесі, ережесі, нормасы, грамматика. Сөздің дәні болуы керек, дерегі болуы керек, сол үшін Ақаңның “сөз шығару өнері ғылымды қорек қылады” дегені осы. Яғни грамматиканы бұрынғыдай құр ережені жаттау үшін ғана үйренбеуіміз керек, дұрыс сөйлеу мен сауатты жазуды қамтамасыз ететін тұсын жақсы білуіміз керек.

Қазақ тілін оқытудың тағы бір мақсаты: ұлттық дүниетанымын қалыптастыру (тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, аялық білімді меңгерту, әлемнің қазақ тіліндегі бейнесін түйсіну).

Бұл білім мәтінтану арқылы қалыптасады. Мәтін жөнінде әңгіме ұзақ. Дегенмен, қазақ тілі пәнінің әдебиетпен ұштасатын жері осы мәтін арқылы тәрбиелену. Бұл мақсат қазақ тілі пәнінде маңыздылығы жағынан төртінші орында тұр:

1. Дұрыс, шебер сөйлеуге үйрету (ауызша барлық стильде мәтін тудыру дағдысын жетілдіру);
2. Сауатты жазуға үйрету (барлық стильдің жанрларында жазбаша мәтін тудыру дағдысын қалыптастыру);
3. Қазақ тіл білімінің метатілін орта мектеп деңгейіне сай меңгерту (орта мектепке сай лингвистикалық білім беру, тіл бірліктерін тану, талдау, мәтінтану, мазмұнын, құрылымын, стилі мен жанрын ажырата білу);
4. Ұлттық дүниетанымын қалыптастыру (тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, аялық білімді меңгерту, әлемнің қазақ тіліндегі бейнесін түйсіну).

Бүкіл әлемде, барлық жерде тіл пәндерінің бастау нүктесі, концепциясы ол – мәтін. Мәтіннің ауызша және жазбаша формасы болады. Ол бәрімізге белгілі, ал енді осы қазақ

тілінің білімі 3 бөліктен тұрады: дайын мәтіндерді тану, ол мазмұнын құрылымын тану, стилін жанрын тану, ішіндегі тілдік бірліктерді тану, мәтіннің типін тану деген сияқты. Одан кейін мәтін тудыру, ауызша жазбаша мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру. Мәтін тудыру кезіндегі орфоэпиялық, орфографиялық нормаларды сақтау, грамматикалық, пунктуациялық ережелерді сақтау, бұның барлығына лингвистикалық білім керек. Сонда қазақ тілі пәнінің концепциясы мәтіннен, оны танудан және оны тудырудан және сол мәтінді тану мен тудыруға қажетті лингвистикалық білімнен тұрады. Яғни, бұрынғыдай грамматика емес, бірінші коммуникация тұрады. Ақанның әліпбеге қойған мақсаты бар еді ғой: жазуға үйрету, жазылған сөзді оқуға үйрету [3]. Бұл мақсат 11 сыныпқа дейін жалғасады: қазақ тілінің мақсаты мәтін тануға үйрету, мәтін тудыруға үйрету. Ал грамматика сол мәтін танумен, мәтін тудырудың қамтамасыз етіп отыратын функционалдық лингвистикалық білім. Орта мектепке қарағанда осы.



Жоғардағы кестеде көрсетілгендей мәтінтану екі қырлы. Мәтіннің мазмұнын тану бір бөлек, оған лингвистикалық білім керек жоқ, ал мәтіннің стилі мен жанрын тану үшін жалпы мәтінді типтік жағынан тану үшін оған орта мектепке сай лингвистикалық білім керек. Міне сол кездерде тілдік талдаулар, мәтін тануға қатысты тиісті ережелерді білуіміз керек. Осылардың барлығы сол мәтіннің артынан жүріп отырады. Бастау нүктеміз мәтін. Ал грамматика қазіргі жаңартырылған бағдарламадай үзіп, жұлып емес, мәтінді тануға қатысты, мәтінді тудыруға қатысты негізгі ережелері жүйеленіп беруіміз керек. Сонда ғана біздің мектепке арналған лингвистикалық біліміміз жүйелі болады.

Ең үлкен олқылық жаңартылған бағдарламаның, сырттан түгелдей көшіріп әкелгендігі қате. Елдер озық технологияны, озық үлгілерді бір бірінен алып тұратыны бәрімізге мәлім. Бірақ түгел, сол күйінде біздің мынау өмірімізге жарай ма, жарамай ма тексермей алып сол бойы қотарып әкелу дұрыс емес.

Кеңес кезінде де, барлық оқулықтар Мәскеуден жазылып, бекітіліп келетін, осында келіп аударылатын. Тек қазақ тілімен әдебиетін және қазақ тарихын, өзіміздің мамандар жазатын. Бағдармаласын, стандартын да өзіміздің мамандар құрайтын.

Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық академия, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Республикалық әдістемелік Тіл орталығы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты бола тұра, өзімізде, қазақ тілі мен әдебиетінің бағдарламасын кеше ғана құрылған базасы жоқ, бұл салада мамандары да жоқ, Назарбаев зияткерлік мектебінің жазуы мүлдем қате, дұрыс емес. Мектепке бағдарлама жаза алмаса, ана үш мекемені үкімет несіне бағып отыр. Өзіміз де құрап, өзіміз де жаза алатын едік қой...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетасы, 1914 ж., 9 май, № 61.
2. Байтұрсынұлы А. «Әдебиет танытқыш». Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шырғармалар жинағы. 3-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТҮЙТКІЛДІ ТҮСЫ НЕМЕСЕ Б.БОРАНБАЙ БАҒАЛАҒАН БАҒЫТ

САҒЫНДЫҚҰЛЫ БЕКЕН
филология ғылымының докторы, профессор,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Қазіргі қазақ тіл білімі төрт тағанды тарауға телінген, әр саласы бір бағытқа баланған жүйелі жүйе. Қазақ тілі дыбыс жүйесін, сөз жүйесі мен сөйлем жүйесін жинақтаған грамматикасымен тегеуірінді. Қазақ тілі сөздік қор мен сөздік құрам, сөз семантикасы мен стилистикалық қолданыстағы лексикасымен әмбебап. Сондай-ақ, қазақтың тілінің тарихы тым терең, емлесі мен ономастикасы барынша бөлек. Бізге жеткені, біздің сақтап жүргеніміз, төрт құбыласы тең тіл білімі екендігі ақиқат.

«Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда», әр пендеге өз еншісі біткен. «Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады». Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының тәмсіліндегі алдыңғылар – «күн көру ісіне керек», басқаша айтқанда «адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер». Екіншісі – «көңілге жағымды болып істелген нәрселер», басқаша айтқанда «адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер». Тағы бір қайырсақ, алдыңғысы – тірнек өнері де, соңғысы – көрнек өнері. Жасырып жабары жоқ, бүгінгі заман тірнектеуге бәсін беріп, көрнек өнеріне, оның ішінде өнердің падишаһы – сөз өнеріне байыз таптырып тұр. Сонда да, құрғақ қасықпен ауыз жыртпайық!

Қазақ ілімінің түлеуі ел тәуелсіздігінің тәй-тәй басуымен тұспа-тұс келді-ау деймін. Тәуелсіздіктің соңғы және соны бір символы теңге тұрақтанған тұста, қазақ рухы аспандап берді. Көп жастар қазақ елінің шығысы мен батысы, күнгейі мен теріскейінен ғылымның ошағына айналған Алматы шаһарына бет түзеді. Біз өзіміздің тіл біліміне қатысты тағдарластарды тарқатып отырмыз. Естеріңізде болса, 1970 жылдары әдебиет әлеміне үлкен бір шоғыр топ келіп қосылып, кейіннен сол шоғыр топ кесек-кесек дүниелер тудырды. Әрі олар болған мен барды, бар мен болатынды байланыстырды. Осыдан да болса керек, Темірхан Медетбек бұл шоғыр топқа «Алтынкөпірліктер» деп айдар тақты. Міне, осындай бір шоғыр тіл біліміне 1990 жылдың ортасында қонды. Бүгінгі күн көзімен қарасақ, бұл шоғыр қазақ тіл білімінің «алтын қарлығаштары» еді.

Бұл көшке Сыр елі – бүгінгі жиынның бенифициары, ғалым Боранбай Болат Елтайұлын қосты. Анығын айту керек, аталған уақыттан бұрын да, дәл сол уақыт шамасында да тіл білімінің көші-қонына дайын тұрған бір аймақ болса, ол Сыр елі еді. Қызылорда – тіл мен әдебиеттің тамыры жайылған мекен. Кешегі Молдаш Достанов, Әли Байжолов, Медеуәлі Бимағанбетов, Әбжапар Аблақов сынды тарландар тағылымы керемет-ақ болатын. Ал олардың алдын көрген Болат Боранбайдың «бағажы» қайдан кем түссін! Бұған мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде шақырылатын Қ.Есенов, Т.Сайрамбаев сынды синтаксис сүлейлерін қоссаңыз, Алматы Елтайұлына аса үлкен үмітпен құшақ жайды деп айтуға болады.

Біз «бір атаның балаларымыз». Қазір құпия емес, 1990 жылдар ортасы ұлт ұстазы еңбектерімен қауышудың басы еді. Ақталғанына сенімділік аз болды ма, әлде сеніңкіремеді ме, бәлкім, жас буын өкілдеріне салмақ түсіргісі келмегендіктен болар, әйтеуір Ақымет шығармашылығы тек аға буын ғалымдарымыздың топшылауына тиді. Бізге біткені 1940 жылдардан бергі еңбектер-тін. Сол жылдары Н.Сауранбаев ілімі сараланды, С.Аманжоловтың пайымдаулары тарқатылды, С.Жиенбаевтың бар болмысы таразыланды. Сейіл Сарықұлының тіл біліміне қатысты сергек те серпінді тұстарын Болат Боранбай екшеді. «Сейіл Жиенбаевтың қазақ тіл білімі саласында жазып қалдырған мұралары сан алуан. Олар – қазақ әліпбиі мен емлесіне байланысты ұсыныстары, пунктуацияға қатысты еңбектері, қазақ тілі лексикасы жөніндегі жұмысы, сөздіктер жасау принциптері туралы

нұсқауы, сөздерді таптастыру туралы және жекелеген сөз таптары туралы, сөйлем мүшелерінің талас мәселелері туралы, құрмалас сөйлем туралы, тіл тарихы жөніндегі пікірлері, қазақ тілі әдістемесі мәселесіндегі еңбектер шоғыры» деген түйіннің ақиқаты күмәнсіз. 1940 жылдар шамасындағы тілдің түйткілді тұстарын түгендеген С.Жиенбаевтың тұжырымдары қазіргі күні Болат Боранбайдың бағамдауына ауысқан ба дерсің?! Соның біршамасына тоқталудың сәті туып отыр.

А) Қазақ әліпбиі мен емлесіне байланысты ұсыныстар. 2017 жылы қоғамдық сана жаңа әліпби мәселесімен жаңғыра қалды. Несін жасырайық, Ақымет іліміне сүйенгендер бір төбе де, ілімге сүйенеміз деп сергелдеңге салғандар бір төбе құрды. Төбелер қосылмайды екен. Тегі, бірінің жермен жексен болуы керектігін қалайды-ау, шамасы. Осы тұста салмақты сөз Сыр елінің жігіттерінен шықты. Басы Болат Боранбай десем ешкімнің көңіліне келмес. Ғалымның бұл бағытта жазған «Ақымет Байтұрсынұлы және дыбыс жүйесі», «Ә-нің әлегі немесе еміле түйткілдері» болмаса «Емле ережесіндегі кейбір мәселелер жайында» мақалалары осы ойға жетелейді.

Б) Қазақ тілі лексикасы жөніндегі жұмыстар туралы. «С.Жиенбаев – лексикологияның ғылыми курсы жасаудың көш басында тұрды. Өкінішке орай, ғалымның бұл саладағы еңбектері баспа беттерін көріп үлгермей, із-түзсіз жоғалып кеткен» екен. Ал лексиканың басты арнасы ономастика мәселелерін Болат Боранбай бұйыртып жазып жүр. Мәселен, Бексұлтан Нұржекеұлының шығармасына шылау салған «Өзендер өрнектеген өлке»: атаулар қазынасы» атты мақалаға сүйеніп, топоним, зооним, этнонимдердің түр-түрін жинақтап алуға болады. Дәл осы тұжырымға ғалымның «Ай мен Айша»: атаулар бітімі» атты мақаласын да қосар едік. Қолымызға «Сыр бойы» газетіндегі «Жер аты – тарих хаты» атты сұхбат та ілікті. Тек Сыр аймағына емес, тіпті тек қазақстандық ауқымда емес, әлемдік ел-шаһарларына қазақ транслитерациялаған атаулар талқыланыпты. Айтса айтқандай, «Біздің халқымыз жер-су аттарын қоюға өте шебер, оған ерекше мән берген. Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін атаулардың сымбат-көркі қандай десеңізші! Қазақстанда таным-пайымыңды көріктендіретін хәм тереңдететін, қиял-сезімді қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті»-депті сұхбат иесі Б.Боранбай. Алып-қоқанымыз, артық болар!

С) Синтаксис мәселелері туралы. Синтаксистің жеке салалары сынға да ұшыраған, сынға төзіп те берген. Бір қуантарлығы, қазақ синтаксисінің алғашқы қалыптасуы қазақы болды. Сосын синтаксис ұлт ұстазының шығармашылық кемелденген шағында шықты. Біле білген жұртқа 1920-24 жылдар салыстырмалы түрде қазақ тіл білімінің тұңғыш ғалымы үшін жаймашуақ кезең-тін. Осы жылдар аралығында «Тіл – құралдың» сөйлем жүйесі жазылды. Сөздің сөз болуы (лексика), сөздің түрлену тұрқы (морфология) тек синтаксис жүйесінде жанданып шыға келері даусыз. Осы жағынан келгенде, синтаксис тіл білімінің тайқазаны десек болады. Синтаксистік тайқазанның бұрқ-бұрқ қайнаған уақыты 1940 жылдар ішіне сәйкеседі. Мысалға бір ғана С.Жиенбаевтың «Синтаксис мәселелерін» тартсақ, аз дәлел болмас. Бұл әмбебап-классикалық еңбек. Ғалым еңбегіне етене енген Болат Боранбай С.Жиенбаевтың «қазақ тіл біліміндегі орны тек қана жай және құрмалас сөйлем саласындағы еңбектерімен шектеліп жүр» деп өкінішке берілуі синтаксисті саралайтындар үшін сара жол сыйпатты! Сейіл Сарықұлының синтаксисін таразылаған Болат Боранбайдан Тайбурылды тарпандыққа жеткізген Құртқа сұлудың 43 кемдігінің бір пайызын тапсақ, кәне! Бұған, біріншіден, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, жоғарыда атауға түскен мұғалімдерінің брендтік білім бергені бекем байлау болды. Екіншіден, бәйгеге қосқан Қ.Есеновтің бірегей бітімі бағыттады, мәре сызығын қиғызған Сапарғали Омарбековтің есімі де бүгін аталса игі. Менің байқауым бойынша, таным, талғам, парасат таразыға түскен кезде, ұстаз атты пірім тұс салмақтырақ болады екен. Жарқын бейнелері жадымызда сақталсын!

Д) Тіл тарихы жөніндегі пікірлер. Қазіргі қабылданымдағы «тіл тарихы» тілдің диахрониялық тұрғыдағы бастамаларына үңілу, олардың о бастағы тілтанымдық табиғатын тексеру сынды ұғымдарды санаға кіргізеді. Бүгінгі іс-шара иесінің еңбектері, мақалалары, әсіресе тілдің дыбыстық жағы, әліпбилік тұғырнамасы, емлелік қағидаттары тұрғысынан

келгенде, тарихи құндылыққа толы. Оның өзіндік себебі де бар. Бірақ Боранбай сыпайылығы мынандай: «Тілдің дыбыс жүйесі бойынша жоғары оқу орнында 30-жылдай дәріс беріп келе жатырмын. Жазу тарихын, оның ішінде латын қарпіне негізделген қазақ жазуын аз-маз зерттегенім бар. Осы салаға қатысты мәселелерді, оған қатысты Ахаңнан бастап бүгінгі күнге дейінгі білімпаздар пікірімен де таныспын».

Тіл тарихының екінші жағы, біз ұстанған жағы бар. Ол тіл біліміндегі сабақтастықты сақтайтын санат. Бұл жайт көптеген ғалымдарымыз ұштаған бағыт. Мәселен, «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдарын» түгендеген Т.Қордабаев еді. Алғашқы басылымын 1987 жылы дайындады да, 1995 жылы екінші қайтара соқты. Еңбек тіл білімінің барлық салаларына қатысты пайымдауларды барынша тергеді, терді. Дәл осындай атаудағы еңбекті 2013 жыл Болат Боранбай ұсынды. Бұл еңбектің өзгешелігі сол, бір ғалымның, жақындата айтсақ, тіл тұлғасының, тіл білімінің барлық салаларын зерделегенін және ол ізденістердің бір он жылдық шамасындағы ерен еңбектер екенін ғылыми ортаға жеткізу, енгізу, қабылдату еді. Қабылдата алды да. Қазіргі ізденушілер 1940 жылдар ішіндегі тілдік түйткілдерге шабуылдаса, Болат Боранбай жүйелеген тіл білімінің салаларына бас сұқпай өте алмайды.

Жоғарыда бір атаның баларымыз дедік қой. Біз білген ғалым Болат Боранбайдың орда бұзар отыз жасында, осыдан отыз жыл бұрын, бір ғана мақсаты болды: азаматтығым абыройым деген. Сол жылдары азаматтығы парызға ауғанын өзі де білген жоқ. Мүмкіндігінше, тарқатып көрсеткеніміздей, азы тіл білімінің көрнекті өкілі С.Жиенбаевтың аруағын аунатты, артығысол, өзі тіл білімінің таразысында теңселді, соңында тербелді. Теңселген тұс Қ.Есеновтің қазақ тіл білімінен жырақтап, мәңгілікке бет бұрған шақ та, тербелген тұс ғылым кандидаты дәрежесін иеленгеннен бергі екі мүшелік ғылыми ғұмыр ма деймін! Кейіннен парыз пайымға ауды: Болат Елтайұлының пайымдауындағы тағылымы мол тілдік түйткілдерді ауылдық, аудандық, аймақтық, республикалық аудитория асыға күтетін күйге кенелдік. Бүгін пайым талғам мен жауапкершілікке жүк артқандай әсер береді. Тіл білімі сынды телегей теңіздегі шығармашылық жұрттың жауапкершілігі талғамынан талқан түйгендей ғана қызмет ететін болса, «Ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарайтын» тілдің міндеті орындалатын еді. «Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» екен, құрметті Болат Елтайұлы! Тілдің тәуелсіздігіне тәу ететін тұстағы толайым табыстарға жететін тағдыр бұйырсын, Сізге!

Қымбатты ғылыми орта, көпшілік қауым! Біз беттеген баяндама тіл біліміндегі алпыс жылдық жүгі бар білімдарлықтыбекітті деп білемін. С.Жиенбаевтың 1916-45 жылдардағы ғылыми-педагогтік қызметі отыз жылдық шама екен, Болат Боранбайдың 1994-2024 жылдардағы ғылыми-педагогтік өтілі отыз жыл екен. Сондықтан да екі ғалым шығармашылығын екіге бөлуге дәтім жетпеді. «Өлі разы болмай, тірі байыз таппайды» тәмсілі де осы ойға жетеледі. Алдарыңызда арқаланып артық айтпадым деп үміттенемін.

БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ

САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Аңдатпа. Мақалада байырғы түркі-қыпшақ мәдениеті мен қазақ мәдениетінің тілдік, рухани, діни сабақтастығы жан-жақты ашылған. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінен тілдік деректер алынып, тілдік сабақтастық толық дәлелденген. Көне түркі және орта түркі дәуірлерінде тасқа қашалған, қағазға жазылған мәтіндерден нақты мәліметтер алынып, рухани, мәдени жалғастықтың сыры зерделенген. Жазба ескерткіштер тілінен алынған мақал-

мәтелдермен қазақ мақал-мәтелдерінің ортақтығы ғасырлар бойы жалғасып жатқан ұлттық сабақтастықтың жарқын көрінісі екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Орта ғасыр жазба ескерткіштері өз дәуірінің бүкіл тілдік сипатын қамти алмаса да, тұрақты тіркестер арқылы көптеген қазаққа ортақ мәдени, танымдық ақпараттар бере алатындығы көрсетілген.

Мақала АР 19679282 «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» тақырыбындағы жоба аясында дайындалды.

Тірек сөздер: көне түркі, орта ғасыр, жазба ескерткіштер, руханият, тіл, мәдениет.

Қазақ мәдениетінің тарихын сөз еткенде біз осыдан 1500 жыл бұрынғы мәңгі тасқа жазылған Орхон-Енисей жазуларын мақтанышпен еске аламыз. Көне түркі сына жазу мәдениеті біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында қалыптасқан айырықша да бірегей дүниетанымдық құбылыс.

Түркі жазуларының аса ірі ескерткіштері байырғы түркі-қыпшақ тайпаларының идеологиясын, саясатын, экономикасы мен мәдениетін зерттеудің аса маңызды құжаттары ғана емес, сонымен бірге түркі морфологиялық поэтикасы өзек болған аса көрнекті әдеби шығармалар болып табылады. Сына жазулы жәдігерліктердің тілі «көк түркілерінің» - қазіргі барлық түркі тілдес халықтардың баба буынының дүниетанымын бейнелейді.

Байырғы түркі жазуы уақыт өте келе алғашқы мемлекеттің пайда болуы мен көшпелі мәдениет қалыптасуын білдіретін бірден-бір фактор. Ежелгі түркілердің ұлылығы туралы этномәдени ақпарат, ұлттың тарихи жадын жинақтаған код ретінде қарастыру парыз. Осы кезеңдерде көшпелі қоғамда белгілі бір этикалық- эстетикалық құндылықтар да қалыптасты. Көшпелілер үшін үлкенге деген құрмет, ініге ізет, ата-ананы қадір тұту, ата-бабаның аңыздары мен өсиеті барлық сезімдерден маңыздырақ болды.

Сайын даланы мекендеген, тұлпар мініп, ту алған ата-бабамыздан қалған асыл мұра байырғы түркі жазуының жанрлық сипаты туралы ғылымда бірнеше пікір бар. Түркітанушы А.Щербак Орхон ескерткіштерін тарихи деректер жиынтығы деп қараса, И.В.Стеблева ақындық дәстүрдің ортасында туған тарихи ерлік поэма деп таниды [1]. Ал қазақ ғалымдары (Е.Жұбанов т.б) байырғы түркі жазба тілінің өзіндік белгілерін анықтай келіп мынадай тұжырымдарға келді: «1) бұл жазу әуел бастан-ақ ана тілінің топырағында туып қалыптасқан; 2) бұл жазу өзінің жанры мен стилі жағынан ешкімнің ықпалына түспей, басқа бір жазба мәдениеттің әсеріне ұрынбай, дербес өз жолымен қалыптасқан; 3) бұл жазба тілдің негізі ауызша қалыптасқан және ауызекі ақындық дәстүр ретінде өмір сүрген, сол замандағы түркі халықтарының сөз саптау машықтары негіз болып қаланған; 4) бұл жазба тіл өз заманындағы сөйлеу тілінің үлгісімен жасалған десе де болады. Бірақ бір айта кететін нәрсе: «жазу мен ауызекі көркем тілдің жақын болуы әдебиеттік-этникалық сапасы жағынан жазба тілдің деңгейі ауызекі ақындық тілдің үлгілерінен анағұрлым биік болғандығын жоққа шығара алмайды». Бұл тұжырым көне түркі тілінің бар сипатын, болмысын жан-жақты ашып береді. Профессор Е.Жұбановтың «Көне түркі тілі дегеніміз – қазіргі қазақ тілінің сонау VI-VIII және X-XII ғасырлардағы көрінісі, яғни қазіргі қазақ тілінің ең жақын моделі. Айта кетуіміз керек: көне түркі тілін тап-таза қазақ тілінің бұрынғы үлгісі деп қарауға болмайды» деген пікірі де тіл тарихын даму жолын терең зерделеуден туған сарабдал – ой[3].

Байырғы түркі жазба ескерткіштерінің әлеуметтік – тарихи контекстіндегі басты ерекшелігі - түркі елі көшбасшыларының халық пен атажұртқа деген сүйіспеншілігі, темірдей ерік- жігері. Яғни, бұл жазулардың пафосында жеке тұлғаның да, сондай-ақ тұтастай алғанда халықтың да мемлекет құруға деген ұмтылысы бар. Бұл тасқа қашалып жазылған жәдігерліктен көне түркі халқының арман-мақсаты, мүддесі мен болмысы анық сезіледі.

Империя құрған түркілер үшін елдік ұғым түркілік сананың басты негізі.

Ханымыз, бабамыз құрған халықтың

Ата-даңқы жоқ болмасын деп

Түркі халқы үшін

Түн ұйықтамадым
Күндіз отырмадым
Қызыл қанымды жүгірттім

Қара терімді шұбырттым, - дейді Күлтегін жазуында [2]. Күлтегін батырға арналған тарихи ерлік жыры осындай аруақты сөздермен басталып, ерлікке, өжеттілікке, батырлыққа үндейді. Толған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады. Түркілік елдік санадан бастау алған Қазақ елінің де басты мұраты дамыған, мәңгілік ел болу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айқын белгіленген: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету», - деп атап көрсетті.

Байырғы түркі-қыпшақ мәдениеті шарықтап, орта ғасырларда небір жазба ескерткіштер дүниеге келді. X ғасырларда әлемде ғылым-білім тілі араб тілі болғаны белгілі. Енді тасқа қаша жазғаннан қағазға жазу тиімді болды да, жазба мұралар араб жазуына негізделген ескі ұйғыр немесе орта түркі тілінде жазыла бастады. Солардың бірі М.Қашқаридің «Диуан лұғат ит-түрік» сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбектері. Бұл шығармалардан байырғы түркілердің мәдениеті мен қоса ел басқарған, мемлекет құрған өркениетін де көреміз. Евразия территориясында көне түркілік көшпелі тайпалар белгілі бір этномәдени негізде қалыптасты. Олардың материалдық және рухани жетістіктері кейінгі қазақ халқының мәдениетінің қалыптасуының қайнар көзі болды.

Байырғы түркі-қыпшақтар мен қазақтардың мәдени сабақтастығы біріншіден тілден көрінеді. Қазақ тілі өз бастауларын байырғы түркі замандарынан алады. Яғни біздің ұлттық тіліміздің шекарасы мен шегі біздің көзқарасымыздың, дүние-танымыздың шекарасын көрсетеді. Тіл арқылы ұлттың ділі мен мәдениеті ашылады. Қазақ халқының мақал-мәтелдері өз бастауларын көне түркі әдебиетінен алады. Мақал-мәтелдер халық шығармашылығының төл жемісі, өмір тәжірибесінен түйінделген даналықтың нәтижесі. Мәселен тек М.Қашқаридің «Диуан лұғат ит-түрік» еңбегіндегі мақал-мәтелдерді қарастырсақ көп үндестік табамыз. Мысалы, Кіші аласы іштін, Ыылқы аласы таштын. Қазақшаласақ, адам баласы ішінде, жылқы аласы сыртында. Бұл мақал арамдығын ішіне бүккен сұрқия жандарға бағышталған. Диуанда «әрдәм башы-тіл». Яғни «әдеп басы- тіл» деген мақал бар. Қазақта да «өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары қояды. Диуанда «еккі буғра ікәшур, отыра күкәчун йанчылар», яғни «екі бура үйкенісер, ортасында сона жаншылар». Қазақта «екі түйе сүйкенсе ортасында шыбын өледі» дейді. Қазақта «құрғақ қасық ауыз жыртар» деген мәтел бар. Бұны біз орыстың «Сухая ложка рот дерёт» деген мәтелінің аудармасы шығар деп жүрміз. Бұл қанатты тіркес М.Қашқари еңбегінде кездеседі: «Қурық қашуқ ағызқа ярамас, қурық сөз қулаққа яқшымас». Бабадан қалған ескі сөздің, есті сөздің тарихта пайда болу қалыптасу кезеңі бүгінгі дәуірлерден қанша алыс кетсе, халықтың кемеңгер ойшылдығы, ой зергерлігі, сөз көсемдігі тарихы да соншалық әріден бастала бермек.

Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын орта түркі дәуіріндегі (X-XVғ.) тілдік деректер негізінде саралап тану-қазіргі тіл білімінде аса өзекті. Алтын Орда тұсында, XIII-XIV ғасырларда көне қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер сөзсіз біздің рухани мұрамыз.

Қазақ тілі лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге бірден айналған жоқ. Тіліміздің қазіргі күйі, оның бойындағы әлемнің тілдік бейнесі - ұзақ замандар бойғы өсудің, шыңдалудың жемісі. Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын көне қыпшақтық тілдік деректер негізінде саралап тану - қазіргі тіл білімінде аса өзекті. Қазақы, ұлттық мәдениетіміздің қалыптасу тамыры, түп-төркіні Дешті-қыпшақ даласында өмір сүрген, туырлықты киіз үйінің шаңырағынан жұлдыздармен тілдескен, көк найзалы қыпшақ ру-тайпаларының тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрінде жатыр. Жазба мұрағаттар тіліндегі фразеологизмдер бойында қазақы, мәдени деректер бар ма деген сұрақ туады. Әрине,

образды, бейнелі фразеологизмдер халықтың көз-қарасынан, тіпті күнелікті тұрмыс-тіршілікте қолданған құрал-жабдық, мінген ат, ішкен-жеген тағамдарынан да хабар береді

Орта ғасыр жазба жәдігерліктері өз дәуірінің бүкіл тілдік сипатын қамти алмаса да, тұрақты тіркестер арқылы көптеген қазаққа ортақ мәдени, танымдық ақпараттар бере алады. Мәселен, Біліг қамчысыны елге алыб “білім қамшысын қолға алып” [XIII, бр9]. Осы сөйлемдегі *біліг қамчысы* фраземасы қазақы ой түсініктен хабар береді: *Қамшы* жарау атты көшпендінің жауына сілтейтін бас қаруы

Көне түркілік таным мен қазақ халқының таным түсінігі де ұштасып жатыр. Соның ең бастысы түркі халықтарының тотемі, киесі-көк бөрі. Бағзы заманда түркі тайпалары қасқырды *көк құрт* деп атаған. Мұндағы *көк* сөзі «аспан» және «көк түс» деген мағына береді. Ал *құрт* сөзі «құтқару, аластату» мағынасын береді. Яғни *көктен түскен құтқарушы* деген сөз. Түркілер өздерін *көк бөріден* тарадық деп түсінеді. Ежелгі түркілер туға, алтынмен әдіптелген бөрінің басын бейнелейді. Қазақ халқы үшін бөрі қасиетті тотем. Оның атын атамай «ит -құс», «ұлыма» деп атаған. Кейбір қазақ тайпаларының туында бөрі бейнесі XIX ғасырға дейін сақталған. Елдік пен ерлікті жырлаған Сүйінбай Аронұлы өз өлеңдерінде былай деп сыр төгеді:

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен
Бөрідей жортып кеткенде
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстасам
Түйремей кеткен жан емен.

Рәміздік мәнге көтерілген бөрі образының қазақ үшін мәні зор.

Көне түркілермен бүгінгі қазақтардың діни көзқарастары да үндесім тапқан. Ислам дінінің қазақ қоғамындағы тамыры сонау көне түркі дәуірлерінен басталады. Байырғы түркілердің діни сенімдері Көк-тәңірге табынумен байланысты болды. Араб географы Әл-Макдиси (X ғ) Орта Азия түркілерінің наным-сенімі туралы: «Түркілер «бір тәңірі» дейді, бұл «бір құдай» дегендері», -деп жазды. IX-X ғасырларда Орта Азияның түркі тілді халықтарының кейбір бөліктері ислам дінін қабылдай бастады. Яғни қазақ топырағындағы дін тамырын тереңнен алған, даму, нығаю процестерін бастан кешкен дін. Қазақтар таңдаған Әбу Ханифа мектебі басқа ағымдарға қарағанда өз жамағаттарына көп жеңілдік беруімен, демократиялығымен ерекшеленеді. Біздер Алланың бірлігін, хақтығын мойындай отырып, мындаған жыл бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарымызды, дүниетанымызды, сенім-нанымдарымызды сақтап келеміз. Яғни әулиеге, аруаққа, отқа сенеміз. Түштеп келгенде, көне түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің тілдік-рухани, діни жалғастығы ғасырдан ғасыра ұласқан, тамырын тереңнен тартқан іргелі үдеріс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград, 1970.
- 2.Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. - Алматы: Ана тілі. 1996, - 232 б.
- 3.Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Халықаралық конференция) –Алматы: 2001.-584.
- 4.Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Мектеп, 1971. - 272 б.
5. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. - Алматы: Санат, 1996. - 128 б.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ: ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕМЕС ШЕКАРАЛАР

АМАН МӘДЕЛХАНҰЛЫ АБАСИЛОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

АЙМАН ЖАҚАНҚЫЗЫ АБАСИЛОВА,
А.Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Жазылым дәстүрі деген не?

Әлемдегі күллі елдерде әртүрлі жазу дәстүрі, оның бірінде ашық, екіншісінде жабық түрдегі өзіндік ережелері, артықшылықтары мен модельдері бар. Мәселен, арабтар мәтіндегі ойды әртүрлі интерпретацияларда қайта-қайта қайталағанды ұнатады, жапондықтар өз ойларын ашық айтпайды, оқырман оны өздігінен түсінгенінше әртүрлі жағынан меңзеуді жөн көреді, ал ағылшындар ойды тіке және бірден білдіру керек, содан кейін оны мәтінмен дамыту қажет деп санайды.

Біз, қазақтілділер, аз сөзбен-ақ беретін бір қарапайым ұғымды көп сөзбен және эмоционалды лепірме түрде жазамыз. Бұл әсіресе гуманитарлық және әлеуметтік-саяси салада жиі орын алады. Біз талқылауға, көп шегіністер жасауға, метафоралауға және жалпылауға бейімбіз. Тіпті таза ғылыми басылымдардың өзінде публицистикалық реңк беретін осындай жазу элементтерін кездестіреміз.

Академиялық жазылымды қалай үйренуге болады?

Объективті болуға және ғылыми дәстүр шеңберінде қалуға деген ұмтылыс көбінесе мәтін құрғақ, таза ғылыми немесе ресми тілде жазылған кезде де ойдағыдай болмайды. Өкінішке орай, бұлай жазу мәнері мәтінді аз сөзді, оқырманға түсінікті не барынша ұйымдасқан ете алмайды.

Алайда егер біз ғылыми мәтінді мұқият қарайтын болсақ, онда оның сапасы тек тіл мен стилистикадан ғана тұрмайтынын түсінеміз. Кітап түсінікті тілде жазылуы мүмкін, бірақ егер оқырманға қажетті ақпаратты тезірек таба алатындай етіп жазылмауы мүмкін.

Мәтінді анық және түсінікті ғана емес, сонымен қатар оқырманға ыңғайлы етіп жазуға үйренуге бола ма? Иә, батыс мамандары, оның ішінде ағылшын тілінде сөйлейтіндер жасаған академиялық жазылым теориясы мен практикасы бізге үйрете алады және ол біз үшін аса қажет.

Ғылыми-әдістемелік базаны дамытуды, академиялық жазылым бағдарламаларын ұйымдастыруды көбіне ағылшынтілді ғалымдар атқарғандықтан академиялық жазылымға қатысты оқулықтар да ағылшын тілінде жазылған.

Неге олай?

Біріншіден, бұл оларда жарты ғасырға жуық тәжірибесі бар ең жақсы ұйымдастырылған және жақсы дамыған жүйе.

Екіншіден, бұл жүйе ғылым мен білім берудегі барлық халықаралық коммуникацияларды жүзеге асыра алады.

Бұл жүйенің принциптерін жетекші халықаралық ғылыми журналдардың редакторлары да басшылыққа алады, сондықтан оларды әр маман білуі керек және оларды біз мүмкіндігінше ертерек игеруіміз керек.

Біз өз елімізде тұрып, өз жерімізде жұмыс істегенде академиялық жазылымды ағылшын тілінде үйрену деген ақымақтық емес пе? Оның еш қажеттігі жоқ. Өйткені академиялық жазылымның тәртіптік ережелері іс жүзінде ұлттық тілдің ерекшеліктері басталатын жерде аяқталады.

Сіз идеяларды құрып, олардың дәйектілігін ұйымдастырған кезде, ең сенімді дәлелдерді таңдағанда және оларға сәйкес нақты қолдауды таңдағанда сізге қай тілде ойлағаныңыз маңызды емес.

Академиялық жазылым пәнінің өзге пәндерден айырмашылығы

Грамматика, морфология және сөздерді қолданудың нақты ережелерін басқа пән – Қазіргі қазақ тілі, Тіл мәдениеті, Стилистика дегендер қарастырады. Сондықтан олардың академиялық жазылымды үйрететін пәннен қандай айырмашылығы бар екенін білу өте маңызды. Мысалы, біз кардиолог пен травматологты екеуі де дәрігер деп бір-бірімен шатастырмауымыз керек.

Академиялық жазылым мен Тіл мәдениеті пәні арасындағы шекараны гректің «Мета» («жоғарыда, үсінде») деген түбір сөзі айқын көрсетеді. Академиялық жазылымның басты бағыты –металлингвистикалық (немесе метатілдік) дағдылар.

Академиялық жазылымда нақты сөздер мен сөйлемдер, тыныс белгілер болады (оларсыз мүмкін бе?), бірақ олардың қолданылу мүдделері басқаша болады. Айталық, бізді «сондай-ақ», «екіншіден» немесе «салдары» сөздерінің қалай жазылатыны немесе қолданылатыны қызықтырмайды, осы сөздердің қайсысы осы мәтіндегі немесе абзацтағы идеяны дәл және қисынды түрде байланыстыратыны маңызды.

Бізді көсемшеден кейін қойылатын үтір емес, көсемшенің қолдану логикасы қызықтырады. Мұның бәрі сөздердің тіркесіміне емес, сөздермен қамтылған ақпаратқа байланысты болады.

Академиялық жазылым өз идеяларыңызды қысқа, тартымды және ыңғайлы ғылыми мәтін арқылы ұйымдастырылған түрде білдіруге және негіздеуге үйретуге бағытталған. Егер сіз осылай жазуды үйренсеңіз, қаласаңыз, мәтінді шетелдік ғылыми журналға жариялай аласыз, ал оны ағылшын тіліне аудару техниканың шаруасы ғана.

Тіл мәдениеті пәні мен академиялық жазылым

Тіл мәдениеті – маңызды және қажетті пән. Оның міндеті әдеби тілдің, оның ішінде ғылыми стилдің нормалары мен ережелерін сақтау болып табылады. Тілдің егжей-тегжейлері соншалықты көп, оларды мектеп, тіпті университет бағдарламасы аясында қамту әрдайым мүмкін емес. Сондықтан филологтарға, журналистерге және редакторларға арналған көптеген сөздіктер мен анықтамалықтар бар. Қолжазбаны баспаға тапсырған өте сауатты маманның өзі оны кішігірім лингвистикалық қателерін түзету үшін әдепкі данасын қайта алады және негізгі идеядан басқа барлық осындай ұсақ-түйектермен редактормен келіседі.

Міне, осы жерден академиялық жазылым аймағы басталады. Редактор мәтінді корректор ретінде оқымайды, ал автор мен редактор арасында, студент пен ғылыми жетекшісі немесе мақаланың авторлары арасында, жазылымның шын мәнін және оны білдірудің ең жақсы әдісін анықтауға бағытталған пікірталастар жүреді. Мұнда редактор да, автор да бір-бірін жақсы түсіну үшін академиялық жазылым әдістемесін меңгеруі керек екені көрінеді.

Өкінішке орай, метатілдік жазу дағдылары, мәтінді құру технологиялары және халықаралық риторика ережелері әдетте мектепте де, университетте де оқытылмайды. Бірақ біз оларды игергіміз келеді. Металлингвистикалық дағдылардың лингвистикалық дағдылардан айырмашылығы, ол барлық мамандықтардың өкілдеріне қажет. Сондықтан академиялық жазудың әдістері мен технологияларын қамтитын бір немесе бірнеше оқулық керек. Алайда оқулық қаншалықты жақсы болса да, бұл технологиялар ұзақ мерзімді тәжірибе арқылы ғана меңгеріледі. Өйткені әрбір мәтін жаңа идеялар, жаңа мақсаттар және жаңа сынақтар тоқтамайды, жалғаса береді. Әрине, дұрыс, дәл, сенімді сөздің жаңа ізденісі – жалғыз шындық.

Ғылыми мәтін және көркем мәтін

Әрине, тек ғылыми ғана емес, көркем және публицистикалық мәтіндердің авторлары «сол шынайы шындық» сөзді іздеумен айналысады. Сондықтан дәл осы жерде біз тағы бір - ғылыми мәтін (оның ішінде ғылыми оқу ретіндегі академиялық) және көркем немесе публицистикалық мәтін арасындағы маңызды шекараны ашып алуымыз керек. Оны үш

негізгі сұраққа жауап беру арқылы анықтауға болады. Бұл - мәтінде не, кімге және не үшін жазылады, басқаша айтқанда жазылымның мазмұны, адресаты және мақсаты қандай?

Біз бұл сұрақтарды алдымен көркем және ғылыми мәтіндерде салыстырамыз.

Біріншіден, көркем мәтіннің мазмұны фактілермен тексерілмейді, оның негізі фантастика мен субъективті тәжірибеге негізделген, ол дәлелдеуді қажет етпейді және кез келген ғылымның дамуына ықпал етпейді. Автордың идеялары кез келген, тіпті ақылға қонымсыз немесе таңқаларлық болуы мүмкін. Демек эмоционалдылық, тілдік әсерлеу, талғампаздық немесе керісінше, мәтіннің дәрежелігі мен талапшылдығы.

Екіншіден, көркем мәтін оқырман талғамына (дәлірек айтқанда, таңдаушыға) қарай жазылады. Біреулерге сюжеттік детективтер, біреулерге романтикалық оқиғалар, ал біреулерге философиялық толғаулар ұнайды. Өзімізге ұнамайтын көркем әдебиетті оқуға мәжбүрлеу дұрыс емес әрі пайдасыз. Өйткені біз оны жандүниеміздің рахаттануы үшін және өз таңдауымыз бойынша оқимыз. Ал таңдау бүгінгі көңіл-күймен, өмірлік тәжірибемен және басқа да көптеген жеке факторлармен анықталады. Сонымен қатар біз кітапты ортасынан тастай аламыз немесе керісінше оны бірнеше рет қайта оқи аламыз. Ең бастысы, көркем мәтін толығымен, сөзбе-сөз оқылады және оның қалай аяқталғанын білу үшін соңына қарау оқудың ләззатын бұзады.

Демек бұдан шығатын қорытынды көркем әдебиет өмірдің әртүрлі сәттерінде әрқайсымыздың эстетикалық қажеттіліктерімізді қанағаттандыру мақсатында жазылады.

Ғылыми мәтіннің көркем мәтіннен айырмашылығы

Ғылыми мәтіннің көркем мәтіннен айырмашылығы ол «жан дүниеміздің рахаттануы» үшін және өз таңдауымыз бойынша оқылмайды. Оның мазмұны дәл және барынша ақпараттық болады. Онда артық сөздерге, эмоцияларға, тақырыптан ауытқуларға, идеологиялық немесе діни нанымдарға орын жоқ. Онда бәрі оқырманға қажетті ақпаратты тез тауып, олардың шынайылығы мен объективтілігіне көз жеткізуге бағынады. Ғылыми мәтіннің оқырманы – кәсіби маман. Ал оған бұл ақпаратты ләззат алу үшін емес, жұмыс үшін қажет.

Ғылыми мәтіннің мақсаты – қажетті ақпаратты, мәліметтерді ұсыну. Оқырман қажетті ақпаратты іздеуге аз уақыт жұмсаған сайын, ғылыми мәтін соғұрлым жақсы болады. Егер қалың кітаптан оқырман үш минут ішінде өзіне қажет нәрсені тапса, ол басқа кітапты алады немесе қосымша құнды уақытын жұмсап қайта-қайта оқуға мәжбүр болады.

Осыдан ағылшынша және қазақша ғылыми мәтіндерінің арасындағы айырмашылық көрінеді. Ғылыми кітапханада ағылшын тіліндегі кез келген тақырып бойынша нақты беттерін көрсете отырып, кем дегенде жиырма дереккөзден қажетті ақпаратты алуға жарты сағаттан аспайтын уақыт жеткілікті болса, қазақтілді дереккөздермен бұлай жұмыс істеу мүмкін емес, оған бір күннен артық уақыт жұмсауға тура келеді.

Бұдан шығатын қорытынды ағылшын тілін білу арқылы сіз зерттеу жұмысын тезірек және жақсырақ жазасыз дегенді білдірмейді. Мүлдем олай емес. Бұл жердегі мәселе ағылшын тіліндегі жазылымның жүйелілігі мен қатаң тәртіпке бағынуына байланысты. Оқырманға сіз жазған мақаладағы библиография немесе келтірілген сілтемелер қызық емес, оған сіздің идеяларыңыз қызық. Сондықтан ол сіздің мәтініңізден сол идеяларды қай жерде жазғаныңызды іздейді. Сіз өз идеяларыңызды сол оқырман таба алатын жерге қоюыңыз керек. Сонда ғылыми коммуникацияның және онымен бірге ғылыми жазылымның мақсатына қол жеткізіледі.

Публицистикалық және ғылыми мәтін: ұқсастығы мен айырмашылығы

Публицистикалық мәтін, оның атауынан көрініп тұрғандай, көпшілікке арналған, яғни ол көркем мәтінге қарағанда көпшілік оқырманға көбірек бағытталған. Сонымен қатар публицистикалық мәтінде әдетте фантастика емес, фактілер бар, ол өзекті әлеуметтік, саяси немесе мәдени мәселелерге арналған және автордың осы мәселелерге қатысты жеке

ұстанымын білдіреді. Осы жағынан қарағанда публицистикалық мәтін ғылыми мәтінмен туыс сияқты көрінеді, бірақ бұл олай емес.

Шын мәнінде, публицистикада әлеуметтік пәндер бойынша ғылыми мәтін жазатындар үшін қауіп бар. Публицистикалық мәтін жеке немесе кәсіби қызығушылық танытқан адамға емес, көпшілік оқырманға арналған. Оның мақсаты – мәселені нақтылау және оған қоғамның назарын аудару. Бірақ қандай жолмен? Мамандарға емес, жалпы оқырманға назар аударатын отырып, публицистикалық мәтін автордың позициясын жеткілікті эмоционалды түрде білдіреді, ал нақты ақпаратты автор осы ұстанымды қолдау үшін ерікті түрде таңдайды. Публицистика - бұл ғылыми емес, журналистік мәтін. Журналист мамандығының өзіндік ерекшелігі бар, бұл ерекшелік оны көркем әдебиетпен байланыстырады.

Публицистиканың негізгі ерекшелігі оның саясаттандырылған немесе идеологияланған сипаты болып табылады. Мұндай мәтіндер үнемі жеке автордың ғана емес, ол белгілі бір сенімге ие адамдардың қандай да бір тобының ұстанымын білдіреді. Мәселен, адам өлімін журналист үнемі үкіметтің, жекелеген саяси топтардың немесе қарулы топтардың біржақты қылмыстық әрекеті ретінде ұсынады. Онда таразыланған, объективті бағалауға және жан-жақты талдауға орын берілмеген, тиісті әдістемелік және ғылыми база жоқ, дәлел мен библиография көрсетілмеген.

Баспасөз немесе телехабардағы журналистік зерттеу әдісінде адамдардың көбінесе эмоционалды және біржақты ғана емес, сонымен қатар таң қалдыратын субъективті көңіл-күйлері көрсетілетіні белгілі. Мұндай зерттеудің мақсаты шындықты табу емес, адамдарды біреудің жағына қарай тарту.

Ғылыми мәтінде субъективті көңіл-күйге немесе наным-сенімдерге орын жоқ. Мұндағы әрбір сөз негізделген, таразыланған, сенімді ақпаратпен расталған немесе эксперименталды түрде тексерілген болуы керек.

Әрбір ақпарат көзі сілтемелерде көрсетілген, сенімділік пен объективтілік талаптарға сәйкес келуі тиіс. Ғылыми мәтін авторы өз ойын ұранмен де, қаратпамен де емес, дәлелдердің логикалығымен, дәйектілігімен сендіреді. Мұндай мәтін бейтарап, оқырманға ұсынылған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға және ойлауға мүмкіндік береді.

Әрине, бейтарап және жан-жақты негізделген ғылыми мақала жазуды бірден үйрену мүмкін емес. Әр істі үйренуге ықылас пен талап керек. Сондықтан үйренуді эссе деп аталатын оқу (академиялық) ғылыми мәтіннен бастау керек. Бұл мәтін барынша оқырманға жақын. Ол оқытушыға және топтағы әріптестерге арналған. Тапсырманы біртіндеп қиындатып, тәжірибе жинақтай отырып ғылыми зерттеу және академиялық жазылым сияқты шынайы ғылыми мәтін тудыруға болады.

Эссе деген не?

Эссенің не екенін және оны қалай жазу керектігін қарастырайық. Бұл ұғым академиялық жазылыммен тығыз байланысты болғандықтан, оны қате немесе дұрыс түсіндірілмейтінін білуіміз керек. Өкінішке орай, қазақстандық білім беруде батыс білім беру жүйесінің көптеген ұғымдары мен терминдері анықтамасыз, одан да қауіптісі олар еркін немесе қате түсіндіріліп беріліп жүр. Осыған байланысты эсеге «субъективті түрде жазылатын еркін тақырыптағы шағын көлемді және еркін композициялы прозалық шығарма» сияқты анықтама беріліп жүр.

Бұл анықтамадан әдеби, көркем эссенің анықтамасы екенін және оны университетте жазылған эсселерге жатқызуға болмайтынын байқау қиын емес. Өйткені академиялық жазылымға жататын эссе «еркін композиция» немесе «субъективті түрде жазылатын» «еркін тақырып» емес. Мұның бәрі керісінше. Университет эссесі – бұл академиялық мәтін, демек ол ғылымда қабылданған ережелерге сәйкес ғылыми, объективті және құрылымдалған мәтін болып табылады.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АҒАРТУШЫ-ӘДІСКЕР

ҚАРАҚҰЛ МЕЙРАМКҰЛ БАЙБОЛАТҚЫЗЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі
Қызылорда қаласы**

Түйіндеме

Мақалада А.Байтұрсыновтың әдістемелік, педагогикалық еңбектері туралы баяндаған. А.Байтұрсыновтың қазақ халқының білім алуы жолында сіңірген еңбегінің күні бүгінге дейін оқыту жүйесінің бастауы болғандығына тоқталған.

Резюме

В статье говорится о методических, педагогических трудах А.Байтурсынова и о заслугах А.Байтурсынова в образовании казахского народа, который является началом современной образовательной системы.

Summary

The article talks about the methodical and pedagogical works of A.Baitursynob and about the merits of A.Baitursynob in the formation of the Kazakh people the beginning of the modern educational system.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Ол өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді. Алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-17 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек» деп жазды. Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды [4].

Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастыру мен айналыстым» деген [3].

А.Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Ағартушының «Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл

танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз оқулықтың не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға харіпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды. [6]

1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік оқулықтарының бүгінгі қазақ тілін оқыту ісінің негізі әрі сабақтастығын, тарихи тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды. Әдіскер ұстаздың «Баяншы» әдістемелік құралы мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы. Кітап 1920 жылы жарық көрген. Ағартушы-ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, сол тұстағы заман талабы жаңа оқу жолымен (усул сотие) қалай оқыту керектігіне: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған. [1, 2]

Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады. Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көздеді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді. Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. А.Байтұрсынұлы пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты.

1928 жылы “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды. Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті [4].

Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады. Сонымен қатар ол бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жағрафия, жаратылыс болу керек екендігін нақтылап көрсетті. Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығарудың қолға алынғанын, алайда арнайы баспахана болмағандықтан кейбір оқулықтарды шығару ісіндегі қиыншылықтарды қынжыла баяндайды. Ол қазақ мектептеріне ең зәру ісі – оқулық жазумен айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысты. «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезінген Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы ой-пікір қозғады. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртышылығы, әсіресе мұғалімдер жылы лебізбен қабылдады. Себебі, бұл реформа қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған еді. Сондай-ақ Байтұрсынов ұсынған емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастады. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттерімен берілген «Әліппе» кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар арасында былай бағаланды: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» қазақ жұртына орасан зор пайда келтірген еді... Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан артық. Мұның мазмұны қазақ жағдайына сай болып шыққан. Әңгімелері бала үшін қызықты, жеңіл, заманға лайық». 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығарылды. «Тіл құралы» — қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртышылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап көрсетті. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан «зат есім, бастауыш, шылау, баяндауыш, етістік, сан есім, одағай, есімдік» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. Ол 1910 жылдан бастап қазақ жазуының ережелерімен айналыса бастаған. Осы жылға дейін қазақ халқының қолданған жазуы араб графикасында болатын. Бірақ араб жазуын сол күйінде алып қолдану қолайсыздық тудырған. Осы қиындықтардан шығу үшін 1912 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы барлық күш-жігерін осы бағытқа жұмсап, араб графикасына негізделген, қазақ тілінің дыбыстау жүйесіне сүйенген жаңа әліпби шығарды. Оның «Оқу құралы. Қазақша Әліпбе» атты еңбегі 1912 жылы Орынбор қаласындағы М.Ш.Кәрімов және Ш.Хусейновтардың баспа үйінен жарық көрген. Еңбек 40 беттен тұрады. Осы еңбек 1912-1925 жылдар аралығында түрлі түзетулер енгізіліп, 7 рет жарыққа шыққан. Мектептерде осы кітап дәріс құралы ретінде пайдаланылған. Кейіннен А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әліп-би (Жаңа құрал)» атты жаңа еңбегін басып шығарды. Бұл әліппе осы күнде кеңінен қолданылатын «суретті әліппе» негізінде шығарылған. Еңбек 1926 жылы Қызылордадан 116 беттік кітап болып жарық көрген. Кітапта 128 сурет қолданылған. 1927 жылы «Әліп-бидің (Жаңа құрал)» екінші баспасын Қызылорда, Ташкент қалаларындағы баспа үйлері, 1928 жылы үшінші баспасын Қызылорда баспа үйі 20 000 дана етіп шығарған. А.Байтұрсынұлы осы аталмыш еңбегінде балаларға арнап арнайы өлеңдер, жұмбақтар, мақал мәтелдер таңдаған. Кітаптың алғашқы бетінде «Қазақстанның білім орталығы мектептерде қолдануға рұқсат берген» деген жазу бар. Екінші бетінде балаларға арналған мына жолдар кездеседі: “Балалар! Бұл жол басы даналыққа, Келіндер, түсіп байқап қаралық та! Бұл

жолмен бара жатқан өзіндей көп, Соларды көре тұра қалалық ба? Даналық өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріндер, іздеп тауып алалық та”.

Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады [5].

1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиін 1924, 1931 жылдары «Байтұрсуновская графика», «Байтұрсуновский алфавит» деп атап, түркі елдері арасындағы «ғылыми 1931 жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» жинағына ғалым реформалаған әліпби «Казахский (Байтұрсуновский) алфавит» енгізілген. Ал біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі – Ахаң емлесі негізінде қайта жасалған.

Әдіскер М.Жұмабаев Ахмет Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық, әдіспен құралғанына сілтей келе: "Бұл әлифба бойынша қалай хат танудың жолы Ахмет Байтұрсыновтың "Баяншы" һәм "Әлифба астары" деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын", - деп жазады. Бұл әдіскер А.Байтұрсынұлының еңбегіне берілген баға.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов. «Тіл тағылымы» «Ана тілі», Алматы, 1992 жыл
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы. 1997 жыл, №9-10 сандары
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы. 2003 жыл, №8 саны
4. «Ұлт тағылымы» ғылыми-педагогикалық басылым. 2003 жыл, №1 саны
5. «Егемен Қазақстан» газеті, 2003 жыл 30 қазан
6. «Егемен Қазақстан» газеті, 1998 жыл 15 қазан

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - РУХАНИ ЖЕТІЛҮДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

ҚАЛМАНОВА АЙЖАН АҚБЕРГЕНҚЫЗЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі

Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің демократияландыру, ізгілендіру, бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту, бәсекеге қабілетті қоғам мүшелерін тәрбиелеу барысында Қазақстан Республикасында елеулі, оңтайлы өзгерістер пайда болып, жүзеге асырылуда. Жасампаздық пен жаңарулар туындап, барлық салаға дамыту алып келу кезеңінде, оқу орындарының педагогикалық үдерісіндегі тәрбие салаларындағы жұмыстарға жаңа көзқарастармен қарауды алға қояды. Осыған орай қазіргі кезде жаһандану және ұлттық дамудың әсерлігі мен ынтымақтастықты, ұлттық қасиетімізді қастерлеу барысында адамның бойында ұлттық құндылықты, отаншылдықты, ұлтжандылықты қалыптастыру міндеті тұр. Себебі, адамзат алдында бейбітшілікті сақтау, әрбір елде тыныштықты орнықтыру, нығайту, ғылым мен экономиканы дамыту, азаматтарды әлеуметтік қорғау, саяси жедел жаңару, жаңа

технологияларды өмірге ендіру, қоршаған ортаны қорғау, спорт, діни ынтымақтастықты арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Еліміздегі нарықтық экономика жағдайында жасөспірімдердің мінез-құлықтарында бәсекелестік қабілетті қалыптастыру жаһандану заманында сұранысы артып отыр. Әсіресе, заманауи технологиялық үдерістер әлеуметтік-экономикалық өмір тіршілігіне етене енуіне байланысты интернет, ақпаратты – коммуникативтік, жаңашылдық (инновация) үстемдік құрғанда ұлттық, адамгершілік құндылықтардың кенжелеп қалғандығы байқалады.

Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Осыдан шығатын қорытынды ұлттық сана-сезімді ояту үшін халықтық дәстүрлерді, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін келер ұрпаққа дұрыс түсіндіре алу, жеткізуі, үйрету керек. Жастардың ұлттық дүниетанымын халықтың ерекше қасиеттері арқылы кеңейтіп тәрбиелеу, оны әрі қарай дәстүрге айналдыру олардың бойында ізгілікті қалыптастырады.

Зиялылық-білімділік, тәрбиелік, мәдениеттіліктің бірлігі. Ол адамның ақыл-ойы мен шығармашылық жұмыстарының нәтижесі, тұлғаның рухани табиғи байлығының көрінісі. Оған тән қасиет: адал ниеттілік, парасаттылық, қайырымдылық, адамгершілік, бекзаттық, жауапкершілік, жанкештілік, сөзінде тұрушылық, табандылық, сонымен бірге өзіндік санасының дамуы, тарих пен мәдениетке өзінің қатыстылығын сезінуі. Зиялы адам тек ақыл-ойдың адамы ғана емес, ол өзінің айналасындағы болып жатқан өзгерістерге қам-қарекетсіз қарамайтын, оған білімімен де, ісімен де, өнегесімен де, сөзімен де белсенді әрекет етіп, әрі оған сенімі берік адам.

«Қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Сондықтан да ұлттық құндылықтарды жан-жақты дәріштеп, ата-бабадан қалған мәдени-мұраны заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау қажеттігін атап өткен болатын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде.

Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан елдің мәдени мұрасы. Бүгінде өткеннің бай рухани мұрасын өн бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деген.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың арқасында біз өзіміздің ұлттық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Сондықтан да кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? – деп алаңдауымыз керек.

Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек»- дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие.

«Тегінде ең берекелі, ең парасатты тәжірибе, әрине, халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, ұстаздық ойлар болса керек-ті. Бұның аты халықтық педагогика», - дейді халық жазушысы М.Әлімбаев. Ал филология ғылымдарының докторы М.Тілеужанов болса: «... Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты - ата-бабалардың үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздік-дербестікке ұмтылысы. Бұл – а лдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие - ұрпақ үшін күрес құралы», -дейді.

Халықтың әдет-ғұрпы - оның мәдениеттілікті қалыптастыру жолында имандылық пен ілтипаттылықты, инабаттылықты, ізеттілікті ұрпағына әуелі үйретіп, жаттықтырып, дағдыландырып, әдеттендіріп барып әдепті қалыптастырған.

Өз тәжірибемде сабақ барысында, тәрбиелік іс-шараларда ұлттық адамгершілік құндылықтарымызды насихаттауға тырысамын. Бұл орайда адамгершілік қасиеттер, отбасындағы құндылықтар, ұлттық ерекшелігімізге сай қарым-қатынас мәдениетіне көңіл бөлемін. «Отбасы - бақыт мекені», «Әдептілік - адамгершілік бастауы», «Қарттарым - асыл қазынам», «Халқымның салт-дәстүрлері» атты тәрбиелік іс-шараларда, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі бойынша оқырмандар конференциясы барысында ұлттық адамгершілік құндылықтар кеңінен талқыланды. Студенттер шығармада кездесетін жеті атаға байланысты дәстүрді, тәрбиеге байланысты нақыл сөздерді, салт-дәстүрлер, халық ырымдары, тыйым сөздер, ұлттық ойындар, ат тергеу сияқты дәстүрлерді тауып әңгімеледі. Сондай-ақ бауырмалдық, қыз баланы сыйлау, үлкеннің сөзін екі етпеу, бетіне қарсы келмеу, отбасылық еңбек, сүйекке таңба түсірмеу сияқты басты құндылықтарды баяндап берді.

Жастарды жеке тұлға ретінде ұлттық сана мен ұлттық рухты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай адам етіп қалыптастыруда көтерер салмақ ерекше. «Балаң ды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», - деп халық нақылында айтылғандай, оқыту мен тәрбиелеу әрекеті арқылы ұлттық сана-сезімі жоғары, терең ойлы, жан-жақты білімді шығармашылық қабілеті шыңдалған, өркениетті қоғамға лайық дара тұлға тәрбиелеу заман талабы, қоғам мүддесі болып отыр.

Мақсатымыз - ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу болса, негізгі міндеттеріміз тұсында үмітін үзеңгі қылған елдің перзенттерін оқыту мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды сіңіруге мән бере отырып, болашаққа лайықты қолтаңбамызды қалдырайық. Сондықтан толыққанды тұлға қалыптастыру үшін туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен төл болмысын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелеп, әлемдік өркениеттен лайықты орнымызды алайық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.Құнанбайұлы шығармалар жинағы, Алматы, 2019 ж.
2. Қ.Әбдезұлы. Егемен Қазақстан газеті, 27 қыркүйек, 2022 ж.
3. Г.Ж.Өтемісова, Г.Д.Джубанова, А.Б.Шокалакова. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. - Алматы, 2019 ж.
4. Н.Ж.Худайбергенов. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар. Алматы, 2020 ж.
5. Ә.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы Алматы, 2001 ж.

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ҚҮДІРЕТІ

**МЕНДИБАЕВА МУЛДИР БОЛАТБЕКОВНА,
ҚЫЛЫШБАЕВА САНДУҒАШ КУМИСБАЕВНА
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі**

Түйіндеме

Мақалада ғалымның еңбектері сараланып, зерттелген. Зерттеу нәтижесінде салыстыру әдісі жүзеге асты. Білім алушылармен де жан-жақты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, оңтайлы шешімдер қабылданып, БАҚ-да көрініс тапты. Тіл біліміндегі ғалымның жүргізген жұмыстарының өзектілігі айқындалды.

Кілт сөздер: тіл білімі, ғылым, сөз, тарих, ана тілі

Ключевые слова: языкознание, наука, слово, история, родной язык

Keywords: language education, science, word, history, native language

Ұлт психологиясын дамытуда, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде, жалпы қазақ халқының ұлттық рухани болмысында өзіндік қолтаңбасы мен өрелі биіктігі бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова секілді қайталанбас қазақ қызының еңбектерін жастар арасында насихатталып, кеңінен қолданыс табуына ықпал жасау мақаламыздың өзектілігі болып отыр.

Ғылыми мақаланың мақсатына сәйкес төмендегі міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- ❖ Жұртшылық сүйіп оқитын батырлар мен лиро-эпостық жырларда, ХҮ-ХІХ ғ. өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларында мағынасы күнгірт тартқан немесе архаизмге айналған сөздердің әуелгі мағыналарына шолу жасап, мағыналық өзгерістеріне талдау жасау;
- ❖ Араб-парсы, көне түркі сөздерінің ішінде оқырманға түсініксіз болғандарын зерделеу;
- ❖ Қазақ емлесі бойынша кейбір сөздердің дұрыс жазылуына мән беріп, еңбектен жинақтау;
- ❖ Жастар арасында ғалымның еңбегінде көрсетілген сөздердің мағынасын жан-жақты дәріптеуге үлес қосу.

Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР БҒМ Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықова еңбектері қазақтың мол қазынасы іспеттес.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жарты ғасырдан астам уақыт бойы жемісті еңбек етіп, еңбексүйгіштігі мен тынымсыз ізденісінің арқасында қазақ тіл біліміне қомақты үлес қосып қана қоймай, әлемдік тіл ғылымын да мойындатқан көрнекті ғалымның ғылым жолы да, өмір жолы да – өнеге.

Академик Рәбиға Сыздықованың: «Қайсыбір еңбегімді, кітап болсын, мақала болсын, жазуға кірісе бастағанымда, санама тоғытылып келген ойға қаламым ілесе алмай қалады, сол сәтте қолымды періштелер жебеп отырғандай болып, бар ойым қағаз бетіне түйдек-түйдегімен төгіле жөнеледі» - деген сөздері оның ғылымға деген үлкен ілтипатын көрсетеді.

Бұдан отыз бес жыл бұрын зиялы қауым бас қосқан, тіл тағдырына арналған алқалы жиында атақты Ғабит Мүсірепов мінбер биігінен «Сөз мәдениетіне келгенде Рабиға қарындастан бұрын сөз бастау қиын» деген еді.

Тағы бір жиында белгілі педагог Халима Адамовна Бекмаханованың «Рәбиға – туа бітті лингвист» деген бағасы есте қалды.

Ұстаздың ғажайып, өнегелі өмірі қазақ мәдениетінің, қазақ сөзінің рухын көтеруге арналды. Ұстазды қалың әлеумет ең алдымен терең тілші-ғалым деп таныды. Әр маман ғалым еңбектерінен тілдің тарихы, сөздің төркіні мен түптамыры, сөздің санқилы мағыналық астары, сөзді жазу мен айтудың нормасы, тіпті фонетика мен фонология тәрізді әр саладан ізденіске сүйеніш боларлық тіректі таба алады. Ғалым еңбектері сан салалы: өйткені 500-ден астам еңбегін қатарластыра қойып, қай-қайсысына да үңілсеңіз де, ол Тіл жайын ұлттың тарихымен және шежіресімен, әдебиетпен және көсемсөзбен, мәдениетпен және әлеуметпен әрдайым ұштастыра зерделейді. Академиктің іргелі монографияларын айтпағанның өзінде, сол бес жүзден асатын еңбектерінің көп бөлігін мақалалар құрайды. Әр мақаланың мазмұны ана тіліне сүйсінуге, ана тілінің қазынасын қастерлеу мен қадірлеуге қарай жетелейді.

Ғалымның өз сөз қолдануы мен сөз таңдауы да – ана тілін ұлт қазынасы деп санаған өзіндік сөз өрнегінің айқын көрінісі.

Ғылымда «жеке стиль» деген термин жиі айтылғанымен, бұл аталым ғылым тіліне қатысты сирек қолданылып келеді. Ал ғылымдағы жеке стильдің жарқын үлгілері ғалым еңбектерінен, әсіресе көпшілік қауымға арналған мақалаларынан айқын байқалады.

Ұстаздың өз баяндауы – жоғары интеллектінің, лингвистикалық ойлаудың генетикасының ғажап көрінісі.

Ғалымның ғылымға келуі – алдына қойған мақсаты, яғни Рәбиға Сыздықованың ғылым жолына бірден бір түсуіне әсер еткен өз заманында лекция оқыған қазақтың мақтан тұтар жазушысы Мұхтар Әуезов болғаны баршамызға аян.

Ғалымның «Сөздер сөйлейді» еңбегінің 1994 жылы жарық көрген 2-басылымы «Алғы сөз», «Сөздер сөйлейді», «Тарихи лексикология», «Талданған сөздер», «Қысқартылып көрсетілген әдебиет» деген бөлімдерден тұрса, ал 2014 жылы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген нұсқасы «Сөздер сөйлейді», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар», «Лексикалық бірліктер», «Лексикалық жаңа бірліктер» деген бөлімдерден тұратынын зерттеу жұмысымызды жазып бастағанда байқадық. Тақырыпты зерттеу барысында осы екі кітапты салыстыру әдісі негізге алынды. Сонымен қатар, бақылау, тәжірибе жүргізу, индуктивті әдістер кеңінен қолданылды. Индуктивті әдіс, яғни жалпы заңдылықтарды анықтау үшін зерттеу элементтерінің тәжірибесі мен бақылауына негізделген гипотезаларды тұжырымдауда өз тиімділігін берді.



(Ә.Тәжібаев атындағы кітапханадағы зерттеу жұмысы)

Бұл күнде қазақ тілі – бар мүмкіндігінше дамыған, әдеби нормалары орнығып, қалыптанған, сөздік қазынасы сұрыпталып, байыған, функционалдық стильдері жүйеленген, динамикалық қозғалысы (тарихы) мен статикалық тұрпаты (қазіргі құрылымдық жүйесі) едәуір жақсы зерттелген ұлттық жазба әдеби, сонымен қатар мемлекеттік тіл. Аталмыш еңбекте – бүгінгі қазақ тілінің сөздік қазынасы, оның өткен кезеңдердегі және бүгінгі күй-қалпы, тарихы, қысқасы, лексика-фразеологиялық ескіліктері мен жаңалықтары сөз болады [1].

Қазақ тілінің құдіреті – шексіз. Оған дәлел, тіл көне, ескі мұраларды сақтаушы, жеткізуші екендігін ертеректен ауызша сақталып келе жатқан мақал-мәтелдердегі, өсиет-ақыл сөздеріндегі, тұрақты сөз тіркестеріндегі, өлең-жырлардағы, яғни бай халық ауыз әдебиетіндегі көне, ескі, бейтаныс сөздерді талдау мәдени мұрамызды іздеп, қастерлеуде көп дерек беретіндігін айтуымызға болады.

«Сөздер сөйлейді» еңбегінде негізгі нысан ретінде алынған сөздердің бірқатары бұл күнде ұмыт болған немесе тұлғасы өзгеріп кеткен көне, бөгде тілдік я болмаса аймақтық бірліктер болғандықтан, олардың көбі ескіліктер қатарына жатады.

Тіл – жанды құбылыс. Ол үнемі жаңа сөздермен толығып, сұрыпталып, кейбір бірліктер қолданыстан ығысып ескіріп жататындықтан, оларды уақытында тіркеп, талдап отыру қажет. Ол үшін осы жұмыстың зерттеу нысандарын төмендегідей бөліктерге бөлуге болады.

- Қазіргі қазақ тілінің сөздік қазынасының молаю себептері;
- Жаңа сөздердің көздері, қайдан, неден жасалатындығы;
- Жаңа сөздердің тақырыптық топтары және қолданыс орындары;
- Жаңа сөздердің тұлғалық көріністері, жасалу амалдары.

Ғалым еңбектерінен бірнеше сөздің мағынасына тоқталып өтсек.

АСМАР ЕТУ. Шалкиіз жырау әміршісі Би Темірге алыс жолға (Меккеге) кетпе, ел-жұртыңды иесіз ақлдырма деп толғағанда:

Жүк тиесең кетерсің...

Етектеп жиған көп халқың

Сұлтан ием, кімге асмар етерсің, - дейді.

Жырау бұл сөзді «тапсыру», «аманат ету» мағынасында қолданған. Қазақ тілінде қолданылмайды, демек, бөгде тілдік көне қолданыс болып есептеледі.

СЫНТАС. Көне түркі тілдерінде сын сөзінің бір мағынасы «кеуде, дене, мүсін» дегенді білдірсе, екінші мағынасы – «мола» болған. Демек, сынтас дегенді екі түрлі түсіндіруге болады: бірі – «адамның мүсінін, көбінесе кеудесін бейнелейтін тас», екіншісі – «моланың басына қойылатын тас». Бұл екі мағына бір-бірімен іліктес. О баста сынтас «адам мүсінін бейнелейтін тас» дегенді білдіре келе, мұндай тастарды моланың басына да қоятын болғандықтан, сын сөзі «мола» ұғымын да беріп кеткен болу керек. Қайткен күнде де сын – көне түркі сөзі. Бұл күнде сын сөзі өзінің көне мағынасында жеке тұрып қолданылмайды, тек тіркес құрамында сақталған. [1]

САУДА. Сауда сөзін бұл күнде затты сату не сатып алу әрекеті мағынасында ғана түсінеміз. Ал қазақ тілінде бұл сөздің өзге де мағынада келіп, жалғыздықтың саудасы, ғашықтықтың саудасы сияқты тіркестер құрап жұмсалатын сәттері бар. Жауына жалғыз шапқан Алпамыс батыр туралы:

Жалғыздықтың саудасы

Түсті ерге бір күнде, – деп келсе,

Жібектің аулына екінші рет аттанғалы тұрған Төлеген:

Басыма менің түсіп тұр

Ғашықтықтың саудасы, – деп шынын айтады.

Қамбар батыр қарсыласы қалмақ ханына:

Қан ағызып көзіңнен

Басына сауда салайын,– дейді.

Мұндағы ғашықтықтың саудасы деген тіркес «ғашықтық оты, өлердей ғашықтық» деген мағынаны білдірсе, жалғыздықтың саудасынемесе басына сауда салу дегендердегі сауда сөзі «қиындық, ауыртпалық» деген мәнде жұмсалып тұр.

Сауда сөзінің араб тіліндегі мағынасы «ыза, меланхолия», парсы тіліндегі мағыналарының бірі – «қатты құмарту, махаббат және ызаланушылық, ыза», ал орта ғасырлардағы түркі ескерткіштеріндегі мағынасы – «қатты құмарту, сую, махаббат және құмарлық, әуейлік» (Фазылов, II. 238).

Сауда сөзінің қазақ топырағында пайда болған мағынасы одан әрі құбылып, жалпы «ауыртпалық, қиындық» дегенге көшкені байқалады, өйткені жалғыздықтың саудасы дегенде сөз ұғымы махаббатқа, әуейлікке жуыспайды, бұл жердегі сауда - «ауыртпалық, шарасыздық».

Сауда сөзін дәл осы мағынада қазақтың өткендегі ақын-жыраулары да пайдаланған:

Басыңа сауда болады

Жолдас қылсаң жаманды (Майлықожа).

Сауда сөзінің осы көрсетілген мағыналарда бұл күнде актив қолданылмағанымен, бір кезде еркіндеу жұмсалғандығын жоғарыдағы мысалдар дәлелдейді, бірақ қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің арнайы түзілген сөздіктері (Н.Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974, Е.Бекмұхаметов. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы, 1977) бұл сияқты сөздерді бермейді, көбінесе қалың жұртшылыққа түсінікті, талайдан арабтікі, парсынікі екені көрсетіліп жүрген сөздер түсіндіріледі.

Сөйтіп, түбі арабтық сауда сөзі қазақ тілінде тек «сауда-саттық» ұғымында ғана емес, араб-парсы тілдеріндегідей, сезімге, ақыл-еске, адам мінезінің сипатына қатысты мағынада да жұмсалған екен.

Орнын тауып қолданса (ғашықтықтың саудасы деген қалыпта), бұл сөздің қазірде де кәдеге асатыны сөзсіз. [2]

ШЫР БІТУ. Бұл тіркестің беретін мағынасы түсінікті: ол – «семірді, ет алды, қонданды». Түсіндірме сөздікте шыр сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген, солардың бірі – «нәр, маңыз» және «әл, қуат, күш» деп берілген.

Шыр сөзінің түптөркінін қуаласақ, ол көне түркілерде «май, еттің майы» дегенді білдірген екен.

Сонда шыр біту «май біту» дегеннің көне варианты болып шығады. Майды шыр сөзімен атаудың өзі ұмыт болғанмен, бұл сөз өз мағынасында тіркес құрамында сақталып қалған. Бұл іспеттес құбылыс қазіргі қазақ тілінде аз кездеспейді.

КӨКТЕП ТІГУ. Бұл күрделі етістіктің негізгі сөзі – көктенің көсемше түрі. Ол парсы тілінің «көк», яғни «әр жерден бір іліп, сирек түскен тігіс» деген сөзінен алынған.

Көктеу немесе көктеп тігу қазақ тілінде осы мағынада қолданылады. Бұл сөздің түсті білдіретін көк пен өсімдікті атайтын көк сөздеріне қатысы жоқ.


Зерттеу нысанына алынып отырған ғалым еңбегінің 1994 және 2014 жылы басылымдарында алфавит ретімен берілген сөздер қорына мән берсеңіздер.

Сөздер сөйлейді		
Сөздер немесе сөз тіркестері	2014 жыл	1994 жыл
А әрпінен	39 «ал иіндік», «арық-тұрақ», «ат-ұлақ», «аш құлақ» сөз тіркестері қосылған.	35
Ә әрпінен	1	1
Б әрпінен	14 «Байғұс», «бедеу ат», «бұлт ала» сөз және сөз тіркестері қосылған.	11
Д әрпінен	7 «Дін аман, дән риза» сөз тіркестері қосылған.	6
Е әрпінен	5	5
Ж әрпінен	13	13
З әрпінен	3	3
И әрпінен	3	3
К әрпінен	20 «кедір-бұдыр», «кіріс» сөз және сөз тіркестері қосылған.	18
Қ әрпінен	24 «Қазақ шығып кету», «қауқылдасу», «қойшы- қолаң», «қом су» сөз тіркестері қосылған.	20
М әрпінен	3	2
Н әрпінен	1	1
О әрпінен	5	5
Ө әрпінен	1 «Өле тойды» сөз тіркесі қосылған.	0
С әрпінен	25 «сандық», «сойурғал», «сұрау» сөз тіркестері қосылған.	22
Т әрпінен	19 «телі-тентек», «торқалы той, топырақты өлім»,	14

	«туар қара», «тұла бойы» сөз және сөз тіркестері қосылған.	
Ұ әрпінен	1 «Ұбап-шұбап» сөз тіркесі қосылған.	0
Ү әрпінен	1	1
Ш әрпінен	7 «ши шығару», шым батып кету», «шым-шытырық» сөз тіркестері қосылған.	4
І әрпінен	1	1
Барлығы	192	164

Соңғы басылып шыққан нұсқасында жаңа сөздермен толықтырылғанын байқадық.

Осы зерттеу бөліміндегі жасалған жұмыстардың нәтижелеріне колледждің көптеген білім алушыларына таныстырылымдар жасалды.



«Сөздер сөйлейді» еңбегіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын жастарға дәріптеу мақсатында телеграм канал ашылып, өз даусыммен оқылып, жазылған аудиожазбалар орналастырылды. Әр күн сайын ол каналда ғалымға қатысты жаңа мәліметтер беріліп отырады.

Қорытындылай келе, ғалымның «Жастарға тілегім: ...Үлкен арманың болсын, үлкен өзінің қалауы болсын өмірден, ол өнер ме, ол ғылым ба, ол өзге бір жұмыс па, сондай болса соны орындауға тырыссын, біресе біреуіне кірісіп, оны тастап екіншісіне кірісіп жүргенде өмірдің қалай өткенін адам баласы білмей қалады екен» - деген сөзін негізге алғымыз келеді. Себебі, жастар – ел болашағы. Ал осы жастарға үлкен өмірге қадам басқан сәттерінде апалық мейірім танытқан тілегі құнды.

Сөз әсемдігі мен әуеніне терең мән беретін, үндестік заңының үстем құруын үнемі бақылап отыратын ғалымның, қазақ тілтанымын зерттеушілер шоғырындағы ерекше тұлға – академик Рәбиға Сыздықованың «Жырымды менің сұрасаң, Сары алтынның буынан» деп Дулат ақын айтқандай, өзгеше өз стилі мен өз сөз өрнегі жеке зерттеу нысанасына айналса, қазақ тілтанымының, оның ішінде сөз стилистикасы саласының дамуына елеулі үлес қосылары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы / Рәбиға Сыздықова / –Алматы: «Ел-шежіре» 2014, 412 бет
2. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы. – Алматы, «Санат», 1994, 272 бет
3. А.Байтұрсынұлы Тіл білімі институтының фейсбук парақшасы
4. «Ана тілі», т.б. мерзімді баспасөз құралдары

ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ТРУД» В КАЗАХСКИХ И РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ

АЛТАЕВА Г.А. к.ф.н.

МАДЫГУЛОВА А.В., студентка 1-го курса

Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати

г.Тараз, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье представлен сопоставительный анализ концепта «труд» в казахских и русских пословицах. В ходе анализа авторами определены функции концепта «труд» в фольклоре казахского и русского народов. Результаты исследования показали достаточное количество сходства в реализации концепта «труд» в казахских и русских пословицах. Как отмечено в статье, трудовой процесс вызывает уважение и восхищение народа. Создатели пословиц отдают дань уважения труженикам, деятельность которых является залогом развития и процветания любого государства.

Ключевые слова: концепт «труд», пословица, физический труд, умственный труд, умение, источник благополучия, мастерство.

Аннотация. Бұл мақалада қазақ және орыс мақал-мәтелдеріндегі «Еңбек»концептісіне салыстырмалы талдау ұсынылған. Талдау барысында авторлар қазақ және орыс халықтарының фольклорындағы «Еңбек» концептісінің функцияларын анықтады. Зерттеу нәтижелері қазақ және орыс мақал-мәтелдерінде «Еңбек»концептісін іске асыруда жеткілікті ұқсастықтарды көрсетті. Мақалада айтылғандай, еңбек процесі халықтың құрметі мен таңданысын тудырады. Мақал - мәтелдер жасаушылар қызметі кез-келген мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің кепілі болып табылатын жұмысшыларға құрмет көрсетеді.

Түйінді сөздер: «Еңбек» концептісі, мақал-мәтелдер, физикалық еңбек, ақыл-ой еңбегі, шеберлік, әл-ауқат көзі, шеберлік.

Annotation. This article presents a comparative analysis of the concept of "labor" in Kazakh and Russian proverbs. During the analysis, the authors defined the functions of the concept of "labor" in the folklore of the Kazakh and Russian peoples. The results of the study showed a sufficient amount of similarity in the implementation of the concept of "labor" in Kazakh and Russian proverbs. As noted in the article, the labor process is respected and admired by the people. The creators of the proverbs pay tribute to the workers, whose activities are the key to the development and prosperity of any state.

Keywords: The concept of "labor", proverb, physical labor, mental labor, skill, source of well-being, skill.

Малые жанры фольклора, в частности, пословицы и поговорки, являются неоценимой сокровищницей любого народа. Несмотря на то, что устное народное творчество восходит в своих истоках к глубокой древности, именно жанр пословиц до настоящего времени не теряет своей ценности и актуальности. Жизнь не стоит на месте, постоянное движение, развитие является законом жизни. В современном мире огромное место в жизни человека занимают информационные технологии. В современных условиях глобализации, когда миром постепенно начинает править искусственный интеллект, казалось бы, древнейшие жанры народного творчества должны уходить в историческое прошлое. Но этот факт никак не может касаться пословиц и поговорок. Многолетний опыт человечества, накопленный на протяжении многих веков существования и борьбы за выживание, были аккумулированы в пословицах и поговорках. Современные люди, несмотря на клиповое сознание в быстроменяющемся мире, продолжают интересоваться пословицами и достаточно активно употребляют в своей речи данные жанры фольклора.

В качестве предмета исследования в своей статье мы обратились к пословицам казахского и русского народов о труде. Прежде чем начать исследование пословиц о труде, нам следует подчеркнуть, что именно в малых жанрах фольклора, в частности, пословицахнашли широкое освещение все стороны человеческой жизни, нравственно-

эстетические, этические категории. Из всего многообразия пословиц мы обратились только к пословицам казахского и русского народов о труде.

Как отмечают исследователи: «Пословицы, поговорки, афоризмы – малые фольклорные высокохудожественные жанры, обычно глубокого содержания и лаконичной формы. В комплексе они – краткий итог, синтез наблюдений жизни общества, явлений природы, своеобразный закон, кодекс, определяющий отношения людей, завет предков и своего рода хрестоматия, необходимая для воспитания поколения» [1, с.36].

Как мы уже подчеркнули в работе, пословицы – древнейший жанр устного народного творчества. Как подтверждает анализ исследовательских работ, малые жанры фольклора, в частности пословицы, возникли и сформировались в тот же период, что и период становления языка народа – его создателя. Пословицы, возникшие в глубокой древности и достойно выдержавшие всенародное «обсуждение», прошли отбор в среде многих поколений: подвергшись доработке и трансформации, они достигли высокого художественно-эстетического уровня и превратились в истинную поэзию.

Пословицы и поговорки живут и развиваются вместе с народом, породившим их. Одни устаревают со временем и исчезают, другие обновляются и видоизменяются.

Проанализировав достаточное количество пословиц о труде казахского и русского народа, мы обнаружили большое количество аналогичных пословиц. Например, *Шанаңды жаздан сайла, арбаңды қыстан сайла (Готовь сани летом, а телегу зимой); Сыырдың сүті желінде емес, тілінде (Молоко у коровы не в вымени, а на языке)*. Подобных пословиц очень много, и это касается не только концепта «труд». Проанализировав подобную группу пословиц, мы пришли к выводу о том, что сходство, встречающееся в пословицах казахского и русского народов, объясняется сходными природными условиями, хозяйственной деятельностью и конкретными историческими обстоятельствами.

Таким образом, можно утверждать следующее: пословицы, поговорки и афоризмы народов, географически располагавшихся рядом, вступавших в тесные взаимосвязи, хоть и отличаются по языку, но совпадают по логической структуре и бытовым реалиям.

Всем известно утверждение: «Труд сделал из обезьяны человека». Действительно, труд создал человека. Само существование человека без трудовой деятельности невозможно.

Концепт «труд» в казахской и русской лингвокультурах занимает важное место. Пословицы у разных народов мира созданы в результате многовекового существования человечества, где труд является основным источником существования. Пословицы и поговорки представляют собой квинтэссенцию мудрости народа, итог его наблюдений над жизнью людей.

Нами были изучены и проанализированы пословицы казахского и русского народов, в которых реализуется концепт «труд». Прежде чем перейти к анализу концепта «труд» в лингвокультурах указанных народов, хотелось бы отметить, что в реализации данного концепта находят отражение многовековые традиции, исторические условия, уклад жизни и, без сомнения, национальный менталитет, содержащий базовые ценности носителей языка. Так, по мнению исследователей, для казахов – это доброта, добродушие, простота, терпеливость, доверчивость, гостеприимство; для русских - широта души, отзывчивость.

У каждой культуры есть свои ключевые слова, отражающие базовые ценности народа – носителя языка. Например, для немцев это порядок, точность, для англичан - щепетильность, чопорность, сдержанность, для русских - широта души, доброта, отзывчивость и - очень часто называемые - лень, бесшабашность. Как подчеркивает Узакова С.А., «к основным чертам менталитета казахской нации нужно отнести открытость, гостеприимство, незлопамятность и дружелюбие.... Казахы отличает сплоченность, душевная доброта, готовность обогреть теплом, подарить ласку и, наконец, поделиться с нуждающимся» [2]. Данные базовые понятия создают в сознании народов особые ментальные концепты, которые содержат в себе ценностные представления людей о мире, в котором они живут.

Анализ пословиц и поговорок казахского и русского народов показал, что выбранный нами концепт «труд» реализует общечеловеческие ценности достаточно полно, поскольку именно трудовая деятельность является основой человеческой деятельности с первых дней зарождения жизни на земле. Поскольку человеческая жизнь во многом сходна, и законы существования для людей одинаковы, то и представления о жизни, соответственно, имеют множество точек соприкосновения. При этом, конечно, особые климатические условия порождают отличительные особенности характера, вследствие чего национально-культурное наполнение создает отличительные черты. Поэтому при большом сходстве имеет место национальное своеобразие в реализации концептов, в частности концепта «труд».

Итак, труд для казахского и русского народов – это основополагающая ценность, которая позволяет им не просто выжить, но и дальше развиваться и совершенствоваться. По этой причине труд становится не просто источником материального благополучия, но и нравственной категорией, которая формирует полноценную личность. Как показывает анализ концепта «труд», в подавляющем большинстве пословицы демонстрируют положительное отношение народов к трудовой деятельности. До 90 процентов пословиц изображают труд как деятельность, которая не только приносит материальный достаток, но и формируют положительные нравственные качества. Труд формирует характер человека, дает возможность безбедного существования.

Изучение большого количества казахских пословиц о труде дал нам возможность классифицировать эти сокровищницы народа на следующие группы.

Одной из главных святынь для казахского народа является мать. Сравнение труда с матерью ставит концепт «труд» на высшую ступень: *Еңбек – адамның екінші анасы (Труд – вторая мать человеку)*

Итак, к первой группе мы отнесли пословицы, в которых труд является источником счастья, становится путеводителем счастливой жизни: *Бақыт кілті – еңбекте (Ключ к счастью – в труде); Қазарсың арықты, көрерсің жарықты (Арык прокопаешь, счастья свет узнаешь); Еңбек пен бақыт егіз (Труд и счастье едины)*

Труд – источник богатства, изобилия: *Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер (Отец богатства – труд, мать богатства – земля); Әрекет болмай, берекет болмас (Если действия нет, изобилия не будет); Еңбектің көзін тапқан, байлықтың өзін табады (Смысл труда нашел, много богатства приобрел).*

Труд – настоящий путь к прославлению и подвигам: *Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер (Труд усердный к подвигу ведет, подвиг славу принесет); Ердің атын еңбек шығарады (Имя джигита трудом его прославляется); Еңбек ер атандырады (Труд героем делает).*

Труд доставляет человеку не только моральное удовлетворение, формирует высокие нравственные качества, но и материальный достаток, сытость: *Істесең – тістерсің (Если работаешь – кушаешь); Кім еңбек етсе- сол тоқ (Кто трудится, тот сыт); Еңбек еткен емер (Кто работу любит, тот сытым будет); Ісі жоқтың асы жоқ (У кого нет работы, у того нет еды); Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей (Если будешь трудиться не лентясь, твой желудок будет полон, не испытывая нужды).*

Труд формирует в человеке такое качество как терпеливость: *Сабыр мен еңбек бәрін жеңбек (Терпение и труд все перетрут).*

Как считает казахский народ, работа может быть тяжелой, но не грязной или плохой: *Жұмыс қолға жұқпайды (Труд не пачкает рук); Әділ істің арты игі (Честный труд благо принесет); Жұмыстың жаманы жоқ (Плохой работы не бывает).*

Одной из распространенных характеристик труда в казахских пословицах является мастерство человека: *Нағыз ұстаны төс соғуынан танисың (Настоящего мастера определяют по стуку молотка); Қолы білген құм үстінен кеме жүргізер (Настоящий умелец возьмется, и по песку корабль проведется); Өнерлінің жолы ашық (Перед мастером все*

двери открываются); *Көп көрген – нұсқа, көп істеген – ұста* (Кто много видел – может дать совет, кто много умеет, тот мастер).

Многие пословицы построены по принципу простивопоставления: трудолюбивый – ленивый: *Еңбекшіге әр күн сәт, еңбексізге бір күн сәт* (Трудолюбивого ждет удача каждый день, бездельника – раз в году); *Еріншектің ісі екі* (Лень работу удваивает); *Ерінбеген етікіші болар, ұялмаған әнші болар* (Кто не ленится, будет сапожником, кто не стесняется, будет певцом); *Еріншек егіншіден елгезек масақшы озыпты* (Ленивого хлебопашца прилежный собиратель колосков обойдет); *Еріншек түске дейін ұйықтайды, кешке дейін есінеді* (Лодырь до обеда почивает, а потом до вечера зевает); *Еріншектің ертеңі таусылмас* (У лодыря завтра не кончается); *Жалқауға күнде мейрам* (Лентяю, что ни день, то праздник); *Егінші нанын жейді, еріншек арын жейді* (Пахарь ест свой хлеб, лодырь совесть проест); *Жалқау өзіне жау* (Лодырь сам себе враг).

Анализ пословиц досоветского периода, когда существовали классы бедняков-батраков и баев, демонстрирует отношение народа к баям, торговцам, которые присваивали труд бедняков. В пословицах мы видим негативное отношение к указанным социальным категориям. Баи и торговцы становятся объектом насмешек: *Жыланға түк біткен сайын қалтырауық болады* (Чем толще кожа у змеи, тем сильнее ее пробирает дрожь) – так изобличается скаредность, мироедство, скупость баев. Среди пословиц и поговорок много таких, в которых бай – объект насмешек: *Бай аузында семіз сөз* (В устах бая и слова жирные).

Следует также отметить, что торговый промысел пришел в казахские аулы гораздо позже, поэтому торговцы-купцы также высмеивались в пословицах. В глазах казахского народа торговцы не являются производителями материальных благ, они существует лишь благодаря тому, что перекупают у трудового народа продукты труда бедняков. Народ создал пословичные изречения, характеризующие торговое дело: *Саудада достық жоқ* (В торговле друзей нет); *Сауда сақал сипағанша* (Торгуешься до тех пор, пока не погладишь бороду, т.е. пока «не ударили по рукам»). Труженики, одураченные купцами, не раз говорили: *Саудагерде иман жоқ – арын сатады, өтірікшіде иман жоқ – жанын сатады* (У торговцев нет души, они торгуют совестью, у лжецов нет совести – они торгуют своей душой). О таких ненасытных хапугах казахские крестьяне говорили: *Таразыдан жеген тасбақа болады* (Кто обвешивает, тот превратится в черепаху).

Мы провели детальный анализ пословиц русского народа о труде. Так же, как и казахский народ, русский народ видел в труде источник и счастья, и благополучия. Труд воспринимался как занятие, которое формирует положительные нравственные качества. Русские пословицы: «Где труд, там и счастье. Чести без труда не сыскать. Благо жизни в труде». [3].

Можно выделить еще ряд пословиц, где представлены результаты, каких достигает человек, ставящий во главу трудовую деятельность:

«Ермек қуған бәлеге жолығады, Еңбек қуған қазынаға жолығады. (Ищешь только развлечения – наживешь беду, дело ищешь – найдешь казну). *Істемеген тістемейді* (Не работающий не жует. Русская аналогичная пословица – Кто не работает, тот не ест). *Еңбек етпесең елге өкпелеме, Егін екпесең жерге өкпелеме.* (Не работал – на людей не обижайся, не сеял – на землю не сердись). *Жігіттің байлығы – еңбек* (Богатство джигита – труд). *Шымышықсыз өзен жетім, адамдарсыз жер жетім* (Без птиц озеро сирота, без людей земля сирота). *Ауырсыз жеңіл жоқ, еңбексіз өмір жоқ* (Без тяжелого легкого нет, без труда жизни нет)»[2,с.с34,86,19,46,54].

Русские пословицы: «Без труда не вытащишь и рыбку из пруда. Что потрудился, то и поел. Воля и труд дивные всходы дают. Не потрудиться, так и хлеба не добиться. Без труда нет добра. Кто трудится тот и пользуется» [3].

Данные пословицы демонстрируют уважительное отношение народов к труду. Как видим, в данных пословицах концепт «труд» реализует положительное отношение к труду.

Соответственно, антонимом концепта «труд» является лень.

Казахские пословицы. *Жаманга жан жуымас, Жалқауға мал жуымас (Дурня люди сторонятся, лодыря и скотина обходит); Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады, Еріншек ұйқыдан қирап тұрады. (Работяга встает со сна бодрым, лодырь – разбитым); Егінді жабайы шөп аздырар, Ерді еріншектер аздырар (Пашиню портит сорняк, джигита лень)* [2, с.с.37,81,96,105].

Русские пословицы: «Труд человека кормит, а лень – портит. Кто труда не боится, того и лень сторонится» [3].

В пословицах многих народов восхваляется не только физический труд, но и умственная деятельность. Казахский и русский народы не отделяют физический и умственный труд.

Казахские пословицы: *«Екпей егін шықпас, Үйренбей білім жұқпас (Если не сеять, урожай не взойдет, Если не учиться, знания не наберутся). Ерінбей еңбек қыл, жалықпай өнер біл (Без лени трудись, без устали учись»* [2, с.с.49,158].

Русские пословицы: *«Без успеха в учебе нет успеха в труде. Без учебы и труда не придет на стол еда. Без учения без труда и жизнь не годна никуда»* [3].

Анализ пословиц русского народа позволил выделить ряд пословиц, где концепт «реализует» негативное отношение к трудовой деятельности:

«Всякий труд ценен, да не всякий полезен. Труда много, а добычи мало. От трудов праведных не наживешь палат каменных. От трудов своих сыт будешь, а богат не будешь. От работы кони дохнут» [3]

Как мы заметили во время исследования концепта «труд», несколько скептическое отношение к труду встречается в отношении той категории людей, которые присваивают результаты чужого труда. Так, например, русский народ негативно отзывался о богачах, которые жили в период классового расслоения общества: до двадцатого века, когда дворяне существовали за счет тяжелого физического труда крестьян. Основные производители материальных благ – крестьяне, несмотря на очень тяжелый физический труд, практически жили в нищете, а те, кто сам не работал, жили в богатстве и праздности. Именно эти факторы нашли отражение в пословицах, где труд воспринимается как тяжкая повинность.

Таким образом, проведенное исследование позволяет сделать следующие выводы: трудовая деятельность является основой существования человеческого общества, поэтому в пословицах казахского и русского народов труд изображается как деятельность, приносящая благо. Причем в пословицах названных народов приветствуется как физический, так и умственный труд. В очень незначительной части пословиц русского народа о труде встречается негативное отношение к непосильной трудовой деятельности. Подобные пословицы зародились в тот период существования народа, когда привилегированная часть общества, представляющая собой меньшинство, пользовалась каторжным трудом простого народа. Крестьяне, несмотря на непосильный труд, жили бедно и тяжело. Тем не менее, сам трудовой процесс вызывает уважение и восхищение народа. Создатели пословиц отдают дань уважения труженикам, деятельность которых является залогом развития и процветания любого государства.

Список использованной литературы:

1. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы, 1997 г.
2. Узакова С.А. (Наберушкина Э.К.) Система семейных ценностей казахстанского социума в современных условиях// Современные проблемы науки и образования/Современные проблемы науки и образования.- 2015. – с.28-31
3. <https://kaz-tili.kz/text/textposl04.htm> [Электронный ресурс]. Дата обращения: 23.12 2023 г.
4. Негматова М.М. О пословицах и поговорках. – Вестник ТГУПБП, Серия Филология № 4, 2010 г.- С38-42

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АБЕКЕНОВА Г.Н. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ магистранты

ТАКИРОВ С.У. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Эпистолярлық жанр – жазу жанры. Хат түрінде жазылатын шығарманың бәрі эпистолярлық жанрдың негізін құрайды. Ерте заманда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы тіл мен сөздің деңгейіне байланысты дамып отырған. Жазба әдебиеті қалыптаспай тұрған кезде халық мұрасы ауызша таралып отырған. Жазба әдебиеті қалыптасқаннан бері қарай кезеңде сөз де, ой да көркем түрде жеткізіліп, жазбаша түрде тарала бастады. Тарих толқынының түрлі кезеңінде жазылған хаттар, ақын-жазушылардың бір-бірімен жазысқан хаттары әдебиетте эпистолярлық стилді қалыптастырды. Эпистолярлық әдебиет жанр ретінде көне дәуірден бастау алады. Хат мәтіні әр дәуірге сай қалыптасып, тұрақты нормаға түсіп, ішкі даму процесі негізінде сыртқы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге лайық икемделіп дамып отырды.

«Эпистолярлық жанр» грек тілінен аударғанда «хат» – эпистола, «хаттар әдебиеті» – эпистолография деген мағынаны білдіреді [1]. «Хат жазу» көне заманнан бері әсіресе, ежелгі Грек, Рим әдебиеттерінен бастау алады. Перғауындардың папируске жазылған қарым-қатынас құралы эпистолярлық жанрдың алғашқы үлгілеріне жатады. Ал Аристотельдің хаттары шәкірттерінің қажеттілігенен туындаған және ол хаттарды Аристотель қайтыс болғаннан кейін тәрбиелік әдебиет ретінде сақтаған. Цицерон, Гораций, Сенека, кіші Плиний хаттары өлең жолдары арқылы жазылып эпистолярлық әдебиеттің үлгілері болып саналды. Эпистолярлық жанрдың басты сипатын хат мәтінінің тарихтан сыр шертуі және көпжылдар бойы сақталуы құрайды. Цицерон хаттарында сол кездегі қоғамдық мәселелер талқыланса, Плинийдің хаттары көбінесе әдебиеттік миниатюралар түрінде жазылған.

Хат – публицистикалық және іс-қағаздар прозасы үшін, шағын әңгіме түрінде баяндалатын үлгілер үшін маңызды. Сонымен қатар, тұрмыстық және әдеби эпистолярлық прозаның тіл ресурстарын әзірлеуде маңызы зор. Ағарту дәуірінде хат ең маңызды жанрға айналып, «тәрбиелеу» мақсатында пайдаланылды. Эпистолярлық әдебиет сол негізгі екі бағыт бойынша дамиды: «ашық хаттар» – памфлеттер және «новелла-хаттар» – тұрмыстық хаттар мен сыр ашу хаттары. Эпистолярлық жанр ең әуелі жеке хат жазуда қолданылатын сөйлеу стилі ретінде қалыптасты. Жазу мәдениетінің бірте-бірте дамуына байланысты хаттар эпистолярлық романдарға айнала бастады. Орыс ғалымы А.С.Григорьева пікірінше, ол кездегі хаттар екі адамның арасындағы адресаттық қызметті атқарып қана қоймай, көпшілік оқи алатындай түсінікті тілмен жазылды [2, 19]. Себебі хаттар тек екі адамға ғана тән қызмет атқармады. Хаттардың түрлері саналуан қызмет атқарды: достық, өтініш, ұсыныс, сөгіс, мақтау-мадақтау, сұрақ-жауап, аллегориялық, саяси қызметтерін атауға болады.

Эпистолярлық жанрды зерттеуші орыс ғалымы О.В.Зуева эпистолярлық жанр эпистолярлық мәтіндердің негізіндегі жиынтықты құрайтынын түсіндіре келе, қазіргі орыс әдебиетіндегі эпистолярлық жанр мәселелерін екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – хаттардың жекелеген түрлерін жай ғана қызмет көрсететін жанр ретінде қарау, екіншісі – кез-келген хатты эпистолярлық жанрдың бірлігі деп қарап, стильдік тұрғыда әдеби тілдің нормасына сай етіп қарастырады. Эпистолярлық жанр – әдебиеттегі хаттардың көркем тілмен жазылу үлгісі. И.А.Вяткина эпистолярлық жанрға “күнделікті өмірді бейнелеу формасы болып табылатын ауызша сөйлеу” деп баға береді. Ол «әдебиет пен өнер арасындағы шекаралық жағдайды», «достық сөйлесудің үні мен стилін» қолдайды [3, 22]. Ал О.Ф.Цицарина хаттардың құрылымдық-композициялық, лексика-семантикалық ерекшеліктерін сипаттайды [4, 103-110]. Т.А.Миллер, А.И.Ефимов, Л.Н.Кецба, А.С.Григорьева, О.Н.Седова, Т.Г.Винокур, А.Н.Попова, Н.Н.Кохтев, К.А.Долинин сияқты көптеген ғалымдар эпистолярлық стильді ғылыми стильмен қатар ажыратады. Е.П.Прохоров, Н.И.Белунова эпистолярлық құбылысты әртүрлі жанрлар мен стильдердің

бірлігі ретінде қарастырады. Бұл көзқарас – өте өзекті мәселелердің бірі. Расында хаттар ауызекі сөйлеу стилінде, көркем әдеби стилінде, ғылыми тұрғыда немесе автордың жеке жазушылық шеберлігімен жазылады. А.Ковалеваның айтуынша, «аралас стиль әртүрлі жанрлар мен тақырыптық-композициялық бірлікті құрап қана қоймай, эпистолярлық үйлесімділікті ерекше етіп танытады» [5].

Эпистолярлық жанр – әдеби шығарма жанрларының бірі. Эпистолярлық жанрдың ерекшелігі – міндетті түрде адресатқа ие, яғни бір немесе екі адамға, қауымдастыққа белгілі бір мәліметтерді хабарлау үшін жазылады. Эпистолярлық жанр әлем әдебиетінде зерттеліп, дамыған. XX ғасырдың жазушылары бұл стильді өз шығармаларында бір кейіпкердің кітаптың басқа кейіпкеріне жазған хаты ретінде жиі қолданған, кейбір жазушылар осы жанрда бөлек кітаптар жазған. Бұған Ф.Достоевскийдің «Кедей адамдар» эпистолярлық романы, А.Чеховтың «Ванка» әңгімесі және т.б. дәлел бола алады. А.Пушкиннің әйгілі «Керн» өлеңі немесе Онегиннің Татьянаға, Татьянаның Онегінге жазған жеке хаттары мысал бола алады.

Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанр үлгілеріне ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады. Солардың ішінде еліміздің, жеріміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайына байланысты кешегі ел билеген хан-сұлтандардың әртүрлі тарих тереңінен сыр шерткен хаттары, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді ағартушыларымыздың, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафиннің хаттары, кешегі сұрапыл соғыс кезіндегі хаттар, бүгінгі хаттар – зерттеуге сұранып тұрған құнды дүниелер. Эпистолярлық әдебиет үлгілерін талдау, оларды жан-жақты зерттеу эпистолярлық жанрдың сипатын тануға мүмкіндік береді [6.64].

Эпистолярлық әдебиет 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі халық поэзиясынан кең көрініс тапты. Мәселен Құбаша ақынның Әбдірахман Иманқұлұлына жазған хаты. Бұл жыр-хаттар ақ патшаның бұйрығына наразылық, ыза-кек білдіріп, тікелей көтеріліске шығуға, Амангелді Иманов бастаған топқа қосылуға үндейді. Майданнан жазылған хаттарда жауыздық пен әділетсіздікке қарсылық білдірсе, майданға жазылған хаттарда ел-жұрттың сағыныш сезімі, амандық-саулық баяндалады. Эпистолярлық әдебиет кеңестік дәуірде кең өріс алып, айрықша дамыды. Бұл кезде жазылған хаттарда патриотизм, Отанды қанқұйлы жаудан қорғап қалу, дұшпанға деген өшпенділік сезімі басым. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Қ.Аманжолов және тағы басқа жазысқан хаттар эпистолярлық әдебиеттің көрнекті үлгілерінің негізін құрайды.

Эпистолярлық әдебиетке тарихи-мәдени маңызы бар қоғам қайраткерлерінің хаттары жатады. Аристотельдің айтуынша, эпистолярлық стиль автордың өз қалпында қалуына мүмкіндік береді. Яғни қоғамда таралған сыр білдіру, жолдау хаттары публицистиканың бір бөлігіне жатады. Хаттар құжаттық әдебиетке жатады, сонымен қатар хатта деректер келтіріліп, дәлелдер де көрсетіледі. Әдеби шығармаларда өлеңмен хат жазысу дәстүрге айналған. Бұл дәстүр әдебиетте берік қалыптасып, хат өлеңдер деп те аталған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сыр бойында өмір сүрген ақындар хат арқылы поэзияда өз өлең кестесін жасаған. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштеріндегі жазбаларда да хат үлгілері байқалады. Зерттеуші ғалым Б.Жақыптың айтуы бойынша, ежелгі замандардағы жазба мәдениеттің көп тараған көріністерінің бірі – шаруашылық, дипломатиялық және жеке жолдаулар мен хаттар болды. Бұл тарихи ескерткіштердің бір тобы – ресми сипаттағы қызметтік құжаттар болса, енді бірі – тұрмыстық, отбасылық, достық сипаттағы жеке адамдар арасындағы хаттар болды. Кейбір хаттарда қоғамдағы маңызды мәселелер қозғалып, саяси көзқарас, әлеуметтік идеялар көрініс тапты. Міне, дәл осындай жолдардан кейін публицистикалық эпистолографияның алғашқы көріністері туды [7.54]. Ғалымдардың эпистолярлық жанр мәселесі жайында айтылған пікірлері және оның маңыздылығы алдағы зерттеулердің еншісінде.

Ақын, жырау Тұрмағамбет Ізтілеуовтің эпистолярлық жанр үлгісіне жататын жарқын

туындылары бар. Оның поэзия хаттарының әлеуметтік маңызы болды. 1936 жылы «Сәкенге сәлем хат» аталатын Сәкен Сейфуллинге жолдаған өлеңмен жазылған хаты осы үлгіге жатады. Сондай-ақ, «Туған елге сәлем хат», «Тар заман», «Мақатқа хат», «Әділдік жайлы арыз», «Түрмеден хат» шығармалары да үндеу-өлеңдер қатарына жатады.

Қазақ ақыны, драматург, жазушы Әбділда Тәжібаевтың «Хаттар айтады» эссесі де эпистолярлық стильде жазылған. Жалпы эпистолярлық жанрдағы өлеңдер ақындар арасында кеңінен қолданылады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың Сергей Есенинге үндеуі.

Қазір эпистолярлық жанрды прозада стиль ретінде қолдану өте сирек кездеседі. Ирландиялық жазушы Сесилия Ахерн өзінің «Мен сенбеймін. Мен үміттенбеймін. Махаббат» атты кітабы басынан аяғына дейін ғашықтардың бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Интригалар, жанжалдар және шынайы сезімдер бар. Оқырман екеуінің махаббат хикаяларына тереңірек үңіледі.

XX ғасырдың басында публицистикалық жанрдың өркендеуі, көркем әдебиеттегі проза жанрының қалыптасуы, ғылым мен техниканың дамуына байланысты әдебиеттердің жазылуы, ресми іс-қағаздарының, құжаттардың жүйелеу қалыптасқан тілде беруі қазақ тілінің ресми стилін қалыптастырды. Қазақ әдебиеттануында әдебиет пен өнер қайраткерлерінің жазысқан хаттарына назар аударуға болады. Жазушылардың шығармашылық зертханасын ғұмырнамалық күнделік ретінде және эпистолярлық мұрасы негізінде зерттейтін филологиялық мектеп өмірге келді. Эпистолярлық жанрдың қазақ әлеуметіндегі, әдебиетіндегі кейбір заңдылықтары, алатын орны жөнінде пайымдау жасауға болатын мүмкіндік пайда болды. Сонымен қатар, басқа ұлт қоғамының эпистолярлық жанрға ұқыптылығы қазақ ғылымына құт әкелген сәттер де болды. Атап айтқанда, қазақ халқының өткен ғасырдағы салт-санасы, тұрмысының дәйекті құжатына айналып отырған А.Янушкевич хаттарының сақталуы.

М.Сералиннің «Айқап» журналына жазған беташар сөзі – «Талапкерге жауап» деп аталатын хаты – эпистолярлық жанрдың жазушы мен оқырман арасындағы көрінісі. Баспасөзде жарияланған хат үлгілерін XX ғасыр басындағы газет-журналдардан жиі кездестіруге болады. Айтылған жайлар хаттың қазақ халқы өміріне қатынас құралы ретінде әрі мәдениет үлгісі райында дендеп енуін айғақтайды. Сұлтанмахмұт Торайғыров жазған кейбір хаттар ақынның екі томдық шығармалар жинағында жарияланды. Ақынның эпистолярлық мұрасы жинақталған. Ал Сәбит Мұқановтың хат формасында жазылған «Қандас досыма хат» (М.Шолоховқа), «Досыма хат» (Ү.Балқашевқа) тағы басқа сын мақалалары әдебиет мәселелерін тереңінен толғайтындығымен қатар, халық тарихын шежіредей тарататындығымен құнды. Бұл хат, мақалалар С.Мұқановтың эпистолярлық жанрға ерекше ден қойып қарағандығына дәлел бола алады[8, 121].

Эпистолярлық жанр – әдеби тілдегі универсалды жанр. Эпистолярлық жанрдың ең негізгі ерекшелігіне хат-жауап түріндегі қосарлы сипат жатады. Өйткені, жазылған хаттың жауабы болады. Хат тіліне қарап отырып, хат жазушы адресанттың мәдени, рухани дүниесінің дәрежесін, дүниеге көзқарасын, шығармашылық тұрғыдан жетілуі мен оның кезеңдерін анықтауға, бір сөзбен айтқанда, шығармасы мен биографиясын кезең-кезеңге бөліп қарауға мүмкіндік туады. Эпистолярлық жанр туралы әдебиет зерттеушісі, ғалым Құлбек Ергөбек өзінің докторлық диссертациясында былай деп анықтама береді: «Эпистолярлық жанр. Өңгіме кәдімгі кәдімгі хат туралы. Мәдениетті елдерде хат – әдебиеттану, тарих ғылымында арнайы қарастырылады. Хат табиғаты, тағдыры, жанры жөнінде кәделі пікір айтады. Айталық, академик Ю.Тынянов хатты «эпистолярлық жанр [9.97]» деп атайды. Сөйтеді де хатты тұрмысқа өз міндетімен келіп, біртіндеп әдеби фактыға, одан әдеби процеске өтетін құбылыс деп біледі. Ал академик М.П.Алексеев хатты мемуарлық жанр үлгісі ретінде қарастырады. Эпистолярлық жанр жөнінде әр кезде Г.П.Макагоненко, Р.М.Лазарчук сынды ғалымдар пікір айтты, жанр дәстүрін, табиғатын зерттеді.

Қазақ әдебиетінде эпистолярлық жанрға ерекше ұқыптылық танытқан жазушылардың бірі – Сәбит Мұқанов. Жазушының эпистолярлық мұрасы өте бай. Ол өзі алған хатты

кадірлеп сақтауы өз алдына, өзі жазған хаттың бір данасын көшіріп алып қалып отырған. Бұл әрине, үлкен мәдениеттің белгісі. Сәбит Мұқанов өзі қатарлас ақын-жазушы, қоғам қайраткерлерінің арасында халықтан көп хат алған және сол хаттарға жауап қайтарған халық жазушысы. Мұны жазушының көзі тірісінде қазақ радиосына берген сұхбатында өзі кеңінен әңгіме етеді: «ал енді біз әр уақытта үлгіні орыстан аламыз, орыс мәдениетін аламыз. Мен ғана емес біздің бұрынғы бабаларымыз – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, одан бергі интелегенция Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин осылардың бәрі орыс мәдениетіне сүйеніп барып өскендер. Мен де солай өстім ғой деп ойлаймын. 1922 жылы Орынбордың Рабфагына келіп орысша оқи бастадым. Алғашқы кезде нашарлау келдім, сосын жүре-жүре жетіліп кеттім. Сонда орыстан алған тәуір үлгімнің біреуі – хатқа сақ қарау. Біреуге өзің жазасың. Өзіңе біреу жазады. Осылардың бәрін жинай беру. Бұл жағынан мақтанғаным емес, қазақ жазушыларының ішінде менен көп жинақшысы болған жоқ. Кешегі Мұхтар марқұм Әуезов қатты өкінетін еді. Мен бұрынғы хаттарымды жинаған жоқпын деп өкінетін. «Сен қалай жинайсың» деп маған қызыға, қызғана айтушы еді. Мақал деген халықтың тәуір ойы ғой. Қазақта мынадай мақал бар:

Есік алды төбе болса, ерттеулі ат төбелдей,

Ауылыңда қарт болса, жазып қойған хатпен бірдей. Бұл сөздің мағынасы үлкен. Өйткені, хатты бірінші орынға қояды. Абайдың бір өлеңінде:

Шөлдеген жан су көрсе,

Бас қоймай ма бастауға – деген. Орыстың мәдениеті бізден жоғары, биік болды. Сондықтан соның тілін біле бастағасын, тәуір нәрселеріне құмартып, соны оқи бастадық...». Сәбит Мұқанов жинаған хаттарын «хаттар және хаттасулар» деген атпен қалың кітап жасау ниеті болған. Әдебиет классигінің орындалмаған арманының бірі осы хаттарын жарыққа шығару болса керек. Көпшілік біле бермейтін осы бір бай мұраны Сәбиттанушылармен қатар әдебиет зерттеушілері тек өз алдына ғылыми жұмысына жаратудан басқала аса алмай келеді [9.86].

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетіндегі тұңғыш эпистолярлық мәдениетті қалыптастырушы екенін есерсек, бұл тұстағы еңбегі мен ұқыптылығы әдеби мұраның бір жанрының сақтаушысы екендігінің дәлелі. Эпистолярлық жанр жазушыны қай қырынан көрсетеді, салмағы қандай деген мәселе туындайды. Бұл хаттар ең алдымен С.Мұқановтың азаматтық өсу жолының шежіресі, өмірбаянын толықтыратын мәліметтер береді. Сонымен қатар бұл хаттар қазақ халқымен бірге түлеп, бірге күйреп жүрген қайраткерлік істерінің куәсі. Жазушының қаламгерлік құпиясының кілттері де – осы хаттар. Хаттар – жазушыға жолданған саналуан халық өкілдерінің жан сыры, мұң-мұқтажы, оқырман райындағы ой-мұраты, көркем шығарманы қабылдауы, талабы, сүйініш, реніші. Осындай сан-сала шежірелік қызметімен де ол хаттар қарапайым өмір факторларын өнер фактысына айналдырады. Бұл бай қазына ғылымға қызмет етеді.

Эпистолярлық жанрдың маңызды бөлігі – хаттар, екіншісі – күнделік. Құлбек Ергөбек өзінің «Баянғұмыр» сын-мақалалар жинағында «Ой қайнары – күнделік», «Хат жаздым қалам алып», «Жүрек қанымен жазылған хаттар» мақаласында жауынгер хаттарын тілге тиек етіп, эпистолярлық жанрға ерекше назар аударады. Мақалада «Өлең – хат – қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың формалық ерекшелігі ғана емес, мазмұн тереңдігі жөнінен де жанрдың шырқау шыңы деген ойды алғаш рет зерттеу тұрғысында оқырманға жеткізеді. Жауынгер хаттарын эпистолярлық жанрдың енді қайталанбас қымбат үлгісіне теңейді [10.56].

Эпистолярлық жанр түріне жататын әдеби хаттар эпистолярлық стиль мен көркем әдебиет стилін ұштастырады. Мұхтар Әуезовтің хаттары – жай ғана үйреншікті сәлемдесу не хабарласу (эпистола) ғана емес, кәдімгі эпистолярлық әдебиет. М.Әуезов хаттарында өзіндік авторлық баяндау стилін танытады. Хаттағы сөйлемдерде көсемшенің -ып формасы жиі қолданылады (Міне, хатыңды алып..., жаным жадырап..., жан жүрегімді қатты тебіренгіп..., қайран қалдырып). М.Әуезовтің хаттарының көркемдігі сондай, әдеби сынды да байыппен жеткізеді. Мысалы Мұхтар Әуезовтің Бейсенбай Кенжебаевқа жазған хатында оның

жетістіктерін атай отырып, кемшіліктеріне көз жұма қарай алмайтындығын көркем түрде жеткізеді. Сол секілді Ғабит Мүсіреповтің де хаттарын әдеби хат ретінде қарастырамыз. Хат мәтініндегі тіл көркемдігіне аса мән беріліп, көркем әдби тіліне тән образдар, фразеологизмдер, сөздердің ауыспалы мағыналары шебер қолданылады.

Эпистолярлық жанр – жан-жақты зерттеуді қажет ететін саланың бірі. Қай кезең болмасын жазушы, сыншы, ғалымдардың өзара жазысқан хаттары жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді. Ол хаттар эпистолярлық мұраның мол көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *О.В. Протопопова. Эпистолярный стиль // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / М.Н. Кожина. — М.: "Флинта", "Наука", 2003.*
2. Григорьева А. С. Статичная структура русского эпистолярного текста (лексика частных писем): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ленинград, 1981. – 19 б.
3. Вяткина И. А. Диглоссия русских маргинальных жанров (домашняя поэзия и эпистолярный В. А. Жуковского): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Томск, 2007. – 22 б.
4. Цыцарина О. Ф. О понятии «эпистолярный жанр» в современной лингвистической литературе // Функционально-семантические аспекты языковых явлений. – Куйбышев: Изд-во Куйбышевского гос. ун-та, 1989. – 103–110 бет
5. <https://elib.pnzgu.ru/files/eb/doc/1GrpIhIO5sY.pdf>
6. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр (Жүрек қанымен жазылған хаттар). – Алматы, 1991. – 230 б.
7. Сыздықова Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма. Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1986. – 85 б.
8. Шаймерденов С., Ергөбеков Қ. Кәдімгі Сәбит Мұқанов: Естеліктер кітабы / Құраст.: С. Шаймерденов, Қ. Ергөбеков. - Алматы: Жазушы 1984. - 392 б.
9. Ергөбеков Қ. Сәбит Мұқанов. / Қ. Ергөбеков - Алматы: Мектеп, 1989. - 144 б.
10. Сәбит Мұқанов тағылымы. / жинақ – Алматы: «Жазушы», 1990. – 242 б.

2-СЕКЦИЯ. ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРІ (С.САҒЫНТАЙ, А.ЕЛГЕЗЕК ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

АЛЛАМБЕРГЕНОВА Қ.Ж.

(Ғылыми жетекшісі – филол. ғыл. канд., профессор **К.А.Толеубаева**)

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

«Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған, өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында, яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты ойлар бас құрайтыны содан» демекші, біз қарастырғалы отырған Серік Сағынтай мен Ақберен Елгезектің поэзия әлемі – үлкен бір ғаламшар сияқты [1; 287]. Ол әлемде, сүйініш те, күйініш те, аңсау да, сағыныш та, өкініш те, қайсарлық та, батылдық та бәрі-бәрі бар. Оқырманды өрге жетелейтін асқақ рух пен терең тағылым мен мұнда лап тұр. Тармақтардан тарих шежіресі тулап, шумақтардан шындықтың шырағы жарқырайды. Бунақтарға сыр жасырынып, буынынан сыршыл самал еседі. Өлеңмен өмірмен тілдесе, өмірден өлеңіне сый арнаған бұл ақындардың арнасы тым алпауыт.

Кез-келген суреткер белгілі бір қоғамда, белгілі бір кезеңде, ортада өмір сүретіндіктен, оның ой-талғамы, тұжырым-тұрмысы сол қоғамның мүддесіне ортақтаспай қоймайды. Оның шығармашылығынан дәуір үнінің лебі сезілері анық. Бұл процесс жалғыз

әдебиетте ғана емес, өнер, өмірдің барлық саласында із қалдырады. Әдебиеттегі дәуір, ғасыр үнін, біз бүгінге дейінгі жазылған шығармалардан байқай аламыз. Алдағы уақытта да солай болмақ.

Серік Сағынтай және Ақберен Елгезектің өлеңдері ғасырлар тоғысындағы тағдырдың тылсымынан сыр шертеді. Тәуелсіздіктің толғамымен басталған әдебиеттің жаңа бір өркендеу тұсында өлең өлкесіне келіп қосылған ақындар шығармасынан тарихи қатпарлардың көрінуі заңдылық. Кешегі мен бүгінгі салыстыруға ұшыраса, ертеңгі күту, күтіп қана қоймай үміт пен сенімге жол ашады.

Тәуелсіздіктің туысынан бастап, өлең өнеріне өзіндік менімен енген талантты ақындар қазіргі таңда поэзияның мөлдірімен сусындап, прозаға салмақты да ойлы шығармаларымен қосылып отыр. Олар өмірді барынша жан-жақты жырлайды. Сенім мен сезімнің, сананың шарқ ұрған қатпар-қатпарын зерделеп, нәтижесін ойып қалдырмаққа «өлең» атты зергерге табыстайды. Бір-біріне кереғар ұғымдардың тартысында қарама-қайшылықтар дүниесін танып, шешімін шығармаққа «өлең-биге» жүгінеді. Туған жердің сай-тасын, дала-қыратын, қала, мұратын түгендеп, «өлең» деген өмірге әкеп қауыштырады. Өскен жерге жыр арнап, жүректен шыққан «өлең-сөзбен» туған топырақтың ұлылығына бас иеді. Табиғаттың тылсымын зерттеп, оны да әкеп «өлеңмен» құбылтады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – ой – жүйрік, сана – биік, тіл – құнарлы.

«Ақберен Елгезек – потенциалы, ақындық танымы ерекше ақын. Ол ғарышты, көк әлемді, мыңжылдықтар мен адамзат дәуірлерін періште қиял хәм адами құсамен көре алуға бейім» деп Айгүл Кемелбаева айтпақшы, ақын талғамы өте ерекше [2; 82]. Ал Серік Сағынтай шығармаларынан жалғыздық сарыны басымырақ көрінеді. Өздеріне дейінгі әдебиеттің тамырын байқап, қағысын тыңдап, бақылап, қарап, меңгеруімен қоса, өзіндік стиль қалыптастыра алуы – олардың ақындық тұлғасын биіктетпесе төмендетпек емес. Алайда, біз әңгіменің бағытын бұл жайдан гөрі үндестікке бұрып, салыстырмалы тұрғыдан қарасақ деп едік.

Әр ақынның өз орны, өз өрнегі болумен бірге өзге ақындармен үндестік, творчестволық ортағы болатыны мәлім [3; 67]. Біз сөз етіп отырған ақындардың үндестігі неде? Жоғарыда атап өткен дәуір үні, уақыт іргесінен өзге ортақтықты қайдан таба аламыз? Осы сауал төңірегінде біраз ой жүгіртейік.

«...Мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл. «Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы» дегендей, сөз өнерін жанына серік еткен екі ақын – аталған өнердің өрелі өрнегі іспетті [4; 11]. Өмірді өлеңмен өрнектей білу, әсем ойға әрлі сөзбен оң беру кез-келген қаламға түсе бермейтін қасиет. «Он үшінде өлең жазып үлгерген» ақын мен «Өлеңнің сыңарына айналған» ақынның тұла-бойы өлеңмен сусындауы шартты дүние [5; 59].

Өлең – маған, мен Өлеңге сыңар боп
қалған екем, соны ұқтым [2; 38]. Немесе,
Біреу Көкте жазып отыр бір өлең
миымдағы кроссвордтық кестеге...[2; 39]
Жарымы күл, жартысы от денемнің,
Бірақ, оған сенер кім?!
Бақи жаққа күнде барып қайтатын,
Өле алмайтын өзегі өрт өлеңмін![6; 3]

Иә, олар – өлең. Өлең болғанда қандай?! Өміршең өлең. Тулаған жалынымен сөз шыңында айналасына жарық шашып тұрған өздеріне дейінгінің жалғасы болса, кейінгіге бағыт-бағдар, екі дүниені сабақтастырып, тілдестіріп қойған шырақ.

«Поэзия – қанның сияға айналуы» депті кезінде ақын Томас Элиот [2;31]. Бұл не деген сөз? Біздің пайымдауымызша, бұл – өлең сөздің алпыс екі тамырды бойлай аққан қанға сіңіп, жаратылысқа тән жанға ие болуы. Асыра айтқандық емес, шынында да тармаққа тізілген ой иірімінің де өмірі болады, қаламда қасиет болса, әрине. Сол иірімнің құдіреті болады, тумысында өсиет болса. Сонда қарапайым қара сөзден нақыш құрайтын автордың да

ақындық тұлғасы биіктей түспек. Қарапайым қара сөз емес, поэзия қуаты молынан сезілетін, өмірлік тынысы кең, құнды да өмірдің өзімен өзектес қарапайым [3; 66]. Демек, мазмұн, мағына, ой қуаты ақын жанынан асыға шығып, қарыштап жатыр.

Өлеңге ең әуелі керегі – мінез. Сол мінез ақынның ақындық тұлғасын танытады.

Құс жолына бір көшім тіреледі,

(Сүрлеуіне орнапты құм өзегі).

Балбал тастың жасынан бастау алып,

Тамырымда тулайды Ғұн өзені! [5; 3] – деп Серік Сағынтай өзінің өлеңдерімен біре баяу жылжып, бірде толқып таситын ағын болса,

Әлем іште, мен оның ішіндемін,

Сырымда күш, мен оның күшіндемін.

...Мен жаралғам

Шебердің әмірінен,

Мені сүйген ең мінсіз көңілінен – деп Ақберен Елгезек мейірімге тұнған әлемнің елшісіне айналады [2; 80].

Періште перзент едім ғарыштағы,

Рухыма Тәңір тәнді бағыштады.

Жаратқанды сағынып жылап жаттым

Жалғанменен еріксіз табысқалы – деп Жаратушыға деген махаббатымен өлеңге нәр сыйлайды [2; 16].

Туған халықтың төл әдебиетімен сусындап, тарих – әдебиет – мәдениет үштігінен түлеп шыққан жыр руханият биігіне ұмтылады. Талант пен танымын шебер ұштастырып, тарихтың тағылымын терең түсіне білген қаламгердің өзгелерден дараланып тұратыны да содан болар. Бір тармақтың ішіне біршама ой сыйғызып қойған ақындардың тіл тазалығы мәселесіне келгендегі жүйріктігі тағы бар. «Шын мәніндегі көркем шығарма өмірдің құр ғана сыртқы бейнесі емес, суретті сөз арқылы берілген ішкі мазмұны. Ол мазмұнды айқын, ашық, жинақы, жанды етіп беру үшін әр сөз дәлдігі, анықтылығы, орынды, мағыналылығы жағынан таңдалып алынуы керек. сонда ғана ол шын мәнінде әдеби тіл бола алады» деп Қ.Жұмалиев айтқандай, екі ақын да өмірдің сөзбен боялған суретін оқырманға паш еткен[7; 38].

Мысалы, Серік Сағынтайдың «Түнгі көл суреті» өлеңін алып қарайтын болсақ, жансыз дүниеге сөзбен жан бітіріп қойғандай:

Кемелер тұр сұстанып түнге өкпелі,

Қайықтарға су сіңіп дірдектеді.

Қалш-қалш етіп құм байғұс тыр жалаңаш,

Әлденеге жырқылдап жын ғана мас...» [5; 89]

«Құс қайтару» өлеңіндегі мынадай бір ерекше тіркес бар: Кеудемдегі теңіздің мұзын сындыр, Гәккулеген көктемнің ескегімен» [5; 3]. Кеудеге қатып қалған мұзды ескекпен сындыру, көктемнің гәккуімен, әнімен жібіту мағынасында қолданған бұл тіркестер өлеңге өзгеше өң беріп тұрғаны анық.

«Өлең сөздің суреттілік қуат-күші қисапсыз мол» деп текке айтылмаған ғой [8; 124].

Сары арқа, сарқар сағым далам-ай,

Толқын да толқын көзді арбар.

Көлге бас қойып дамылдағандай,

Жезкиік қырлар, жез таулар[5; 147].

Көз алдында кең атырап, сол кеңдіктің құшағында еркін созылған таулар, қыраттар, туған жердің сөзбен өрілген сұлу да сырлы бейнесі. Немесе,

Аңызға жел, шаң-күдік, сөз бораған,

Сұлулыққа мін таққан, көз қадаған.

Қайың қыздар етегін жел көтеред,

Жаны ашыған жалғыз-ақ жеңге-терек

жел өтінен қорғайды ығына алып [5; 101].

«Ауыл кеші» атты осы бір өлеңінде табиғаттың жансыз кейпін жандандырып, сол арқылы оқырман қауымға оның бәрі жанды дүние секілді, бәрі көз алдында өтіп жатқандай әсер қалдырады. Бұлай жандандырып суреттеу, Абайдан бастап, қазақтың талантты ақындарының барлығында көрінеді. Алайда, әр ақынның өзіндік сөз саптауы мен сөз қолданысына байланысты әрқалай көрініс табады. Оған мысалды Ақберен Елгезектің өлеңдерінен табуға болады.

Тылсым мезгіл күбірлеп мұң тілінде,
батырады даланы түн түбіне.
Маржан болып тұнады Ай сәулесі
күнге ғашық гүлдердің кірпігіне [2; 44].

Поэзияның сезімтал тұсы лирика болса, сол лириканы – жан сөзі дейді. Лирик ақындардың, эпик ақындардан сөздіктері де, сөйлем құрылыстары да, интонациясы да анағұрлым өзгеше. Олар халықтың сөздік қорынан, ең нәзік, оқушыларының сезіміне тікелей әсер ететін, жүрегін толқытатын, ойына азық, жанына сая болуға керекті сөздерді тереді. Өмір құбылыстарының әуелі бейнесін көзге елестетіп, сосын барып оқушының ой-сезіміне әсер ететін көркем образдарды іздеп жатпайды. Қарапайым, жай сөздердің қалауын тауып, шебер қиюластыра білушілік арқылы лирик ақындар көздеген мақсаттарына жетеді [9; 170].

Осы жан сөзін сыршыл қалпында өлеңге орнатқан ақындардың шумақтары да сыршыл келеді.

Өтер өмір, көшер бастан шіркін күн,
Сенен табар тәубе-тірек бұ қазақ.
Қарқаралы – қара орманы рухымның,
Қасиетіңе мың мәртебе мінәжат! [5; 6]

Рухтың қара орманы, қасиетті қара орман. Туған өлкенің кербез суретін келісті оралыммен беру арқылы, сезімтал әрі рухты тыныс сезіледі.

Ал Ақберен Елгезек былай жырлайды:
Мақшарланған ақшам сондай!

Сен қапысыз аңдап қал,
Жер бетіне самсай қонар періште мен аруақтар.
Жиын болар содан кейін...

Қобыз үні мәңгілік!

Тәңір жақтан құйылады ноталардың жаңбыры!.. [2; 11] немесе,
Беймезгіл...

Жасанды үміттерім...

Сөнуден жалыққан жарықтаймын.

Көкала көбелек-күдіктерім

Көңілдің көшесінде қалықтайды [2; 28]. Көңіл түкпірінде жатқан сезімнің әріптерге келіп орнауы оқырманға ой салады.

Ақынның «Сәлем, көктем!» деген мына бір өлеңінде табиғаттың жаңғыруымен бірге адамзат баласының жаңаруы, жан-дүниесінің құлпырып, түлеуі өте көркем берілген:

Сәлем, көктем,

Мен қайтадан туылдым,

Көк аспанның күмісімен жуындым.

Көк мұз жапқан шатқалында көкейдің

Ақ арманның бүрлейтінін ұғындым.

...Сәлем, көктем!

Кіл еңбекқор, кіл асқақ

Құмырсқалар жағдайымды сұрасқан.

Көңілімнің оркестрін ойнатты

Тырнарлардан нота түзген мына аспан! [2; 102]

Сөздің қанығы, ойдың анығы ақындардың философиялық ой-тұжырымдарын да ұғынықты жеткізген. Жалпы философиялық толғам әрбір ақынның шығармасында өзінше кездесіп отырады. Алдымен Серік Сағынтай өлеңдерінен үзінді келтірсек:

Бала күнді еске аламын жиі мен,
Сол кезден-ақ мұңлы кісікік ем.
Күн астында күреңітіп жүретін,
Кеудемдегі кәрі қобыз күйімен.
Көкжиекке сіңген киік – сырласым,
Одан өзге жоқ әлі ешкім мені ұққан! [5; 13]
Кеудеме ырғақ салған жүректі ертіп,
Қай жаққа апарасың, қарагер-күн?! [5; 37]

Байқап отырсақ, берілген шумақтарда ақын өмірдің астарына өзіне тән болмыспен үңілген. Ертеңге сұрау тастап, кеше мен бүгіннің сырын кеудесіне жиып қойған.

Менің нала-мұңымнан жаратылған дала – тұман...
Түкпірінде тұманның перште жүр,
пейіш нұры тамшылап қанатынан...
...соқыр тұман және Мен...

«Мен» деппін ғой...
өзімнің де тұманнан жоқ айырмам... [2; 14]

Түн қараңғы, басады сар даланы,
Кірпігінен дірілдеп шам жанады.
Рухым кезіп іздейді кеңістіктен
Беймекенде орныққан Шамбаланы.
...Шым-шытырық айнаның әлемінде
Өз-өзімді таба алмай сандаламын... [2; 15]

– деп Ақберен Елгезек өлеңнен өзін іздейді. Жер бетіндегі күллі тіршілік иесінің көкейіндегі сұрақты қағып алып, тірліктің мәніне үңіледі. Санадағы толып жатқан сан сауалдың жауабын таппаққа ұмтылады. Онысы мына бір өлең жолдарынан көрінеді:

Не сұраймын,
Не күтем,
Нені білем
Мен сияқты бейүміт пенделерден?.. [2; 16]
Өміріміз ақ жауындай өтпелі,
Тағдырымыз дәруіш пе қаңғырған?.. [2; 18]

Иә, қай ақын болмасын, өмірлік құндылықтардың, адами, рухани құндылықтардың, тағы да басқа болуы мүмкін құндылықтардың қамалына соқпай кетпейді. Солардың қорғаушысынан рұқсат алып, есігін қағып кіргенде өзіндік пікірін ұсынбай қалмайды. Талғамына қарай, әл-дәрменіне қарай әрекет етіп, сұрыпталған сөздерді ақ парақ пен қаламға табыстайды. Оқырман қалай қабылдайды, солай түрге ене береді.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе, қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері Серік Сағынтай мен Ақберен Елгезектің шығармашылығына қатысты әдеби-теориялық ой түйіндей алдық. Жоғарыда аталған ерекшеліктерге қарай отырып, екі ақынның поэзиясындағы көркемдік ізденістердің арнасы өте кең екендігін айта аламыз. Сөз өнеріне жаңа толқынның қатарында жаңа леппен келген Серік Сағынтай да, Ақберен Елгезек те – өлеңдегі зиялы, сезімтал, талғампаз ойшылдықтың, жоғары интеллектуалдықтың өкілдері.

Кілт сөздер: поэзия, өлең, лирика, көркем шығарма, ақындық таным, суреткер.

Ключевые слова: поэзия, стихотворение, лирика, художественное произведение, поэтическое познание, художник.

Key words: poetry, poem, lyrics, work of art, poetic knowledge, artist.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 528 б.
2. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. – Астана, 2014. – 328 б.
3. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасы. – Қарағанды, 1993. – 138 б.
4. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 378 б.
5. Сағынтай С. Құс қайтару: Өлеңдер. – Алматы: Айғаным, 2015. – 190б.
6. Сағынтай С. Фәни-құс: Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 2009. – 80 б.
7. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1948. – 212 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
9. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 228 б.

ТҰРЫСБЕК СӘУКЕТАЙДЫҢ «МЕН ЖЫНДЫМЫН» РОМАНЫНДАҒЫ АДАМ ЭКЗИСТЕНЦИЯСЫ

АРЫСБЕК АҚЕРКЕ МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ

6B01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: **БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ**

PhD., қауымдастырылған профессор

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада белгілі жазушы Т.Сәукетайдың шығармашылық мұрасына шолу жасалады. Қаламгердің «Мен жындымын» романының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық арналары талданып, автордың образ жасау шеберлігі, кейіпкер болмысы мен пейзажды сипаттаудағы өзіндік қолтаңбасы, адамның ішкі жандүниесі мен табиғаттағы сан түрлі құбылыстар ортақ үндестік призамасында, параллель оқиғалар кеңістігінде сипаттағаны зерделенеді. Сонымен қатар жазушының стильдік қолданысы, шығарманың фабуласын жасаудағы логикалық тұтастығы сараланады.

Кілт сөздер: кейіпкер, жынды, экзистенция, образ, ақиқат, шеберлік

Қазақ әдебиетіндегі өзіндік идеяларымен, тақырып таңдаудағы талғамымен және проза саласында жазылған шығармаларда жанрлық жағынан даралану, сюжет жағынан өзгеше қаламгерлік қолтаңбасы айқын, шығармашылық табиғаты жағынан өзіндік ерекшелігімен дараланатын қаламгер – Тұрысбек Сәукетай екені даусыз. Адам тағдырын сипаттайтын шағын және көлемді шығармаларында әртүрлі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар боямасыз реалды түрде сипатталады. Шығармаға жан бітіріп, оны өнердің биік туындысына айналдыратын күй ол – әдебиеттегі адам бейнесі. Ал әдебиеттің негізгі мақсаты – көркем образ арқылы шындықты, ақиқатты бейнелеу екені сөзсіз. Стилі мен тақырыбы бөлек «Мен жындымын» романының символдық мәні зор. Тәуелсіздік алғанға дейін өзгенің саясатына тәуелді болған елдің әдебиетінде көркем заңдар деңгейінде ашық ойлау көмескіленіп, тәуелсіздік жылдарында проза саласында жазылған шығармалар тақырыптық, жанрлық даралау тұрғысынан жаңа формацияға өткен болатын.

Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Қаламгер прозасындағы әрбір кейіпкер өзінің өткенімен тамырласып жатқан күрделі тағдыр иесі болып суреттеледі. Автор прозасындағы жаңашылдығы шығарманың тақырыбы және идеясымен астасып, авторлық ұстаныммен, табиғи сипатымен жымдаса кірігіп оқырман жүрегіне жол табады. Т.Сәукетайдың «Мен жындымын» романы – бүгінгі күннің қат-қабат мен әр қилы тағдыр иелерінің арман-үміті сыйдырылған кең көлемді өнер туындысы. Ондағы әрбір кейіпкер бейнесінің астарында көптеген адамның тағдыр иірімдері жазылған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қоғамды әжуалап, әзіл аралас мұңлы романда ащы шындықты жеткізе отырып, тосын оқиғаларымен оқырман ойында қалатын бұл шығарманың тақырыбы неліктен

«Мен жындымын» сауалға жазушының өзі: *«Біз өмір сүріп отырған орта да ділгір мәселеден кенде емес, әлеуметтік қайшылықтар, ұрлық пен зорлық-зомбылық, моральдық азғындық секілді қоғамдық мәселермен күнделікті бетпе-бет ұшырасып жататынымыз белгілі. Қолыңда қаламың болған соң айналадағы құбылыстарға алаңдамай жайбарақат қарап отыра алмайсың, шамаң келгенше үн қатуға тырысасың. «Мен жындымын» романы, міне осындай ашынудан, шымырқанып, қазіргі қайшылыққа толы қоғамымыздың моральдық-этикалық бет-бейнесін жасасам, рухани ішкі болмысын ашып бере алсам деген талпыныстан туған дүние болған»* [1], – деп жауап береді. Сондықтан да Т.Сәукетай шығарма тақырыбына ерекше мән беріп және тақырыбына сай идея таңдауы, сюжеттің күрделене өрбуі, кейіпкерлер бейнесінің, автор бейнесінің көрінуі бір-бірімен байланысқан мәтіндер арқылы шығарманың өзіндік табиғатын айқындай түседі. Тағы да бір сұхбатында Тұрысбек Сәукетай әдеби еңбегінің атауын неге бұлай атағанын айтады. *«Мен жындымын дегенім...Айтып жатады ғой, «Шындықты тек бала мен жынды айтады» деп. Бүкіл қоғамдағы құбылыстардың бәрін жындының көзімен қарап,соның сөзімен саралап,сол арқылы бердім»* [1], – дейді автор. «Жынды» ұғымы бұл кітапта тұспал түрінде алынған. Ал шындығында автордың өзі айтып кеткендей басқалар жынды санаған, бірақ ақыл-есі дұрыс адамға қоғам тұншықтырған ақиқатты айтқызу арқылы өмірдің ащы тұстарын ашып көрсетеді. XX ғасырдағы философия мен әдебиеттегі экзистенциализмнің негізгі принциптері адам болмысының мына әлемдегі панасыздығы, шарасыздығы, өмірдің абсурдтығы, әлем және жалғыздық ұғымынан өрбіп, адам проблемасы мен оның өмір сүру формасын қарастырады. Жалпы экзистенциализм XX ғасырда барлық әдебиеттерге ықпал ете бастағандықтан да қазақ әдебиеті ол ағымнан тыс қалған жоқ. Роман туралы «Түркі дүниесі» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы, драматург Смағұл Елубай: *«Мен жындымын» деген романның атауының өзі ерекше. Бірден оқырманды жалт қарататын тақырып. Кітапты оқып шыққаннан кейін ол жынды емес, керісінше, оның айналасындағы қоғамның жынды екеніне көзің жетеді. Ол Тауфиқ деген жазушы. Оның тек гана бір осалдығы бар, өзінің адал еңбегімен ақша таба алмауында»* [2], – деген пікір айтады. Міне Т.Сәукетайдың «Мен жындымын» траги-комедиялық сарында жазылған романындағы ақиқаттың ауыр жолы түрлі өмір жолындағы кедергілермен қатар алына отырып, адам экзистенциясын нақты алғанда адамның жоғалтқан дүниесін баяндау арқылы яғни өмірде адам материалды емес құндылықтарды жеңіл жоғалтып алады және оның жоқтығы, бос орыны туралы мазасы кетпейді, себебі біздің қоғам материалды құндылықтарды бірінші орынға қойған қоғам, оның ар жағындағы рухани құндылықтар жетімсіреп қалған күйде көрінетіндігін, прозадағы жаңаша поэтикалық өзгерістер арқылы бірде ең мен түсті, бірде әжуа мен мұңды қатар өрбітіп, кей тұста мистикалық сарында баяндап, оқырманды өзіне қызықтыра, еліктіре оқиға ішіне араластыра отырып шеберлікпен жеткізген. Жалпы туындыдағы әрбір әңгімеден өрбіген оқиға желілері роман жанрының барлық мүмкіндігін ашып, композициялық тұтастыққа қызмет етеді.

Романдағы бас кейіпкер Тауфиқ – болашағынан зор үміт күттірген білімді, ой-санасы биік, көңілі ашық азамат. Сол үшін де ол өмірден көп қиындық көреді. Жазушы өмірдің келеңсіз жақтарын көрсетерде, қарама-қайшы образдарды сомдаудың да көркемдік ерекшеліктерін байқатады. Қайшылықты кейіпкерді суреттегенде кейіпкер әрекеті нанымды шығу үшін, оны дайын күйінде алмай, оқырманға жамандықтан жирендіретіндей сезімді жеткізеді. «Қоғам жатсына қараған кейіпкер қайдан шықты? Ондай көзқарасқа не себеп болды, ортаның, қоғамның жеке адамға әсері қандай?» деген мәселелерді қозғап, «Адам бойында жамандық қайдан, қай кезден пайда болады?» деген сауалдарға жауап іздеткізеді.

Шығармадағы жалғанды жалпағынан басқан Мақсат Сартаичтың әрбір іс-әрекеті, дүниеге көзқарасы кейіпкердің ой-сезімімен қатар баяндалып, екі түрлі дүниетаным мен екі түрлі өмір салтының қайсысын таңдауды оқырманның өзіне қалдырғандай әсер қалдырады. Ол осындай екі түрлі өмір жолындағы адам тағдыры арқылы қоғамның ұлттық құндылықтарға деген ұстанымын, жекелеген адамдардың көзқарасын көркем шеберлікпен, ой-түйінін оқырманның өзіне қалдырады.

Шығарманың тақырыбы ғана емес, композициялық құрылымы де ерекше көрінеді. Бұл тұста автордың қазіргі заманғы әдеби үрдістерден хабары барын, ізденімпаздығын, жаңашылдығын байқауға болады. Тақырып пен авторлық ұстаным роман құрылымындағы жеке-жеке тақырыпшаларға бөлінген, шағын әңгімелерден тұрады. Қазақ прозасындағы жаңаша айшықтарды көрсете отырып, романдағы ащы шындық пен ауыр мұңды, ызаға толы күлкіні көркем бейнелеген. Әңгімелердегі кейіпкер-нарратор мен ұнамсыз кейіпкерлердің көзқарасы мен рухы өте жақын, бірақ алыс. Бұл да – Тұрысбек Сәукетайдың өзіне тән ерекше қаламгерлік қолтаңбасы деп танымыз.

Романның «Жүз доллар» атты бөлігінде адам болмысы мен қоғам құлдырауының көрінісін байқаймыз. Бұл бөлімде ақша басты құндылыққа айналған уақыттағы психологияны, ащы мысқыл, улы сатираның тілін шебер суреттейді. Бүгінгі проблеманы көтере отырып, ұлттық ерекшелігіміздің, ұлттық позициямыздың арзандап бара жатқанын ашып көрсетеді. Жазушы шығармаларының сатиралық стилі ащы мысқыл мен иронияға негізделген. Г.Бельгердің оған берген мың долларының оның өмірін қалай өзгерткенін шебер суреттейді. Қазақстандағы нарықтың жәй отбасына, бейкүнә жандарға ықпалын түсіндірген. «Адам бойындағы бағалауға лайық қасиет-ақыл емес. Қайта сол ақылды басқаратын қасиеттер: мінез, жүрек, мейірімділік, таза ой»[3], – деген орыстың әйгілі жазушысы Федор Достоевскийдің керемет сөзі бар. Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді. Міне шағын бөліміндегі әңгімеде адамдық, азаматтық және пенделік те бар. Орыс халқының да қазақ жерінде тұрып өзіміздікі піғылы шебер көрініс тапқан. «Қазақты оятам деп кіжініп, өзім де ұйықтап кетіппін» [1,87], – деген бас кейіпкердің сөзі ешкімді бей-жәй қалдырмайтын, ой салатын тіркес. Әңгімеде автор кейіпкер арқылы ақшаның басты құндылыққа айналғанын, осылай жалғаса берсе, бәріміздің сорымыз қайнайтын күн алыс емес деп ой қорытындылайды. Т.Сәукетайдың әңгімелері кез-келген жанрда жазылғанымен, өмірдегі өзекті мәселелердің көтергенімен құнды.

Қарымды қаламгер Т.Сәукетай романдағы бас кейіпкер Тауфих образ арқылы қазақ қоғамының моральдық-этикалық бет-бейнесін жасауды мақсат етіп, жасанды қалыптан аулақ болуға, жастардың табиғи өсіп-жетілуіне кедергі келтірмеуге үндейді. Тәуелсіздің кезеңімен бірге келген ұлттық мәдениетімізді, ұлттық эстетикамызды сақтай білуге, жаһандандудың пайдасын және зиянын ажырата білуге үйретеді. Қазіргі көркем прозаға тән шығарманың ықшамдылығы, оқиғаларды сығымдап, аз сөзге көп мағына сыйдыру, кейіпкер іс-әрекетін жинақтау секілді жаңаша үрдістерден туындаған заңдылықтарды автор өзінің романының жеке-жеке бөлінген әңгімелеріндегі айтар идеясын және тақырыбын заманның көкейтесті, аса қажет проблемаларын ашып көрсету арқылы шебер үйлестіре алған. Бұл да жазушының өзіндік стилімен айқындайды.

Романның «Жындылар фабрикасы» бөлімінде қозғалған мәселе - қолдан жасалатын жындылардың ақыл-естен мүлдем айырылып өздерін белгілі саясаткер немесе бір елдің президентіміз деп санап, оғаш қылық көрсететіндері. «Жындылар» арасындағы оқыған кешегі саяси алаңда оппозиция жетекшілері, газет журналдардың бетіне шығып жүрген, жазса қаламынан у тамып, сөйлесе сөздің түбін түсіріп, мүлгіген марғау көкіректі дүр сілкіп жүрген жампоздардың қор болған өмірлерін көріп жүрегі қынжылды. Егер де өзін менсінбей байлық қуып кеткен бұрынғы жары Үміттің құрбысы мейірбике болып кездеспегенде, ол да сол қолдан жасалған жындылардың қатарында әлдеқашан болушы еді. Тауфих пен мейірбике Розаның диалогы арқылы қолда бар нәрсені бағалау керектігін ұғындырады. Роза бұрынғы жары Үмітпен әлі күнге дейін сөйлесіп тұратындығын айтып, Үміттің Тауфихты ұмытпағанын, Ирандағы ең ықпалды әулеттің мұрагері, саудада белгілі орыны бар ауқатты адамға күйеуге шықса да, сол бір шөп күркедегі күндерін аңсап, өкінетіндігін айтады. Әбден көңілі қалған Тауфих: *«Пенде баласы барға қанағат, шүкіршілік етпей, жоққа ұмтылады. Жоқты іздеп, барын жоғалтады. Адасу деген сол. Әр адам өз жогын іздеп, үміт дүниесін кезген жолаушы секілді. Өткеннің бәрі - өкініш. Алданышты алдан ғана іздеймін. Бәлкім, өмірдің мәні де, қызығы да сонда шығар. Үміт қуып адасасың, адасып жүріп жол табасың»* [1,188], – дейді.

Жазушы кең көлемді эпикалық жанрда жазылған бұл романда бүгінгі заман көрінісін Тауфиқ образы арқылы ашып, қоғамдағы келеңсіз жайттарды, іс-әрекеттерді ашып бергендігін көреміз. Әділетсіз қоғамның шеңберіне сыймаған шын таланттың шырғалаң тағдыры арқылы рухани-әлеуметтік болмысымыздың қалтарыс-қатпарына ой сәулесін түсіріп, оқырман көкірегіндегі сан-алуан сауалға түрткі салады. Романды оқу барысында оқырман кейіпкерлер арқылы көрсетілген өмірдің әділетсіздігіне ашынып, бірге мұңаяды, бірге қынжылады. Ақиқатында баяндалған оқиғалар оқырманның қазіргі таңда көз алдында болып жатқан өмірдің реалды суреттері. Әжуа, күлкі, мысқыл астарына салмақ артқызып, өмірде болып жатқан көптеген мәселелерге жауап іздеткізеді.

Автор кейіпкер мен қоғам қайшылығын енді ғана байыз тапқан көңілін су сепкендей басып, алданып отырған ісінен айырып, тұқырта суреттеп тереңдетеді. Романдағы «Геля» атты бөлімінде түрік бизнесмен сыйлаған Геля атты күшікпен арасындағы оқиға айтылады. Көркем шығармаға тән мифотворчестволық үрдіс кездеседі, яғни, жан-жануарлар мен хайуанаттар өмірі арқылы ойын тұспалдап білдіру. Адамдардан көре алмаған шынайы достықты иттен көрген Тауфиқ жан серігі болған итімен күндіз де, түнде де бірге. Автордың бұл әңгімесі кейіпкердің ішкі монологынан тұрады. Өз ойымен өзі арпалысып, күшігімен үнсіз ғана тілдесіп, өз өмірінің сол күшіктен де төмен екендігін, бақытсыз екендігіне налиды. Еркіндікте емін-еркін «*Ертең не жеймін?*» деп уайымдамайтын итіне ойсыз-қамсыз болған қандай рахат деп налитын. «*Сен де менен гәрі бақыттысың-ау, сары күшігім! Менде не өмір бар, ең болмаса сен сияқты өстіп рахаттанып ұйықтай алам ба? Сен еркіңмен жүре аласың, ыза болсаң ырылдайсың, ішіңдегі құсаңды ақтарып үресің. Ал мен ше? Менде сендегі еркіндіктің бірі де жоқ. Аяқ-қолым, тілім... бәрі буулы. Олар маған ештеңе ойлама, көрме, сөйлеме... дейді. Құдай маған көретін көз, ойлайтын ми, сезетін жүрек, сөйлейтін тіл берсе, неге мен жақсыны-жақсы, жаманды жаман деп айтпауым керек? Маған ештеңеге селт етпейтін сезімсіз, меңіреу, аты-заты беймәлім мақұлық хайуан бол дейді. Ең болмаса, сен сияқты ит болайыншы, кішкентай күшігім. Ішімдегі кернеген өксік пен запыран-зарды ұлып, үріп болса да шығарайын!..» [1,204], – деп мұңын шағады. Дағдарысқа түскен адамның жан күйзелісін, жан айқайын байқатады. Романдағы бас кейіпкер Тауфиқтың өмірінде соңғы сәтіне дейін қасында болған төбет Геляның адалдығы иесінің артынан өлім құшуынан көрінеді. Адам баласының ит екеш ит секілді бола алмауына наразылық, наздық танытып тұрғандай еді. Өмірге адам болып келген соң итше өлім құшуы, оның артында жазған қолжазбаларын көшіруші Тәукебайдан басқа ешкім болмаған қиын да ащы тағдыры ешкімді бей-жәй қалдырмайтыны анық.*

Траги-комедиялық сарында жазылған бұл роман өзінің көркемдік тосын сипатымен ерекшеленеді. Шындық пен қиял, өң мен түс, әжуа мен мұң, мистика... мидай араласып, оқушыны сан қилы шарпысқан сезімге бөлейді. Күлесіз, күрсінесіз, өмір басқаша бір өң-бояумен құбылып көз алдыңыздан өтіп жатқандай күй кешесіз.

Бас кейіпкер Тауфиқ – болашағынан зор үміт күттірген білімді азамат, білікті маман. Азаттықтың алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі кезеңде жұмыссыз қалып, сергелдеңге түседі, қилы уақиғаларды бастан өткереді...

Әділетсіз қоғамның шеңберіне сыймаған шын таланттың шырғалаң тағдыры арқылы жазушы рухани-әлеуметтік болмысымыздың қалтарыс-қатпарына ой сәулесін түсіріп, оқушы көкірегіндегі сан-алуан сауалға түрткі салады.

Сайып келгенде, Тұрысбек Сәукетайдың шығармашылығында қазіргі заманның проблематикасы көптеген сипатта көркем суреттелген. Роман құрылымындағы қазіргі өзекті мәселелер және адам экзистенциясының сан қырлы сипатын сөз ете отырып, жүйелі зерттеу, ой тұжырымдар жасау керектігін танытады. Аталмыш романның құндылығы-жазушының қазіргі болып жатқан проблемаларды барынша бедерлеп, авторлық тұғырнамасын көрсетуі, шындықты, адамдықты шығарманың лейтмотиві етіп алуы. Әрбір қаламгердің қоғамына қарай шығарма жазып оған тән тақырып таңдай білуі де талантының бір қыры. Өз арнасын таппаған жазушы көкейтесті мәселелерді көтеруі мүмкін емес. Тұрысбек Сәукетаев «Мен жындымын» романындағы қазақ қоғамының әлеуметтік халі, рухани болмысы

психологиялық кең ауқымда көркемдік қуатпен барынша шынайы суреттелген. Әр бөлімде өмір құбылыстарының түрлі аспектілерін кең қамтып, өзеннің тарам-тарам саласындай бір арнада тоғысып отырады. Тауфихтың қым-қиғаш тағдыры арқылы автор өмірдің небір шытырман қалтарыстарына терең барлау жасап, бүгінгі қайшылыққа толы болмысымыздың шынайы бейнесін аша түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәукетай Т. Мен жындымын//Алтын қалам, 2019. – 245 б.
2. <https://kznews.kz/bilim/jekzistencializm-filosofijasy-zhane-adebiet/>
3. <https://youtu.be/JWSDhxXN-J0?si=69XJdIQgXYabWoKz>
4. <https://youtu.be/E9bvnhpLYtl?si=W98K4WJT9MTfuDKe>
5. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм. – Алматы, 2017. – 221 б.

МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

ЕШЖАНОВА АЛТЫНАЙ ҚОСЖАНҚЫЗЫ

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Халқының басына іс түскен қиын-қыстау кезеңінде ел жанашыры болып, өзінің ұлтжандылығымен ерекше көзге түскен, жанқияр ерліктер жасай білген қайсар мінез тұлғалар қазақ даласында аз болған жоқ. Заманның ағымына қарамастан асау толқынға төтеп беріп, бодандықтың шырмауына түскен елдің тағдырына алаңдап, әділдік пен шындықты ту еткен бабаларымыз қаншама. Қазақ зиялы қауымын шоғырландырып, ұлтымыздың қам-қарекетін бірге ойлаған, Алаш ұйымын құрып, сол партия мұраттары мен идеясынан қуаттанған азаматтар ерлігі бүгінде қалай ұмытылмақ? Олардың сондай батыл әрекеттерін, жасампаз ерліктерін, жазған еңбектері мен жасаған игі істерін ұмытпай, жас ұрпаққа насихаттай жүру - біздің басты парызымыз. Сондай тұлғалардың бірі - Алаш қозғалысының төл перзенті - Мұстафа Шоқай. Ол тек қазақ, өзбек, татар, башқұрт елдерінің ғана емес, біршама түркі тектес халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жалғыз күрескен біртуар тұлға.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін тәрбие берер, тұлғалар мен оқиғалар, туған жер, отан алдындағы адал қызметтерінен үлгі алар азаматтар аз болмаған. Сондай айтулы оқиғаларға: қазақтың ұлт ретінде бірігуі, үш жүздің ымыраға келуі және ата-қоныстың қалыптасуы, ұлттық мемлекеттігіміздің негізі – Қазақ хандығының құрылуы, Алаш арыстарының бастамасы т.б. жатады.

Белгілі тарихшы, ғалым М.Қойгелдиев: «Бізге бүгін мемлекетшілдік, отаншылдық, халықшылдық ұстанымындағы билік қажет. Өйткені халқымыз кеңестік кезеңдегі жетекшілік психологиядан арыла алмай келеді», [1] - деп пікір білдіруі қазақтың қазіргі жағдайына жанашырлықпен қарап, оның жаңа сапаға өтуіне көмектесе алатын, кәсіби деңгейі жоғары басқару жүйесінің қажеттігін айқындаса керек.

Бір кездері ел басшыларының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы, бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс!» [2], — деп қадап айтуы «Қазақ елі ең соңынан тәуелсіздік алды және алмауға мүмкіндігі болмады, олар орыстардың қоластында жүре беруді қалады» деген ел ішіне іріткі салғысы келгендердің алып-қашпа әңгімелеріне берген жауабы еді. Сондықтан да тәуелсіздігіміздің баянды болуы, сол жолда төккен қан мен еткен еңбектің еш кетпеуі үшін жас ұрпақ бойына патриоттық қасиет сіңіре алуымыз керек. Ол үшін тарихтағы біртуар азаматтар еңбегін дер кезінде насихаттап, мұраларын дәріптей алуымыз қажет.

Белгілі философ Әбдрашит Бәкірұлының: «...халықты тұтас біріктіретін, мемлекет аясында цементтей қатыратын қандай қасиет? Ол – «мемлекетшілдік»! Онда да, ол – декларация түріндегі ұрандататын «мемлекетшілдік» емес, шын мәнісіндегі – халқы мен билігінің әрекеті бір арнаға тоғысқан, болашақ тарихының бастауы бола алатын деңгейдегі мемлекетшілдік» [3], - деген пікірі тарихымызда бар, әлі күнге дейін мұралары өз құнын жоймаған Мұстафа Шоқай шығармаларындағы тәуелсіздік, өз еліне деген сүйіспеншілік, мемлекетшілдік идеясынан үлгі алуымыз керектігін көрсетеді. Мемлекетшілдік идеясының негізінде – елдің тәуелсіз мемлекет ретінде, ұлт ретінде дамуын қарастыру идеясын айтуға болады.

М.Шоқайдың бір ғана «Қазақ» газетінде жарық көрген жарияланымдарынан ғасырлар бойы егемендікті аңсаған өзінің саналы ғұмырын ел тәуелсіздігі, азаттығы, сонымен бірге бүкіл түркі халықтарының тұтастығына арнаған күрескер екендігін көреміз. М.Шоқайдың ұлттық қайраткер ретінде қалыптасуына 1916 жылғы Түркістан мен Қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыс ықпал етті.

1916 жылы «...Мен «өз еркімен» қол қойған ашық қағаздарды көрдім. Онда жүздеген бас түйе, жүздеген жылқы, мыңдаған қой, текемет, киіз, жүздеген пұт май, он мыңдаған ақша жазылыпты. Бұл бір уезден ғана алынды», «1916 жылғы көтеріліс әбден ашынған елдің айбыны еді. Патша өкіметінің жазалау экспедициялары қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, ұйғырларды жасына да, жынысына да қарамастан қырып-жоюмен шектелмей, олар мекендеген бүкіл ауылдар, қыстақтар мен қалалары қиратылады. Үкімет әскерінің қолдауына сүйенген қарулы орыс мұжықтары бейбіт ауылдарды қанға тұншықтырады...» [4,66-67 бб.] деген жолдардан М.Шоқайдың да осындай жауыздықтарды өз көзімен көргенін білеміз. Ол өзінің «Түркістанда» деген еңбегінде бұл туралы кеңінен баяндаған.

Тәуелсіздік жолындағы Алаш қозғалысының бастапқы баспасөз органы «Қазақ» газетін коммунистер жауып тастағаннан соң, екінші органы М.Шоқайдың басшылығымен жарық көрген «Яш (Жас) Түркістан» болды. Бұл басылымның алдына қойған міндетін М.Шоқай «Біздің жол» деген мақаласында: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік. Бұл жаңа бастаған ісімізге тікелей көрсетілетін көмек жоқ дерлік. Алайда біз отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылысынан, жерлестеріміздің рухани көмектерінен нәр аламыз. Сондықтан да біз барлық ауыртпалықтарға қарамастан осы басылымды шығаруға бел байладық. Көлемі жағынан шағын болғанымен, «Жас Түркістан» өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр» [5, 326], -деп көрсетеді.

М.Шоқайдың тәуелсіздік жолындағы күрескерлік бейнесін саяси ғылымдар докторы Ә.Бәкір: «Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы сол кездегі патшалық Ресейдің отарлық саясатынан туындады. Ойы сергек, ары таза жанның санасында ең алғаш өзі өсіп-өнген саяси-әлеуметтік ортада болған жайлар терең із қалдырды» [6],- дейді. Яғни Мұстафа Шоқай орыстардан көрген құқайға шыдаудың мүмкін еместігін сезгендіктен қаламымен күрескендігін зерттеушілер еңбегінен көреміз. Оның арманы – қазақ елінің тәуелсіздігі, азаттығы. Жеке мемлекет ретінде билік құрып, өз халқының амандығын қамтамасыз ету.

М.Шоқай мақалаларынан елге деген жанашырлықты, туған өлке тарихына деген құрметті, салт-дәстүр мен ұлттық ерекшелікті сақтауға деген ұмтылысты, отансүйгіштікті, туған жердің тағдырына деген алаңдаушылықты көреміз. Сонымен бірге өзі өмір сүрген тұстағы саяси оқиғалардың шынайы шындығын білеміз, біліп қана қоймай оны талдай алуды, баға беруді үйренеміз. 1917 жылы 26 қарашада өткен Қоқандағы IV Жалпы Мұсылман съезіндегі сөйлеген сөзі (Ташкентте жарық көрген «Туркестанский вестник» басылымында жарияланған) соның дәлелі.

Дін мұсылман баласы
Бірге мінсе кемеге,
Үш алаштың баласы

Тізгін берсе Кенеге,
Қайратқосса жебеге –
Тау басына шығарға
Жол салмасқа немене?! [7,2486] –

деген дастандағы жолдар М.Шоқай мен Әлихан Бөкейханұлының бірлесіп жазған «Жұмысшылар жайынан (Петроград 29 октябрь)» атты «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласымен үндесіп жатыр. Алаш арыстары алауыздықтың кесірінен, ауызбіршіліктің жоқтығынан 25 июньдегі шыққан жарлық бойынша соғысқа қара жұмысқа алыну барысында бір үйдің жалғыз перзенті де, 15 жасар жасөспірімдер де тізімге ілініп кетіп жатқандығын, елдегі байлар туралықтан тайып малының арқасында өздері де, отбасы, тіпті рулас ағайындарын да алып қалып жатқандығын сынады.

М.Шоқайдың жазбаларынан Алаш арыстары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Нәзір Төрекұлов, Жүсіпбек Аймауытовтар бастаған бастамаларға қолдау көрсетуді сұрағанын көреміз. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көпшен терезе теңестіруін көздегендігін, ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат ететіндіктерін, сол жолда күресіп жүргендігін айтады.

«Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М.Шоқай» [8] деп бағаланған ұлы қайраткерге Мағжан Жұмабаев 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабындағы «Түркістан» атты әйгілі шығармасында:

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жаһанда жабығудың жөні қалай, –деген жолдар арнайды.

Мұстафа Шоқайдың публицистік қызметі уақыт қойып отырған проблеманы сезіп, біліп, оны дәл кезінде көтере білудің шебер үлгісін көрсетеді. Оның аса маңызды мәселелерді баспасөз бетінде көтеруі, ол мәселелердің төңірегінде қоғамдық пікір туғызып, оған қалың бұқараның назарын аудара алғандығын жарияланымдарынан білеміз.

Әрбір жас осындай туындылар тәуелсіздікті қолдаудың, қорғаудың, нығайтудың қуатты құралы екенін сезініп өссе, қалыптасса, елдігіміздің де еңселене түсетіндігі талассыз.

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабын арқалаған Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүдесі кешегі кеңес үкіметі кезінде еш жарияланбай құпия түрде сақталды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары теріс пиғылда көрсетті. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін жазықсыз ату жазасына кесілді. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға шыққан ҰҚК қызметкері Ж.Шәкімбаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Мұстафаның бар кінәсі - өз ұлтына деген сүйіспеншілігі еді. Айыбы - атамекенге, ана сүтіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары «жан алып, жан беріскен» ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М.Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көкте, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде. Оның эмиграцияда жүріп, түрлі елдердің саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен жазысқан маңызды тақырыптағы хаттары күллі түркі еліне баға жетпес асыл мұра, рухани

азық. Тектілігі мен ой тереңдігі өз алдына, алмас қылыштай өткір тілді шешен, мәмілегер Мұстафа Шоқай мұрасы – халқымыздың аса бір құнды дүниесі.

Біз тарихи өткен жолымыз бар, дәстүр сабақтастығы бар, салты мен ғұрпын көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан елміз, сондықтан да тәуелсіздігімізді баянды етпеуге хақымыз да жоқ. Жер мен ел тәуелсіздігі, ата-қоныс амандығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған осындай тұлғалары бар біз бақытты халықтың ұрпағымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Интернет-конференция. – 2011ж, 28 қыркүйек <https://abai.kz/post/10690>.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздікке 25 жыл //Егемен Қазақстан. 2016 жыл, желтоқсан.
3. Бәкірұлы Ә. Тарихты кім жазады және қалай, не үшін жазады? // «Ақиқат» -ұлттық саяси, қоғамдық журнал. – 2018.05.08.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – Бірінші том. – А., 2012 ж, 66-67 бб.
5. Шоқай М. Біздің жол. Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998 ж. — 32 б.
6. Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). – А., 1993 – 119 б.
7. Бәкір Ә. Мұстафа Шоқай және тәуелсіздік. [http //egemen.kz](http://egemen.kz) – 2015, 30.10.
8. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972 ж.

БАҚҚОЖА МҰҚАЙ – ПРОЗА ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ

ЖАМАЛ АЙЖАН БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

6B01707 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: **БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ,**

PhD., қауымдастырылған профессор

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

Андатпа: Мақалада қаламгер Баққожа Мұқайдың проза жанрына қосқан үлесі жайлы баяндалады. Оның әңгімелері мен романдарына жан-жақты талдау жасалып сараланады. Қаламгердің өзіне тән ерекшелігі, дара стилі, образ жасаудағы өзіндік қолтаңбасы айқындалады. Автордың шығармаларындағы қайталанбас өзіне тән ішкі ойлары мен сөздерінен шеберлігі зерделенеді.

Кілт сөздер: проза, шеберлік, шындық, тарих, әдеби кейіпкер.

Аннотация: В статье рассматривается вклад писателя Бакожи Мукая в жанр прозы. Также проводится всесторонний анализ его рассказов и романов. Определены характерные черты художника, индивидуальный стиль, оригинальный почерк в создании образов. Мастерство автора прослеживается на основе ценный мыслей и убеждений в рамках его произведений.

Ключевые слова: проза, искусство, правда, история, литературный персонаж.

Annotation: The article examines the contribution of the writer Bakkozhi Mukai to the genre of prose. A comprehensive analysis of his short stories and novels is also being conducted. The characteristic features of the artist, individual style, original handwriting in the creation of images are determined. The author's skill istraced on the basis of valuable thoughts and beliefs within his works.

Keywords: prose, art, truth, history, literary character.

Қаламгер Баққожа Мұқайдың әр шығармасы – өз алдына бір әлем. Оқырмандар жүрегінің түкпірінен берік орын алған ол алғашқы әңгімелерінің өзінен-ақ жансарайының байлығын көркем тіл, нанымды штрихтармен жеткізе білді. Ішкі сезімі ойнап, жарқ-жүрқ етіп, мың толғанып тұрмаса кейіпкер емес деп түсінеді ол. Сондықтан өзіне тән суреттеу, баяндау мәнерлерін таба білді. Сәт сайын дерлік өзгеріп тұратын уақыт құбылнамасын деп

басуға, одан қалмауға ұмтылды. Идея, тіл мен композицияның жарасымды бірлестігіне, айтар ойын тың образға құндақтап суреттеуге, психологиялық талдауға, жағдай мен ортаны типтендіруге, сөз бояуын қанықтырып, өрнекті ой түйіндеп отыруға, теңеу мен метафораларды сәтті қолдануға мән берді. Бұл оның шағын әңгімелері мен хикаяларының шырайын кіргізе түсті, қаламгерлік шеберлігінің өрісін кеңейтті. «Теңіздің дәмі тамшысынан-ақ белгілі», – дегендей, қалам қарымы «Жаңбыр жауып тұр» атты алғашқы әңгімелер жинағынан-ақ танылып, әдебиет сүйер қауымды елең еткізді.

Жазушы қаламынан әңгімелер, повестер, роман туды. Прозада шоғыр-шоғыр әңгімелер жазып, іле повестерден соң повестер берген жазушының әрбір туындысы - өмірдің өзінен ойып алынған тағдырлар тоғысынан тұрады. Махаббат, адамгершілік, әділетсіздік, өмірдің қилы сындары, қайғы мен мұң... Бәрі-бәрі жазушының көзі мен көңілінен суырылып шығып бар бояуымен алдымызға жайылғанда жанды толқытады, қанды шымырлатады. Өйткені, қаламгер прозасы өмірдің шындығын ашады, өмірдің қатыгездігі мен әділетсіздігін, сонымен қоса тәттілігі мен тұщылығын тұнық қалпында кестелейді. «Жаңбыр жауып тұр» әңгімелер жинағы, «Өмір арнасы» повестер кітабы жазушының ілгерідегі туындылары болса, бері келе шыққан «Аққу сазы» повестер жинағы қалыптасқан қолтаңба, суарылып шындалған стилімен ерекшеленеді. Өмірдегі құбылыстардың бәрін қағыс жібермей, жүрегінің нәзік талшықтары арқылы өткеріп отыратын жазушы-драматургтың прозасы мен драммаларында қуаныш та, күйзеліс те ортақ арнаға тоғысуы Баққожаның қаламгерлік қасиетін де сипаттайды.

Өзіне сенген, өзінің айтайын деген ойына нық, қаламы қорғалақтамай батыл жорғалайтын бабы келіскен таланттың қашанда өзіндік соқпағымен тарта береріне оның шығармалары толық айғақ бола алады. Қаламгердің тақырып таңдауы, идея түйюі, образ сомдауы, сюжет дамытып, композиция түзуі, лайықты тіл кестесін табуы – бәрі де шеберліктің көрінісі. Шеберлік – нәзік талғам мен күшті таланттың, толассыз еңбектің нәтижесі. Шын шебер үшін басты қиындық тіл құдіретінде. Тіл құдіретін өз құдіретіне айналдыра алғанда ғана жазушы шығармасының пішіні мен мазмұны тас бұлақтың суындай сылдыраған келісті көркемдік шеберлік биігіне жол таппақ. Көркемдік шеберлік пішін мен мазмұнның жай ғана жарасымы емес. Шынайы көркемдік пішін мен мазмұн жарастығына мән беріп, қасиет дарытатын өмірлік тұрғыға, шығармашылық ұстанымға негізделеді. Автордың өмірлік тұрғысы, өмір шындықтарына эстетикалық қатынасы, шығармашылық ұстанымы халық қастерлеген ұлттық рухани құндылықтардың құнарлы өзегінен өніп, өскенде ғана пішін мен мазмұнның жарастығына қол жеткізуге болады.

Баққожа Мұқай шығармаларының көркемдігі, жазушының көркемдік шеберлігі автордың ұлттық рухани құндылықтар қасиетін қастерлеген белсенді өмірлік тұрғысы мен берік шығармашылық ұстанымында. Белсенді өмірлік бағдары мен берік шығармашылық ұстанымы бар қаламгер ғана сөз өнерінде өз стилін қалыптастырып, шығармашылық дара тұлға деңгейіне көтерілмек. Бұл оңай нәрсе емес.

Жазушы шығармалары қанды қыздырып, миды солқылдатқан ерен еңбектен, жан мен жүректі тұңғыық тереңіне дейін тебіrentкен нағыз поэтикалық құлшыныстан туған. «Қара тас» әңгімесі, «Түнемел», «Бір топ арша», «Аппақ шымылдык», «Аққұс», «Тірлікте сыйласпаған ағайын» хикаялары, «Қош бол, менің ертегім» драмасы, «Заманақыр» трагедиясы, «Өмірзая» романы сынды адамгершілік рухы биік, философиялық мәні терең, сырлы да нұрлы шығармалар жазушының осындай шынайы поэтикалық құлшынысының алып қуатын аңғартып, асыл мұратын танытады. Адамгершілік, ізгілік, шындық, әділеттілік туралы ұлттық ұстанымдар мен идеялар жазушы шығармаларының эстетикалық, образдық жүйесіне, көркемдік тұтастығына берік негіз болған әлеуметтік іргелі факторлар қызметін атқарады. Содан да болар, жазушы ұсынған ой мен идея өзегінен адам жанының жарығы мен жылуы, адамның ар алдындағы адалдығы мен азаматтығы оның өзінің де, айналасының да бағы мен бақытын ашатын құдіретті хәм жасампаз күш деген ұғым өріліп шығады.

Автордың «Жаңбыр жауып тұр» атты шағын әңгімесінің кейіпкері Қанат ауылда өскен бозбала. Алғаш рет ат басын тіреген қала өмірінен бейхабар. Жаңбырлатып,

түнделетіп алып-ұшып жеткенде мандайы тасқа тигендей күй кешеді. «Мен Қанатпын ғой», – дегенін жеңгесі елең де қылмай, арғы жақтан ағасының күңкілі естіледі. Тұрып-тұрып үйге ене алмасын білген Қанат дүниеден түңілгендей күйге түседі. Адамдардың тасбауыр болып бара жатқанына, ағасының дәрменсіздігіне налиды. Алматы туралы әдемі қиялы, өрекіген көңілі су сепкендей басылады. Екі иығы салбырап, көкірегін ащы өксік қыстап бара жатқан, жаңбырға сүметіліп, әбден тоңған Қанаттың кейіпін көзге елестеткенде аяныш сезімі оянады. Көңілге сыйластықтың, бауырмалдықтың қадіріне жетіп жүрміз бе, адамдар неге тасбауыр болып кетті деген ой оралмай қоймайды.

Б.Мұқайдың «Қара тас» әңгімесі де сезімді селт еткізетін туынды. Ауруы мендеп, тілі күрмеліп, көз жұмуға таяу жатқан қарияға қан майданда опасыздық жасап, қайырылмай кеткен досы кешірім сұрауға келеді. Арада соншама жылдар өткен. Қара тас болып қатып қалған көңіл жібір емес. Өлім мен өмірдің арасында жатқан сәтте оның жүзін көргеніне өкінеді. Ұмыт болған ескі жараның ауызы ашылғандай күйге түседі. Оның «Кешір мені» деген сөзіне ләм-мим деп жауап қатпастан көз жұмады. Кейін сол досы майдандас серігінің қазасын атқарып, басына қара тас қояды. Ол өзінің ары алдында ақталуға тырысып, жандалбасалайды. Жазушы осы оқиға арқылы сатқындықтың өмір бойы кешірілмейтінін меңзейді. Қарияның басындағы қара тас мәңгілік айықпас нала мен назаның белгісіндей әсер қалдырады.

Осы екі әңгіменің өзінен-ақ жазушының жан дүниесінің кіршіксіздігін, рухани әлемінің тазалығын, адамгершілік пен әлеуметтік мұратының нұрлы, азаматтық ұстанымының айқындығы көрінеді. Қаламгер жасаған әрбір ірі тұлғаның адамгершілік, кісілік келбеті, ісі мен әрекеті, жан шындығы буырқанған ой мен балқыған сезім нұрынан қуат алады. Көңілдің көкжиегін кеңейтіп, тереңін толқытатын, арды оятып, ақылды оздыратын, абыройды сақтап, береке беретін құдірет осы қуатта. Жазушының шығармашылық әлемінің ажары мен көркі, маңызы мен мәні де сонда. Жазушының ар-ожданды сақтау мен қорғауға шақырған буырқыған ой, балқыған сезім нұрының осы бір жасампаз қуаты – оның суреткерлік талантының керемет келісті ерекшелігі. Осы ерекшелік автордың «Жалғыз жаяу», «Өмірзая» романдары мен еліміздің драма театрларының бәрінде дерлік дүркін-дүркін қойылған драмалық шығармаларының да құрылым-жүйесін жандандырып, жарқыратып тұр.

«Жалғыз жаяу» ХХ ғасырдың басында кеңес өкіметінің қалыптасу кезеңіндегі жүрсе шаңы шықпаған, сөйлесе үні шықпаған жеке адамның трагедиялық тағдыры туралы болса, «Өмірзая» ХХ ғасырдың ақырына қарай кеңес өкіметінің тоқырау кезеңіндегі саяси-әлеуметтік, тарихи маңызы зор аса ірі оқиға желісіне құрылған. Шығарманың қазақ елінің тәуелсіздігі туралы басты идеясы қоғам мен адам арасындағы алшақтық, тоқыраған қоғамдағы жеке тұлға тағдырының трагедиялық шындығы арқылы ашылады.

«Өмірзаяның» бас кейіпкері – Аяған, Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде оқытушы, ғылым кандидаты, тарихшы. Айналасы, ортасы: студенттер, профессор-оқытушылар, факультет, институт басшылары. Ұстазы – қарт профессор, ұлттық тәуелсіздік идеясының іздеушісі, зерттеушісі, коммунистік идеология талаптары мен азаматтық ұстанымдары өзара қайшы болғаны себепті қуғын-сүргін көрген, жапа шеккен. Қырағылық танытқысы келіп, кеңестік өкіметке адалдығын, коммунистік идеологияға шексіз берілгендігін жалпақ дүниеге жар салып жариялауды мақсат еткен пенделердің ішінде жатып, айналасынан жау іздеген, көзі аларып, өз бойына өзі сыймай шіреніп, тісін қайраған шойынқұлақ пиғыл қарт профессорды жайына қалдырып, енді оның шәкірттеріне ауыз сала бастаған. Оның тісі алдымен Аяғанға тиді. Жас ғалымның үстінен «пиғылы жат», «ойы бөтен», «ұлтшыл», «сенімсіз» секілді бәлелі-жалалы сөздер қарша борады. Бұл жұмыстан қуылды. Ісі тергеуге түсті. «Коммунистік партияға қарсы», «Кеңес үкіметіне жан-тәнімен қарсы», «астыртын ұйым құрған», «Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушы» деген айыптар тағылды. Аяған енді өзінің ақтығын, адалдығын, жазықсыздығын дәлелдей алмай, көкірегінде шыр-пыры шығып шырылдаған шындығына басқаларды иландыра алмай, мысы құриды. Шындық іздеп жүріп, түрмеге түсті. Түрмеден шығып келіп еді, әлгілер оны жындыханаға

салды. Одан аман-сау шыққан соң тыным бермеді. Қайтадан түрмеге тықты. Қарт ата-анасы, әйелі осының қайғысынан өлді. Балалары жетім қалды. Өмірі зая кетті. Мына дүниенің әділетсіздігінен, азап-мехнатынан жан беріп қана құтылды.

Жазушының өз заманының көз алдындағы тарихи маңызы зор, аса іргелі шындығын жазуы, қара сөзден өз заманының кайтпас қайсар ұланының, қаһарманының көркем мүсінін сомдауы – әдебиет тарихында өте сирек кездесетін ерекше құбылыс. Баққожа Мұқай «Өмірзая» романында өз заманының саяси-әлеуметтік, тарихи маңызы зор, мәні үлкен аса іргелі, өзекті шындығын суреттеді, заман қаһарманының образын жасады. Шығармашылық еңбек жолында мұндай нәтижеге жеткен жазушы да тарихта өте сирек. XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік қоғамның тоқырау дәуірінде ұлттық идея, ұлттық тәуелсіздік идеясы жолында еңбек етіп, бейнет көрген, қанша тар қапаста, тайғақ кешуде, азап үйлерінде өмірлік ұстанымынан таймаған, алған бетінен қайтпаған, елдің тәуелсіздігі үшін өмірін қиған, жанын пидә еткен замандас образын жасау – жазушының шығармашылық бақытқа пара-пар жетістігі. Талант табиғатына қарай жазушылардың шығармашылық еңбегінің үдерісі түрліше.

Шығармашылық тақырып пен идеяның тууы, ой өзегінің ашылуы бірде ұзаққа созылса, бірде қаламгер көкірегінде күтпеген құбылыстардың өзара тоғысуы, шарпысуы шеңберінде бұлттан шыққан күндей жарқ ете қалады да, көркемдік қиялды қияға шарықтатады. Оны тиісті өмір шындықтары негізінде көркемдік жүйеге түсіру де әркімде әр түрлі қалыпта жүзеге асады: бір қаламгерде баяу, бір қалыпты. Екінші біреу тез: буырқанып, бұрсанып келген ой мен оқиға ағының өзі де сұңқардай самғап, бір демде суретке айналдыра қояды. Дегенмен де өмір шындығынан өнер емес. Өмір шындықтарын талғаудың өзінде де қилы қиындықтар бар. Кейде қаламгер таңдап, талғап алған шындық құбылыстардың оның еркіне бағынбай, тағыдай тартысып, қарсылық жасайтыны болады. Оны көндіру, бағындыру, игеру жазушыдан үлкен ерік-жігерді, батырлық пен батылдықты, ұшқыр қиялды талап етеді. Суреткерлік күшті ерік-жігер мен ұшқыр қиялсыз бірде-бір шынайы көркем шығарма дүниеге келмеген. Сондықтан да хас суреткердің қаламы ешқашан желе-жортпайды: әр сөздің жарығы мен көлеңкесін, асылы мен жасығын даралайды. Шын шебердің өзі асығып-аптықпайды: шығармашылық көгінің шырқау биігіне шығып, өз әлемін қыранша қалықтап, барлайды.

Баққожа Мұқай шығармашылығының әлемі шынайы да шырайлы әлем. Қаламгердің қуатты ойынан бас құрап, тас бұлақтың суындай мөлдіреген осы әлемді рухани тазару, арылу әлемі десе болар еді. Өйткені ондағы ой мен сезім, мұрат пен мүдде қайталанбас мәнімен, қыр қызғалдағындай құлпырған нәзік те мөлдір лебімен тебіренеді. Сонымен қатар ол тайталас тартысқа, түйіні шиеленген қарсылықтар мен қайшылықтарға толы, жолы тар, кешуі тайғақ бел-белестерімен де ерекшеленеді. Одан әрі жазушының адамгершілік, философиялық және эстетикалық байтақ кеңістігі басталады. Қаламгер шығармашылығының алтын арқауы адамның адамгершілік қадір-қасиеті, ар алдындағы адалдығы мен тазалығы, өтірік-өсек пен қулық-сұмдыққа, мансапқорлық пен дүниеқорлыққа, қызғаншақтық пен көре алмаушылыққа қарсы күресі. Ол – адамгершілік биіктіктің, азаматтық тереңдіктің жазушысы, адамның ар-ожданы мен абыройының жыршысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баққожа. Естеліктер. – Астана: Фолиант, 2008. – 216 б.
2. Есенжол А. Аспантаудың асыл ұлы// Астана. – 2018. – Зақпан. -9 б.
3. Бектас Г.«Жалғыз жаяу» жазушы// «Айқын» газеті <https://aikyn.kz/243004/zhalgyz-zhayau-zhazushy>
4. Мұқай Б.Өмірзая романы https://adebiportal.kz/kz/books/view/omirzaia_3082

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР БЕЙНЕСІНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН КӨРКЕМ БЕЙНЕ

ИГИЗБАЕВА ЛЯЗЗАТ ЖЕНИСОВНА

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мекептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазақ әдебиетіндегі проза жанры фольклордан, аңыз әңгімелерден, тарихи аңыздардан бастау алады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ прозасы қалыптасып, бүгінгі күнге дейін дамып келеді. Қазақ прозасының қалыптасу, даму жолдарын әлемдік әдебиеттің тарихымен бірге қарастыру бізге дейінгі ғылыми еңбектерде қарастырылған. Әлемдік әдебиеттің тарихы мен әдіснамасына байланысты бірқатар шетелдік ғалымдар В.И.Жирмунский, Д.С.Лихачев, М.М.Бахтин, И.С.Брагинский, Г.И.Ломидзе, Ю.Б.Борев және т.б. өз еңбектерінде тұжырым жасаған.

Қазақ әдебиетінің тарихында прозаның қалыптасуы мен дамуына байланысты алғашқы еңбектерде тұтастай қарастырылмағанымен, жеке шығармалар мен оның идеялық бағытын талдау барысында бірқатар еңбектер жазылған. Қазақ прозасы жайлы М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ә.Дербісәлин, Ы.Дүйсенбаев, С.Қирабаев сынды ғалымдар еңбектерінде толымды талдаулар жасалып, көптеген мәселелер сарапталған.

Қазақ әдебиеті тарихының қалыптасуы мен дамуында ақын-жыраулар мұрасы, олардың қоғамдық-әлеуметтік қызметін көрсету арқылы ұлтымыздың әлем өркениетіндегі маңызды орнын айқындаймыз.

Осы уақытқа дейін қазақ әдебиеті тарихының қалыптасу кезеңіндегі жазбаша прозалық шығармаларда қоғамдағы жекелеген тарихи тұлғалардың бейнеленуі маңызды орын алып келеді. Тарихи шындықпен астасып жататын ақын-жыраулар өмірінен хандық дәуірдегі мемлекет қалыптасуының, ұлттық діліміздің, дініміздің, тіліміздің бүгінгі күнге дейін сақталуының, дәстүрлі сөз өнерінің қайраткерлік болмысының шынайы көрінісін аңғарамыз. Сондықтан болса керек, ақын-жырау тұлғасын сомдауда қаламгерлер көбінесе шындыққа сүйенеді, кейіпкердің халық ықыласына сәйкес болуын көздейді.

Қазақ әдебиеті дамуының ауызша ақын-жыраулар поэзиясы кезінде де, кейінгі кәсіби жазбаша әдебиет дамуында да би-шешендер ұстанған көркемдік ұстанымдар негіз болды. Ақын-жыраулардың мінез-құлық психологиясы өмірдегі жай қарапайым адамдардан өзгешеліктерімен ерекшеленетін әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ақын-жырау шығармаларындағы көркемдік ойлау тақырып пен идеяның, сюжет пен композицияның, стильдік-тілдік ерекшеліктердің классикалық сипатпен дамуына ықпал еткенін байқаймыз. Ақын-жыраулар тұлғасы көркем әдебиетте поэтикалық заңдылық аясында бейнеленеді. Бұл туралы академик З.Ахметов «Көркем образ әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі» [1, 114 б], - деп жазады.

Ақын-жыраулар жайлы көркем шығармалардың көпшілігі деректі жанр түрінде жазылған. Қазақ әдебиетінің тарихында ақын-жыраулар бейнесінің бай палитрасы қалыптасқан. Әрбір көркем шығармада ақын-жыраулар ұлтымыздың көркем тіл байлығын, эстетикалық талғамын, философиялық толғамын, турашылдық мінезін, астарлы ойдың шеберлігін көрсете білген. Ақын-жыраулар тұлғасын суреттеуде қаламгерлер мінездеу, портреттік бейнелеу, ішкі монолог, диалог, психологиялық егіздеу, автопортрет және т.б. көркемдік тәсілдерді кеңінен қолданған. Ақын-жыраулар психологиялық портреті арқылы өнер адамының ерекшеліктерін, жан дүниесінің сан қырлы қатпарын, олардың көркемдік ойлау болмысын аңғаруға болады.

Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасын жасауда қаламгерлер дәстүрді сақтай отырып, шығармашылық иелерінің өмір жолын, әлеуметтік ортасын, қайраткерлік болмысын барынша көрсетуді мақсат еткен. Олардың әрқайсысының қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында алатын орны ерекше.

Ұлттық өнер, ұлттық мәдениет арқылы да ұлтымыздың тағдырындағы көкейтесті мәселелерді терең қамтып көрсетуге болатындығын сезінген қаламгерлеріміз осы арнада да айтулы көркемдік ізденістерге жол ашты. Әрине, бұл тұста тарихи тұлға дейгейіне көтерілген өнер қайтаркерлерінің образын сомдаудың орны айрықша болды [2, 7 б], - дейді әдебиеттегі ұлттық идеяны талдаған еңбегінде ғалым Қ.Әбдезұлы.

Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасы дегенде біз ойымызды мынадай негізге сүйене отырып жеткіземіз. Қазақ прозасындағы ақынның тұлғасы, оның шығармашылық жолы жайлы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. М.Әуезовтің роман-эпопеяны жазу шеберлігіне байланысты көптеген зерттеу еңбектері жазылды. Ең бастысы – жазушы Абай арқылы тұтас бір дәуірдің тарихи оқиғасын көрсетіп, оның ақындық ортасын таныта білді.

Профессор С.Қирабаев «Бүгінгі қазақ прозасында байсалды реалистік үлгіде дамыған эпикалық туындылар мен лирикалық, сыршыл проза үлгілері қатар дамуда. Әншілік пен өлең өнерін ғасырлар бойы жанына серік қып өскен халықтың әдебиетінің сыршылдықтан, жүрек терберлік сезімтал лирикадан алыс дамуының өзі мүмкін емес қой... М.Әуезовтің «Абай жолы» толып тұрған ән ғой... В.С.Иванов кезінде мұны «роман о песне» деп тегін атамаған» [3, 159 б], - деп жазған екен.

«Абай жолы» роман-эпопеядағы Жамбылдың бейнеленуі тарихи шындық көрінісі деуге болады. Жазушы Жамбыл мен Абай өмір кезеңдеріндегі бірін-бірі есту арқылы танып білуі деректерін көркем шындық бояуларымен жеткізген. Роман-эпопея композициясындағы Жамбыл бейнесі көрінетін жерінде ақынның сырт келбетін реалистік сипатымен суреттеген. Осы түнге Абайдың әндерін тыңдаған Жамбыл өзі туып-өскен аймақтағы Қабан, Құланаян Құлмамбет, Мәйкөт, Сүйінбай ақындардың және Абайдың шығармашылығына байланысты салыстырмалы ойларын түйіндейді. Абайдың жаңашыл, терең мағыналы шығармашылық өнеріне жоғары бағалаулар айтады.

Ақын-жыраулар тұлғасын сомдауда жазушылар алдында психологизмнің озық үлгісі саналатын М.Әуезов мектебі тұрғандығын атап өткеніміз жөн. Өйткені шығармашылық тұлғасын суреттегенде психологизм әдісін қолданбау мүмкін емес. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, қазақ прозасында психологизмді шебер таныта білген қаламгерлер қатарында Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндерді ерекше атап өтуіміз керек. Бұл қатарға тарихи тұлғалар жайлы көркем шығарма жазған басқа қаламгерлерді де қосуға болады.

Шығармашылық тұлғаларының әдеби бейнесін жасау арқылы оқырманды әсемдік әлеміне, сұлулық дүниесіне, адамдық құндылықтарға жетелеп отырады. Психологиялық детальдарды ұтымды пайдалана білген жазушы кейіпкерінің жан дүниесін ашып көрсете алады. Оқырман жүрегіне ақын-жыраудың ой толғанысы, ішкі күйініші мен сүйініші, сағынышы мен мұңы сол қалпында жетеді. Оқырман осындай психологиялық ахуал арқылы хандық дәуірдің қитұрқы пиғылы мен қасақана жасалған қиянатын аңғарады.

Ұлттық әдебиетте тарихи тұлғаларға бірнеше роман жазған бірден-бір қаламгер Ілияс Есенберлин. Атап айтар болсақ, Алтын Орда дәуіріндегі қазақ ақын-жыраулары шығармашылығы дәстүрінің қазақ хандығы кезеңіндегі әдеби дамуға ұласқаны белгілі. Бұл орайда көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи роман-трилогиясындағы ақын-жырау тұлғасы бейнеленуінің ерекшелігіне айрықша назар аударамыз. Роман-трилогияның бірінші кітабында Алтын Орда хандарының бірі Сартақтың ордасында қобызын сарнатып тарихи жыр-шежіре жырлаған Қыпшақ тайшы Сүленгіттің өнері баяндалады. Жазушы Алтын Орданың билеуші ханы Беркенің жан дүние әлемін баураған киесі барлығын ескертіп, Шыңғыс хан атасы сыйлаған қос аққуға қатысты сюжеттік детальды қосу арқылы адамзатқа тән эстетикалық-психологиялық ахуал болмысын жасайды. «Алтын Орда» роман-трилогиясының екінші кітабында Жәнібек хан басқарып тұрған кездегі мемлекет тарихына тікелей Асан Қайғы жырау араласып отырған. Роман композициясындағы осы сюжеттік бөлік қазақ прозасындағы жырау тұлғасын даралау, мінездеу тұрғысында шынайы үлгісін танытады.

Тарихи тұлғалардың портреттерін және шығармашылық өнер ерекшеліктерін тұтас оқырманның көз алдына елестете бейнелеу – реализм әдісінің ерекшелігі. Роман сюжетінде Бұқар жырау Қалқаманұлының да тарихи тұлғасы мен шығармашылық болмысы суреттелген. Автор оның нағыз жалынды кезеңін бейнелей отырып, отыз жасар жыраудың аға буын өкілдерімен кездесуі мен оның танылуына ерекше назар аударған.

Ақын-жыраулардың жыр туындатып отырған сәттеріндегі шығармашылық хал-ахуалдың болмысындағы өлең мен әуез қосылуын, тұлғаның шабытты сәтіндегі қимыл-қозғалыстарын, бет-әлпет құбылыстарын, маңайында отырған тыңдаушыларының, көрермендерінің әсерлерін баяндау, бейнелеу мүмкіндіктерімен бере білген.

Қазақ прозасындағы ақындар бейнесін жасай білген дарынды қаламгерлердің бірі - Сәкен Жүнісов. Оның «Ақан сері» екі томдық романы қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесі болатын. С.Жүнісов қазақ прозасындағы бұрыннан бар дәстүрді ұтымды пайдаланып, кешегі тарихқа жаңаша көзқарас білдіре отырып, Ақан сері образын типтік дәрежеде асқан шеберлікпен суреттеген.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасы ұлттық әдебиет қана емес, ұлттық тарихтың көркем бейнесі. Ақын-жырау бейнесі арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, саяси ахуалды айқын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/ құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. -240 б.
2. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. -242 б.
3. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет.–Алматы: Ғылым, 2001.–448 б.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК САТИРАСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ӨЗЕКТЕСТІК СИПАТЫ

ИЗБАСАР НАЗЕРКЕ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

БВ01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: **БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ**

PhD., қауымдастырылған профессор

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

Түйіндеме. Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымындағы сатира жанрының дамуына әрі түрік әдебиетінің сатира жанрымен өзара үндестігіне шолу жасалады. Әдебиет пен сатира бір-бірінен ажырамас бөлшек болғандықтан, қазақ әдебиетін сатирасыз елестете алмаймыз. Өйткені, әдебиетті сын арқылы қайрап, қоғамды, халықты сатира арқылы сынап міней отыра, әзіл-әжуа мен келеке етіп ащы шындықты сүйектен өтер сөздермен күлкі арқылы жеткізу өнері. Әлемге әйгілі түрік сатиригі Әзиз Несин мен оны қазақ тіліне тәржімалаған Оспанхан Әубәкіровтың сатиралық еңбектері зерделенеді.

Кілт сөздер: әдеби байланыс, қазақ сатирасы, түрік әдебиеті, сатиралық жанр, аударматану

Сатира қоғамдағы жағымсыз болмыс пен құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлық, әдеп-тәртіптерді әшкерелеп, күлкіге жығу, келемеж ету ниетімен жазылатыны жөнінде әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға саяды, бәрі де оның осы пафосын мойындайды. Бірақ олардың бірі – сатира әдебиеттің бір тегі, екіншісі – өмірдің жеке

елестерін суреттеп берудің әдіс-тәсілі, үшіншісі – әшкерелеуші әдеби шығарма, төртіншісі – көркем әдебиеттің өзіндік түрі деп тұжырымды пікір білдіреді. Негізінен алғанда, бұл пікірлердің бәрі де қате емес. Олардың әр қайсысы сатираның әр қырын, әр қасиетін айтып отыр. Шынында да сатира – алымды да шалымды нәрсе, оның өмір сүру, көрініс табу мүмкіншілігі мол, болмыс-құбылыстарға үңілу, араласу, суреттеу дәрежесі де әр қилы. Сатира әдебиеттің бір тегі ретінде де көріне алады. Ақын-жазушыларымыздың бастан-аяқ күлкілі ситуацияға негізделіп, сықақтық пафоспен жазылған, таза сатиралық шығармалары әдебиеттің дербес бір тегін құрайды.

Түрік әдебиетінде сатира жанры ежелден тамырын жайып, дамып келеді. Шейхыдан бастап, көркем сөздің түрік шеберлері өз бақтарын әрдайым осы салада сынап көрді. Мәселен, Нефидің атағы «Тағдыр жебелері» атты шығармасы арқылы сатиралық поэзия саласында кеңінен орын алды. Әр ғасырдағы сатиралық поэзияның өз көшбасшысы болды. Өткен ғасырдағы сатириктердің ішінде Әзиз Несиннің алар орны ерекше. Ә.Несиннің айқын да айшықты туындылары сатиралық поэзия жанрының туын биікке көтерді. Дегенмен Әзиз Несиннің ұлттық түрік әдебиетінде де, әлемдік әдебиетте де қалыптасқан құралдар мен тәсілдерді ұтымды қолдана білгендігін атап өтуіміз орынды. Осыған байланысты, Әзиз Несиннің сатиралық шығармашылығын әдебиеттанудың белгілі бір дәрежедегі жалпыға ортақ позициялары бойынша зерттеуге негіз бар. Несиннің көрнекті сатиралық дарыны, сонымен бірге жоғары көркемдік деңгейде жазылған шығармалары буржуазиялық әдебиеттанудың көркем әдебиеттен ұлттық өткір бағыттағы сатиралық туындыларды ажыратып алуға жасалынған тенденциялық қадамдарын толығымен Әзиз Несиннің сатирасы – бұл үлкен реалистік өнер. Оның шығармашылығы қазіргі қоғамның шынайы өмірін суреттеп, уақытты тереңінен сезініп қоюға ғана емес, әлеуметтік жауыздықпен күресуге де бағытталған. Ол реалистік әдебиетті жалғастырушының бірі ретінде қызмет етті. Сатирик: *«Реализмді мен былайша түсіндірер едім: адамды жақсылыққа, адамгершілікке жетелейтін, құралдары жаман қырларын өзгертуге талпынатын шығарма - бұл реалистік шығарма»* [1,53], – деп жазды. Адамды өзгерту үшін қарияның орнына жаңа адамның өсуіне көмектесу керек. Осы көзқарас тұрғысынан келгенде реалистік шығарманың ең алдымен қирататын, содан кейін қалыптастыратын күші болады.

Әзиз Несин өзінің сатиралық шығармаларының басым көпшілігін реализмге жатқызады. Сатириктің көркем әдебиеттегі реализмді қаншалықты жоғары деңгейде түсінетіндігімен, әдеби процестегі жазушы ретінде алған бағасымен талас тудырудың қажеті жоқ. Алайда жазушының қандай да бір әлеуметтік позицияда болатындығына қандай себептер бар? Оны реализм лагеріне не алып келді? Осы мәселелерге қатысты Несиннің өзі туралы жазған мәліметтері мен осы мәліметтерге қарай шығарған қорытындылары өте қызықты болып келеді. Несин реализм туралы білмей-ақ реалистік әңгімелер, ал социализм туралы білмей-ақ социалистік әңгімелер туралы қалай жазғандығына өзі таңданады. Осы сұрағына ол тереңнен ойланып, негізді жауап береді: *«Мен осы сұрақтың жауабын көп кітаптарымды жариялап, өз жұмысым туралы ойланғаннан кейін ғана бірнеше жыл өткен соң барып таптым. Мен әлемді реалист және социалист ретінде көрдім немесе өз өмірім мені реалист және социалист етіп шығарды»*. Сонымен, Әзиз Несин шынайы өмірді көркемсөз шеберінің эстетикалық деңгейде түсінуінің нәтижесінде оның дүниетанымдық және идеялық тұжырымдары жататындығы жөнінде дұрыс жазды.

Әзиз Несиннің шығармашылығы – халық өмірінің, оның бүкіл болмысында кездесетін өмірлік шындықтардың көрінісі. Түрік әдебиетінің сыншысы Ферит Онгерен былай деп жазды: *«Әзиз Несиннің әңгімелері – бұл құнды құжаттар. Осы құжаттар арқылы келешекте египеттік папирустар сияқты құнды біздің еліміздің де белгілі бір кезеңін зерттеуге болады»* [2,4]. Міне, осыған қатысты Әзиз Несиннің сатиралық шығармалары көркемдік құндылық болып саналады. Оның сатиралық шығармаларының көркем байлықтарымен қатар, мұнда сатираның алуан түрлі қолданылған. Сондықтан да Әзиз Несин расында да Түрік мемлекетінің ең үздік сатиригі және біздің ғаламшарымызда қырқыншы-алпысыншы жылдар ішіндегі ірі сатириктердің ішіндегі бірі де бірегейі болып саналады.

Әзиз Несиннің сатирасы заматтылығымен ерекшеленеді. Әзиз Несин сатирасының қазіргі үшін қажеттілігін талдауда түркітанушы Л.О.Алькаеваның пікіріне сүйенуге негіз бар: «XX ғасырдың 40-60 жылдарындағы бүкіләлемдік әдебиеттен талантты түрік жазушысы Әзиз Несин сияқты сондай атақты, қазіргі өмірімізбен сондай үндес сатирик табу, әрине, өте қиын... Ә.Несин көркем зерттеуге капиталистік шындықты суреттейтін материалдар қалдырды» [3,17].

Әзиз Несиннің «Korkulu ruya» атты керемет шығармасы бар. Егерде Әзиз Несиннің қазіргі таңда өмірде жоқ екенін білмеген болсам, бұл әңгімесін бүгінгі жағдай туралы жазып отырма деп ойлап қалушы едім. Бұл хақында ащы шындық шығып отыр, себебі бұл шығарма жазылғанына ондаған жылдар өтседе ауыз толтырып айтар ешқандай бір саяси жетістікке жетпепіз. Шығармалары түрік елінің,сонымен қоса бізге де қатысы бар, ешбір өзгермеген хал ахуалы жайында шебер баяндайды. Шығармаларында тіптен 2023-2024 жылдары болып жатқан жәйттарды байқай аламыз.

Алдымен түпнұсқасын сосын орыс тілінен қазақ тіліне қалай тәржімаланғанын қарайық: *Istanbul radyosunun yayini yeni bitmişti. Demek eski günü geride bırakmış, yeni güne girmiştik. Ben o gece iki hikaye,bir fikra bir derginin de anketine cevap yazmak zorundaydim, sabahleyin bunlari bekliyorlardı. Hayirica O günkü posta ile gelen üç dergiyi okuyacak bir kitabi da şöyle bir karıştırıp gözden geçirecektim. Oysa bunca işin içinden yalnız birini yapabilmiş ancak bir hikaye yazmışım, canım sikiliyordu*[4].

Жазушының шығармаларын Г.Александрова былайша аударарды: *Стамбульское радио закончило свои передачи. Значит прошел еще один день, и мы вступили в новый. В эту ночь я должен был написать два рассказа, фельетон и ответить на анкету одного журнала. Эти материалы ждали от меня к утру. Кроме того, мне необходимо было прочитать три журнала, присланные по почте, и перелистать книжку. Но я смог сделать только одно — написать рассказ. Тяжело было на душе* [5]. Ал қазақтың дәстүрлі сықақшысы О.Әубәкіров бұл туындыны төмендегідей түрде қазақ тіліне аударарды: *Стамбул радиосы сәмпылдап-сәмпылдап, хабарын аяқтады-ау айтуейір. Сүйтіп бір күніміз өтіп, келер күннің табалдырығын аттадық деп біліңіз. Бұл түні мен екі әңгіме, бір фельетон жазып және бір журналдың сауалына жауап беруім керек еді. Бұл материалдарды таң ертеңге дейін дайын қылуға тиіспін. Мұның үстіне екі-үш журнал, тағы бір кітапты қарап шығуым керек. Бірақ осыдан тек бір ғана әңгіме жазып бітіруге мұрашам келді. Көңілім бей-жай боп, ештемеге зауқым соқпады* [5,95]. Бұл жерде байқағанымыз, қазақ аудармасы әрдайым бейнелеуіш, анықтауыш (сәмпылдап, әйтеуір) сөздерге толы. Яғни, орыс тәржімасында қысқа да нұсқа, анық аударылса, қазақ тілінде импровизация бары байқалады. *Оysa bunca işin içinden – Бірақ осынышама жұмыс ішінен... Однако из всей работы...* деген сөздерді орысшаға түгел аудармай тікелей жасаған жұмысын ғана атап өткен, қазақ аудармасында бірақ осыдан деп бірнеше жұмыстың ішінен бір жұмыстың өнгенін білдіріп тұр, *canım sikiliyordu* тікелей аудармасы ішім пысты, жүрегім қысылды, Оспанхан Әубәкіров екі сөзді, толыққанды сөйлемге айналдырып автордың ішкі жан дүниесін түсіндіріп тұр.

Түпнұсқада: *İkinci hikayeyi yazmak için kagit destesini önüme koydum hazirda yazilacak hiçbir konu yoktu, aklima geldikçe hikaye konularini not ettiğimde defterlerden birini açtim, notların arasından hikayeye konusu seçeceğim ama bir türlü konu beğenmiyorum; konulara hazirligim yok hiçbirini iyice pişirmemisim* [6].

Орыс тілінде: *Я уже приготовил стопку бумаги для второго рассказа. В голове — ни одной мысли. Порылся в записной книжке: может быть, среди старых заметок мелькнет что-нибудь подходящее. Ничего не попало. Ни один сюжет не развертывался в рассказ* [6].

Қазақ тілінде: *Екінші әңгімеге қағаз-қаламымды дайындап, қанша сазарсам да, екі сөздің басын қоса алмай қор болдым. Тіпті болмаған соң, әңгімеме арқау боларлық ой табам ба деп, қойын дәптерімдегі жазуларымды ақтарып көрдім. Дым жоқ. Тілге тиек етер түйір таппаған соң, дымым құрып қойдым* [7, 95].

Konu дегеніміз мәселе, тақырып (тема), яғни автор белгілі бір жазар ешқандай тақырып таба алмады. Pişirmemişim дайындамадым деп аударылғанымен мұнда тілге тиек етер сөз таппадым деп тұр, ал негізінде бастапқы автор ойы қойын дәптерінде жазған тақырып, мәселелердің ешбірінің ұнамауы және ешбіріне нақты дайын болмауы. Екі тілге тәржімаланғанда сатираға ұқсату үшін қысқа да нұсқа аударған.

İçlerinden biri «Hoş geldiniz» dedi, «Hoş bulduk» dedim. - Sizden memleketinizin durumunu öğreneceğiz dedi. İcimi bir korku kapladı, ama bir yandan da kendi kendime «Hiç korkma Nasıl olsa Rüya bu» diyorum rüya rüya ya bizim orada duyarlarsa Ruya be.. - Buyurun efendim, dedim Bildiklerimi anlatayım. Adam sordu -Sizin memleketiniz geri kalmış bir memlekettir değil mi?bu Ağzıma bir el sarıldı Hay Allah ben şimdi ne diyeyim «Evet Memleketim geri kalmıştır» desem memleketi yabancılara kötü tanıtmak olur ki, ceza kanununda yeri var ağır suç, «Hayir benim memleketim geri kalmamıştır ileri bile gitmiştir» desem yalan söylemiş olacağım. Ne diyeyim şimdi doğrusunu söyleyip memleketi yabancılara kötü tanıtarak suç işlemektense, yalan söylerim daha iyi çünkü, Yalanın Cezası yok. benim durduğumu gören adam: -neden bir şey söylemiyorsunuz? Dedi. -Affedersiniz,-dedim sorduğunuzu anlayamadım da.

- Sizin memleketiniz geri kalmıştır değil mi?

-Kim demiş onu Kim demişse halt etmiş,-diye bağirdim.

-Herkes öyle söylüyor Biz de öyle duyduk .

- Sayın baylar sunu unutmuyoruz ki bizim düşmanlarımız çoktur bizi çekemediklerinden hakkımızda olumsuz Propaganda yapıyorlar, bu Açıklamama hepsi Şaştı ağızları Bir kariş açık ya dediler - Kimisi demek biz yanlış haber almışız dedi.

-Evet yanlış -içlerinden biri anlıyorum dedi Sizler izzetini nefsinize düşkün insanlarsanız geri kalpmış memleket deyince aliniyorsunuz onun için bu deyimi değiştirelim az gelişmiş memleket diyelim Nasıl?

- olmaz Biz az gelişmiş değiliz biz çok gelişmişizdir çok büsbütün şartlar birbirlerinin kulaklarına fisildastılar [4].

— Добро пожаловать! — приветствует один из них меня.

— Благодарю, — отвечаю я.

— Вы нас проинформируете о положении в вашей стране? Меня охватывает страх, но я подбадриваю себя: «Не бойся, ведь это же все во сне». Сон-то сон, а если...

— Я охотно расскажу все, что знаю.

— Вы ведь из отсталой страны, не так ли? — спросили меня. У меня перехватывает дыхание. Милосердный Аллах, что мне на это ответить?! Если скажу: «Да, из отсталой», — то представлю нашу страну перед иностранцами в плохом свете. По уголовному кодексу это карается, как тяжкое преступление. Если скажу: «Нет, не из отсталой, наша страна даже ушла вперед», — совру. Что же делать? Лучше соврать, чем стать преступником, ведь за ложь не наказывают.

— Что же вы молчите? — спросил меня человек, видя, что я в нерешительности.

— Простите, я не расслышал, что вы спросили.

— Ваша страна отсталая, не так ли?

— Кто это вам сказал?! — гаркнул я.

— Все так говорят. И мы слышали.

— Неправда, это чепуха, уважаемые господа! Не забывают, у нас очень много врагов. Они ведут против нас пропаганду.

Все были удивлены, так и застыли с открытыми ртами. — Значит, мы имеем неверную информацию!.. — протянул кто-то.

— Да, конечно.

— Понятно, вы, как самолюбивые люди, обижаетесь, когда вас называют отсталыми. Изменим формулировку, назовем нашу страну слаборазвитой. Так подходит?

— Нет, нельзя. Мы не слаборазвитые, мы очень, очень развитые. Снова все поражены и перешептываются друг с другом[6].

- Хош келдіңіз, - дейді әлгілердің бірі, -рахмет, - деймін мен.

- Сіз бізді еліңіздің жай күйімен таныстырыңыз.

Шошым кеттім. “Қорықпа бұл түсің зой” деп, өзімді жұбатып қоям. Түс екені түс, дегенмен біліп қойса!.. -білгенімді айтып берейін.

- Сіз шамасы артта қалған мешеу елден келген боларсыз, солай емес пе? - деп сұрады бірі тұрып.

Сасып қалдым. Құдай ау мынаған не деп жауап берсем екен? Егер “Иә, мешеу елден келдім десем” елімді жамандаған болам. Бұл үшін жаныңды көзіңе көрсетіп, әкеңді танытып тұрып соттайды. Ал егер “жоқ мырзалар, мен өркені өскен, алдыңғы қатарлы елден келдім” десем өтірікші боламын. Не десем екен? Қылмысты болғанша, құда да тыныш, құдағи да тыныш, өтірігімді айтайын, өтірік үшін соттамайды зой.

Не дерімді білмей қиналып тұрғанымды сезіп: -тіл аузыңыз бар ма? Неге үндемейсіз? - деді бірі.

-Кешіріңіз, сіздің сұрағыңызды шала естіп қалдым, деймін.

-Сіз артта қалған, кедей елден келдіңіз зой ә?

-Кім айтып жүр оны сіздерге?!- деп бетінен ала түстім.

-Елдің бәрі солай деп жүр зой. Естіген құлақта жазық жоқ.

-Сандалбай сөз бұл, құрметті мырзалар. Біздің жауымыз көп. Солардың шығарып алған өсек аяғы. Бәрі таң қалып отырды да қалды.

- Демек, біз сіздің елді қате түсініп жүргенбіз зой, әрине өскен елдің өкілі бола тұрып, сізге біз еліңіз артта қалды десек, ашуланудың орны бар. Сондықтан бұл райдан қайтіп сіздің еліңізді нашар өркендеген ел десек қалай қарайсыз?

- Жоқ, бұлай деуге де болмайды. Біз нашар емес, өсіп өркендеген елміз. *bi Aǵzıma bir el sarıldı* дегеніміз жүрегім аузыма тығылды деген қазақ сөзімен пара-пар. Үзіндіден байқағанымыз халықтың мүшкіл жағдайы жайлы тіптен түсінде де шынын жайып сала айта алмауы. Себебі мемлекеттің мешеу екенін мойындау арқылы сотталып кететінің дейін барулары қорқытады [8, 96-97].

Сан ғасырлық мәдени қарым-қатынастары орнаған әртүрлі халықтар арасындағы әдеби байланыстарды зерттеу – бүгінгі таңдағы әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Әрбір әдебиет ұлттық тарихи болмысымен ерекшеленіп, әлемдік әдебиеттануға өзіндік үлесін қосады. Сондықтан да дүниежүзілік әдебиеттануды осы бір үдерістің диалектикалық бірлігінің нәтижесі ретінде тануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Тастемирова Г.Әзиз Несин сатирасындағы ұлттық өрнек//«Жалын», 2007.№1. – 53-56 бб.
2. Несин А. [eee \(narod.ru\)](http://eee.narod.ru)
3. Алькаева Л.О. О сатире Азиза Несина// В кн.: Теоретические проблемы восточных литератур. –Москва:»Наука»,1969. – С.412.
4. Қожакеев Т.Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы: «Санат», 1996. – 464 б.
5. Қазіргі қазақ сатирасы.[Қазіргі қазақ сатирасы | iKaz.info](http://kaz.info)
6. Aziz Nesin Korkulu rüya. https://youtu.be/IwdChXduqDo?si=q_BK2Dn_Tmmb7I6w
7. Несин А.[Несин Азиз. Страшный сон \(adebiportal.kz\)](http://adebiportal.kz)
8. Несин Ә. Ахиреттен келген хаттар. –Алматы. «Жазушы»,1965. – 95 б.

СВЯЗЬ ФИЛОСОФСКИХ ИДЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ О ГУМАННОМ ОБЩЕСТВЕ С МИРОВОЗЗРЕНИЕМ АБАЯ КУНАНБАЕВА

КУНГУРОВА С.Н. старший преподаватель,
МАДЫГУЛОВА А.В., студентка 1-го курса
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати
г.Тараз, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье представлен анализ идей средневекового мыслителя, философа аль-Фараби о добродетельном городе. В статье прослежена связь философских идей аль-Фараби с мировоззрением Абая Кунанбаева. В работе проанализированы взгляды ученого на тему «добродетельный город», проведены связи с современностью, таким образом обоснована актуальность научной статьи.

Ключевые слова: мыслитель, философия, гуманизм, милосердие, добродетель, город

Аннотация. Бұл мақалада ортағасырлық ойшыл, философ Әл-Фарабидің ізгі қала туралы идеяларын талдау ұсынылған. Мақалада Әл-Фарабидің философиялық идеяларының Абай Құнанбаевтың дүниетанымымен байланысы баяндалған. Жұмыста ғалымның "Ізгі қала" тақырыбындағы көзқарастары талданып, қазіргі заманмен байланыстар жүргізілді, осылайша ғылыми мақаланың өзектілігі негізделді.

Түйінді сөздер: ойшыл, философия, гуманизм, мейірімділік, ізгілік, қала.

Annotation. This article presents an analysis of the ideas of the medieval thinker, philosopher al-Farabi about a virtuous city. The article traces the connection of al-Farabi's philosophical ideas with Abai Kunanbayev's worldview. The paper analyzes the views of the scientist on the topic "virtuous city", links with modernity are made, thus the relevance of the scientific article is substantiated.

Keywords: thinker, philosophy, humanism, charity, virtue, city

Каким должно быть общество, укрепляющее государство и защищающее независимость? Эти вопросы в истории человечества волновали таких крупных мыслителей, как Платон, Аристотель, Аль-Фараби. Идеи гениальных личностей по построению гуманного общества всегда служили критерием цивилизованного государства.

Как бы ни развивалось человеческое общество, даже в век, когда сегодня доминируют информационные технологии, добродетель, человечность, благотворительность будут определять сущность социальной среды и сохранять свое историческое место в качестве ценности, определяющей будущее государства. Как пишет представитель Алашской интеллигенция Жусупбек Аймаутов, «В культуре человек явно хочет чувствовать себя как птица, быть как рыба в воде, темне менее в обществе царит насилие, жестокость. Почему? Тот факт, что человек еще не успел стать рабом воспитания и все еще остается рабом природы. Когда человек избавится от рабства над природой? Видимо, только тогда когда человек станет воспитанным [1, с.133]. Национальность, личность нации, государство, интеллигентность, персонификация поколений – все это свидетельствует о том, что человек отделен от своей изначальной природы духовным уровнем и обладает национальной природой и человеческой природой. Природа, о которой говорит Жусупбек Аймауытов, - это не природа окружающей среды, не природа родительской среды, а природа, отделяющая человека от процесса истории и культуры, то есть невежество.

Основа, будущее общества зависит от национального воспитания, без национального воспитания личность в общественной среде не формируется. Общество, не обладающее

индивидуальностью, не может передать государству, его будущему, необходимые ценности, не в состоянии донести духовный мир на протяжении всей истории до более позднего времени, защитить интересы государства. Поэтому лицо цивилизованного государства проявляется в его культуре, в социальном окружении с проявлением в человеке человеческих качеств. Как пишет Аль-Фараби, дух государства в обществе несет в себе нравственность, благотворительность, справедливость, искренность, стабильность, доброжелательность, его духовные ценности.

В своем труде «Добродетельный город» Аль-Фараби широко анализировал ценности, виды знаний, восходящие к познанию человека, продолжающиеся его деятельностью (делом), духовной жизнью. По мнению мыслителя, сила, стабильность, сила общества должны исходить из нравственности, правильного познания (учения) человечества о силе творения. Вся вселенная, для человека имеет только одно значение, только одно основание, это создатель. В учении Аль-Фараби бытие выражалось в правильных знаниях об истине, правильном понимании человеком истины бытия от первого лица. В казахском языке есть выражение, что «одинокость подходит только одному Аллаху». Суть этого выражения состоит в том, что человек не может изменить мир, не может воссоздать природу, не может победить старость, сколько бы он ни был знаменитым, гением или героем. Таким образом, вся сила, совершенство совместимы только со всемогуществом творения, что означает единение только с создателем. Интеллигентный человек в свое время умел правильно служить человечеству, национальности, религии через нравственность, религиозные знания, способности, воспитание, нравственные качества, оставляя потомкам добрые дела, но человек не может познать образ создателя, каким бы гениальным он ни был. Отсюда стремление к всеобщему образованию, религиозной грамотности и здравому смыслу, формирующему мирную жизнь, добродетель общества, человеческого общества, поколения. Они всегда были опорой человеческой культуры и цивилизации.

"Создатель – это первопричина того, что происходит в мире. Создатель, или как говорит о нем аль-Фараби – первое лицо свободен от всех недостатков, потому что его существование лучше всех остальных, в его существовании нет ничего более зрелого и ничего более раннего. При этом его существование в наибольшей степени прослеживается во всем мироздании», - пишет Аль-Фараби [С. 2.60]. Каким бы далеким ни был человек от бурной эпохи истории, он не отходит от религии, от представления об истине творения. Религия – это прямой путь, который Аллах вложил в человечество, чтобы сохранить правильный образ жизни в мире человечества. В начале этого прямого пути истина от первого лица должна быть не в форме созидания, а в виде знания истины, разумного понимания, совершенного понятия. Потому что гуманное общество, государство выходит за рамки правильного религиозного познания, образования народа. На это понятие Аль-Фараби Абай ответил в своем тридцать восьмом слове назидания: «Есть три вещи, которые могут спасти всех людей.

Существуют три вещи, способные унижить весь человеческий род, которых следует избегать, это: невежество, леность, злодеяние.

Невежество — то есть отсутствие знаний, без которых ничего нельзя добиться; отсутствие знаний равняет человека со скотом.

Леность — злейший враг искусства; бесталанность, безволие, бесстыдство, бедность — порождение лени.

Злодеяние — враг человечества; причиняя зло другим, человек отдаляется от людей, уподобляясь дикому зверю.

Противоядие от этих пороков — человеколюбие, желание всеобщего благоденствия, твердость духа, справедливость, глубокие всесторонние знания. Направь свои знания на путь, указанный Аллахом, ибо Аллах не ленись, огромными усилиями и старанием создал гармоничный совершенный мир. Твое дело тоже должно быть сделано с усердием и добрыми намерениями. Все, что создано Аллахом имеет свое назначение, плоды твоего труда тоже

должны быть обращены на пользу людям. Иначе — любой труд бесполезен. И вера твоя — тщетна» [3, с.101].

Аль-Фараби, Абай, Жусупбек Аймауытов говорят о совершенном образовании, сохраняющем человека, а значит, государство, поколение, нацию. Если сущность человеческого бытия проявляется в его добродетели, то ключ к добродетельному обществу передается потомкам через чистую религию, совершенное знание, правильное учение. Не будет прогресса, если ты не сможешь правильно владеть знаниями и наукой в свое время, если ты не сможешь помочь своему государству через знания и науку. Развитие в социальной среде начинается с духовного развития в поле бытия человека. В основе духовного развития лежит правильное познание, история, Родина, ответственность перед грядущими поколениями.

Как мы уже упоминали, человек, который умел служить человеческому миру, народу, нации и ее миру с помощью разума и знаний, является интеллектуальным человеком. Истинная (традиционная) религия сама по себе требует от человечества интеллекта. Человек, идущий по пути национальных интересов, на благо народа, должен быть бодрым, иметь правильный характер, терпеливым, энергичным, смелым. Настоящий интеллектуал считает себя слугой своей нации. Как говорили наши гениальные предки, потомкам всегда лучше держаться подальше от того, что пугает их, их жизнь. Истинное и правильное знание человека поддерживает его познание. Если есть невежество, если все недостатки в обществе исключены из неграмотности, несправедливости, непристойности, то потомство может лишиться многих возможностей, необходимых для его будущего, своего государства.

«Если взять доброжелательных горожан, - писал в своем трактате Аль - Фараби, - духовная обстановка, сложившаяся у них в соответствии с мировоззрением предков, освободит их души от материи» [2. с. 170]. Человек должен быть интеллектуально связан с окружающей его средой, природой, обществом. Высшее проявление интеллектуальной связи – разумность. Наши предки сформировали культуру, историю, служащую интересам поколений, в результате общения на разумной основе.

Как мы понимаем из идей Аль-Фараби, государство укрепляется полнотой, глубиной духовного бытия народа, личности. Если в основе существования страны лежит бытие поколения, то, как мы только что сказали, правильное доверие, правильное познание, правильное образование, здоровье, чистота природной среды, благотворительность в общественной среде, человечность людей друг к другу, ответственность укрепляют государство. Потомок страны, который сумел правильно воспитать и защитить свое потомство, защищает свою страну.

Во всяком случае, искусственность в человеческой природе, в жизни общества чужда бытию доброжелательной среды. Искренность, лежащая в основе отношения людей друг к другу в общественной среде, повышает уровень реалий страны. С ложными вещами вопросы, касающиеся интересов страны, не решаются. Искренность, правильный характер, несомненно, будут способствовать тому, что подрастающее поколение получит правильную ориентацию (воспитание) на будущее. Потому что всегда есть время, требующее искренности и правильного характера.

По мнению аль-Фараби, все имеет предел, и ничто не может выйти за пределы и превысить его. Так что предел героизма – история. Точно так же ложь обычно не выходит за рамки общества, времени, потребности общества, времени.

По словам аль-Фараби, ошибочно также считать человека врагом другого человека по своей природе. Благотворительность – это то, что существует в природе человека. Пределы духовной жизни от человеческого дитя требуют милосердия, добродетели. Это интерпретировалось западными учеными, жившими в начале двадцатого века, как «пограничное состояние». В казахской философии есть понятие «ложный мир». Смысл этого в том, что ни смысл, ни мода человеческой жизни измеряются не тем, что мы любим, а тем, что мы делаем для потомков, для страны. Также изученные в философии Аль-Фараби вопросы милосердия, добра являются общими для человечества ценностями,

раскрывающими сущность его природы, очищающими черты личности человека от превратностей истории.

Только страна, которая ценит человека, может превозносить, сохранять свои оригинальные ценности, учить потомков уважать религию, человека, природу, передавать свои ценности, может создать доброжелательное государство.

Общество, сумевшее сохранить в качестве духовного богатства все виды общественного сознания (религия, образование, история, культура, искусство, наука, закон и т.д.), пробуждает в человеке доброжелательность, через человечность выводит государство на уровень доброжелательного государства (города). Как писал Аль-Фараби: «в тех случаях, когда религиозные убеждения основаны на некоторых старых негативных взглядах, город оказывается невежественным или заблудшим городом» [2. с. 178]. Человек, не изолированный от общественной среды, не обделенный знаниями, убеждениями, взглядами, умеющий чтить и использовать опыт своего предка, то есть страны, в духовной жизни, в будущем, в сохранении жизни, религии, истории и традиций, ценностей своей страны, соединяющей будущее своего государства со своим будущим, добродетельный, цивилизованный человек, не отстающий от современности.

Все это вызывает рождение в городе многих взглядов, присущих невежественным городам" [2. с. 180]. В казахской духовности есть понятия несібе, ырыс, адал еңбек, аргамыс, обал, игілік. Суть этого заключается в том, чтобы не подрывать чужую судьбу, не оскорблять чужие обычаи, не ломать чужие судьбы. Когда невежество набирает силу в социальной среде, в обществе возникает нестабильность. Эту ситуацию Аль-Фараби объяснял в своем труде таким образом: «так, по мнению некоторых, между людьми нет никакой связи, нет ни естественной связи, ни искусственной связи, поэтому каждый должен ущемлять чужие интересы, каждый должен считать себя чужим, два человека должны объединиться только тогда, когда они в этом нуждаются, и прийти к соглашению только без лжи, а в тот день, когда мы объединяемся таким образом, одна всегда будет победительницей, а другая-проигравшей стороной. Если каким-то образом одна внешняя ситуация побуждает их объединиться и прийти к соглашению, они делают это только потому, что им это нужно, а внешняя ситуация заставляет их делать это. А до тех пор, пока эта внешняя ситуация не исчезнет, они неизбежно остынут, и им придется расстаться. вот такая звериная точка зрения среди взглядов, присущих человечеству» [2. с. 180].

Аль-Фараби мыслитель, живший на рубеже Средневековья и Нового Времени, культуры Востока и Запада, изучал особенности, учение двух времен, двух регионов и глубоко познал будущее человеческой цивилизации. Он предложил человечеству знания, полученные из среды, места, где он вырос, знания, полученные из учения религии, тем самым создав модель благотворительности, которая в будущем станет примером новой цивилизации человечества, сформированной силами науки, технологий, которая будет заботиться о будущем человека во времена глобализации.

Список использованной литературы:

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығ. жинағы. 5-т., А.: Ғылым, 1999.-304 с.
2. Әбунасыр әл-Фараби. Қайырымды қала. - Алматы, RS: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 с.
3. https://www.zharar.com/rus/10743-kunanbaev_black_word_38.html[Электронный ресурс]. Дата обращения:22.12.2023 г.
- 4.<https://iphlib.ru/library/collection/newphilenc/document/HASH01dafb8ac9742e76869ed5da>[Электронный ресурс]. Дата обращения:22.12.2023 г.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМ ШЫНДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ (Ұ.ДОСПАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

КОРАБАЕВА БАЛНҰР МАНАРБЕКҚЫЗЫ

БВ01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: **БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ**

PhD., қауымдастырылған профессор

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

Түйіндеме. Мақалада қарымды қаламгер Ұзақбай Доспанбетовтың роман, повесть, әңгімелері мен одан өзге еңбектеріне шолу жасалады әрі сараланады. Тарихи роман-дилогиялары тақырыптық-идеялық тұрғыдан талданады. Жазушының образдарды жасау ерекшелігі мен оларды сипаттап жеткізу тәсілі қарастырылады. Шығармаларының тарихилық мәселесі, тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы үндестіктер айқындалады. Тарихи туындыны жазудағы Ұ.Доспанбетовтың өзіндік қолтаңбасы мен стилі, дәуір кезеңіндегі адам тағдырын, қоғамдық формация, заман шындығын боямасыз сипаттаудағы шеберлігі бағамдалады. Қаламгердің тақырыптық-сюжеттік арналары мен образ жасау жолдары, тілдік құралдары мен бейнелеуіш оралымдарының ерекшелігі айқындалады.

Кілт сөздер: жазушы, тарих, тұлға, Ескелді би, батыр, Қабан жырау, роман-дилогия.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін тарихтың тұңғығында тұншығып жатқан халықтың бастан кешкен тарихы жайлы сыр шерте бастады. Әдебиетте тарихи шындықтың, тарихтың құрметіне арналған туындылар шет қалған емес. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» демекші, өз тарихын білмеуде жетесіздікпен пара-пар. Тарихи оқиғалар, тұлғалар жайлы қалам тартқан жазушыларда аз болмады. Солардың бірі әрі бірегейі – Ұзақбай Доспанбетов. Жазушы Ұзақбай Доспанбетов Жетісу өлкесінің тумасы. 2012 жылы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық шығармашылық бірлестігінің «Абылай хан» алтын медалімен марапатталған. Қаламгердің қазақ тарихы жайлы жазған елеулі еңбектері жоқ емес. Атап айтар болсақ, «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» деген атаулармен берілген төрт томдық тарихи роман-эпопеяның, «Жәлменбе би» романының авторы. Одан бөлек қаламынан «Жылусыз от», «Шың мен шыңырау» роман-дилогиясы, көптеген повестер мен ғылыми, әдеби-сыни, әдеби-публицистикалық мақалалары жарияланған. 1983 жылы соғыстан күйзелген ауыл шаруашылығын қалыпқа келтіру кезеңіне суреттейтін «Ел есінде» атты алғашқы романы жарық көреді. Кейіннен жазылған «Шың мен шыңырау» роман-дилогиясы атақты еңбек ері Нұрмолда Алдабергенов өміріне арналған. Жазушы өзі шыққан топырақтың халқының тарихы жайында елеулі еңбек қалдырып отырған. Бұл төрт томнан тұратын тарихи шығарма ең алғаш «Жұлдыз» журналында басылған. Шығарма ХҮІІІ ғасырдағы қазақ басынан өткен қиындықпен азапқа толы қазақ-қалмақ қырығыны – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінен басталып сол кездегі қазақ халқының бастан кешкен әлеуметтік жағдайымен, мұң-зарын бейнелейді. Ақтабан шұбырынды атауының себебін жазушы көркем туындысында: *«Шауқар атты иемденген неме шынында жаланаяқ екен. Баланы тосылдырған ол да емес, ер үстіндегі адам шауқар аттың бүйірінен жалаңаяғымен қамқылағанда бұл анық көрді. Табаны адам айтса нанғысыз аппақ екен. Мұндай ақтабанды көрсе Бектұрғанның көзі шықсын. Ақ болғанда тіпті адамның көзін ағытарлықтай»* [2,243], – деп суреттеп береді. *«Осылардың бәрі қосылып, бізге жеткізген бір шындық – қазақ халқының есінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақталған 1723 – қоян жылындағы қалмақтар шабуылы жер шұрайы Жетісудың өрінде, Іле мен Қаратал өзендерінің екі аралығындағы бас-аяғы жоқ салқар жазықта осылай басталып еді»* [2,243], міне, жазушы қазақты сан тарапқа шұбыртқан, сан тарапқа қаңғыртқан соры қайнаған кезеңін осылай бастайды. Тарих шежіресін сақтай отырып тамылжытып аңызды, таңырқатып

тарихты сөйлетеді. Жетісу өңірінде орын алған бұл оқиға Жоңғар қақпасынан ескен Алакөлдін желіндей сұм да, сұрапыл болып еді.

Қарымды қаламгер Ұзақбай Доспанбетов шығармасының бұған дейінгі біршама тарихи, тарихи-өмірбаяндық туындылардан өзгешелігі, аталған тақырыпты сол кездегі қырық ру – қырық құрақ Қазақ елі трагедиясын жан-жақты суреттеумен бірге, басқыншылыққа салынған, содан барып сорлаған Жоңғария мемлекетінің жер бетінен жоғалған трагедиялық тағдырын қоса саралап қорытады. Қазақтың басына туған нәубеті кезінде халықты бастаған, қорғанған ел ағалары мен батырлары, көсемдері мен шешендері, билері мен болысы әрқашан табылған. Қазақ тарихында бүкіл өмірін елі үшін арпалыспен өткізген даңқты ерлер, жалынды күрескерлер, алтын жақ абыз би мен аруақты батырлар аз болмаған. Олардың кейбірі жау келгенде батыр, дау туғанда би де болған күрделі тарихи тұлғалар еді. Қазақтың атақты ерлері болған Балпық би, Ескелді би, Қабан жырау, Төле би, Жолбарыс хан, Абылай хан, Малай, Қодар би, Сатай батыр, Дубек, Байбек басқа тұлғалар жан-жақты суреттеліп, әртүрлі жай-күйлері бейнеленеді. Жазушы шығармада Қодар биді Қойайдар би деп атап мынандай түсініктеме қалдырады: *«Қойайдар би-ғылыми түпнұсқаларда Қодар деп қате жазылған»* [2,37], сол секілді шатасып беріліп жүрген атақты тұлғалар қатарына Малай батырды қосады. Ол жайлы: *«көп әдебиеттерде бұл батырдың істері арғын ішіндегі бәсентііндік Малайсары батырға теленіп, шатастырылып жүр»* [2,40], – деп түйіндеп кетеді.

Қаламгер өз шығармасының атауы мен оның басталуын бір арнаға әкелген. Оны біз шығарманың атауы Қызыл жолбарыс болса, оның бастауы да осы қызыл жолбарыстан бастау алуынан аңғарамыз:

«- Шоқ-шоқ болып өскен селдір қамысты жазаңнан шыққан жолбарыс алдағы мола сияқтанған қиыршық тасты ұзынша төбешікке самарқау қарап, жүрісін тоқтатты.

Жазушы сол қызыл жолбарыс бейнесін алғашқы жолдардан–ақ суреттеп былай береді: «Бұл терісі қып-қызыл, тарғыл жолағы сол қызылдан әрең көрінетін, ұзындығы есік пен төрдей бар, жұмыр денесінде қайрат дегенің әрбір қозғалысы, сайын бүгіліп-жазылып көз тұндыратын, бауыры жер сызғандай түйе-табан алып жолбарыс еді» [2].

Жазушы қызыл жолбарыс пен қабылан арасындағы атам заманнан болып жатқан бітпес айқасты ерекше сипаттап береді. Қызыл жолбарыс қабыланды жеңгенімен ата жау дегенмен өз бауыры болып келетін қара қабыланның артынан бауыры еті езіліп жантәсілім етті. Жазушының осы бір тұста оқырманға салған ойы осы бауыр етте еді.

Тарақтының тарланы, «Абыз ата», «Ақын ата», «Әулие ата» деген атқа ие болған Қабылиса жырауды қаламгер шығармасының алғашқы беттерінен ақ тілге тірек етеді. халық арасында зор абыройға ие болған, осындай сұм кезеңде ел еңсесін көтеріп, рухын құлатпай жырымен жігер сыйлаған қазақтың абыз денелі ақындарының бірі болған. Қабылиса Асанұлының даланың данагөйі болған асыл тұлға. Оның халық арасында Қабан деген атпен танылып, жайылуы жайлы аңызды қаламгер өз шығармасында былай береді: романда да жырауды Қабылиса деп емес Қабан жырау деп көрсетеді. Оның бейнесі мен іс әрекетін: *«Қап-қара сақалы белуарына түсіп, шошық елтірі бөрікті, денелі адам алыстан қабағын ажырайтып, ақ боз атты ойната жеткенде кейбіреуге ол енді-енді жаназасы шығарылмақшы Құлсарыны жатқан жерінен түрегелтіп алатындай көрінді»* [2,34], – деп суреттейді. Қабан жыраудың сол кездегі сом тұлғасы мен жасы жайлы: *«Қабан ақын бар болғаны қырыққа енді-енді иек сүйегелі тұрған адам, бірақ жалпақ жүзі, белуарына түскен сақалы, алтамсадай денесі, көсем мінезі бәрі қосылып, мұны ел ақсақалы атты тұғырға ерте қондырып, ерте бекіткен еді»* [35]. Шығармада жырауды қырыққа таяған деп берсе кейбір дереккөздерде 1733 жылы дүниеге келген деп көрсетіліп жүр. Бұдан тарихи шындықпен көркем шығарманың шындығының бір арнаға тоғыспайтындығын көреміз.

Ескелді бидің ел ағасы бола тұра Қабан жырауға сөз салып қарауы, оның сөзін өз сөзінен жоғары қойып құрмет көрсетуі Жырау еңсесінің биік екендігін көрсетеді. *«Сөйтіп, бүкіл Қожаназар ұрпағының ішінде бұзып-жарып алға шыққаны осы Қабан жырау. Бірақ ол бара-бара Қожаназар ғана емес, алыс-жақыны бар бүкіл мырза елінің туына айналды, оны*

қой, сонау Ескелді бимен үзеңгі қағыстырды, сөйтіп, қалың жалайыр құлақ түретін халге жетті. Тіпті Ескелді бидің өзі көбіне қабан жырауды алға салып сөйлейді. Жалайырдың Қабаны деген атау бүкіл үйсінді артқа тастап, Орта жүз, Кіші жүз руларын шарлады. Сөйтіп, Қабан жырау қолдан шығып кеткен мезгілдерде ғана Есенбай Қожаназар балаларына бас-көздік етуші еді» [44]. Жалайырдың Қабаны атағына ие болған Қабылиса ел ішінде сөзі өткір, зор тұлғалы, бір қауым болып отырған жалайыр елінің сөзбенен көш басшысы болғандығын атағының қалың қазаққа жайылғанының бейнесін көреміз.

Қабылисаның Қабан аталып кету себебі жайында қаламгер шығармада атай кетеді: «Әке-шешесінің азан шақырып қойған аты Қабылиса, тек бет-жүзінің түктілігінен жеңгелері Қабан атаған мұнын жастық шағынан қалған әңгімелердің бірі осы» [2,92] Қабанның ел бастаған қолбасшы, жауға шапқан батыр, сөз сөйлейтін шешендігінен бөлек жігіт шағындағы сал-серілігінде болатын. Оның бұл жастық шағындағы мінезі өң бойынан әлі күнге жусанның иісіндей анқып тұратын. Қазақтың бойынан табылатын бұл қасиетте Қабанның бойынан табыла біліпті. Бірақ бұл қасиеті оның тек алдына тосқауыл болып кезігетіні атай кетеді: «Осы мінезі ерен тұлғасына бүгін емес, ертең солып түсетін қызғалдайтай жеңілтектеу өң беріп, кейбір аталы сөзінің, мейлі оның мың жерден майы тамып тұрсын, өрге баспай, орта жолдан болдырып, жүні жығылып қалатыны содан еді. Осы жолыда солай еді. Қабан жыраудың шығыстан төнген қауіп туралы ұранды сөздері, кей-кейде екпінмен шығып кететін төкпе жырлары жақпар тастарға тиіп жаңғырыққанмен, көпшіліктің жүрегіне әлсіреп жетті. Ел жүрегіне барып жаңғырықпады, ұшқын шығармады» [2,93]. Жоңғар қақпасынан есіп тұрған қауіпті ел жұртына жеткізерде де дәл осы мінезі алдына орағытады. Жолынан кес кестейді. Өз сөзіңе сенбей сай –саладан әр қилы сөз жүргізіп шашығаған елінің ақсақал, қарасақалдарына жыраудың ашу –ызасыда келеді. Сонда жырау қамшыдан да қатты сөз сөйлейді. Сөйлемеуге шара не? Көктемде жылы жақтан оралар күстай болып жау есіп келе жатыр дегендегі жұртының кейіпі мынау, өз бастарын өздері қатерге тігіп аталы сөзге ергілері де, сенгілері де жоқ. «Жырау айтты:

- Қилы -қилы заман туар, қараған басын шортан шалар. Тау дегенің тау емес, үстіңе құлаған жау болып шығар. Өліктеріңді жинай алмай, өкіресіңдер, жақтарың жақтарыңа тимей сонда айтарсыңдар бізді әулие деп. Бірақ біз әулие атанғанмен сендердің қасіреттерің ортаймас, кемерінен төмендемес, қайта кемерінен асып төгіліп, еселеп арта түсер. Қолдан берген ағайын-туғанның сүйегін кеміретін ит-құс табылмай, сасыған өлексе житін шибөрілердің тойын тойлатарсыңдар. Өлімнің жаманы көмусіз қалған дейді. Одан соңғысы ата жұрттың топырағы бұйырмаған дейді. Осындай жаман өлімге ниеттерің ауып, оң беріп тұрмасаңдар, сасыған өлекселеріңе шибөрілердің иегі қышып жүрмесе, қайтыңдар мына сөздеріннен. Ана жас батыр Балтық аждаһаның аузынан келіп отыр. Бәрін көзімен көріп келіп отыр. Жаз жайлаған жайлауымыз Жоңғар Алатауының іші ыңсыған қалмақ әскері дейді. Қардың суығы кетіп болмаған күнде олар тау қуысында керней тартып, әскер ойынын ойнап жатыр. Ол ненің белгісі? Ажалдының құдай алдымен ақылын алады, мына сендер ақылдан адасып кеп тұрсыңдар» [2,94-95], – деп жау шабу қатеріне сенбей арыстанның ауызында тұрып бізді неғылсын олар, ел ішінде бекерге үрей тудырып отырсыңдар деп сөзге илаңбаған еліне дүрсе қоя береді. Ел тұтқасын ұстау, оларды бір жерге, бір ойдың асына жинай білуде оңай шаруа емес. Оны сол заманның ел ағалары жақсы түсінген. Олардың ел бастайтын қолбасшылық қырларынан бөлек әулиелік те, сәуегейлік те қырлары бола білген.

Ел басына күн туған тұста елі мен жері сенген ер тұлғалы азаматтар ел ұйқыда болғанымен өздерінің мындай ауыр күндерде қисайып тыныс алуды өз бастары үшін күнә санаған. Жау шабар қауіпінің желі ескенде қазақ даласына өзгеше бір қайғы мен мұң әкелгендей болады. Сол қайғы мұңның лебі жер ғаламды шарлайтындай. Осындай дүрбелен, жан-жақтан телміре жауап, я жау күтіп отырған даланың да хал-жайы керемет еместі. Түн ұйқылары төрт бөлініп сай саладан дыбыс пен белгі күткен сарбаздарда әбден мұңға батып қалжырайды. «Ұйқысыз, аттың пысқырғанынан басқа дыбыс естілмейтін үнсіз түн дала адамдарына зіл қара тастай салмақ салып, ауыр мұңға бастайды. Әсіресе, мынадай өз

аузыңды өзің баққан, әрі сырттан келер әрбір сыбысты қалт жібермей қатаң тәртіппен күтіп отыру мұндайға үйреншіктігі жоқ қазақ жігіттеріне оңай емес. Әйтпесе далада отыру, далада түнеу бұларға қиын болып па?» [2,100]. Қазақ даласының дәл сол шақтағы күйіде осындай еді. Расында бұл мұң зіл қара тастың салмағынан асып түспесе кем түспес еді. Жазушының шеберлігі де осынау ойран-топыранға ұласқан бұл тыныштықтың соңын суреттеп беруге жете білген. Аспандағы жылжыма, қалғымай күзетте тұрған жұлдыздардан бастап қосынның іші мен сыртын түгелімен қамтып жеткізіп отыр.

Ұзақбай Доспанбетовтың аталған романдарын қазіргі уақыттағы «Тәуелсіздік романы» атты айдарлы сөз тіркесіне жатқызуға әбден лайықты деп білеміз. Жазушының кең өлкедегі болып жатқан ауыр кезеңді бере білуінен бөлек сол кездегі ел алдында, кейіннен ел аузында жүрген біреуге аңыз, ал біреуге абыз болған дара тұлғаларды бейнелеп беру шеберлігіде үлкен. Жазушы ХҮІІІ ғасырдағы болған оқиғаларды кезең-кезеңімен дәл суреттеп береді. Оның бұл оқиғаларды жазуда ізденген ізденістері мен төгілген тері құр босқа кетпегендігі айқын көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [Ұзақбай Доспанбетов — Уикипедия \(wikipedia.org\)](http://wikipedia.org)
2. Доспанбетов Ұ. Қызыл жолбарыс: тарихи роман. Т.1. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 430 б.
3. Доспанбетов Ұ. Қызыл жолбарыс. Т.2.– Алматы: «Жоғары аттестациялық комиссияның баспа орталығы», 2000. – 392 б.
4. Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. –Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 б.

Т.КӘКІШҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МҰҚАНОВТАНУ ІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Б. РЫМҒАЛИЕВА, 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Ф.ғ.д., профессор Ж.Қ.СМАҒҰЛОВ
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Түйіндеме: Мақаланың басты зерттеу нысаны –Сәбит Мұқанов шығармашылығы мен ғұмырнамасын зерттеген еңбектерді ғылыми саралай отырып, мұқановтану ілімінің туып-қалыптасу жолына баға беру. Оның шығармаларындағы көркем шындықты беруден туындаған ізденістер көркемдік жаңалықтары мен дәстүрлі көріністер, көркемдік идеялар мен авторлық ұстанымдар сөз етілді. Ғылыми еңбектері, зерттеу мақалаларын арнайы қарастыруды мақсат еттім.

Кеңестік дәуірде ұлттық әдебиетіміздің іргетасын қаласқан, оның өсіп, өркен жаюының басы-қасында болған С.Мұқанов сол әдебиетпен бірге өсіп, бірге дамыды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Т.Кәкішұлы еңбектерінің негізгісі, сүбелісі мұқановтану ілімінің бой көтеруіне әсерін тигізді.

Кілт сөздер: алашорда, ұстаным, ұлтшыл, сыншы, мұқановтану.

Ұлттық сөз өнері тарихында да есімі мен еңбегі ерекше аталатын, кеше мен келешекті жалғап жатқан айрықша ақыл-парасат иелері, олардың шығармашылық мұралары көптеп кездеседі. Осы реттен келгенде, қазақ әдебиеті тарихының барлық жанрында ерен еңбектің үлгі-өрнектерін кең көлемде көрсетіп, қазіргі әдеби үдерісте де зерттеу мен зерделеу ісінің негізгі нысанына айналып, бірнеше буын рухани нәр алған, орта және жоғары мектептің

оқулық-хрестоматияларының басты мазмұнын құраған, ұлттық әдебиет алыптарының бірі, көрнекті тұлға – Сәбит Мұқанов.

Ғасырдың алғашқы кезеңінен 1973 жылына дейінгі заманның ыстығына күйіп, суығына тоңып, қирағанды түзетіп, жоқты бар етемін деп арпалыса, таласа-тармаса ғұмыр кешкен дарын! Ес біліп етек жиғаннан кейін, қоғам тірлігінен бір сәт қалыс қалып көрген жан емес. Өнерпаздық жолындағы бақытты шақтарын әлеуметтік тірліктегі айтыс-тартысы мен күресі бірде қуанышқа кеңелтіп, бірде опық жегізген сәттері де аз емес. Осының бәрін зор азаматтықпен атқарып, еліне, халқына мол әдеби, мәдени, ғылыми мұра қалдырып кетті [1,6].

Бір ғана идея – ұлтқа қызмет ету. Сәбит Мұқанов та сол идея негізінде жұмыс атқарған адам. «Алашордашылардың» да, тапшылдық танымдағы Сәбиттің де мақсаты – қазақ ұлтының тағдыры еді. Сәкен, Мағжан, Ілияс, Бейімбет тұлғаларымыз «халық жауы» болып тынды, Сәбит Мұқанов «Алашордашыларды сатқан» деген қаңқу сөзге таңылды. Алаш Арыстары шығармашылығы өз алдына, азаматтық ұстанымдарына да түрлі пікір қайшылықтары туады. Ғалымдарымыз тұлғаның артында қалған мұрасын тірнектеп жинап, көз майын тауыса жазып жүрсе де осы тұлғаларды әлі де болса тани алмай жүрміз. Қарапайым халық тұрмақ, кейбір «зиялы қауым» деп жүргендеріміздің өзіне, шыны керек, дәл қазір Мұқановтың жазғандарынан гөрі, зерттеу еңбектерінен гөрі сол бір қатерлі, қаһарлы нәубет жылдарындағы азаматтық ұстанымы, пендешілігі қызығырақ.

Репрессия дауылы қазақ арыстарына жеңіл тиген жоқ: көбі атылып-азапталып, біразы итжеккенге жіберіліп, түрмеге жабылды. Ал енді бір төбесі сотталған жоқ, аман қалды. Солардың бірі – біздің Сәбит Мұқанов. Осыған орай «өйтті, былай қылған екен» деген қаңқу сөз, пыш-пыш әңгімелер көп. Бірақ, біздің білуімізше, Сәбит Мұқановтың бар «жазығы» – тірі қалғаны. Әйтпесе сол қырғын кезінде оның да көрген соққысы, бастан өткізген қиямет-қайымы аз емес. «Қазақ халқы Сәбит Мұқановты осынша неге қадірлейді? Оның творчестволық өсу жолы мен өмір жолының елеулі кезеңін неге ұлттық мереке етіп өткізеді? Бұған себеп көп. Соның ішіндегі ең бір басты себеп – Сәбит Мұқановтың өз халқына деген адалдығы екендігі даусыз», – дейді белгілі қаламгер Әбдіжәміл Нұрпейісов [2]. Шынында солай, өйткені Сәбит халық мүддесі үшін қажет болса от пен суға түсе беретін. Әйтпесе қылышынан қан тамған кеңестік кезеңнің өзінде өткір ойларын айтып, жазарын жазды. Тек жеке басының қамын ойлаған адам ондай қадамға барар ма? Жазушылар Одағының төрағасы қызметінен қуылып, партия қатарынан шығарылды. Сонда оған қандай «кінә» тағылды? Олар мыналар: «Адасқандар», «Мырзабек», «Теміртас», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» сияқты ұлтшыл шығармалар жазған. «Халық жаулары» – Сейфуллинмен, Айсаринмен сыбайлас болған. Алашордашыл Мағжан Жұмабаевқа моральдық, материалдық көмек көрсеткен. Сәкен Сейфуллинді әшкерелеудің орнына, оны сынауға кедергі жасаған.

Ұлттың мүдделері үшін күрескен ұлы тұлғалардың жеке өмірін әркімдердің әрқалайша түсінетін жағдайлары бар. Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Басқа мамандардың жетіспеуінен біздің араласпай қалған жұмысымыз болды ма? Көркем шығарманы да жаздық, сонымен қатар сынмен айналыстық, саясаттың да «қолшоқпары» болдық, «бәлелі» нәрселердің бәріне де бардық» дейді. Пенде болып жаратылғандықтан тұяқтың сүрінбей тұрмайтыны хақ. Тұлғалардың жеке өміріне қатысты ой айтқанда осы бір тұсын естен шығарып ала береміз. «Қарама-қайшылық бар жерде - даму» дейтін диалектиканың заңы бар. Әдебиеттік даму – ол ұлы жаңалықтарға жол бағдар іспетті дүние. «Қазақ мәдениетінде, оның ішінде әдебиет саласында дау-дамайы, айғай-шуы басылмай келе жатқан мәселе - Сәкен - Мағжан – Сәбит түйіні. Бұлардың қым-қуыт қарым-қатынасы әшейінгі қазақи әңгіменің ауқымынан шығып, әдеби шығарма, эссе, ғылыми зерттеу, монография, мақала деңгейінде ел-жұртқа жария болып, дабыраға айналған өте қиын мәселе. Кім болса да, бұған құлақ түрмей өте алмайтын, реті келсе өзінің бояуын қоспай тұра алмайтын құбылыс. Осы қиын да даулы мәселенің шындығына жетейін, өзім көрген-білгенімді қалың жұртқа айтып берейін деп «Өнер бәсекесі немесе Мағжан мен Сәкен» деген бес жүз беттік тарихи-әдеби

эссе жазып бітіріп, баспаға ұсындым. Еңбекті жазу барысында еш қайсысына іш тартпай, тарихи шындық, құжат, мұрағат деңгейінде артығын артық, кемін кем, уақытша жеңіс пен жеңілісті түгелге жақын қамтыған сияқтымын. Тарихты жалғыз өзім ғана білемін деп өреп-өреп әрине ешкімге, оның ішінде ғалымдарға жараспайтын қылық. Осы салада соңғы кезде пайда болған жаман әдетті білмей жатып білем деушілерді, өсек-аянды малданушыларды, атақ шығару үшін атыстыра-шабыстыра сөйлеушілер мен өркөкірек қуыс кеуделерді де сынап кетуге тура келді», - дейді белгілі мұқановтанушы ғалым Т.Кәкішұлы [2,14]. Бір білетіміз, кез-келген үлкен қаламгер жайында «ол зерттеліп аяқталған» деген пікір дұрыс болмайды. Әр ұрпақ, әр зерттеуші-ғалым - тұлға қалдырған әдеби мұраны әр қырынан келіп ашады, зерделейді. Әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек бірсыпыра жылдан бері қазақ классигі Сәбит Мұқанов шығармашылығын зерттеп келе жатқаны баршамызға аян. Ол аталған жазушы жайында бірнеше ғылыми-зерттеу, ғұмырнамалық еңбегін жазғаны мәлім.

С.Мұқановтың XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы жетістіктері мен шалыс басқан қадамдары, әдебиет майданындағы даусыз табыстары мен солақай сілтеген тұстары, таптық көзқарасты қалыптастырудағы жанкешті еңбектері және алашордашылармен ат құйрығын кесісуінің себеп-салдарлары, қазақ әдебиетіне үлкен олжа салған прозалық, поэзиялық және ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуы және өзі сенген, көзсіз табынған большевиктер партиясының мұны кеудесінен итеріп, қатарынан шығаруы, ұлттық мұраларымызға, тарихи тек-тамырларымызға ерекше қамқорлықпен қарауы және кеңестік өмірдің жаршысы әрі жыршысы болуы, кейбір кезеңдік мәселелерде, әдебиеттің жеке тұлғаларына қатысты айтыс-тартыста қате де қиғаш тұжырымдар жасауы және өзінің сол мүлт кеткен, қателескен тұстарын кейін өз қолымен қайтадан түзетуі, т.б. толып жатқан ірілі-ұсақты уақиғаларға уақыт, заман, қоғам биігінен қайта баға берілуі, жан-жақты таным сүзгісінен өткізілуі маңызын арттырады.

Қазақ әдебиетінің үлкен мазмұнды да келелі дәуірін ең алғаш қарастырған еңбек – 1931 жылы жазылып, 1932 жылы Қызылордадан жарық көрген С.Мұқановтың «XX ғасыр қазақ әдебиеті» кітабы [3]. Бұнда өткен ғасыр басы қаламгерлері тұңғыш рет жүйелі қарастырылып, жекелеген портреттер жасалған. Сол кездегі «байшыл-ұлтшыл» қаламгерлерді «әшкерелеу үшін» жазылған еңбек жөнінде кезінде әрқилы пікірлер айтылды. Олардың ең алғашқысы – сын ретінде жазылған Е.Бекеновтың «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» деген атпен жарық көрді (1935) [4]. «Бұл кітапша ...бірінші сын» ретінде – әдебиет тарихы мәселелерінің реттеліп, жүйеге келтірілуіне қосылған қомақты еңбек санатынды [4, 3]. Қазан төңкерілісінен кейінгі жылдары жазылған еңбектерді бағалауда саясатқа байланысты сыңаржақ пікірлер басым болғандықтан, бүгінгі жаңғырған азат ой-пікір тұрғысынан қайта зерделеу міндеті тұр.

Әдебиетші Т.Кәкішұлы С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабын XX ғасырдың алғашқы ширегін кең қамтып, өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын жазуға өз септігін тигізген бірден-бір еңбек ретінде таниды [5,151]. С.Мұқановтың өзі бұл еңбегін жазудағы дәлдеген нысанасына әлеуметтік-көркемдік мән беретіндігін айта келе, ол мақсатының астарлы ойларын Т.Кәкішұлы былайша таратады: «20-жылдары баспасөз бетінде айғай-шу, дау-дамай тудырғандар әр газет-журналдың пұшпағында қалып қоймай, өздерінің бар келбетімен, жазғандарымен, оқушы қауымға жетсін, іздеушілері табыла қалса, бір кітаптан тауып, осыдан бастау алсын деген ішкі есептің сілемі жатқандай болып көрінеді маған. Осы ойы бүгінде жүзеге асып, шындыққа айналып, біздің іздеушілердің қолынан түспейтін дерек-ақпараттың қордасы болуы оған нақты дәлел», - дей отырып [6, 219], С.Мұқановтың еңбегін оның өзге кітаптарымен кешенді түрде қарастырады. Ол үшін Т.Кәкішұлы қаламгердің «Адасқандардағы» «Еркіннің сыры» бөлімінде айтылған ойларына, пікірлеріне жүгінеді [6, 219]. «Мұндай қасиетке ие болған еңбекті даттап-қаралағанша қадір тұтып, шын сырына қаныққанымыз жөн болмақ», - деген пікір [6, 218] әдебиет тарихының шын мәніндегі жанашырына ғана тән. Оның бұл еңбегінің мән-мазмұны мен құндылығы жайындағы: «С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген монументальды еңбегінің нәрі мен сөлін дұрыстап бағдарлап, артық-кем айтқандарын әшкерелеу үшін емес,

кұрбандыққа шалу ниетімен емес, тарихымызды түзету, шалыс қадамдарды оңға бастау мақсатымен пайдалана білуіміз керек», - деген пікір аса бағалы [6, 220]. Т.Кәкішұлының бұл ойы С.Мұқановтың өзінің: «...тың жатқан мәселеге із салып, пікір көтеру. Сонымен қатар бытыраңқы материалдарды системаға келтіріп, әрбір шығарманың шыққан себебін тексеріп, жол ашу болады», - дейтін ой топшалауымен астасып жатыр [3, 11]. Бұл айтылғандар – Т.Кәкішұлының әдебиет тарихын зерттеуде ғылымилық пен көркемдіктің ара жігін ажыратып, әдебиет пен тарихтың ара байланысын қисынды зерделейтін ғалым екендігіне жеткілікті дәлелдер. Ол С.Мұқановтың «азаттықты армандаған» «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктерін» былайша бағалайды: «Мектеп оқулығы төңірегінде шала-шарпы айтылып келген ақындардың творчествосын анықтауда, әдебиет тарихын жасау процестерін бағалауда бұл еңбектің үлкен роль атқарғаны мәлім» [7, 133]. Демек, С.Мұқановтың бұл еңбегі біріншіден, тарихи деректер мен нақты даталарды келтіргендігімен; екіншіден, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет тарихын жазудағы оның өкілдерін бір жүйеге келтіруге талпынғандығымен; үшіншіден, тек әдебиет өкілдері ғана емес, солар туралы деректердің кімнен, қалай алынғандығы туралы, яғни тарихилығымен; төртіншіден, кезінде датталған, қазіргі кезде ақталған «Алаш» ардагерлерінен А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, О.Қарашұлы, М.Жұмабайұлы, Сұлтан-Махмұт, С.Дөнентайұлы, Б.Күлейұлы, М.Әуезұлы, Ж.Аймауытов шығармашылығын талдап, ал өлеңдерінен мысал ретінде алынған Ахмет Мәмен, Кенжеғали Ғабдол, Біләл Сүлеев, Жүніс Бабатай, Қ.Кемеңгертердің есімдері, сол жылдары ұлтшыл бағытта жазылған деп танылған кітаптары жарық көрген Х.Досмұхамедұлы, Мұрат ақын еңбектерінің атала отырып, әдебиет тарихында есімдерінің жазылып қалуында үлкен рөл атқарғандығымен құнды. Соның арқасында қоғам қайраткерлері жөнінде осындай ұлтын сүйген «алашшыл» азаматтар болған екен деп, ауыз толтырып айтуға болады. Өйткені, шындығында: «XX ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа қомақты да мол деректі еңбек жазылған емес», - деген ғалым Т.Кәкішұлының ойына қосылмасқа болмайды. Әрі өзінің белгілі дәрежеде энциклопедиялық мәнге ие бола алғандығымен; қазақ әдебиетінің сол жылдардағы дәуір ахуалын көрсете білгендігімен; ғылыми негізде еңбек жазуда алғашқы болып көш бастағанымен бұл еңбек үлкен мәнге, тарихи құндылыққа айналғандығы оның ең басты артықшылығы болып табылса керек. Талданған тоғыз қаламгерден «ұлтшылдықты» іздеу, ата-тегіне, шыққан жеріне қарай «байшыл» деп тану басым болса да, бұл зерттеу – тарихи дерек көзінің негізгісі болып қала беретіні анық.

Т.Кәкішұлының «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Мағжан-Сәкен» (1999), «Сәбең әлемі» (2000) сынды еңбектері де ізденістен туған, әрі дерек пен дәйекке, жаңа көзқарастарға негізделуімен мәнді. Жаңа материал, уақыт бедері, көзқарас эволюциясы соны сипат, серпінді сөз етілуімен бедерлі. Маңыздысы, әрине кеше-бүгін байланысы, жаңа көзқарас айқын. Орайлы тұста еске алсақ, ғалымның әдеби-ғылыми һәм шығармашылық ізденісі мен зерттеу еңбектерінің дені – Алаш мұраты мен мирастарын ардақтап, «Алыптар тобын» мадақ еткенін айқын аңғарар едік. Еңбек Ері, көрнекті қаламгер Ғ. Мүсірепов: «Алыптар тобы деп Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар тобын санаймын. Осылар бір мезгілде әдебиет майданында шарықтап шыққан, әр жерде болса да, әрқайсысы революцияға үн қосқан, революциямен бірге көтерілген, сол кездегі ең алғашқы үлкен топ – атақты жазушылардың, ойшылдардың мен шәкіртімін» дегенін еске түсірсек [8, 19], бұдан сөз жоқ, XX ғасырдың тұтас табиғаты, ұлт руханиятының даму үрдістері, ақын-қаламгерлердің көрнекті корифейлері көз алдымызға келеді.

Мұқановтану ілімінің қалыптасу тарихы жүйелі және өте өзекті тақырыптардың бірі. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтың: «Қазақта, мың жазушы болса – ол көп емес, он жазушы болса – ол аз емес» деген сөзі бар. Ұлттық әдебиеттану мен сынындағы жеке ғалым-әдебиетшілердің Сәбит Мұқанов туралы қорғалған диссертацияларының өзі айтарлықтай көп емес және аз да емес. Сондықтан бүгінгі тәуелсіз көзқарас – қазақ әдебиеттануы, оның ішінде Мұқановтану ілімінің қалыптасу жолын жаңаша танымда зерттей отырып, жетістігі мен кемшілігіне баға беруге ұмтылуы қажет. Сәбит Мұқанов туралы ғылымның тарихын зерттеу,

ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің арғы бастауларын анықтау, бастан өткерген туу және қалыптасу кезеңдерінің тарихи жолдарын зерделеу, дәуір талаптарына орай жасаған ізденістер мен іркілістерді саралау, жаңаша көзқарас таныту – бүгінгі күннің басты міндеті.

Қазақ әдебиет тарихының сахынасында кешегі Әлихан Бөкейхановтар, Ахмет Байтұрсынұвтар, Мағжан Жұмабаевтар оятпақ болған ұрпақ болды. Бүгін оянған ұрпақ. Ертең «Алаш» идеясын жүзеге асырушы ұрпақ дүниеге келеді. Сол кезде өскелең буынға біздің Сәбит Мұқановтар туралы саналы пікір жеткізілуі үшін айтылып жатқан бұл мәселелер – сонысымен де өзекті болып табылады. С.Мұқановтың жиырмасыншы жылдардағы дау-дамайларға кедей таптың жалауын көтеріп, аса белсенділікпен араласқаны, әдебиет туралы айтыс-тартыстарда ерекше көзге түскені, «Сәбит араласқан істің түзелгені көп болумен қатар, бұрмалана бұзылғандары да аз емес» екендігі, осының бәрін ол көзсіз сенім, алғаусыз көңілмен атқарғандығы жайында ұзақ айта беруге болар. Бұл жазушының өмір жолына, атқарған істеріне, шығармашылық мұратына толайым тың, кәміл жаңа көзқарасты аңғартады.

Әдебиет тарихындағы орындары, ұлт руханиятына қосқан сүбелі үлестері,аға ұрпақтың үлгі-өнеге алып,бірнеше буынның өсіп-есеюі де еске түседі. Күрделі кезең көріністері мен оның қайраткер – қаламгерлері хақында профессор Т.Кәкішұлы көзқарастарының да негізі бары анық: «–Азаттықтың тұма бастауында Алашорда көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, тұраншыл тұлғалар Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбайұлы тұр. Сонымен бірге түрікшіл, әлеуметшіл Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллиндер де аз еңбек сіңірген жоқ, бұл күрескерлердің барлығы да ұлты үшін Күлтегінше айтқанда «қара терін ағызғандар, қызыл қанын төккендер!». Бұл қайраткерлердің азаттық үшін арпалысқан соқпағы соқтықпалы, жолы бұралаң, асар асу тайғақ һәм тар болды. Бірақ солардың, сол секілді ірі қайраткерлердің сан ғасырлық күресінің арқасында азаттыққа даңғыл жол қаланды, тұманда адаспайтын тұрғы белгіленді, бүгінгі ұрпақ кешегі көрмек толқынның жемісін жеп, әлемнің геосаяси картасына Қазақстанның алып даласын қаламмен сызды, қыран рәмізделген көк туды бүтін жаһанға мәшһүр етті» [9], Ұлт алыптардың өмір жолы тоқтамайтын тың дүние болғандықтан, осы ғылым саласының басты капиталы қоғамды назарда ұстап, біркелкі сана дариясына құйдыру, сіндіру руханиятпен үндестіру міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов- ғұлама ғалым. Монография. Алматы: Білім, 2010.- 392 б.
- 2 Кәкішев Т. Сәбит әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2003.- 214 б.
- 3 Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі әдебиеті). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932. - 460 б.
- 4 Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1935. - 72 б.
- 5 Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. - 169 б.
- 6 Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 264 б.
- 7 Кәкішев Т. Сәбең өткелдері. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. -320 б.
- 8 Әдебиет – кәсіп емес, өнер. – Алматы: Жалын, 1987. - 93 б.
- 9 <https://qazaquni.kz/rukhanijat/41376-ustaz-ulaghaty>

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯ

МОЛДАҒАЛИ НҮРШАТ КЕНЖЕТАЙҚЫЗЫ

6B01707 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: **БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ**

PhD., қауымдастырылған профессор

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан

Түйіндеме. Мақалада көрнекті қаламгер Дүкенбай Досжанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылған әңгіме, хикаяттары, ондағы қоғам мен адам, заман шындығы кең көлемде талданады. Жазушы шығармашылығындағы тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтар мәні де сөз етіледі. Жазушы еңбегі мен шығармашылық мәселесіне де тиісінше орын беріледі. Қаламгердің шығармашылық мұрасы, ондағы адам өмірі мен еңбегі, жанр мүмкіндігі мен көркемдік құндылықтары, мәтін құрылымы, образ жасау жолдары, тіл мен стиль сипаттары, соңында қалған мұралары ұрпаққа үлгі, келешекке аманат. Ендеше, оның туындыларын талдап, әдебиет әлемінен әлі де болса тереңірек орын беру – міндет.

Кілт сөздер: жазушы, тақырып, жанр, көркемдік, мәтін, эстетика, тіл.

Дүкенбай Досжан – астарлы шындықты бағамдайтын шыншыл қаламгер, қоғамдағы өткір тақырыпты дөп басып жазатын жазушы. Бұл ретте қаламгердің шығармашылығын үш бағытта қарастыру жөн. Біріншіден, көне ғасыр қойнауынан ер түрік рухын тірілткен алпысыншы жылдар басындағы тарихи тақырыптағы – «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби» шығармалары. Екіншіден, бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған өмірзая ұрпақтар образдарының галереясы – «Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі», «Кісі ақысы» кітаптары. Ал үшіншіден, ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен сериялық кітаптар қатарына – «Мұхтар жолы», «Абайдың рухы», «Алыптың азабы» кітаптарын атасақ болады. Бұл орайда Д.Досжанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 60 жылдай жабулы тұрған мұрағатына алғаш кіріп, сот құжаттары желісімен 1992 жылы «Абақты» атты дерекнама кітабын жазғанын айта кеткеніміз жөн. Артынша, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қырғынының қанды ізімен – «Алаң» романы дүйім жұртқа жол тартты. Біздіңше, бұл туындылар тақырыптық мәнімен, елдік-ерлік рухын асқақ көрсетуімен, бастысы жанр жүйесі мен көркемдік өрісті, танымал тұлғалардың өмір-тағдырын дәлелді де нақты, нанымды суреттеуімен құнды.

«Дүкенбай Досжан қолтаңбасының ерекшелігі: дүниені суретпен көреді, аллегория, шендестіруге жиі жүгінеді. Тіл құнары бай. Көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашуда – ой ағынына, пәлсапалық түйін түюге, максималистік көзқарасқа басымдықпен қалам тербейді» [1, 6]. Бұл жай ғана көзқарас емес, расында солай. Осы ретте, жазушы Әбіш Кекілбаевтың Дүкенбай Досжанға арнап: «Жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы» дегені ойға оралады. Дүкенбай Досжанның қаламы жазбаған, сиясы тимеген тақырып жоқтың қасы деуге болады. «Ол жеке бастың қамын күйттемей, әдебиетке адал қызмет ете отырып, аса төзімді, аса бейнетқор, ақжарқын кейіпкерлер галереясын жасады. «Өмір сүру – өнер», «...әр тағдырдың өз шындығы бар», «ақын – жаратқан иенің жердегі көзі», «жікшіл адам жартыкеш» секілді көптеген ой оралымдарын туғызды» [2].

Мәселен, жазушының «Ине ұшындағы өмір» хикаятындағы оқиғаның басталуы, қызған шағы, бас кейіпкердің дертті жұқтырып өмірінің астан-кестені шығуы (шиеленісуі), оның себептері мен салдарын іздеуі, сүйіктісіне қосыла алмай арманда кетуі. Әңгіме басында бір рет аты аталған грузин жігіті Жұманың оқиға соңында діттеген мақсатына жетіп, еріксіз күле беруі. Оқырманға екіұдай ой салып қояды автор. Айбар ауыр дертті абайсызда жұқтырды ма, әлде қасақана жасалған нәрсе ме?

Онда негізінен заманның өзекті болған мәселесі, ғасыр дерті – ЖИТС ауруы жайында егжей-тегжейлі ақпарат беретін жазушы, адамзаттың тағдыр алдындағы әлсіздігі, дұрыс

жүріп-тұру, адал өмір сүру, махаббат пен ғадауат, тіршілік пен өлім мәселелерін қозғайды. «...Дүниені бар бояуымен сезіну – адамның аса бақытты кезеңі. Кейінгі кезде сол бояу солғын тартып, мына тіршілік дәмі таңдайына кермек татып бара жатқандай. Жасыл бояуды сезінбейді, жүрегі лоблып құсқысы келеді» [3,7]. Бұл бас кейіпкер Айбар Арыстанұлының соңғы кездегі жай-күйі. Автор осы хикаяты арқылы аты жаман дерттің неге мына ғаламды дендеп кеткендігіде тереңірек үңіле отырып, оған тұщымды бірнеше жауаптар береді: «...Адамдар қатыгездене түсті. Аяушылық азайды. Бірін-бірі жоюдың сұмдық жаңалығын ашты. Ғылым мен техника заманы адамның рухани жетілуін ұмыттырды. Дүниені жалған деп жалпағынан, жанымен қабылдаудан қалды. Рухани әдепті тозған киімше лақтырып, жан әлемін жетілдірудің орнына қатып қалған заңдылықтардың қалбырына қамады. Адамдар Жоғарғы еріктен қол үзді», - дейді қаламгер. Бұл ретте ұлы жаратушыға сенім артудан, үміт етуден тиылғандардың сүрлеуі соқпақ өмірдің кермек дәмін татарына көзсіз иландырады. Одан кейін: «... Ең жаманы – адам санасына күдік пен өшпенділік дендеп енді. Не істесек те еркімізде, есеп алып, таразыға салып істеген күнәні өлшеп-пішетін құдірет жоқ деген сенім иектеді», - дейді ашынып. Артынша, дөңгеленген дүниенің науқасқа айналғанын, оны емдей қоятын құдірет-күш шықпағанына назар аударады. «Адам ағзасындағы ауру бірте-бірте жерге ауысты. Тіршілік тамырын қиған қилы қатерлі шіри бастаған денелерді, атом қалдықтарын, улы заттарды жер қойнына көміп құтылуға дағдыланды. У мен ауру қоймасына айналған дүние ырғағынан жаңылып, қалыпты райы бұзылып, әр түкпірде жер сілкіну, өзен, теңіздің тартылуы, дауыл, аштық, індет, тұмау, соғыс, ереуіл, опасыздық дендеді; ертеңінің не боларын болжап білу қиындады.

Керісінше, көріпкел, тәуіп, құмалақшы, жорамалшы, машайықтар көбейіп: «... бұл не деген заман туды!», - деп гөйгөйледі. Осыдан барып аса қатерлі жалмауыз дерт дүниеге келді. ЖИТС шықты» дейді тағы да тереңірек қазбалап. Құлшынып жүрген кісіні бақи жалғанға жүр-жүрлеп мәңгі ұйқыға жетелейтін дерттің жаратқан иенің жер бетіне жіберген алғашқы хабары, көктамырға есірткі егіп, бейберекет жыныстық қатынас жасаған сайтанның сапалағына тікелей төндірген сазайы, ашу-ызасы осы болғанын меңзейді. ЖИТС те дерт. Оны автор қоғам кеселі деп танып, көркемдікпен меңгеріп, өмір ағынымен сабақтастықта сөз етеді. Табиғатын ашады. Тереңіне енеді.

Анығын айтсақ, жазуға да, зерттеп-ізденуге ауыр тақырып. Рухани салмақ салатын дүние. Адамға күдік пен қорқыныш сезімін, сонымен қатар сақ жүрудің, абай болудың, мұқияттылықтың мұраттарға жеткізетінін ескертеді. Одан бөлек, Д.Досжанның адам бойындағы үрей мен тәкаппарлықтың түйісетін тұсы, екі сезімнің бір мезетте ақылды байлауы, оның қандай жағдайда адам баласының басына түсетінін дөп басып жазған хикаяты – «Үрей». Осы бір туындыны жазу үшін ол аспан тәңірісіндей көрінген, үнемі басын бұлт бүркеп тұратын, Қазақстанның ең биік нүктесі – Хантәңірі шыңына аяқ іліктірген кісіні іздеп табады. Үнемі бұлт сүтін еміп, төмендегі пенделерге бауыры жібімейтін алып шыңға барысша ытырылып шыққан тәуекелшіл кісімен ауызба-ауыз тілдесуді жөн көреді. Мақсаты – шың басына шыққан альпинистің көңіл күйін өз аузынан есту, жүрек дірілін дөп басып суреттеу. Нарынқол селосының ауруханасында белінен шойрылып жатқан альпинисті іздеп баратын автор, оның тау шыңына шыққандағы көңіл күйін өз аузынан естімекке ниет етеді. Осы орайда бір ғана хикаят жазу үшін Д.Досжанның қаншама ізденісі, ақиқатқа ұмтылуы, шындыққа сүйенуі сүйсінтеді. Асылы, туынды табиғатынан, шынайы шығарма астарынан да авторлық ұстаным аңғарылады. Ойға алсақ, шығармасында шынайы кейіпкерлер өмірі суреттелген бұл хикаятта да өз күшімен биліктің шыңына шығып, Премьердің көмекшісіне дейін көтерілген Шұғайыптың бойын кенеттен жалмаған үрей туралы баяндалады. «... Шың басына шыққан адамды ең әуелі ұлы тәкаппарлық сезім билейді (тәкаппарлық емес, ұлы тәкаппарлық)», - дей келе қаламгер: «...Премьер үстелі – Хантәңірі шыңы» деген сөзді Алматы мэрінің аузына салады. Биліктің алып шың екендігін, оған мықтылар ғана адымдап шыға беретіні, сәл әлсіздік танытқан жандардың ылдилап құлап, тіпті сүйегінің табылмай қалатынына мысал келтіреді. Автордың: «... Биікке шыққан кісіні биіктік дерті шалады. Бірі табан астындағы терең шыңырау, екіншісі сол тереңге жұтылам ба деген тілсіз үрей

мендеген кісі ашушаң әрі айнығыш. Тұла бойы қалш-қалш тітіреп, жүрегін қатал мінез мендейді», - деуі де тегін емес. Билік басына шығу жолы қандай азапты болса, шыққаннан кейінгі тіршіліктің тіпті де қиын екендігін, тәкаппарлық пен үрейдің қатар жүретіндігін тұспалдайды. Шұғайыптың халі туралы: «Өзін биік шың басына шыққан альпинист секілді сезінгені, басы айналып, аяғы тайып шыңырауға құласа ғой, жан баласы сүйегін теріп ала алмайды. Қанша нық тұрамын дегенімен көкірегінен көлеңке үрей жуылмайды. Биіктің өзі үрей», - деп жазғанында шынайы шындық, көркемдік өрнектер мол. Бейнелілік суреттер көрінісі кең орын алады. Тіл мұраты да айқын.

Бұдан басқа, көрнекті қаламгердің әңгімелерінде ұлттық болмыстың белгісі, қазақи тұрмыс-тіршіліктің мән-жайы ұтымды берілген «Шортанбай», «Қымыз», «Саумал», «Көкпар», «Өрік» секілді әңгімелерін атауға болады. Қаламгердің әңгіме жазудағы және шығармаларының өзгешелігі жайында қаламгерге арналған «Тарланбоз» кітабында профессор Рақымжан Сағымбекұлы: «... Шағын жанрдағы ізденісі алабөтен. Сөз қолданысы, сөйлем нақышы – бәз-баяғы дүниені суретпен көру шеберлік мектебінен. Ұлт мұраты, халықтық салт-дәстүр өнегесі кейіпкердің өзіне шақ көйлегіне ұқсап қанық та алуан бояуымен көрініс тауып, кеп шертеді. Әңгімелеріне («Жаңғақ», «Нәресте», «Жолаушы», «Өмір арбасы»), «Шырақшы», «Тегіне тарту», «Екі дүние есігі») тән басты аллегория – «әу» дегеннен атойлап алғы межеде, жұлынтұста. Түпқазық мазмұн, уақыт тынысы сахарадан соққан ыстық желдей аңқаны кептіреді. Кейіпкер мінезі, тіл-стиль сипаты әрдайым жақұт тасы есепті тосын қырынан жарқ та жұрқ көзге ұрады. Адамгершілікті биік ұстау, жақсылық, ізгілікке ғұмырын сарп ету («Жаңғақтағы» шешен шалы Ахмет); ұлт мұраты, ұрпақ қамы, адал жар сипаты («Нәрестедегі» Мыңжасар, Зәуре); көріпкелдік, шығармашылық құдірет («Шырақшы», «Суретші»); туған топыраққа тарта туу («Қызыл кеніш оқиғасы», «Тегіне тарту») тайға таңба басқандай, сұлуға алқа таққандай көз тартып, көңіл көншітеді» [4, 151].

Тегінде, әдеби шығармашылық іргелі ізденіс пен ерен еңбекті қажет етеді. Үнемі іздену, еңбектену, зерттеу және зерделеумен өткізген әрбір күні босқа кетпей, халыққа қарлығаштың қанатымен су сепкендей кестелі ойы, көркемсөз өнерімен нәр берді. Кітап палатасының есебі бойынша, Қазақстандағы ең көп оқылатын жазушы атағын алуы да тегіннен тегін емес, сондай-ақ, әр жаңа тақырыбы оқырманын бей-жай қалдырмайтын тың дүниелерге қол созатын қаламгер қазақ әдебиетінде таза тарихи тақырыпқа тұңғыш қалам тартқан автор деп танылды. Өйтпеске болмас, дүниені сөзбен суреттеп, оған бойындағы бар жиған асыл сезімдерімен бояу беріп, ешкімге ұқсамас қияли қанатымен көкке өрлетіп, сезім шырғалаңы арқылы өне бойынды шымырлатар әр шығармасы бір-бірімен салыстырары жоқ, бірінен бірі оза шауып тұрған асыл мұра деуге әбден болады.

Саралар болсақ, көркем сюжетке десек пе, әлде тағдырлардың тылсым жолмен тоғысуына әкелетін сырлы сезімге толы «Келіншек асуына» назар аударайық. Автор үлбіреген нәзік сезім, мұңлы сағыныш, зорығу, қимастық пен ғашықтық ғадауатын ғажап суреттейтін әңгімеде адамзат баласының мыңнан біріне ғана берілетін, сезілетін махаббат дүниесін алдыңызға паш етеді. Дүниеқұмар, сараң күйеуінен күнгейдің қойшылары қарызға ши алып қыстауға көшіп кеткенінде кеткен ақшаға іші удай ашыған Жүзжасар қарыз ақысын алып келуге күні тұтамдай қараша айының аяғында алыс жолға келіншегі Тұрсынбаланы еш қиналмастан аттандырып жібереді. Жолда табиғаттың тосын мінезінен жол азабын тартқан келіншекті күнгейдегі жылқышы, бала кезде бірге өскен қорғаушысы Досай тауып алады. Ол қалай, неге тапты?

Күнделікті әдетінше, жылы-жұмсағын жеп алып, мамық төсегіне жантая кететін Досайдың сол бір түнде ұйқысы қашып, ішінің алай-дүлей болуы, оқтын-оқтын терезеден аяздың ысқыруын тындап қоятыны, жақын маңда жанына жылу сезген жүрегі, таңға дейін көз ілмеуі, белгісіз себептермен тысқа шығып, әлдекімді іздеуі – автордың оқырманға қалдырған жұмбағы. Осы арқылы түн баласы суықта үсіп отырған Тұрсынбаланы тауып алуы, екеуінің арасында бұрын маздап, кейіннен сөнуге айналған нәзік сезімнің қайта тұтануы, қорғаушысын кезіктіріп, Тұрсынбала ендігі өмірінің сәулелі болатынын ойлауы қаламгер құпиясы дерсіз.

Айтып отырғанымыздай, Д.Досжанның қаламы тимеген тақырып жоқтың қасы. Ол мөлт еткен бір сезімді, қылт еткен бір құбылысты құр жібермейтін жазушы. Кез келген ұсақ-түйек дүниелерге тереңірек мән беріп, қажетінше жан бітіреді. Тілсізді үнді етеді, құнсызды құнды етеді. Бұл ретте адамзат баласының қойдан жуас мінезді, көнбіс, табиғатынан момын боп жаратылатын жандарға арнаған – «Момындар» әңгімесінің де орны бөлек. Ондағы басты кейіпкер, ортақ шаруаға әсіре бейіл Айса шал – жұрт аузындағы «момын Айсекең» ауылдағы қандай іске, жұмысқа болсын белсене кірісіп, ауыл адамдарының қажетіне жарап жүргені. Жұрт тісі батпайтын істерге қолынан келгенінше мехнатпен құлшынып кететін ол, бұл жолы да ауылдас диканшы дүние салғанда көр қазуды нәубет көрген ауыл жігіттерінен алға шығып, қасына баласындай бауыр басып кеткен Тойболдыны ертіп алып, мәйіттің үйін дайындауға көшеді.

Бесін ауған уақытта шаруаларын бітіріп, үсті-басын қағып, жаназа оқылатын жерге келгенде, Айса шалдың көнбістігінен көрер азабы әлі де бітпеген болатын. Жолда көлік бұзылып, жаназа оқылатын уақыттан өтіп кеткен соң жеткен молда мәйітті тағы бір күн қалдыруға ұйғарым етеді. Шарифат заңы бойынша, алдын ала қазылып қойылған көрге бір адам түнеп шығуы немесе қайта басқа жерден қазуы қажет. Білген кісіге көр қазу оңай шаруа емес, сондықтан оны қайта қазу машақатына қарағанда ішіне таң атқанша түнеп шығуды жеңіл көрген Айса шал бейіт басына аттанады. Пенде емес пе, жүрегі өрекіп қорықса да, оның үстіне молданың дастархан басында айтқан әңгімелері есіне түсіп, бойын үрей билесе де, көрдің іші қараңғы, әрі сыз, жәндіктердің көптігіне қарамастан момын шал берілген уәде бойынша өз міндетін орындауға көшеді. Онсыз да белі ауыратын қарияның сызға денесінен суық өтіп, жәндіктер қаумалап таңға дейін құр сұлдері қалады. Молданың бір ауыз сөзін, шарифат үкімін жерге тастағысы келмеген ол осыдан кейін дертті болып көп уақыт төсек тартып жатып қалады. Оқыған сайын оқи түскің келетін қызықты оқиға.

Ендігі кезекте мистиканы тірек ететін «Нәресте» әңгімесін алып қарайық, салтдәстүр, ата-баба жолы, қазіргі заманның ағымы – барлығын тоғыстыру арқылы ғажайып туынды дүниеге келген. Жаңа туған нәрестені ағайыны Бекбергеннің қыстауымен баяғы бабасынан қалған кеудеше тонға орауынан бүкіл сұмдықтың басталғаны. Кішкентай сәбидің ай толғанда бет әлпеті өзгеріп, тістері ақсиып, кәртамыс кісіге айналатыны ата-анасының дегбірін қашырады. Шақыртқан дәрігерінің айтуы бойынша, нәрестедегі құбылу – миллион жылдарда бір туатын феномен, яғни болашақта айтқаны айнымай келетін сәуегей болады деген сөз.

Осылайша, оқи берсең – тереңірек қаза түскің келетін, ой ішінен ой теретін әңгімелерге бай қаламгердің идея табудағы, кейіпкер таңдаудағы талпынысы алабөтен. Оқырманның жан әлемін, жүрегін тербетуге машықтанған жазушының жауһар шығармалары ағылшын, орыс, жапон, қытай, швед, чех, молдаван, мадияр, монғол, эстон, украин, түрік, пұштын тілінде жеке жинақ болып жарық көрді. Әлемнің бірнеше елдерін мойындатқан осы тектес туындылар ел мақтанышы, болашақтың мұрасы іспеттес – орны ерекше жәдігерлер деп білеміз. Бұдан басқа, «Кісі ақысы», «Ақыл иесі», «Қос бұтақ», «Қыз әні», «Пайғамбар», «Жылы жауын», «Жігіттің бір жұрты», «Ергежейлі», «Шипалы су», «Жаңғақ», «Екі дүние есігі», «Құланшыда қалған із», «Қыдырдың құбылысы» т.б. шағын жанр туындылары өмірдің қилы сәттерін, адамның кейбір кездерін, тағдырлы-тұрлаулы мезеттерді кең түрде, терең сипатта суреттеледі.

Ал Д.Досжанның «Ергежейлісіндегі» Яғымусы туралы Азамат Есенжол сайқымазақ балалардың тілінде «жағымсыз» аталып кеткен кейіпкері «...еш қалыпқа сыймайтын, өз басымен өзі алысып жүрген әпендімінезі көңілімді қатты толқытты», - дейді. Бұл туындысында автор кейіпкер таңдаудағы ерекшелігін анық аңғартады. Адамдар бұрын-соңды естігенімен, өмірлерінде кездесіп көрмеген ергежейлілер туралы тамаша туындыны алдыңызға паш етеді. Ергежейлі Яғымус – бұрын ұшыраспаған, тосын бейне, тың образ. Құйтақандай кішкентай кейіпкерін жазушы жанды қуыршақша шырқ үйіріп сөйлете білген. Жан сарайын аралап көрсеңіз, жүрегіңіз сыздайды. Әңгіменің өне бойынан жалғыздық... жетімдік... жетіспеушілік... дерті желдей еседі. Жүрегіңді кермек мұң кеулеп, тұнжырай

түсесің, әлемтапырық күй кешесің. Яғымустың жалғыздық дертін өзің де бастан кешкендей боласың. Сөз, сөйлем баланың ойымен өріліп, әрқилы әсерге бөлеп, бесіктегі сәбише тербетеді. Жүрекке қоңыр мұң ұялайды. Шығарма нендей кепті сөйлетсе де оқылып, оқырман ойын сан-саққа жүгіртіп, толқыта білсе, дегеніне жетті деп білгейсіз. Күндердің күні қаламгер иелігінен шығып, халықтың көркемсөз қазынасына айналады [5].

Анық аңғарылатын жәйт: автор тақырыптың ішкі иіріміне еркін енеді. Табиғат көріністерін көркем, бейнелі баяндайды. Қаһарман характерін, әрекет-қимылын жіті бақылайды. Оқиға өрімін, көркемдік қабылдау жүйесін, талдап-зерделеу мәнін табиғи дамытады. Көркемдік өрнектер, тіл қазынасы кеңінен көрініс береді. Бұл реттен алғанда, сөз жоқ автор ойлары мен толғаныстары мәнді, баяндау мәнері нәрлі, ой-сөз жүйесі айқын, тіл мүмкіндіктері, көркемдік әдіс-тәсілдер жүйесі бедерлі, өмір-тұрмыс, тағдыр талқысы сенімді суреттеледі. Жазушы еңбегінің құнарлы қырын, ұнамды сипаттарының бірі осы.

«... Жазушы Д.Досжан шығармашылығы: ізденіс, еңбек, шеберлік сынды талант пен тағдырдың, таным мен талғамның, қалам мен қарымның мүмкіндік-иірімдерін айқын аңғартатын асыл арналардан, туған ел-жердің арғы-бергі тарихын танып-білуден, көркемдік-құпияларына құштарлықтан бастау алады» [6,328]. Бұл профессор Р.Сағымбекұлының қаламгердің жеке шығармашылығына арнаған сөзі. Оның айтуы бойынша, шығармашылық еңбектің болмыс-бітімі, өмір құбылыстарының көркем әлемге көшу процесі, қаламгердің қоғам-адами бейнесін танып-түстеу, әдеби-ғылыми байыптауды, ізденіс пен зерделеуді қажетсінеді. Бұл – бір. Екіншіден, Қағаз бен Қаламның құдірет-киесін терең сезіну, соған сай іргелі ізденіс жасап, ерен еңбек ету – ұлт мұратына, ел-жерге, тарих пен танымға, ең негізгісі, руханият ісіне адалдықты айқын аңғартады. Жазушы Д.Досжан шығармашылығы осы мақсатқа әбден лайықты. Жазушы мұраты да осы [6,339].

Осы орайда қаламгердің сөздік қоры жайында М.Жолдасбеков: «...1974-1986 жылдары Ұлттық ғылым академиясының тіл білімі институты он томдық қазақ тілі түсіндірме сөздігін шығарды. ...Осы он томдықта ең көп мысал, сілтеме – Д. Досжан шығармаларынан алыныпты. Мұның өзі қаламгер тілінің бай әрі құнарлы екендігінің, шығармаларының бейнелі екендігінің айғағы. Дүкенбай шығармаларының тіліне ерекше көңіл бөлу керек. Қазақ прозасында ой ағынын, дәлірек айтсақ сөзбен сурет салу, сөз сиқырымен (қандауыры) кейіпкер жансарайына еркін ену тәсілі – Д.Досжан әңгімелерінің ерекшелігі. ... 1996 жылы Мемлекеттік сыйлықты иеленді. Өз қиялына, өзі бояған көркемдік әлемге арбалған адамдай көзжұмбақпен сену сирек құбылыс. Әсершіл, әсірешіл суретшіде ғана жиі ұшырайды. Бояумен елестетуді авангард мектебінің түлектері жиі ауызға алады. Сөзбен елестету – психоанализ мектебінен өсіп-өнген үрдіс» - дейді [7].

Сайып келгенде, жазушы Д.Досжанның шағын жанрдағы туындылары қоғам мен адамның, заман шындығы көріністерін кеңінен қамтып, оны тақырыптық тұрғыдан байытып, жанр мен көркемдік үрдістер, тіл мүмкіндіктері негізінде нақты да нанымды суреттейді. Қаламгер көзқарасы мен қолтаңбасынан адам өмірі мен еңбегі, ауыл мен қала көріністері, тарих пен таным арналары, дүниетаным иірімдері мен тәрбие тағылымы кең орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досжан Д. Көркемсөз шебері: библиографиялық көрсеткіш. /Д.Досжан – Астана: Фолиант, 2012. – 222 б.
2. Өмірзақ А. Ұлт болмысын ұлықтаған қаламгер. / А. Өмірзақ // Түркістан, 13. 09. 2017. [Электронды нұсқа] – URL: <https://turkystan.kz/article/39872-lt-bolmysyn-ly-ta-an-alamger>
3. Досжан Д. Ине ұшындағы өмір / Д. Досжан – Астана: Фолиант, 2002. – 112 б.
4. Тұрысбек Р. Тарланбоз // Р. Тұрысбек. Құбылыс – Алматы: Дәстүр, 2015. – 482 б.
5. Есенжол А. Жанкешті жазушы. /А.Есенжол // Астана ақшамы. – 2012. – 12 мамыр. [Электронды нұсқа] – URL: <http://www.astana-akshamy.kz/zhankeshti-zhazushy>
6. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. Зерттеу мен зерделеу. / Р.Тұрысбек – Астана: Арай, 2008. – 632 б.
7. Жолдасбеков М. Оқырманы ең көп жазушы. / М.Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. - 08. 09. 2012. [Электронды нұсқа] – URL: <https://egemen.kz/article/okyrmany-en-kop-zhazushy>

АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР (ТҰРСЫНЖАН ШАПАЙ ЗЕРТТЕУІ НЕГІЗІНДЕ)

НҰРЛАН ГАУҒАРТАС НҰРЛАНҚЫЗЫ

магистрант

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауым.профессор ТАКИРОВ САРЖАН УАХИТОВИЧ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

Түйіндеме. Бұл мақалада қозғалатын басты мәселе – сыншы, жазушы Тұрсынжан Шапайдың Абай шығармаларын зерттеу, жан-жақты талдау мақсатында жазған еңбектерінің ғылыми-көркемдік ерекшеліктерін анықтау. Осы мәселені көтеру арқылы әдебиет сынының даму тарихындағы, абайтану саласындағы Тұрсынжан Шапайдың өзіндік орнын айқындау мүмкіндігі туады. Сыншының ғылыми зерттеу еңбектерін саралап, талдау жасау абайтану саласындағы ізденістерді танып білуге мүмкіндік береді.

Тұрсынжан Шапай әдеби сын бағытында жазған еңбектері мен шығармалары жекелеген зерттеулердің арасында қарастырылғаны болмаса, қазіргі кезде арнайы ғылыми мәселе ретінде зерттелмеген. Сыншы ғылыми еңбектері мен шығармашылығы арнайы зерттеуді қажет ететіні белгілі. Мақалада осы мәселелер сөз болады.

Аннотация. Главная проблема, затрагиваемая в этой статье – это выявление научно-художественных особенностей произведений, написанных критиком, писателем Турсынжаном Шапаем с целью изучения, всестороннего анализа произведений Абая. Поднимая этот вопрос, появляется возможность определить место в истории развития литературной критики, Турсынжана Шапая в области абаеведения. Анализ и дифференциация научно-исследовательских работ критика позволяет распознать исследования в области абаеведения.

Турсынжан Шапай в литературной критике не рассматривался как особый научный вопрос, если не рассматривался среди отдельных исследований. Известно, что научные труды и творчество критика требуют специального изучения. В статье речь пойдет об этих вопросах.

Abstract.

The main problem addressed in this article is the identification of scientific and artistic features of works written by the critic, writer Tursynzhan Shapai in order to study and comprehensively analyze Abai's works. By raising this issue, it becomes possible to determine the place in the history of the development of literary criticism, Tursinzhan Shapai in the field of Abai studies. The analysis and differentiation of the critic's research works makes it possible to recognize research in the field of Abai studies.

Tursinzhan Shapai in literary criticism was not considered as a special scientific issue, if not considered among individual studies. It is known that the scientific works and creativity of the critic require special study. The article will focus on these issues.

Кілт сөздер: әдеби сын, сыншы, абайтану, шығарма, поэзия.

Ключевые слова: литературная критика, критик, абаеведение, сочинение, поэзия.

Keywords: literary criticism, critic, Abaustudies, work, poetry.

Қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтану ғылымы осы уақытқа дейін ғалымдар назарынан тыс қалып көрмеген. Қазақ әдебиетінде, оның ішінде қазақ поэзиясының шырқау биігінен орын алған Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдап тауысу мүмкін бола қоймас. Себебі әр зерттеуші-ғалым, саралау үстінде өзінше бір жаңа ой, өзгеше көзқарас, көркемдік ерекшеліканықтайды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Абай шығармашылығы туралы тың ойлар айтыла бастады. Сондай жаңа көзқарастың, ерекше әдеби сын жазу үлгісінің иесі – Тұрсынжан Шапай. Т.Шапайдың «Ой түбінде жатқан сөз», «Шын жүрек – бір жүрек», «Қазақтың жаны» деген еңбектері жарық көрді. 2001 жылы «Шын

жүрек – бір жүрек» атты кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазіргі қазақ лирикасы, лирикалық тұлға және абайтану мәселелерін жазған. Жүзден астам ғылыми, әдеби және публицистикалық мақалалар авторы.

Әдеби сыны мықты әдебиет – ұлы әдебиет. Ал сол сынды орынды әрі дәлме-дәл айта білу – үлкен шеберлік пен терең ойшылдықты талап етеді. Тұрсынжан Шапайдың сыны бұрынғы үйреншікті кемшілігі мен басым тұстарын анықтап, талдап беретін сындарға қарағанда мүлде өзгеше екендігін бірден аңғаруға болады. Сыншының ой иірімі мен сөз саптауы, жазу стилі мен ойлау жүйесі шығармашылығымен, зерттеу еңбектерімен жаңа танысқан адамды таңдандырмай қоймайды. Бұл жайында белгілі зерттеуші, абайтанушы Т.Жұртбай: «...Тұрсынжанның жазған әдеби-сыни мақалаларын сын деп қабылдай алмайсың. Ол – Тұрсынжанның өзінің мына әдебиетке, өнерге, қоғамға деген көзқарасын білдіретін төл туындысы. Жай көзқарас емес, көркем көзқарас», – деп пікір білдіреді. Сыншының әдеби сын жазудағы шеберлігін: «Тұрсынжан сонау жыраулар әдебиетіндегі поэзияны талдасын, бүгінгі күнгі лириканы талдасын, оның түбінде ой жатады. Және сол көркем шығарманың, өлеңнің астарын дәл табады», - деп жазады [1].

Қазіргі таңдағы абайтану ғылымына сүбелі үлес қосқан Т.Шапайдың құнды еңбегі – «Шын жүрек – бір жүрек» кітабы. Кейін бұл еңбек «Анық Абай» атауымен қайта басылып шықты. Бұл кітап өзінің Абай шығармаларын зерттеп, талдаудағы өзінің тосындығымен ерекшеленеді. Сыншы ақынның шығармашылық келбетін, дара тұлғасын ашуға барынша тырысқан. Ғалым Г.Пірәлі кейін «Анық Абай» деген атпен шыққан Тұрсынжан Шапайдың зерттеу еңбегінің әр тарауын жеке-жеке талдап, талдау барысында жоғары баға беріп: «...Тақырыптар ғылыми монографияларға, диссертациялық жұмыстарға тән тірескен ғылымилық байқалмағанымен оны тереңдей танып, ішкі табиғатымен Абайды да, өлеңді де өзінің өзегінен өткізе білген білімпаздықты байқайсыз. Өзінің зерттегелі отырған нысанасына өлердей ғашық әрі оны терең танып білетін кәсіби маман екенін танытады», - дейді [2,174].

Абай шығармашылығының өзгелерге ұқсамайтын тосындығымен ғаламат қуаты қазақ жеріндегі поэтикалық деңгей мен оқырман қауымның өзгеруіне ықпал етті. Осы жөнінде Тұрсынжан Шапай «Анық Абай» кітабындағы «Кемеңгер» атты мақаласында ақынның тыңдаушының жақсы-жаман қасиеттерін саралағанын жазады: «Өз сөздерінің түрі жат, түбі терең екенін, мұндай сөзді «ынталы жүрекпен» ұғу керек екенін Абай да неше мәрте ескертеді. Сөз ұқпаудың да түр-түрі бар. Соның ішінде, салғырттық, ынтасыздық – Абайға қайғы» [3,21].

Сыншы ақынның идеалындағы тыңдаушы-оқырманды өлеңінен үзінді келтіре отырып, келесідей сипаттайды:

«Жүрегі – айна, көңілі – ояу,

Сөз тыңдамас ол баяу,

Өз өнері тұр таяу,

Ұқпасын ба сөзді тез?

«Өз өнері тұр таяу» деп, Абай жақсы тыңдаушыны өз парасатының деңгейіне көтере әспеттейді» [3,21].

Ұлы дарын иесінің шығармашылығына қарап отырсақ, өлеңдерінде тек өзіне тән тартымдылық, қайталанбас қолтаңбасы айқын көрінеді. Ақын рухани байып, қабілеттерін шыңдап, поэзия сусынымен сусындауы үшін жан-жақтан білім іздегені анық. Сыншы осы тұрғысынан Абай бәріміз білетін Пушкин, Лермонтов, Толстойдан басқа ақындарды да оқыды деген пікір келтіреді: «Мәселен, оның Фетті оқығанында күмәнім жоқ. Фет етістіксіз өлеңімен талайды дүрліктірді. Абайдың, керісінше, ыңғай бір етістіктерге жүк артатын өлеңдерінде Фетпен де іштей бір бәсеке бар сияқты көрінеді де тұрады». Бұл пікіріне дәлел ретінде: «Мәселен, «Қызарып, сұрланыптағы» естелік, наз, көңіл-күй, сезім құбылыстарының алмасу, даму динамикасы – үстемелеп келетін толып жатқан етістік-баяндауыштармен беріледі. Бұл – бітіп болмайтын ұзақ бір сөйлем, бір тыныспен айтылған

сыр. «Тотықұс түсті көбелек», «Оспанға» («Жайнаған туың жығылмай») сияқты өлеңдерінде де Абайдың етістікке жасаған «эксперимент!» айқын көрінеді» - деп жазады [3, 23].

Сыншы ақын Феттен бөлек В.А.Жуковскийді де оқыған деп ойлайды: «Асқа, тойға баратұғын» өлеңінің фабулалық сұлдерін, қойылған негізгі мәселенің түп-төркінің іздесек, Жуковскийдің, «Людмила», «Светлана» балладаларына, сол арқылы неміс ақыны Г.А.Бюргердің «Ленора» балладасына, сосын... Г.Гейнениң Лермонтов аударған бір өлеңіне шығамыз. Осындай қиыр-шиыр жол кешесіз. Ал Абайдағы кейбір бейне, сарындардың тегін тектесеңіз, бұдан да қиын бұраландарға түсесіз...» [3, 23].

А.Құнанбайұлы орыс ақын-жазушыларының шығармаларын тек оқып қана қоймай, аударма жасағаны бәрімізге белгілі. Бұл жөнінде зерттеуші: «Аударма — Абай үшін шеберлік жетілдіру, өнер жарыстыру ғана емес, өзі теңдеспен сырласу, ортасына «жат» ойлар мен сезімдерді қазақша өрнектеу талабынан туған қажеттілік деп қарау керек» - деп пайымдайды [3, 23]. Осы «жат» ойлар мен сезімдерді қазақша өрнектеу барысында Абай қазақ поэзиясында үлкен орны бар табиғат лирикасын кеңінен ашып, енгізіп кетті. Т.Шапай бұл құбылысқа былай деп баға береді: «Абай табиғат лирикасы арқылы қазақ өлеңінің назарына және бір жаңа көкжиек ашты, жаңа көркемдік тәсілдер енгізді. Ең бастысы — сол көркемдік объектіні игеру, түйсіну, өрнектеу, бейнелеу үстінде және бір сала жаңа поэтикалық, тіл жасақтады. Бұл – қазақтың көркемдік санасындағы ұлы төңкерістердің бірі болды» [3, 27].

Қазақтың бас ақынының аударма саласында тынбай еңбек еткені соншалық – қаншама аудармалар жасалып, соның әсерінен керемет туындылар дүниеге келді. Бұл жайында Тұрсынжан Шапай: «...Абай өлең жазған жиырма шақты жылдың ішінде қазақ өлеңі әлемдегі поэтикалық мәдениеті ең зор елдердің поэзиясымен үзеңгі қағысты. Бұл мерейлі оқиғаның мезгіл-межесі, нақты «датасы» – Абайдың көп атақты өлеңдері жазылып үлгерген, Пушкиннен ғажайып аудармалар жасалған 1889-90 жылдар деп шамалаймыз», - деп өзінің жоғары бағасын береді [3, 21].

«Анық Абай» кітабына енген тағы бір маңызды мақала – «Абай мен Дулат». Сыншы мұнда Абайдың бойындағы осынша тұмса талант пен ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан қазақ сөзінің мәйегі бұрыннан бері сабақтасып, кейінгі ұрпаққа беріліп келе жатқанын айтады. Осы арқылы Дулат пен Абайдың арасындағы сабақтастықты жеткізгісі келеді. Абай Шортанбай, Бұқар жырау мен Дулат жайлы, олардың шығармалары жайлы бекерге сөз қозғаған жоқ. Т.Шапай Абайдың бұл ақындар туралы айтқан сөзінің мәнін: «...Шортанбай, Дулат шығармашылығының халықшылдық, әлеуметшілдік сипаттарын, өзіндік шындығы мен әсемдігін жоққа шығару емес – жаңа поэтиканың туғанын жариялау. Осы фактіні жұрт санасына сіңіру үшін нақ солардың беделі қажет болды деп түсіну керек», - деп түсіндіреді [4, 226].

Зерттеуші Абай мен Дулат арасындағы параллельдерді, шығармашылықтарындағы үндестікті нақты дәлелдер келтіре отырып көрсетеді. Тіпті, екеуіндегі мұң мен зар да ұқсас екенін жазады: «Дулаттағы әлеуметтік Мұң – қазақ санасында бұрын болмаған жаңа күй, жаңа сарын. Әуелден бар ел айырылғанның зары, жерден кеткеннің сағынышы, жаудан көрген жапаның ыза-наласы, қара орман, қарындастың қайғысы емес, мынау – бауыры бүтін, бас аман, елде, жерде отырып елдіктен кетудің күйігі» [4, 227].

Уақыт өте келе бұл сарын Абайға да көшкен: «Абайдағы зар – адамнан басталады. Тұстастарының надандығын, күйкілігін, алауыздығын, ынтасыздығын, пәлекорлығын, кербәкқан берекесіздігін... мінеуден басталады. Пенденің құлқы түзеліп, көкірегіне ғылым, білім шам жаққанда ғана заман оңалмақ, қазақ теңелмек, Абай шығармашылығының әлеуметтік пафосын айқындаған – осы сенім» [4, 227].

Сыншыекі ақын арасындағы байланысты былай түйіндейді: «Абай жаңа поэтикалық тіл жасақтады дедік. Оның бұл жөнінде де ең жақын кеңесшісі – Дулат болғаны күмәнсіз» [4, 227].

Тұрсынжан Шапай: «Дулат – Абайдың ризашылығына анық лайық ақын еді. Дулат кеменгер інісінен мадақ дәметуге толық хақылы кісі еді. Есіл жырау, керісінше, Бұқар

бабасы, Шортанбай замандасымен бір сапта данышпан ізбасарынан аяусыз «сөгіс» естіді! Жетілген, толған, озған шәкірттің, ұлы дарынның астамсуы емес (болса да, айып емес), бұл «сөгіс» – поэтикалық ұлы реформаның декларациясы еді» - деп Абайдың ақындардың шығармашылығы туралы айтқан сыны жөнінде өз пікірін білдіреді. «Ал бұл жарияның формасы – сөгіс бола ма, мадақ бола ма, мәселе онда емес. «Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрауды» Абай анықтап өзі айтпаса да, Абай шығармашылығының рухы, жаңа поэтикалық мәдениеттің шырқау биігі айтар еді. Бұл – ескіні жерлеу емес, жаңаны жарлау. Ал, жарнаманың тілі жақынды, жатты танымайды – жарық дүниеге жаңа шығу керек!», - деп сөз соңын түйіндейді [4, 227].

Сыншының да бір абайтану ғылымында орны ерекше еңбегі - «Шын жүрек – бір жүрек» мақаласы. Онда ақынның «Сен мені не етесің?» атты ерекше өлеңі жан-жақты талданады. Т.Шапай: «...Өрнектелген сезім сипатының оқшаулығына орай, «Сен мені не етесіңнің» мазмұндық, пішіндік тұрпаты да өзгеше жаратылысымен қайран қалдырады. Ұйқас-ырғақ жүйесі, әуендік-интонациялық сазынан тартып, шумақтық құрылымы, композициялық бітіміне дейін тосын. Қайталап оқыған сайын, жаңа ашылған ғажаптай құбылып, түлеп, көздің жауын алады да тұрады...», - дейді өлең құрылысы мен болмысына тамсана [5, 92].

Әдеби сыншы ақын өлеңінің сындырылған тармақтарын, ұйқас түрін, сезімдер иірімін, көркемдік ерекшелігін зерттеп, тарқата келіп: «Осылайша, лирикалық монолог — диттегеніне жетпеген, үмітіне алданған қаяу көңілдің өзек ертер сыры, жан сергелденін, жүрек дертін жеңе алмай санасы санға бөлінген пенденің ішкі дүние аласапыранын қалтарыссыз жайып салып, толассыз ақтарған өксікті күйі болып өріледі» - деп ойын қорытындылайды [5, 98].

Абайдың өзіне дейін тумаған, одан кейін қайталанбаған туындысы жөнінде: «Адам жанының бар қалтарысын тінтіп, күллі бүкпесін жазған бұл дәрежедегі психологизм қазақ өлеңінде Абайға дейін болмағанын білеміз. Осы тұрғыдан қарағанда, «Сен мені не етесің» Абайдың өз шығармашылығында да оқшау тұрған дүние», - деп лайықты бағасын береді [5, 100].

Г.Пірәлі қазіргі қазақ әдебиеттануындағы абайтану саласына соңғы жылдары қосылған соны серпін, жаңа сөз абайтанушы ғалым Тұрсынжан Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты еңбегінен байқалатынын айтады. Осы еңбектің әр бөлімін өзінің абайтану саласы жайындағы зерттеуінде талдай отырып, әдебиет сыншысының стиль даралығына да назар аударады: «Ғылыми еңбектің жазылу стилі де тосын. Бейне бір ақындардың толғау, эсселері секілді. ...Эсселік леп ескен жұмыста керемет бір лирикалық лебіз, жүрек жылытарлық күрделілік, тамыры тереңге тартқан білімпаздық, қойнауы қатпар-қатпар ойлылық – әрбір сөз, сөйлем, тіркестегі тұнып тұрған тереңдіктен танылады, мазмұннан мен мұндалайды» [2, 177].

Тұрсынжан Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты кітабын Абай шығармаларын зерттеу мен зерделеуде абайтану ғылымына өзіндік тосындығымен келген еңбек деуге болады. Ақынның шығармашылық келбетін, өлеңдегі Абай мен өмірдегі Абайдың ара қатынасын тереңнен толғап, ақындық және ғалымдық көзқараспен шынайы дара тұлғасын ашуға тырысқаны байқалып тұр. Мысалы, автор «Аңыз бен тұлға» атты эссесінде: «...Абайдың өмірінен бар білетініңді, өлеңінен бар түйсінгеніңді парықтасаң, анық Абайдың дидарында осы екі әлемнің (өмір – өлең) нұры бірдей тоғысқанын көресіз. Өмірдегі Абай адамшылыққа, махаббатқа өлеңдегі Сыңарымен бірге жетілмек ниетін танысыз. Әрине, өлеңдегі абайдың жетілуіне кедергі жоқ. Өмірдегі Абайдың аяғын тұсаған... Ұлы адам – тіршілікте пенде» - деген секілді салыстырулар арқылы бейнелеген [3, 11].

Т.Шапайдың шығармаларына назар аударсақ, шытырман оқиға мен шиеленіске толы, ұзақ жазылған дүниелер жоқ. Автордың басты ерекшелігі – туындыларындағы ықшамдық. Шағын ғана дүниемен келелі мәселе көтеру, салмақты пікір білдіріп, оқырман қауымға үлкен ой тастай білу – асқан шеберлік. Сыншы күлдіре отырып, терең ойға батырады, кейде жылатады. Себебі, өз көргені мен сезгенін суреттеп отырып, өміріміздегі қарама-

қайшылықтарды санамалап, өз бейнемізді көз алдымызға келтіріп отырады. Бұның барлығын сәйкесінше, ащы мысқылмен жаныңа батыра баяндайды.

Тұрсынжан Шапай – қазақ әдеби сынында даралығымен, қайталанбас айрықша жазу стилімен, ойлау жүйесімен ерекшеленетін тұлға. Оның ғылыми, сыни мақалалары мен эсселері қазақ әдеби сынына, абайтану ғылымына жаңа леп, жаңа өрнек әкелді. Сыншының зерттеулері, қаламынан туған еңбектері сонысымен құнды, көркемдік ерекшелігі жоғары әрі мазмұндық салмағы басым. Сол себепті зерттеушінің шығармашылығы мен ғылыми еңбектері әлі де талдау мен саралауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұртбай Т. Тұрсынжан ұстанымы: Эссе // Қазақ әдебиеті. – Алматы. <https://qazaqadebieti.kz/>
2. Пірәлі Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы(1920-2005): Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті,2016.–309 б.
3. Шапай Т. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы: Т.1. Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: «Арда+7», 2017. – 424 б.
4. Бабатайұлы Д.Б. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, мысал өлеңдер. Зерттеулер, пікірлер. – Алматы: «Ана тілі», 2013. – 296 б.
5. Шапай Т. Шын жүрек - бір жүрек: әдеби-сын, зерттеу, эсселер.– Алматы : Жазушы, 1999. – 222 б.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ

САДУАҚАС НҰРБОЛ АБДУЛЛАҰЛЫ
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Андатпа. Мақалада «туған жер» концептісі туралы лингвистикалық талдау жасалған. Адамның туған жері, өскен елі, оның табиғаты туралы талданған. Туған жер мен салт-дәстүр, тарихы мен мәдениеті ана тілімен байланыста қарастырылған. Поэзиялық шығармалардан деректер келтірілген.

Тірек сөз: Туған жер, ана тілі, өлең, мәдениет, салт-дәстүр.

Аннотация. В статье сделан лингвистический анализ концепта «родная земля». Анализируется место рождения человека, страна, в которой он вырос, его природа. Родная земля и традиции, история и культура рассматриваются в контакте с родным языком. Приводятся данные из поэтических произведений.

Ключевые слова: Родная земля, родной язык, стихи, культура, обычаи и традиции;

Annotation. The article provides a linguistic analysis of the concept of "native land". Analyzed about the place of birth of a person, the country in which he grew up, his nature. The native land and traditions, history and culture are considered in contact with the native language. Data from poetry works are given.

Key words: Native Land, native language, poetry, culture, traditions.

Тіл білімінің әлемдік деңгейдегі жетістіктері ғасырлар тоғысында оның жаңа бір бағытта дамуына жол ашты. Бұл бағыт тіл білімінің бұрынғы қалыптасқан құрылымдық жағынан өзгеше бір жаңа теориялық бағытта зерттеу жүргізуді алға тартқан болса, мұны тіл табиғатын антропоцентристік сипатта қарастыру бағыты деп білеміз. Тіл ұлттың мәдени құндылықтарын, тарихи даму жолын, өзіндік ұлттық танымына тән дүниетанымын, ішкі рухани әлемін, салт-санасын бейнелейді. Олай болса, тіл тек қатынас құралы қызметін ғана емес, сол халықтың ұлттық танымын да танытады. Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы антропоцентристік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді. Осы бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын «Адам – Қоғам - Табиғат» байланысы арқылы зерттеу болып табылады [1.4]. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер осы ғасырда өнімді түрде қолға алына бастады. Академик Ә.Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты ойлары қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына негіз болды. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен психология, философия, логика, мифология, этнография т.б.-мен тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным, дін сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз болады. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивлингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралатын болғандықтан, оны танымдық тіл білімі немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентристік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі зерттеу нысандары – таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой. Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт - тіл мен адам санасын, тіл мен танымды біртұтас жүйеде қарастыру, сондықтан айнала қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, тілдің танымдық сипаты когнитивтік лингвистикада терең қарастырылады.

Адам баласының тұрмыс-тіршілігімен, оның үздіксіз алға дамуымен байланысты игерген ой-таным, білім-ғылым жетістіктерінің әр кезеңіндегі парадигмасын когнитивтік зерттеулер арқылы нақтылау қажеттігіне ғалымдар ерекше назар аударады. Дүниені тіл арқылы тану деген түсініктің өзі, түптеп келгенде, алдымен әлемдегі кез-келген құбылысты ғылыми тұрғыдан зерттеп білу деген ойды білдіреді, яғни осы ғылыми жаңалықтарды тіл көмегімен таңбалап, одан әрі терең тануға болады. Сондықтан ғылыми тұрғыда зерделеу нәтижесінде әр тылсым сырдың құпиясын ашып, оны қалай танып келгенімізді анықтауға қол жеткіземіз. Белгілі бір заңдылықты толық зерттемейінше оны әр кезеңде әртүрлі жағынан бірте-бірте танып, әрбір ғалым өз танымына сай көзқарасын білдіретінін де ескерсек, тілдегі әр категорияны немесе әр концептіні зерттеп білу қажет деген тұжырым жасауға болады. Когнитивтік лингвистиканың басты бірліктерінің бірі «концепт» термині адамның таным әрекетімен, мәдени көзқарастармен ұштасып, ұлттық салт-дәстүр, ой-санасы, өзіндік болмысымен беки түседі. Қазақ тілтануында когнитивтік мәселелерді арнайы зерттеген ғалым Э.Н.Оразалиеваның еңбегінде қазақ тілтану ғылымының қалыптасу, даму ерекшелігі, концептілік жүйенің терминдік қызметі жөнінде жан-жақты қарастырылды [2]. Ал когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі К.Ә.Жаманбаеваның еңбегінде тілдік қатынастың танымдық мәселелері тілдік сана төңірегінде жинақталып, негізгі мәселелер психофизиологиялық, психологиялық, философиялық, тілдік, әдебиеттану тұрғысынан кешенді түрде танымдық жүйеге біріктіріле талданды. Бұл жұмыста тілдік

сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелерді қарастырып, тілдік сананың құрылымын анықтап, гештальт теориясынның негізін жан-жақты ашып көрсетілді [3]. Когнитивтік құрылымның концептуалды көрінісі, күрделі жүйе тудыру ерекшеліктері де бүгінгі күні жан-жақты қарастырылып жатыр. Қазақ тілін когнитивтік негізде зерттеу бағытында ғалым Ж.Манкееваның тіл мен ой, тіл мен ұлт арасындағы, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы тілдің табиғатын анықтауға байланысты көзқарастары, ғалым Б.Момынованың қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам) жөнінде когнитивтік бірліктердің көріністену (репрезентациялану) ерекшеліктерін, бағалауыштық сипатын қарастыруы, А.Исламның когнитивтік лингвистикадағы «тілдік тұлға» мәселесін көтеруі қазақ тілтанымында танымдық жүйедегі зерттеулердің деңгейін көтерді. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика ғылымның қалыптасуына негіз болған аталмыш еңбектер тіл қолданысындағы когнитивтік негіздердің зерттелуіне айтарлықтай өз үлесін қосты. Концепт термині туралы берілген анықтамалар өте көп. Концепт пен ұғым арасындағы бірлік пен өзіндік ерекшеліктері жөнінде пікірлер де әртүрлі сипатта берілген. Концепт әр ұлттың мәдениеті, тарихы, өзіндік болмыс-бітімін танытатын көптеген бөлшектерден құралатын және ұлттық менталитетті танытатын бүтін бірлік, күрделі құрылым деп білеміз. Ғалым Ғ.Қ.Хасанов: «Концепт дүниені тану барысындағы тілге дейінгі санада тұжырымдалған мазмұнды ойлардың жиынтығы, сондықтан дүние туралы түсінік санада ойша (ментальді түрде) шоғырланады, сол түсініктердің ішіндегі маңыздылары сигналдық тірек ретінде ақиқат дүниені танытады», - дейді [4.27]. Ал ғалым А.Ислам: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Концептінің басты қызметі – дүниенің тілдік суретінің басты элементтерін атау», - деп түсіндіреді [5.56].

Бүгінгі таңда концепт ұғымы ғылыми айналымға белсенді түрде енді. Ол когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты терминдерінің бірі боп саналады. Осы тұрғыдан концепт көптеген зерттеушілердің: лингвист, филолог, когнитолог мамандардың зерттеу нысанына айналып отыр. Зерттеушілер «ұғым», «мағына», «концепт» термині арасындағы бірлік пен айырмашылығын да анықтауға ерекше маңыз береді. «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей сияқты, себебі «концепт» латынның «conceptus-ұғым» сөзінің мағынасын беретін аудармасы болғанмен де, екеуінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл жөнінде ғалым Ғ.Қ.Хасанов: «Концепт-лингвистикалық категория. Бірақ бұл ұғымдардың мағынасы бірдей емес. Егер ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы», - дейді [4.28]. Осыған орай, концепті арқылы ұлттық құндылықтарды, оның мәдени болмысы мен өзіндік менталитетін таныту мақсатында «Туған жер» концептісінің танымдық сипатына жыраулар поэзиясы көмегімен талдау жасалды. Халқымыздың болмыс-бітіміне «туған жер» ұғымы ерекше құрметке ие құнды дүниелердің бірі болып табылады. «Туған жер» - атадан балаға мирас болып қалатын мәдени және рухани мұра. «Туған жер» концептісінің танымдық сипатын анықтау мәселесін әдебиеттану саласында зерттеудің маңызы зор, себебі туған жерге қатысты танымдық ой-тұжырымдар, әсіресе, ақын-жыраулар поэзиясында ерекше көрініс табады.

Туған жер – әр адамның кіндік қаны тамған, балалық бал дәурені өткен, азамат болып, ат жалын тартқан, ата-бабасының, ата-анасының және өзінің туып-өскен, өсіп-өнген мекені, құтты мекен, кіші Отаны, туған елі, ағайын-тумасының ортасы, «алтын бесік», «балалық шақ өткен ұмытылмас кездің куәсі», «ата-анасының көзі», «ұшқан ұя», «туған тілі», «ұлттық салт-дәстүр бесігі», «ұлттық рухани мекен», «туған жер-су аттары», ұғымдарымен сипатталатын жұмақ жер.

Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» деген толғауында бастан-аяқ ата-бабасы жайлаған, туған жерін «жұрт» сөзі арқылы тоғаған. «Алаң да алаң, алаң жұрт, Ақала

ордам қонған жұрт, Атамыз біздің бұ Сүйініш, Күйеу болып барған жұрт, Анамыз біздің Бозтуған, Келіншек болып түскен жұрт, Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт, Кіндігімді кескен жұрт, Кір-қонымды жуған жұрт, Қарағайдан садақ будырып, Қылшанымды сары жүн оққа толтырып, Жанға сақтау болған жұрт», - деп жырлайды [6.29]. Осы жыр жолдарында «жұрт» сөзімен өзінің кіндік кескен туған жері, жуынып, адам болған жері, елін қорғап, қарағай ағашынан садақ иіп, жанына пана болған мекені, ата-бабасы өмір сүрген, әке-шешесі шаңырақ көтерген жері ұғымымен байланыстырады. Одан әрі толғауды оқи түссек, «Салп-салпыншақ анау үш өзен, Салуалы менің ақ ордам қонған жер, Жабағылы жас тайлақ, Жардай атан болған жер, Жатып қалып бір тоқты, Жайылып мың қой болған жер», - деп туған жерінің табиғаты, өзені, жайлымы, малы бірлікте суреттеледі. Қазтуған жырау туған жерінің табиғатын өте сүйіспеншілікпен жырлайды. «Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай, Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған, Шырмауығы шөккен түйе таптырмас, Балығы көлге жылқы жаптырмас, Бақасы мен шаяны Кежідегі адамға, Түн ұйқысын таптырмас, Қайран менің Еділім», - деп жырлаған [6.29]. Осы жыр жолдарында «туған жер» сөзі жалаң айтыла салмай, туған жердің табиғаты ондағы өзеннің балығы, бақасы, шаяны, шырмауығы мен түйе, жылқы малымен қоса байланыстырылып, ыстық ықыласымен жырланады. Қазтуғанның осы толғауын келтіре отырып, «туған жер» концептісінің танымдық сипатын тереңірек таныстыруға мүмкіндік жасаймыз. Қазтуғанның толғауындағы «туған жер» концептісінің аясында адамның өсіп-өнген жерінің бүкіл көріністері, табиғаты, жан-жануарлары, шөптері мен ағаштары, т.б. деректі және дерексіз заттар танымдық сипатта берілгенін байқаймыз. Тілді танымдық жағынан зерттеуде оның терминдеріне (концепт, фрейм, гештальт, сценарий, т.б.) назар аударып, тіл теориясы мен танымды бірлікте қарастырамыз. Сондықтан концептіге қойылатын талаптардың бірі ұлттық ұғымдар мен тілдік теорияны ұштастыра алып, ұлттық болмыс-бітім ерекшелігін таныту болып табылады. Концепті ұғымын бүгінде когнитивті лингвистикада жалпы төрт түрге бөліп қарастыру кеңінен тарағаны байқалады, яғни лингвомәдени концепт, ұлттық-мәдени концепт, мәдени концепт, когнитивті концепт. В.А.Маслова өз еңбегінде «маған қуанышты (фрейм), мен қуанып тұрмын (сценарий), қуанту (схема), қуаныштан аспанға секіру (картина)» мысалдары арқылы концептінің құрылымдық түрлерін көрсеткен екен [6.14].

Халқымыз «туған жер», «туған ел» сөз тіркестері өзара ұқсас мағынада жұмсалып, бірінің орнына бірін қолдана берсе де, олардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері барын да ескерген. «Туған жер» концептісі ақын-жыраулар шығармашылығында «кіндік қаны тамған жер», «тұсауын кескен жер», «дала», «атажұрт», «атамекен», «құтты қоныс», «атақоныс», «ауыл», «туған ел», «ел-жұрты», т.б. өзектер арқылы танылады. Бұл ұғымдар халықтың ертеден өзіндік таным әлемінің төрінен орын алған киелі түсініктер, рухани құндылығы болып табылады. Ақын-жыраулардың қайсысы болса да, туған жерін жырға қоспай қалмаған деуге болады. Асан қайғы жырында «Ата жұрты бұқара, Өз қолында болмаса, Қанша жақсы болса да, Қайратты туған ер ғаріп», - деген жолдар бар [6.25]. Бұл сөздерде «ата жұрт» ер жігіттің Отаны ретінде көрініс тауып, туған жер мен Отан бірлікте алынған. Ақын Күдеріқожа Көшекұлының «Қарқаралы, Қазылық» деген жырында «Жаз жайлауға шыққанда, Қонушы едік жазылып, Қыс болғанда қонған тау, Жаз болғанда көшкен тау. Бәйбішелер отырып, Сабаларын толтырып, Нияздарын аштырып, Наурыздама берген тау. Басымнан малым кетпеген, Үстімнен боран өтпеген, Күңіреніп дәурен сүрген тау. Құтты, құтты, құтты тау, Құт сан қара біткен тау, Өмір бойы іздесем, Табылмас сендей сүтті тау», - деп туған жері Баянаулы Қазылықты жырға қосқан [6.296]. Демек, бұл жерде туған жер әсемдік, сұлулық, байлық, молшылық, жақсы дәурен сүру сияқты модельдер арқылы танылғанын байқатады.

«Туған жер» концептісі адамның өсіп-өнген жері, сол жер туралы ес білгенде көрген-түйгені, жерге деген қимас сезімі, сағынышы арқылы да беріледі. Ақын Мәделі Жүсіпқожаның «Мәделінің елімен қоштасуы» деген өлеңіндегі: «Аман бол, Қосжарсуат туған жерім, Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім. Жем беріп арғымаққа желе жортып, Жылқыны бұрқыратып қуған жерім», - деген жолдарында туған жермен ыстық қоштасуы,

жерін қимау сияқты көңіл-күй анық байқалады [6.266]. Махамбет ақынның жырларында туған жер сөзі Отан ұғымымен тең алынып, оны қорғау мәселесі ерекше көтеріледі: «Еділ үшін егестік, Тептер үшін тебістік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдык», - деп жырлаған [6.187].

Ақын Сарышолақ Боранбаев шығармаларына зер сала оқысаң, алдымен, ол өзінің туған жерін, өскен мекенін, оның табиғатын, өзені мен даласының құмына дейін асқан сүйіспеншілікпен жырлағанына көз жеткіземіз. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі, өз танымы бойынша Ұлы құмның сипатын оның табиғатымен, суы мен шыбық ағашымен бірлікте алып, ұштастыра көркем сөзбен, бейнелі теңеулермен жырға қосады. «Айналайын, Ұлы Құм! Жаз болғанда тербеліп, Шәушілдейді шыбығың. Бәйшешегің көкке сермеліп, Қыздай еді қылығың» [7.124]. Туған жердің табиғатын жалаң суреттемей, оны аң-құстарын көзге көргендей елестетіп, күн сайын көзі көріп жүрген керемет суретті өз танымындағы сұлу сөзбен өріп нанымды етіп жеткізеді. «Қояның қойдай өретін, Шіл құлдырай жөнетін. Қарсағың қашып қырқадан, Әр төбеден түлкі өнетін. Кекілік шулай асатын, Тұрымтай ен сап беретін. Үкілер улеп түнімен, Ерекше күйге басатын», - деп жырға қосқан [7.124].

Ал ақын Дулат Бабатайұлының «Ақжайлау мен Сандықтас» деп басталатын жырында: «Ақжайлау мен Сандықтас, Атамның қонған қонысы, Түн асса, тұтам түгі өскен, Басылмайтын сонысы, Аққан бұлақ сай-салаң, Шытырман тоғай айналаң, Жоның жайлау кең алаң, Атам қонған кең далам, Мендей сені қызғанар, Бауырыңда өскен қай балаң?», - деп жырлайды [6.198]. Бұл жерде ақын өзін туған жерінің перзенті ретінде жырлаған. Туған жер адамның атасы, әкесі, анасы ретінде де танылады деп түсінуге болады.

Ақын, әнші Сары Батақұлы үш жыл сыртта жүріп, алыстан туған жеріне жеткен кезін «Көргенде Сары сері туған жерін» деп, былай жырлаған екен: «Шөлшағыл, Есеншағыл құмның аты, Қасқажол, Қаратамақ шыңның аты, Тарланмен шыға келсем Бозбелеске, Көк иірім шалқып жатыр Құмсауыты» [6.301].

Түйіндей келсек, концепт менталды символдық мәні бар, бір-біріне байланысты бірнеше ойларды қамтыған ғылыми ұғымдар жиынтығы десек, «туған жер» концептісі - қазақтың ұлттық менталитетін тереңірек көрсетуге негіз болатын танымдық, тілдік құрылымдардың бірі. Қай ақынды алсақ та, олар туған жер сөзі арқылы өз ішіндегі арман-мұңын, сағынышын, қуанышын қоса жырлаған. Сондықтан «туған жер» концептісі тұнып тұрған сезім сырнайы, адамның өмір жолы, тағдыры, табиғатына деген сүйіспеншілік, тау-тасын, өзен-көлін, кең даласы мен құм басқан жоталары, бәрі асқан шеберлікпен қиюластырылып, адамның көңіл-күй сезімімен өріліп жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік).-Адам.-Алматы: Дайк-Пресс, 2009.-780 б.
2. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. -Алматы: «Ан- Арыс» баспасы, 2007. - 312 б.
3. Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. - Алматы, 1998. -183 б.
4. Хасанов Ғ.Қ. Когнитивтік лингвистиканың категориялары. Монография.-Орал: «Шұғыла Принт» баспасы, 2017.-133 б.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004.- 476.
6. Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық. (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). –Алматы: ҚазССР Баспасөз жөн. мемкомитеті редакциясы,-1991.-Т. 1.- 384 б.
7. Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған. Таңдамалы шығармалар. - Алматы: «Елшежіре», 2006. – 264 б.

3-СЕКЦИЯ. ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛАУ ӘДІСІ

АХМЕТЖАНОВА НУРГУЛЬ МЕЙРАМХАНОВНА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Түйіндеме. Мақалада жобалық әдісінің кезеңдеріне байланысты ғылыми тұжырымдар сараланды. «Жобалық іс-әрекет» және «зерттеу қызметі» терминдерінің ара жігі айқындалды. 5-7-сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттіліктерінің даму деңгейлерін бағалау және критерийлерді анықтау мәселелері жүйеленіп көрсетілді.

Кілт сөздер: Жоба, зерттеу құзіреттілігі, зерттеу қызметі, әдіс, жоба кезеңдері.

Ключевые слова: Проект, исследовательская компетентность, исследовательская деятельность, метод, этапы проекта.

Key words: Project, research competence, research activity, method, project stages.

Әлемдік тәжірибені талдау әртүрлі елдердің білім беру жүйесінде жобалық әдістің кең таралуын анықтауға мүмкіндік береді. Себебі, әлем туралы Білім тез ескіретін ақпараттық қоғам жағдайында оқушыларға әлем туралы білімнің мөлшерін беру қажет емес, оларды осы білімді өз бетінше алуға үйрету керек, жаңа танымдық және практикалық мәселелерді шешу үшін алған білімдерін қолдана білу керек.

Жобалау – оқытудағы жаңарудың шынайы және шартты жобаларын өңдеу процесі; оқытудың ең тиімді әдісі болып табылады [1].

Негізінде жобалау тәуелсіз әрекет болып табылады. Іс-әрекеттің бұл түрі мәдениетте шындықтың өзгеруін жоспарлау мен жүзеге асырудың негізгі тәсілі ретінде бар. Жобаның әрекеті келесі кезеңдерді қамтиды:

– жоба тұжырымдамасын әзірлеу (жағдайды талдау, мәселені талдау, мақсат қою, жоспарлау);

– жобалық ниетті жүзеге асыру (жоспарланған іс-әрекеттерді жүзеге асыру);

– жобаның нәтижелерін бағалау (жаңа/өзгертілген шындық жағдайы).

Қазіргі еуропалық тілдер «жоба» сөзі латын тілінен алынған, ол «алдағыны болжайтын», «көзге түсетін» дегенді білдіреді, яғни кез-келген объектіні, қызмет түрін, дизайнды түрлендірудің прототипі жобаны құру процесіне айналады. Демек, жоба әлі жоқ нәрсені жасайды. Көбінесе жоба проблема ретінде қарастырылады, бұл жағдайда және «адам тек идеялардың иесі болудан бас тартатын, басқа нәрсеге тап болуға, оны толтыруға, оны өз шығармашылығында көрсетуге мүмкіндік алу үшін жеке, жеке бас тартатын шынайы шығармашылық жағдайды білдіруі мүмкін» [2]. Жобаны осылай түсіну оны білім беру процесінде қолдануға кең мүмкіндіктер ашады.

Жобалау әдісі бойынша жұмыс, сайып келгенде, педагогикалық процестің барлық қатысушыларының білім беру мақсаттары мен міндеттері туралы көзқарастарын өзгертуді қамтиды. Бұл ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың дүниетанымдық құрамдас бөлігі, оқытудың жаңа философиясын қалыптастыру, оны түсінбестен жобалық әдісті қолдану күтілетін нәтиже бермеуі мүмкін.

Жобалау әдісі – білім берудің ерекше философиясы: тек теориялық білімді қалыптастырудан алшақ мақсат пен белсенділік, нәтижелер мен жетістіктер философиясы. Ғылыми басылымдар жобалық әдісті сипаттайтын позициялардың алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Сонымен, жобалар әдісі нақты білімді интеграциялауға емес, өзекті білімді қолдануға және жобалық қызметке белсенді қосылу үшін жаңаларын алуға, әлеуметтік-мәдени ортада адам қызметінің жаңа тәсілдерін игеруге бағытталған педагогикалық технология.

Қарастырылып отырған тұжырымдаманы анықтауда В.В.Гузеев, ол жоба әдісіне негізделген оқыту технологиясы проблемалық оқытудың бір әдісі екенін атап өтті. Зерттеуші осы технологияның мәнін осылай анықтайды: мұғалім оқушыларға оқу міндетін қояды, осылайша бастапқы деректерді ұсынады және жоспарланған нәтижелерді сипаттайды. Қалғанының бәрін оқушылар өз бетінше орындайды: аралық тапсырмаларды белгілейді, оларды шешу жолдарын іздейді, әрекет етеді, алғанын көрсетілген критерийлермен салыстырады, қызметін түзетеді [3].

Педагогикалық тәжірибеде «жобалық іс-әрекет» және «зерттеу қызметі» терминдері жиі синоним ретінде қолданылады. Педагогикалық әдебиеттерде кейбір зерттеушілер мектеп оқушыларының жобалау және зерттеу іс-әрекетін салыстыруға ерекше көңіл бөледі.

А.И.Савенковтың пікірінше, жобалау және зерттеу бастапқыда бағыты, мағынасы мен мазмұны жағынан түбегейлі ерекшеленеді. «Жобалауда әрдайым баланың зерттеу қызметіне орын бола бермейді. Бұл көбінесе қажет, бірақ сіз зерттеу іздеу элементтерінсіз жасай аласыз» [4,42]. «Жоба, демек, жобалау әрқашан практикалық мәселелерді шешуге бағытталған. Бір немесе басқа жобаны жүзеге асыратын адам жаңа нәрсе іздеп қана қоймай, оның алдында тұрған нақты мәселені шешеді.

Ол үнемі шындықты іздеу міндеттерінен тыс көптеген жағдайларды ескеруі керек. Жобаны әзірлеу, әрине, шығармашылық мәселе, бірақ ол көптеген сыртқы жағдайларға байланысты, көбінесе зерттеу міндеттерімен байланысты емес және әрқашан белгілі бір өнімді жасауды қамтиды. Жобалаудан айырмашылығы, зерттеу шындықты жанқиярлықпен іздеудің нұсқасы болып табылады. Егер зерттеу нәтижесінде кез-келген практикалық мәселені шешуге болатын болса, онда бұл жанама әсерден басқа ештеңе емес. Зерттеу нәтижесінде алынған білімнің өзі тәжірибе тұрғысынан пайдалы емес, тіпті зиянды және қауіпті болуы мүмкін. Нақты зерттеуші көбінесе өзі алған ақпаратты іс жүзінде қалай қолдануға болатынын білмейді». Автор мектеп оқушыларының жобалары мен зерттеу жұмыстарына ортақ бір схеманы келтіреді: мәселені өзектендіру; зерттеу саласын анықтау; зерттеу тақырыбын таңдау; гипотезаны әзірлеу; зерттеу әдістерін таңдау; зерттеу жүргізудің реттілігін анықтау; ақпаратты жинау және өңдеу; алынған материалдарды талдау және жалпылау; есеп дайындау; баяндаманы қорғау; жұмыс нәтижелерін талқылау.

М.М.Фирсова бағыныстағы оқушылардың «жобалау қызметі» және «зерттеу қызметі» терминдерін қолданады. Ол жобаны «жоғары сынып оқушыларының зерттеу қызметінің негізгі нысаны» ретінде қарастырады, содан кейін «жобалық-зерттеу қызметі» ұғымымен жұмыс істейді. М.М.Фирсова мұндай қызметті табиғаты бойынша оқу-еңбек, органикалық байланыстыратын теория мен практика ретінде анықтайды, бұл оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін маңызды. Бұл қызмет дербестікті, бастаманы, мақсаттарға жетудегі табандылықты дамытады, жоспарлы, технологиялық қызмет дағдыларын және өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету қабілеттерін қалыптастырады. Зерттеуші жобалау-зерттеу қызметінің келесі кезеңдерін анықтайды: идеяның немесе проблеманың пайда болуы (ұйымдастырушылық-дайындық), мәселені шешу (технологиялық), практикада іске асыру (қорытынды). Тұтастай алғанда, ұсынылған зерттеулер жобалау және ғылыми-зерттеу қызметі арасындағы тығыз байланыс туралы айтуға мүмкіндік береді. Зерттеу процесіндегі өзара әрекеттестіктің екі жағы да субъекті болып табылады және оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруға да, жүзеге асыруға да ықпал етеді. Бірлескен ұйымдастырылған зерттеу процесінде ақпаратты пассивті қабылдау емес, барлық қатысушы тараптардың нақты, функционалдық міндеттерін өз мойнына алуына байланысты білім беру процесіне қатысушылардың белсенді өзара әрекеті жүреді. Бұрын беймәлім нәрсені зерттеу оқушылардың оқу және сабақтан тыс іс-әрекетінде де, өз бетімен ұйымдастырылған ізденісте де жүзеге асуы мүмкін.

Сонымен:

1. Зерттеу әдісі мен жоба әдісі оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын қалыптастырады, ойлаудың басқа түрлерін дамытуға ықпал етеді, онсыз зерттеу әрекеті мүмкін емес: аналитикалық ойлау (ақпаратты талдау, қажетті фактілерді таңдау, салыстыру,

салыстыру. фактілер, құбылыстар); ассоциативті ойлау (бұрын зерттелген фактілермен, құбылыстармен, құбылыстың жаңа қасиеттерімен және т.б. ассоциациялар орнату); тәуелсіз ойлау; логикалық ойлау; жүйелік ойлау.

2. Жобалау және зерттеу қызметі арасында тығыз байланыс бар. Зерттеу үдерісіндегі өзара іс-қимылдың екі жағы да субъектілер болып табылады және оқушылардың зерттеу құзыреттерін дамытуға да, жүзеге асыруға да ықпал етеді.

Оқушылардың зерттеу дағдыларының бес тобын ұсынуға болады. Дағдылардың бірінші тобы зерттеуді жүзеге асырумен байланысты (іздеу): зерттеу тақырыбын таңдай білу; мәселені көре білу және зерттеу мақсатын қоя білу; зерттеу міндеттерін қоя білу; қол жетімді зерттеу әдістерін таңдау және қолданумен байланысты дағдылар; ақпаратты іздеумен және өңдеумен байланысты дағдылар. Дағдылардың екінші тобы ақпаратпен (ақпараттық) жұмыс істеуді көздейді: ақпарат көздерін таба білу, оларды пайдалану; мәтінмен жұмыс істей білу; қабылданған мәтіндегі, өз мәтіндегі басты нәрсені бөліп көрсете білу; мәтіннің семантикалық бөліктерін бөліп көрсете білу: абзацтар, тараулар, абзацтар; анықтамамен, ұғымдармен, терминдермен жұмыс істей білу; презентация логикасын белгілей білу (мәтін жоспарын, өзінің зерттеу жұмысын құра білу); қысқаша баяндау, конспекттеу, конспекттеу тәсілдерін, шартты белгілерді қолдана білу; дәйексөздерді іздеу, сілтемелерді пайдалану; дәлелдеме құра білу, дәлелдерді, фактілерді қолдана білу; кіріспе мен қорытынды жасауға байланысты дағдылар; қорытынды тұжырымдау. Дағдылардың үшінші тобы өз жұмысын ұйымдастырумен байланысты: өз жұмыс орнын ұйымдастыра білу; жұмысты жоспарлай білу; мектеп пен балалар кітапханасында, информатика кабинетінде, басқа оқу орындарында (мысалы, қызығушылық клубында) жұмысты ұйымдастыруға байланысты дағдылар. Дағдылардың төртінші тобы—өз жұмысының нәтижелерін көрсету: нәтижелерді ұсынудың әртүрлі формаларын қолдана білу; сұрақ қою және оған жауап беру қабілеті; баяндамаға, сөйлеушінің сөзіне қойылатын талаптарды ескере білу. Дағдылардың бесінші тобы бағалаушы, олар мыналарды қамтиды: өз жұмысын бағалай білу, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; басқа зерттеуші ұсынған жұмысты бағалау мүмкіндігі; бағалаушылық пайымдауларды құра білу, өз бағасын дәлелдей білу; ұсыныстарды, шолуларды тұжырымдай білу.

Зерттелген әдебиеттер мен педагогикалық тәжірибелер негізінде біз оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерін белгілі бір қызмет жағдайлары болған кезде қалыптасқан білім жүйесі негізінде саналы әрекеттерді орындау қабілеті ретінде анықтауға тоқталдық, олардың негізгі мектептегі мазмұнын анықтадық: өзекті жағдайды талдау, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, зерттеу қызметінің стратегиясын анықтау (зерттеу объектісі мен пәнін анықтау, гипотеза жасау, мақсат, міндеттер қою, зерттеудің тиісті әдістерін қолдану), уақыт ресурсын жоспарлау, материалдық-техникалық, ақпараттық және басқа ресурстарға қажеттілікті білдіру, зерттеу нәтижелерін практикалық қолдану жағдайын болжау, зерттеу қызметінің нәтижесіне деген көзқарасыңызды түсіндіру, зерттеу үшін қажетті ақпаратты табу, өңдеу, алынған ақпарат негізінде қорытынды жасау, зерттеу нәтижелерін ғылыми мәтін түрінде ұсыну, монологиялық сөйлеу құру және аудиторияның сұрақтарына жауап беру.

5-7-сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттіліктерінің даму деңгейлерін бағалау және критерийлерді анықтау мәселелері бойынша педагогикалық теория мен практиканы түсіндіруге көшейік.

Зерттеу дағдыларының даму деңгейін анықтау үшін келесі критерийлерді қолдануға болады:

- келесі дағдыларда көрінетін пайымдаулар мен тұжырымдардың сипаты бойынша: ұқсас зерттеу жүргізу қабілеті; өз дәлелін айта білу, болжамды тексеру үшін жаңа тәжірибелерді жобалау мүмкіндігі; мәселені шешудің ұтымды жолдарын таба білу.

- оқушылардың дербестік дәрежесі бойынша: мұғалімнің тікелей басшылығымен зерттеу; мұғаліммен бірлесіп құрылған проблема мен гипотеза негізінде жүргізілген зерттеу; мәселені қоюдан бастап зерттеуді өз бетінше орындау.

- қолданылатын ұғымдардың күрделілік дәрежесі мен саны бойынша: пайымдау, қорытынды жасау және қорытындыны тұжырымдау үшін белгілі бір тақырыптың жеке ұғымдарын пайдалану; белгілі бір тақырыпты оқуда алған білімдерін тарту: курстың әртүрлі тақырыптарынан алынған білімді пайдалану.

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың келесі деңгейлері бар: бастапқы (оқушылар бір операцияны әрең орындайды, зерттеу жүргізуге көмекке жауап бермейді және пайымдаулар жасау үшін тақырыптың бірлік ұғымдарын қолданады), біріншісі (зерттеудің бірлік операцияларын орындайды, тақырыптың білімін пайдаланады, Мұғалімнің нұсқауы бойынша немесе жазбаша ұсыныспен ұқсас зерттеулер жүргізеді), екіншісі (олар зерттеу қызметінің жеке элементтерін логикалық түрде байланыстыра алады, мұғалімнің басшылығымен ұсынылған проблема мен гипотеза негізінде бейтаныс қасиеттерді зерттейді, бірақ олар әрқашан қорытынды жасай алмайды, мәселені шешудің ұтымды жолын таба алмайды), үшінші деңгей (зерттеу дағдыларын жан-жақты қолданады, мұғалімнің жетекшілігімен осындай зерттеу жүргізе алады, өз бетінше қойылған гипотезаны тексеру үшін Жұмысты жоспарлай алады, мәселені зерттеудің ұтымды жолдарын таба алады) [76].

Мектеп оқушыларының мотивациясын ескере отырып, зерттеу дағдыларын дамыту деңгейлерін былай ұсынуға болады: бірінші деңгей (оқушылар өздерінің танымдық және ізденіс әрекеттерін ұйымдастыруға ұмтылмайды және білмейді; олардың әдебиеттермен жұмыс істеу дағдылары жеткілікті түрде қалыптаспаған, талдау және ұсынылған тапсырмалардың шешімін алгоритмдеу қабілеті дамымаған, алаңдаушылық күшейеді); екінші (оқушылар орташа жетістіктерімен сипатталады, қарапайым оқу мақсаттарына жетуге ұмтылады, стандартты міндеттерге, табандылықты қажет етпейтін тапсырмаларға қызығушылық танытады; ақыл-ой дағдылары көбірек дамыған; олар өз қызметін мұғалімнің көмегімен жоспарлай алады; жаңа шешім табу мүмкіндігі қалыптаспаған) және үшінші деңгей (оқу іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыруға деген ұмтылыс пен шеберлікті көрсетеді, проблемалық мәселелерді тұжырымдайды, білімді өз бетімен меңгереді, қарастырылып отырған мәселелерге объективті баға бере алады; кемшіліктер мен артықшылықтарды).

Қорытындылай келгенде, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, өз педагогикалық тәжірибемізді талдау 5-7-сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілік деңгейлерін (төмен, орта, жоғары) сипаттауға мүмкіндік береді, оның негізі критерийлерін бағалауға болды: мәселені тұжырымдау, анықтау зерттеу стратегиясы, зерттеуді жоспарлау, іс-әрекет, оның нәтижелерін болжау, бағалау, зерттеу қызметінің нәтижелері, ақпаратпен жұмыс, зерттеу материалдарын ресімдеу, зерттеу нәтижелерін көрсету), деңгейлері (төмен, орташа, жоғары) белгіленеді. Сонымен, осы процесті модельдеу аясында 5-7-сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қазіргі білім беру кеңістігінде ұйымдастыру және жетілдіру қажеттілігін теориялық тұрғыдан негіздеуге әрекет жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://sozdikqor.kz/>
2. Бондаревская Е.В. Личностно-ориентированное образование как прогностическая модель педагогической культуры XXI в. // Инновации в образовании. – 1998. – № 2. – С. 10.
3. Гузев В.В. Метод проектов как частный случай интегральной технологии// Директор школы. – 1996. – № 6. – С. 24–32.
4. Савенков А.И. Психология исследовательского поведения и исследовательской деятельности // Исследовательская работа школьников. – 2003. – № 2. – С. 39–49.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЙЫЛАТЫН БАСТЫ МАҚСАТ

ҚАЙЫРЖАНОВ СӘКЕН МЕЙРАМОВИЧ

Көкшетау қаласы №17 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

АБЫЛКАСОВА АЙНАГҮЛ БОЛАТОВНА

Көкшетау қаласы №21 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аңдатпа

Мақалада қазақ ертегілерінің сюжеттік-образдық және жанрлық ерекшеліктерін, жалпы ертегі жанрының пайда болуын, алғашқы даму сатыларын көрсету, фольклордағы ертегінің алатын орнын зерттеп-зерделеу жайында баяндалған. Мақаланы жазу барысында фольклордағы жанр мәселесін толыққанды ашып зерттеу, қазақ халқының рухани өміріндегі фольклордың алатын орнын, ертегі жанрлары туралы пікірлер мен зерттеу еңбектерін қарастыруды, ертегі жанры бойынша ғалымдардың жіктеулерін көрсетуді мақсат етіп қойылған. Сонымен бірге жалпы жартылай отырықшы және көшпелі қазақ қоғамындағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты ертегі, аңыз, әңгіме, жырдастандардың өзіндік ерекшелігі мен орны туралы айтылады.

Кілт сөздер: ертегі, аңыз, әңгіме, фольклор, тарих, ұлт

Ключевые слова: сказка, легенда, рассказ, фольклор, история, нация

Keywords: fairy tale, legend, story, folklore, history, nation

Қазақ халқының мәдени және рухани мұрасын игеруде жалпы фольклордың, атап айтқанда ауызша дамыған халық шығармашылығының маңызы зор. Ал рухани құндылықтармен сусындап өсетін жастар, оның ішінде мектеп оқушылары үшін фольклор – нағыз халық даналығының қоймасы, бай қазынасы. Өз халқының өткенін толық түсініп, танымай бүгінді бағдарлай алмайсың, ал болашақты болжау тіптен мүмкін емес. Орталық Азия халықтарының философиясы көркем-поэтикалық тұрғыдан дамып, ауызша халық шығармашылығы түрінде қалыптасты. Сондықтан да өскелең ұрпақтың өз халқының тарихи болмысын тануы маңызды және де осыншама ғасырлар бойы ұлан ғайыр аумақты мекен етіп, осынау кең далада көшпелі және жартылай көшпелі мәдениет қалыптастырған халықтың бай фольклоры мен өмірлік құндылықтарға толы философиясының әлеуметтік-мәдени алғышарттарын, ерекшеліктерін оқушыларға түсіндірудің, олардың санасына ұялатудың өзі құндылық.

Фольклор – әдет-ғұрып пен ғибраттың, ұлттық салт-дәстүрдің, тәлім мен тәрбиенің, өткен мен болашақтың тоғысқан жері. Халықтың ішкі жан дүниесін, сезімін, рухани құндылығы мен ішкі үнін сөз құдыретімен жеткізетін де фольклор. Ғылымда «әдебиет – сөз өнері» деген пікір қалыптасқан болса, осынау сахара далада көшкен ұлы керуеннің жол сілтеушісі, өткен мен бүгіннің алтын көпірі – фольклор. Бір ауыз сөзбен айтқанда фольклор – халқымыздың сан ғасырлар бойы жинаған рухани мәдениеті, асыл қазынасы. Қазақ халқының барлық саналы ғұмыры А.Құнанбайұлы айтып кеткендей тал бесіктен жер бесікке жеткенше халық ауыз әдебиетінің жауһары болып саналатын ертегі, жыр, аңызбен тікелей байланысты болған.

Халқымыздың дәстүрлі рухани мәдениеті сан ғасырлық мұрадан қалыптасып, көптеген тарихи қабаттардан құралған. Еліміз егемендік алғаннан кейін әдебиетшілер мен зерттеушілердің тіпті қарапайым халықтың арасында халықтың рухани құндылықтарына деген қызығушылық біртіндеп артып өткен өміріміздің барлық аспектілерін қамтыды. Тәуелсіздікке дейін осы бағытта жасалған зерттеулер болмады, қарапайым халықтың қызығушылығы өте төмен дәрежеде болды деу шынайылыққа кереғар пікір болатын еді. Тәуелсіз жас ұрпақтың көз алдында заманауи қоғам пайда болып, өзіне тән қайталанбас ерекшеліктерін қалыптастыра бастады.

Тарихтан білетініміз халқымыздың дүниетанымы ислам діні мен халықтың ежелгі көзқарастарынан туған нанымдар мен сенімдердің жоралғыларымен синкреттік бірігуі арқылы қалыптасты. Қазіргі біз түсініп қабылдаған ислам дініне дейін қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орынға ие болды. Бұл сенімді зерттеушілердің пікірінше тәңірлік көшпелілердің шындықтағы болмыс туралы тәмсілі мен дүниені түсінуінен пайда болған шаруашылық пен мәдениеттің икеміне сай жасалған сенім жүйесі. Ғарифолла Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде: «тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес керісінше адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік пен ұқсастықты мойындағандық», деп тұжырымдайды [2;132 б.]. Бұл дінді мойындау адам еркін шектемейді және де тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – табиғат, ол өмір сүру үшін пайда болған жағдай, қағида. Адамзаттың табиғатқа табынуы бір жағынан натуралистік түсінік болса, екінші бір жағынан, өзінен тыс рухты, тылсым күшті іздеу, оны шынайы субъект ретінде қабылдау. Осыдан алып қарағанда біздің ата-бабаларымызға догмаланған діни жүйелерге қарағанда ашық дүниетаным тұрғысындағы сенім көбірек тән, олардың жан дүниесі мен рухани ізденістеріне әлдеқайда жақын болған. Ал, сол дүниетаным олардың күнделікті өмірі мен тарихында көрініс тапты: ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптар, діни рәсімдер мен наным-сенімдер, этика-эстетикалық мұралар мен нормалар бұрынғы уақыттары қазіргінің жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелерін алмастырған. Бұрынғы кезде атабабаларымыз сан ғасырлық өмір тәжірибесімен жинақтап, қалыптастырған ертегілерде кездесетін ырым, наным сенімдердің барлығы дерлік қазіргі заманауи зерттеулер нәтижесінде өз дәлелдерін тауып жатыр. Мысалы, тотем жануарлар мен құстарға қатысты үкі құсына байланысты одан алынған қауырсынға шындығында ешқандай лас нәрсені өзіне жолатпайтындығы жөнінде дәлел бар.

Халқымыз дәстүрлі рухани құндылықтарды өздерінің ежелгі ата-бабаларынан мұра ретінде алып қалған. Оның айқын дәлелдерін біз археологиялық ескерткіштерден көріп жүрміз, ал фольклор арқылы жеткен құндылықтар халық жадында сан ғасырлар бойы сақталып, заман талабына сай синтезден өтіп белгілі бір қағидаларға сай іріктелген мол мұра. Фольклор өзге ғылым салалары секілді өз ішінде жанрлық ерекшеліктері тұрғысынан бірнеше бөліктерге бөлінеді. Айта кетсек ғұрыптық фольклор, ғибраттық фольклор, прозалық фольклор. Көшпелі қоғам өмірі адамның өз-өзімен, ішкі ойларымен бірге болуына, сырласуына, ойлануына көп мүмкіндіктер туғызды. Адам табиғат құшағында өзін, әлемді, жаратылысты және қоғамды тануға өмірінің ағымын бағдарлай алу мүмкіндігіне ие болды. Көшпенділердің барлық өмірлік көңіл-күйі адам әлемі мен табиғаттың үйлесімділік байланысын ұғынумен, сезінумен терең байланысты. Ең бастысы бұл сезінукенеттен немесе бір уақытта болатын сезіну емес, керісінше адамның бүкіл өмірін қамтитын, оның дүниеге келуінен бастап, күнделікті және рухани-практикалық өмірдің барлық деңгейлеріне енген. Бұл қарым-қатынас тәжірибесінің құндылығы – адам өмір бойы ғаламмен "практикалық" қарым-қатынастың рухани тәжірибесінің толықтығына, атап айтқанда оның өмірлік-практикалық, рухани-интеллектуалдық, эмоционалды-құндылық мағынасына негізделген. Қазақ дәстүрлі мәдениетінде адамның жан дүниесінің тепе-теңдігінің негізі – өзара байланыстың құпия және айқын формаларында көрініс табатын, әлемді толығымен және кемелділікпен терең ұғыну және қастерлеу болып табылады. Осы асыл қасиеттерді мектеп жасындағы балаларға оқыту барысында оларға ертегі, аңыз-әңгіме, жыр-дастандарда кездесетін ұлттық құндылықтарды жай ғана оқытып қана қоймай ізденіс жасауға арнайы тапсырмалар мен оқушы қызығушылығын арттыратын дүниелерді компьютерлік графикамен жасауды үйрету қажет.

Адамның ақыл-ойы, сана-сезімі оның дүниені, ғаламды түсінуіне байланысты қалыптасатыны айдан анық. Ал дүниені барынша зерделеп, зерттеп, жүйелеп түсіну көшпелі халықтың бағзы заманнан қалыптасқан ерекшелігі. Осы арқылы олар адам жан дүниесінің негізі болатын, оған жарық сыйлап үміттендіретін, рухтандыратын терең, жасырын бір бөлігін аша алды десек артық болмас. Осы рухани кемелденген түсініктің нәтижесінде дархан далада өмір сүре алатын төзімді, жомарт, адал, жаужүрек әрі момын халықтың

өмірлік ұстанымдары қалыптасты. «Туу бар да, өлім – хақ» деп өмірдің пәнилігіне бой ұсынған халық қашан да сол өмірді тануға, білуге ұмтылған, оны мәнді де мағыналы, сән-салтанатты өткізуге тырысқан. Әлі де адамзатты алға сүйреп келе жатқан – осы ұмтылыс өмірге деген сүйіспеншілік, мәңгілік ішкі бұлқыныс. Шоқан Уәлиханов атап кеткендей «Адамзаттық прогресс дегеніміздің өзі де осы» [3; 8 б.]. Бұл айтылғандарды қазақ халқының тарихынан да кездестіруге болады. Қазақ халқының экономикалық және таптық, қоғамдық жағдайлары, олардың дамуы өзгеріп отыруы халықтың тұрмыс тіршілігіне, салт-санасы мен әдет-ғұрпына көптеген жаңалықтар енгізді. Белгілі бір дәуірде дағдыға айналған және сол кездегі адамдардың ой-санасын, оның шама-шарқын білдіретін әдет-ғұрып, тұрмыс-салты әр кезде әртүрлі ретпен өзгеріп, дамып отырғандығын көреміз. Мұны біз әсіресе халықтың ауыз әдебиетінен аңғарамыз. «Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, – дейді М.Горький, – оны дұрыстап түсінеміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз» [2;132 б.]. Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып жасалған. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат. Мұның бәрі адам әсіресе жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет болған. Өзіміз білетін ертегілер мен эпостарда көптеген образдар қамтылған десек, солардың мінез құлықтары, ішкі жандүниесі, психологиясы бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Онда бірлік пен араздық, достық пен қастық, адалдық пен арамдық қағидалары шендескен. Мұны біз халық гуманизімінің фольклордағы көрінісі деп түсінуіміз қажет. Тұлғасы сом, жан-жүниесі таза, рухты-күшті образдар жасауда халық поэзиясының сүйенгені осы. Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей фольклор шығармалары қоғам дамуының әртүрлі сатысында әсіресе күнделікті өмір мен еңбек процесінде, табиғат пен адам арасындағы байланыстан туатындықтан пессимизм дегенді білмейді. Оның бас кейіпкерлері көбіне бақыт пен мұратқа жетіп отырады. Мұны ауыз әдебиетінің үлгілеріне тән оптимизм белгісі дейміз. Пікіріміздің дәлелі ретінде ұлттық фольклорымыздың бір бөлігі ертегілердегі кездесетін кейіпкерлерді жоғарыда атаған қағидаларға сай талдап көрсек.

Тәңірлік (діни) образдар: Көк тәңірі, Еркілік, Ұмай ана.

Тотемизмдік кейіпкерлер: Көк бөрі, Өгіз, Ит тотемі.

Шамандық кейіпкерлер: Бақсы - балгерлер, көріпкелдер.

Космо-антропогендік кейіпкерлер: Айсұлу мен Күнсұлу, Үркер, Ығай мен Сығай.

Зооморфоатропогондық кейіпкерлер: Самұрық.

Анархизмдік зооморфтық кейіпкерлер: Дәу, Төбе көз, Жер, Көк, Тау, Теңіз (Оғыз қағанның балалары)

Мифтік қаһарман кейіпкерлер: Қыдыр ата, Ер Төстік, Толағай, Көлтауысар, Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ, Саққұлақ.

Тератологиялық кейіпкерлер: Жалмауыз кемпір, Мыстан, Жезтырнақ, Албасты, Көңаяқ, Бапы хан, Шойынқұлақ, Бекторы.

Демонологиялық кейіпкерлер: Сөрел, Үббе, Жын, Шайтан, Ібіліс, Пері, Дию [4; 2 б.].

Көптеген түркі тілдес халықтар сияқты ертеде қазақ халқының да негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған десек оның фольклордағы тірлігі мен ұғымы, барлық әдет-ғұрыптары бақташылық-көшпелі өмір салтына сай туған. Дәстүрлі мәдениеттің тұтастығы ең алдымен оның таралған аймағы мен терең тарихына байланысты болды. Көшпенді халық табиғатты өмір сүруінің, күн көруінің басты құндылығы мен құралы ретінде қарады, бірақ өзін табиғаттың иесімін деп санамады. Орталық Азияның ұлы даласының қатал әрі шұғыл континенталды климатын бағдарлай отырып, көшпенділер топырақтың құнарлылығын тоздырмау үшін жыл мезгілдеріне байланысты төрт түлік малды қашан? қайда? қалай? бағу керек екенін түсініп, көшпелі мал шаруашылығына қарай ойластырылған, тиімді тәсілдер жасады. Қыс мезгілінде шырынды жасыл шөптер ұзақ сақталатын өзен аңғарларын, жазда – күн мен желдің екпіні мөлшерленген тау бөктерінде мекен еткен. Көшпенділер осы арқылы

табиғатпен санасып, оның жан-дүниесімен сырласқандай болды. Олар үшін жер, тау, жел, орман, өзен жанды құбылыстар әрі оларды жебеуші рухтар түрінде түсіндірілді. Ал осы жанды табиғатты адамның өмірін жеңілдету үшін берілген аспан мен жердің қол жетпес сыйы ретінде ұғынды. Табиғат пен адам, өмір мен өлім адам санасында таңғажайып, түсіндіруге келмейтін, ешқашан таусылмайтын таңғажайып құбылыстар болды. Көшпенділер философиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі оның түп негізі қатаң философиялық жүйелерде емес халықтың ауыз әдебиетінде, поэтикалық шығармашылықта, фольклорда көрінуінде еді.

Орта Азия халықтарында өмірдің мәнін, ғаламның құпиясын түсінуде әрекет ететін басты құрал ол – даналық. Өзін жердің егізі ретінде қабылдаған халқымыз осы өмірдің мәнін, мағынасын қарапайым адами құндылықтар арқылы топшылап өз түсінігінше тарқата білді. Қарапайым өмірдегі рухани-мәдени құндылықтар халқымыз үшін жоғары бағаланды әрі оның қайнар көзі фольклордан бастау алып отырды. Сонымен фольклор ел тұрмысының, дәстүрлі дүниетанымының айнасы болуымен ғана емес, тамаша көркемдігімен, айшықты сөз саптауымен, келісті өлең кестесімен және де адами құндылықтарды берудегі орнымен құнды. Сондықтан да ол халық жадында сан ғасырлар бойына сақталып, ғалымдар мен зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді. Солай дей тұрғанмен ұлттық ауыз әдебиетіміздің адами құндылықтар философиясын зерттеуде әлі күнге дейін еңбектер мен жинақтардың аз екенін байқауымызға болады. Ал қолда бар осы құндылықтарды тақырыптық жағынан топтай отыра өскелең ұрпаққа, соның ішінде мектеп оқушыларына оқытуда тек сыңар жақты баяндау мен мазмұндау тәсілінен арылып, қазіргі заманауи технологияларды пайдалана отырып қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлерді ұлттық нақышта бейнелеп көрсететін комикстарды көптеп шығаруды қолға алу керек. Оған мектептерде барлық жағдай мен мүмкіндіктер баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы / Алматы, Ана тілі. 1991. 288 бет.
2. Ғ.Есім. Хакім Абай (даналық дүниетанымы) Алматы, Атамұра-Қазақстан 1994. 200 бет.
3. Ш.Уәлиханов мақалалары мен хаттары. Зиманов С.З. , Атишев.А. Алматы 1949. 169 бет.
4. С.Итеғұлова. Қазақтың мифтік кейіпкерлері. Құрас.: Ш. Шаяхметов атын. тілд. дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. Астана, 2016. 275 бет.
5. Қазақ халық ертегілері. Уикипедия.

ДИАЛОГТІК ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

КУРСАБАЕВА АРДАНА КУМДАУЛЕТОВНА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Түйіндеме: Мақалада диалогтік ойлауды дамытудың жолдары ұсынылған. Диалог пен диалогтік ойлау арақатынасы мәселелері қарастырылған. Диалогтың компоненттері ажыратылып сипатталады. Диалог шығармашылық ойлаудың негізі ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: диалог, ойлау, диалогтік ойлау, шығармашылық.

Ключевые слова: диалог, мышление, диалогическое мышление, творчество.

Key words: dialogue, thinking, dialogical thinking, creativity.

Қоғамдағы, ғылым мен мәдениет саласындағы терең өзгерістер білім берудің теориясы мен тәжірибесінің алдына білім мазмұнын ізгілендіру мүмкіндіктерін кеңейту, оған белсенді сипат, тұлғалық және диалогтық бағыт беру сияқты маңызды міндеттер қойып отыр. Философиядағы, әдебиеттанудағы және педагогикадағы заманауи зерттеулерде «диалог» және «диалогтік ойлау» сияқты категориялар ерекше мәнге ие болды. Осы санаттарға қатысты зерттеу нәтижелері мектеп түлегі қандай болуы керек және осы процеске тікелей қатысатын адамдар қандай оңтайлы жолды таңдауы керек екенін түсіну үшін қажет.

«Диалог» ұғымы бүгінгі таңда филология, философия, антропология, эстетика немесе мәдениеттану болсын, гуманитарлық ойлаудың барлық салалары үшін ең маңызды болып табылады. Диалогқа апаратын жол – заманауи білім беру үдерісіндегі мегатенденция.

Бүгінгі таңда әдебиет жас оқырманды рухани әлемге бағыттайтын, оның болмыстың үздіксіз диалогына қатысу мүмкіндігін ашатын, өмірдің рухани-құндылық негіздеріне қатысты ең маңызды тәрбие пәні болып қала береді. Диалогтың сананың қасиеті ретіндегі табиғилығы (М.М. Бахтин бойынша «өмір сүру диалогқа қатысуды білдіреді»), адамның рухани қажеттілігі ретіндегі диалогтың қажеттілігі, өзара түсіністік негізі ретінде диалогтың әмбебаптығы оның әдеби білім берудегі және оқушының дамуындағы маңызды рөлін анықтайды.

Осыған қарамастан, қазіргі мектепте оқытудың қалыптасқан тәжірибесі көркем шығармаларды терең түсінуден гөрі тақырыбы мен идеясын ғана ашатын жалаң оқуға бағытталған. Әдебиет сабағындағы монолог күмән мен таңдауды, өзімен және «өзгемен» (автормен, кейіпкермен, бір-бірімен) пікірталас, имитацияланған көркем шындықты, өзінің ішкі әлемін және кейіпкер әлемін концептуалды үлгі ретінде өз бетінше түсінуді болдырмайды. Көркем мәтін тек бір нәрсені айтуға ғана емес, сонымен қатар бір нәрсені жасыруға, жолдар арасында «айтылмаған ой» беруге арналған. Осы тұрғыдан алғанда шығарманы талдау барысында оның мәнін түсінуге бағытталған қозғалыс әрқашан диалогпен байланысты. Түсіну әрқашан диалогтік болады. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы әдебиеттің көптеген шығармалары орта мектеп оқырмандары үшін түсінуге ең қиын болып табылады.

Қазіргі әдебиетке ХХ ғасырдың соңы (1986 жылдан – қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің басы) мен екінші мыңжылдықтың басындағы әдебиет жатады. Бұл ретте оның дамуын екі кезеңг бөліп қарастырамыз 1986 – 1991 жж. және 1990 жылдар – 2000 жылдардың басы. Алайда, бұл шығармалар оқушы оқырманды қабылдау үшін қиын, сондықтан оқушылардың қазіргі авторлардың шығармаларын оқуға және зерттеуге деген ынтасы, сондай-ақ қазіргі заманғы көркем мәтіндерді түсінуге деген ұмтылысы жоқ. Жас оқырмандардың диалогтық ойлауының дамымауы оларға қазіргі көркем әдеби шығармалардың авторларын әңгімелесуші ретінде қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Қазіргі әдебиетте талдау және түсіндіру процесінде авторға көбірек көңіл бөлуді, әлем мен адамға нақты және ерекше көзқарасты түсінуді талап етеді. Қазіргі әдебиетті зерттеуге мұндай көзқарас қазіргі заманғы көркем шығарманың әлемнің моделі, яғни мәтіндегі авторлық сананың көрінісі екендігімен байланысты. Осы зерттеу аясында «авторлық сана» ұғымы әдіснамалық тұрғыдан маңызды, өйткені сана идеясы әрқашан диалог идеясымен байланысты.

Авторлық сана – автордың көзқарасын, дүниетанымын қамтитын күрделі категория, әлем туралы білімді, жеке мағыналарды, эмоционалдық, сенсорлық және семантикалық қабылдау формаларын, автордың рефлексиясын біріктіретін категория. Осы категорияға арнайы жүгіну көркем шығарманы талдау және түсіндіру мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді, орта мектепте қазіргі әдебиетті оқытудың қосымша және перспективалық тенденцияларын анықтауға көмектеседі. Әдістемелік тәжірибеде мектеп оқушыларына автордың айтар ойын қабылдауға және түсінуге көмектесетін әдістемелердің тұтас кешені бар. Мәтінді диалогтық сипаттағы автор санасы тұрғысынан талдау және түсіндіру аспектісінде әдістемелік әдістердің қолданыстағы ауқымын толықтыру қажет.

Қазіргі педагогика мектеп оқушыларының ойлауын стандарттауды жеңуге бағытталған. Уақыт талаптары өзгерді: әлемнің және ондағы қарым-қатынастардың алуан түрлілігі жеке тұлғаның құндылық тандауын қиындатады және шешім қабылдау жолында күрделі диалогқа мәжбүр етеді. Адам болмысының тереңдігін ұғыну, ең алдымен, диалогтық қарым-қатынас көкжиегін кеңейту арқылы жүзеге асырылады және «бұл жерде критерий білімнің дәлдігі емес, ену тереңдігі» [1,257]. Диалогтік ойлауды дамыту мектеп оқушысының білім беру жүйесіндегі орнын оқыту объектісінен өзін-өзі тәрбиелеуге дайын субъектіге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Диалог пен диалогтық ойлау мәселелері соңғы кезде білім беру теориясында да, практикасында да алдыңғы орынға шықты. Бұл, бір жағынан, жеке адамдар мен ұйымдардың емес, тұтас халықтың, тіпті өркениеттердің арасындағы қарым-қатынастар маңызды болған жаһанданған әлемдік дамуға байланысты. Екінші жағынан, әртүрлі ғылымда, соның ішінде әдебиеттануда және әдебиетті оқыту әдістемесінде диалог мәселелерінің концептуалды шешімдерінің едәуір бөлігі жинақталған, олар барынша жан-жақты қолдануды талап етеді.

«Диалог» ұғымының кеңдігі мен күрделілігі зерттеудің көптеген векторларын белгіледі. Бүгінгі таңда диалог әртүрлі ғылыми пәндердің – философия, мәдениеттану, тіл білімі, әдебиеттану, әдебиетті оқыту әдістемесі, психология және педагогиканың қарастырылатын пәні болып табылады. Сонымен бірге зерттеу диалогтың онтологиялық, гносеологиялық және әдіснамалық аспектілеріне бағытталған.

Мақалада ХХ ғасырдағы келесі орыс және шетелдік философтардың еңбектеріне сүйендік: М.М.Бахтин, М.Бубер, О.Розенсток-Хюсси, олардың есімдері диалог философиясының пайда болуымен және дамуымен тығыз байланысты; б.з.д. «Мәдениеттер диалогы» сияқты мәдениет пен білім беру философиясының дамуының бастауында тұрған Библия; б.з.д. Соловьев, П.Тейхард де Шарден, С.Н.Трубецкой, оның философиялық еңбектерінде диалогтік ойлауды қалыптастыру және дамыту жолдары мен тәсілдері көрсетілген.

Әдебиетті оқыту әдістемесі үшін шетелдік философтар мен диалогшылар анықтаған диалогтық ойлаудың негізгі белгілері: «бірлесіп өмір сүру» және онымен байланысты жауапкершілік пен жауап беру маңызды.

«Өмір - бұл диалог» дейді М.Бахтин. Ол диалогтың үш компонентін ажыратып көрсетеді: мен, басқа адам, өзгенің көзқарасы. Бұл жағдайда қатынас жетекші рөл атқарады: ол диалогтың алғашқы екі компонентін олардың байланысын көрсетіп қана қоймай, диалогтық болмыстың мағыналық кеңістігін құрайтын жаңа бірлікті құра отырып, субъективтілікке айналдырады. М.Бахтин диалогты «бірге болу» деп анықтайды. Оқиға – Бахтиндік ойлау парадигмасының негізгі принциптерінің бірі. Бахтиннің түсінігі бойынша оқиға тарихилықтың уақытша аспектісін (бір реттік пайда болу және қайтарылмайтын) шекаралық кездейсоқтық пен транстарихтық үйлесімділіктің (бірге өмір сүру) кеңістіктік аспектілерімен біріктіреді.

Жеке тұлғаның субъективтілігін Бахтин «ақтауды және десубъективтілікті қажет ететін нәрсе ретінде емес, болмыс оқиғасының тәуелсіз құндылығы ретінде» (бірге өмір сүру) таныды, мұнда субъект жоқ, бірақ субъектсіз объект болмайды. Ойлау ішкі (жеке) өмірдің құбылысы бола отырып, болмысқа қарсы тұрмайды (болмыс емес сияқты), бірақ басқа болмыс ретінде ол ойсыз болмысты мағынасы бар ғаламның тұтастығына толықтырады.

В.Тюпа «Сана – коммуникация. Адамның қарым-қатынас жасау қабілеті кезең-кезеңімен дамып, оның даму жолында сананың негізгі тәсілдерін (бірлескен білім әдістері) қалыптастырады», - дейді [2,165]. Негізінде К.Г.Юнг өзінің «Индивидуалдылықтың психологиялық типтері мен психологиясы» атты еңбегінде ұқсас «сананың төрт функциясын» анықтаған: сезіну (үйірлік режим функциясы), ойлау (авторитарлық режим функциясы), сезім (жалғыздық функциясы) және интуитивті түсіну (конвергентті режимнің функциясы). Ал Л.С.Выготский мұны былай бөліп көрсетті: «Біз - сана» (үйір), «Ол - сана» (рөлдік), «Мен - сана» (авторитарлық), «Сіз - сана» (конвергентті) [3, 305].

Өмірдің бір субъектісі туралы ойлау әрқашан басқа біреудің ойлауына жауап береді және өз кезегінде басқа ойлаудың жауабын күтеді. Бахтин жауапты ойлауды «келісім диалогымен» байланыстырады, Бахтин үшін келісім «ең маңызды диалогтық категория».

Ойлау актісінің психологиялық құрылымы туралы қазіргі идеялар ойлаумен байланысты диалогтық функциялар мен құрылымдардың даму проблемасына жаңаша көзқараспен қарау, өндірістік психикалық қызметті дамытуда диалогтың жаңа мүмкіндіктерін ашу қажеттілігіне жетелейді. Диалогтың тұлғалық даму әлеуеті тұлғаның табиғатымен, оның өзімен тұрақты ішкі диалогта болуымен байланысты. Диалогта өзін-өзі тану процестері өндіріліп, өнімді ойлауға негізделген жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктері жүзеге асады.

Оқыту процесіндегі диалогтық өзара әрекеттестіктің маңыздылығы мен диалогтық ойлаудың білім беру саласында оқушылардың ойлауының өнімді сипаттамаларына әсері туралы педагогикалық білімнің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық бар. Сондықтан білім беру жағдайындағы диалогтық қарым-қатынас стилі жағдайында мектеп оқушыларының өнімді ойлауын дамыту мәселесін қоюға толық негіз бар.

Ойлауды рефлексиялық ұйымдастыру және ішкі диалог мәселесін дамыту зерттеулері ойлауды субъект пен объектінің өзара әрекетінің ерекше формасы ретінде ғана емес, сонымен бірге ерекше диалогтық процесс ретінде түсіндірудің заңдылығын көрсетеді. Бұл жағдайда диалогтың негізгі сипаты екі немесе одан да көп субъектілердің болуы емес, әр түрлі сөйлеушілер (сыртқы диалог) немесе бір сөйлеуші (ішкі диалог) сөйлеуде білдірілетін екі немесе бірнеше өзара әрекеттесетін семантикалық позициялардың болуы болып табылады.

Диалогтық принципке негізделген ойлау процесін пәнаралық зерттеу ойлау актісінің теориялық моделінде маңызды компонентті – субъективті-субъективті қатынастарды бөліп көрсетуге және оның репродуктивті және өнімді жақтарының диалектикалық байланысында ақыл-ой әрекетінің құрылымын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл модельдегі ойлау процесінің алгоритмі келесі сілтемелер тізбегімен ұсынылған:

а) проблеманы тудыру және ақыл-ой мәселесін тұжырымдау; б) мәселені шешуді іздеу, іске асыру; в) табылған шешімнің негіздемесі.

Өнімді ақыл-ой әрекетін әр түрлі сипаттайтын субъективті қатынастар диалогтық түрде реттеледі, жұмыс істейді және дамиды. Диалогтық ойлау механизмдері адамның болмысының ең терең иірімдеріне негізделген. Диалогтық ойлау немесе бірлескен ойлау әрекеті ұғымы адамның басқалармен және басқалар үшін, сол арқылы өзі үшін болу және өмір сүру фактісін білдіреді.

С.Л.Рубинштейн ақыл-ой әрекетінің бастапқы кезеңін проблемалық жағдайды білумен байланыстырады. «Ойлау процесінің осы кезеңінде, – деп атап өтті Рубинштейн, – мәселені қоюдың өзі көбінесе үлкен және күрделі ойлау жұмысын қажет ететін ойлау әрекеті болып табылады. Сұрақтың не екенін тұжырымдау белгілі бір түсінікке көтерілуді білдіреді, ал тапсырманы немесе мәселені түсіну, егер оны шешпесе, ең болмағанда жол табу дегенді білдіреді, яғни. оны шешу әдісі. Сондықтан ойлайтын адамның бірінші белгісі – проблемаларды бар жерде көре білу. Сұрақтардың пайда болуы – ой жұмысының басталуының және пайда болған түсініктің алғашқы белгісі».

Проблемалық жағдай жеке тұлғаның ойлау процесіне қосылуын анықтайды, ол белгілі бір мәселені шешумен және табылған шешімнің негіздемесімен аяқталады. Диалогтық ойлау процесінде ақыл-ой белсенділігінің өнімді әлеуеті белсендіріледі.

«Ойлау және сөз» кітабында Л.С.Выготский адамның ғылыми ұғымдар мен жалпы мәліметтерді игеруі жеке тұлғаның иемденген мәдениет формаларын изоморфты көшіріп алуы емес екенін көрсетті. Атап айтқанда, «бала ұғымды игеріп, оны өндейді, осы өңдеу процесінде концепцияда өз ойының ерекше белгілерін көрсетеді» [4;194].

«Бұл қалай мүмкін?» деген сұраққа жауап бере отырып Л.С.Выготский «ішкі сөйлеу» категориясын Дж.Пиаженің «балалар рефлексиясы балалар ұжымында сөздің шынайы мағынасында дау туындағаннан кейін пайда болады» деген тезисімен келісе отырып

негіздейді. Ішкі жағынан сыртқы сөздер қысқарады, шоғырланады. Іштен сөйлеу сөздері, идиома сөздері және хабардарлықтың ең жоғары деңгейін және мағынаның шоғырлануын білдіреді. Өз кезегінде, іштегі сөздердің нақты мағынасы тұтастай алғанда тұлғаның ішкі құрылымымен байланысты.

М.М.Бахтин Ф.Достоевскийдің романдарының полифониясы туралы айта отырып: «адамның ойы жүйелі емес, диалогты. Яғни, ол жауап, қарсылық талап етеді, келісім мен келіспеушілікті талап етеді. Осы еркін күрестің атмосферасында ғана мо жетдің адами және көркемдік ойы дамиды».

В.С.Библер диалогты шығармашылық ойлаудың негізі деп санайды. Шығармашылық ойлаудың мәнін ашуға тырыса отырып, ол ақыл-ой диалогы ретінде шығармашылық ойлауды логикалық талдаудың негізгі алғышарттарын шығарады: «Шығармашылық ойлау процесінде әрекеттің әрбір субъектісі өзінің сыртқы шиеленістерін интериоризациялайды («ішке кіргізеді») [5, 267].). Ішкі диалог, Библердің пікірінше, шығармашылық процестің негізі болып табылады: «Монолог басым болған жерде логикалық секірісті ақтауға мүмкіндік жоқ, шығармашылық логикасы да болмайды».

Диалог адам ойлауының имманентті (табиғи) мәні болып табылады, шындықты түсінуге ұмтылады, өйткені диалог кез келген субъектінің, кез келген процестің мәнін құрайтын қарама-қарсы күштер мен тенденциялардың бірлігі мен «күресін» егжей-тегжейлі түрде «шолуға» мүмкіндік береді.

Ойлаудың диалогтық формасын қамтамасыз ететін механизм - бұл ойлар арасындағы (ойлау заңдары) және ойдың ішіндегі (ойлау формалары) тұрақты қайталанатын байланыстардың көрінісі ретінде түсінілетін логиканың әртүрлі деңгейлері мен құрылымдарының бірлігі [5].

В.Библердің «Шығармашылық – ол ойлау» деген кібында жазылғандай, шығармашылық (теориялық) ойлаудың диалогтық схемасы, мәні бойынша, «логиканың өзін-өзі ақтаудың» схемасы болып табылады және автордың пікірінше шығармашылық ойлаудың «құпиясын» білдіреді. «Әрбір адам» деп жазады В.Библер, шығармашылықпен ойлайтын дәрежеде, өз ойын өзімен ішкі, психикалық диалогта жүзеге асырады және бұл ақыл-ой диалогы ойлаудың түбегейлі әртүрлі логикаларының қақтығысы ретінде жалғасады.

Ойлау процесінің мәні туралы пікірталастарын жалғастыра отырып, ол: «Ойлауда теориялық бастау қажет. Ойлау - бұл объектінің маған көрінетін формасы мен оның бар екендігі туралы білетінім арасындағы сәйкессіздік (және мұндай сәйкессіздікті, алшақтықты білу). Объект сыртқы деп түсініледі, егер ол ішкімен (идеалданған) сәйкес келмесе, мен одан өзімді алшақтай аламын.

Ой өз әрекетінің объектісінен осылайша ажыраудың бүркеншік аты болып табылады, сыртқы объектіні өзінің мақсатына, жобасына сәйкес түрлендіру үшін объектінің ішкі бейнесіне (объектінің өзіне әсер етпей) әрекет етуге болады. Бейнеге әрекет ету, бейнені тікелей практикалық әрекеттен тыс объектінің идеясы ретінде өзгерту (алыстап, жақсы отырғанымызды көрейік ...) - бұл теориялаудың мәні, ойлаудың мәні».

Ойлау процесін дамытудағы диалогтың мүмкіндіктерін түсіну үшін ойлаудың диалектикалық жағы үлкен маңызға ие. Ойлау процесін ұйымдастырудың диалектикалық тәсілі («диалектикалық логика») өзінің негізгі міндеті-объектілердің мәніндегі қайшылықтарды бейнелейтін және бұрын белгісіз жаңаның пайда болуына әкелетін ойлау формаларын табу. Соңғысы стратегиялық болып табылады-және осы мағынада барлық таным мен өнімді ақыл-ой әрекетінің түпкі жолы. Диалектикалық ойлау-диалогтағы шындыққа қарай қозғалыс.

Сократ өзі ашқан философиялық диалектикалық әдіс негізінде жалпыадамзаттық мәдениетке шындықты шексіз іздеу идеясын енгізді. Өздеріңіз білетіндей, «диалектика» сөзі «диалог» сөзінен шыққан, ол грек тілінен аударғанда «сөйлесу, өзіңізбен сөйлесу немесе сөйлесу, адамдар арасындағы сөйлесу» дегенді білдіреді. Диалектика – бұл логотиптің қозғалысы, яғни сөздің қозғалысы, ойдың идеяны түсінуге қарай қозғалысы.

Диалектикалық әдістің негізі бүгінде қарама-қайшылықтардың, қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысы ретіндегі диалог болып қала береді. Ал өзгерістің (қозғалыстың) өзі ойлаудағы да (Сократта), табиғат пен қоғамдағы да диалектикалық қарама-қайшылықтардың үздіксіз соқтығысуы, өнімді ойлау процесінде білімдегі қайшылықтардың пайда болуы, қалыптасуы және шешілуінің нәтижесі.

Қосымша фактілерді ашу және ойлау процестерін талдаудың жаңа әдіснамалық принциптерін (жүйелілік, диалогтық, диалектикалық және т. б.) ұсыну монологтық (жеке) ойлау процесінің жекелеген компоненттерінің дамуын ғана емес, сонымен қатар диалогтық өзара әрекеттесуге қатысушылардың ойлау процестерін де қарастыруға мүмкіндік береді. «Диалог және ойлау» проблемасынан одан да күрделі мәселеге – «өнімді диалог және өнімді ойлау» өтуге мүмкіндік береді.

Ойлаудың диалогтық сипаты мен таным процесінің диалектикалық тұтастығы туралы идеялар ойлауды зерттеудің әдістемелік құралдарын қайта өңдеуді және жоғары өнімді психикалық әрекетті дамытуды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге елеулі түзетулер енгізуді талап етеді.

Педагогикалық практика үшін ақыл-ой әрекетінің психологиялық заңдылықтары үлкен маңызға ие, бұл қызметті ойлаудың диалогтық жағымен өзара байланысты, жаңа білімге әкелетін өнімді процесс ретінде ашады. Осы тезистің негіздемесінде біз келесілерді келтіреміз.

Диалогтік ойлау оқушының жеке көркемдік-эстетикалық мәдениетінің қалыптасуын бейнелеудің бір жолы екенін ұғыну бұл категорияны ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін және әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесі үшін де аса маңызды етеді. Ал диалогтік ойлауды дамытудың жолдары мен тәсілдерін зерделеуге, оқырманның көркемдік қабылдауының жеке мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқыту стратегияларын дамытуға бағытталған еңбектер ең өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда адам сан алуан мәдениеттер, сана түрлері, әртүрлі логика, көзқарастар, пікірлер мен ұстанымдар жағдайында өмір сүруді және жасауды үйренуі керек.

Қазіргі білім берудің өзекті міндеті – «мәдениет адамын» қалыптастыру (Б.Б.Библер). «Мәдениет адамы» – бұл дайын шындықтар мен дайын ойларды иемденуден бас тартатын, догматикалық көзқарасты жеңетін, бір парадигмадан асып кетуге қабілетті, болмыс сұрақтарына дайын жауап іздемейтін адам, диалогқа, өзін-өзі тануға белсенді және өзін-өзі дамытуға қабілетті адам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., Искусство, 1986.- 445 с.
2. Тюпа В.И. Модусы художественности [Текст]: конспект цикла лекций // Дискурс. - 1998. - № 5-6. - С. 163-173.
3. Выготский Л.С. Собрание сочинений]. В 6 т. Т. 4. Детская психология. - М.: Педагогика, 1984.-432 с.
4. Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика: пер. с фр. - М. : Прогресс, 1989. - 615 с.
5. Библер В.С. Диалог культур и школа XXI века. - Кемерово, 1993. - 143 с.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**АХУНОВ БАҚЫТЖАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ,
ДҮЙСЕНОВА ТҰРАР ЖАЙШЫЛЫҚҚЫЗЫ**

М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Түйіндеме: Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнін қазақ тілінде оқытылмайтын топтарда саралай оқыту маңыздылығы туралы айтылған. Саралауды бірнеше тәсілмен жүзеге асыруға болады. Жаңартылған білім бағдарламасына сәйкес қалыптастырылатын құндылықтарды саралауға бағытталған жұмыстарда басты бағдар етіп алу Білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін АКТ қолдану маңыздылығы сөз болады.

Кілт сөздер: Саралай оқыту, деңгей, қазақ тілі, ұлттық құндылық, білім алушы.

Ключевые слова: Дифференцированное обучение, уровень, казахский язык, национальная ценность, обучающийся.

Keywords: Differentiated education, level, Kazakh language, national value, student

Қазақ тілінде оқытылмайтын топтардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда білім алушылардың тілді меңгеру деңгейі мен арнайы қабілеттерін, қызығушылықтарын ескеру, жұмыс түрлерін ұйымдастыру ерекше ізденісті қажет етеді.

Осы мақсатта студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне назар аударып, болашақ педагогтердің мемлекеттік тілді өз деңгейінде сапалы меңгеруін жолға қоюда саралау тәсілдеріне мән беру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізу көзделеді.

Саралау тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамытуда тиімді қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Саралай оқытудың жүйелік негізін Б.Ананьев, Л.Выготский, А.Леонтьев, т.б. ғалымдар жасаған. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Білім алушы дамуының негізі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы білім алушылар ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әртүрлі оқушының бейімділіктерін айқындауға, қабілетін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, ойлау қабілетін жетілдіру және болашақ кәсіби қызметіне бейімдеу аса маңызды.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын жалпы білім деңгейін зерттеу қажет. Бұл ерешеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалдама, психологиялық тәжірибе жасау ата-аналарымен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақтың сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды, тағы да басқа тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгірімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Оқыту үрдісін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру үшін оқу – тәрбие жұмысында мұғалім өзіне лайық әдіс енгізеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне ұлттық құндылық ретінде қарауды қалыптастыру керек, бұл осы пән оқытушысынан үлкен шеберлікті қажет етеді.

Коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамытуға күш саламыз.

Қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, білім деңгейі жоғары, көпмәдениетті, көптілді ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру басты мақсатымыз болуы тиіс.

Саралап оқытудың маңыздылығы:

1. Білім алушылар жаппай жұмыс жасауға кіріседі.
2. Бос отыруға уақыттары болмайды.
3. Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.

4. Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.

5. Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Саралап оқытуда күтілетін нәтиже:

1. Алдына қойған мақсатына жете алатын маман тәрбиелеу.

2. Әр білім алушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.

3. Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен айырылады.

2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Саралап оқыту технологиясы оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Оқушының білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар саралап – саралап оқыту барысында оқушылар да өзінің оқу жұмысындағы жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды.

Ең бастысы, оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі түрде орындап болғаннан кейін ғана, келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылардың арасында өзара жарысу және оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғарғы деңгейге көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім мен тәрбиені қатар беру мақсатында жаңартылған білім бағдарламасына сәйкес қалыптастырылатын құндылықтарды саралауға бағытталған жұмыстарда басты бағдар етіп алуымыз керек:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- Құрмет;
- Ынтымақтастық;
- Еңбек пен шығармашылық;
- Ашықтық;
- Өмір бойы білім алу

Білім беруді тәрбиенімен ұтымды ұштастырып отыру арқылы болашақ мамандардың бойында тұлғалық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.

Саралау («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау [4].

Саралаудың педагогикалық және психологиялық тұрғыдағы теориялық негіздерін ескерсек оқуды саралау қазіргі таңдағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Саралау жұмыстарының қажеттілігі:

Білім алушылардың білім деңгейі бірдей емес;

Берілген ақпаратты барлығы бірдей қабылдамайды;

Біреуі үшін жақсы орта басқалар үшін жақсы орта болмауы мүмкін.

Бұл «бес саусақ бірдей емес» деген қазақ мақалына саяды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда саралауда негізге аламыз:

Тілді меңгеру деңгейін;

Алдыңғы білімдерін;

Бұрынғы тәжірибелерін;

Нақты мәдени құндылықтары мен нормаларын;

Танымдық дамуындағы биологиялық айырмашылықтарын;

Жетілу деңгейлерін;

Оқу орнын және оқуды мәдени түрде қабылдауларын. Осындай ерекшеліктерді ескеріп оқушылардың әртүрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай саралап оқытуды жүзеге асыру керек.

Саралап оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Білім беруде АКТ-ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ-ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ-ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды [7].

Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Білім алушылардың ойлау қабілеті және тілді меңгеру деңгейі әртүрлі болатынын ұмытпау керек, кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарының көмегімен презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды еркін қолдана алатындай мүмкіндік жасаған жөн. Кейінірек шығармашылық тапсырмаларды ізденіп өздері презентация жасай алатындай етіп берген жағдайда студенттердің белсенділігі артатыны байқалады. Болашақ мамандықтары үшін аса қажетті көпшілік алдында сөйлеу, интерактивті тақтадағы ақпаратты түсінікті етіп жеткізе білу дағдылары қалыптасады.

Сабақ барысында қолдануға болатын ақпараттық және коммуникациялық құралдар: интерактивті тақта, ноутбук, компьютер, смартфондар, электрондық оқулықтар, планшет, проектор, мультимедиялық кешендер. Пәнді оқытуда басқа ғылым салаларымен байланысын сауатты қолдансақ, тілді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыруға болады:

Тіл мен әдебиетті оқытудың психологиямен байланысы. Білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын, тұлғалық ерекшеліктерін зерделеуде осы бағытта сауатты жұмыс жүргізілуі керек. Жағымды ахуал тудыру тіл үйретуде жоғары мәнге ие, пәнге қызығушылығы болмаған жағдайда тіл үйретуге бағытталған мақсатымызға жете алмайтынымыз анық.

Қазақстан тарихымен байланысы: Қазақстан тарихы пәнімен байланыстырып оқыту оқушының тілді ұлттық құндылық ретінде тануына мүмкіндік береді; тілді тарихпен байланыстыра оқыту ұлттық дүниетанымға негізделген білім қорын тілдік деректер арқылы дәйектеуге мүмкіндік береді; қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі оның тарихымен

тығыз байланыста болғандықтан, оқушылар тарихи деректерді пайдаланып, өзіндік ой-тұжырымдар жасай біледі;

Жаратылыстану циклі пәндерімен байланысы: тілдік материалдардың мазмұны жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болады; биологиямен байланыстыру тілді жанды құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді; басқа пәндермен сабақтастыра оқыту қазақ тілінің терминдер жүйесімен тығыз байланысты; тіл дыбыстары физикалық құбылыс ретінде танылады;

- дыбыстау мүшелерінің қатысы тұрғысынан физиологиямен, компьютермен, қазіргі радио, теледидар тілімен де байланысты;

- танымдық бағытта берілетін материалдар жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болғандықтан, оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады.

Орыс және шетел тілімен байланыстылығы: Орыс және шетел тілдерімен байланыстыру грамматиканы оқытудан байқалады: қазақ тілі мен орыс және шетел тілдерінде кездесетін ортақ грамматикалық ерекшеліктерді, ережелерді байқауға мүмкіндік туады. Қазақ тілі грамматикасы орыс және шет ел тілдерінің ерекшелігіне сәйкес, ұқсас грамматикалық заңдарын игеруге септігін тигізеді. Екі тілдің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты салыстырып ұғуға мүмкіндік береді. Орыс және шетел тілдерімен салыстыра оқыту басқа тілден енген сөздердің түп-төркінін білуге жәрдемдеседі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында саралау тәсілдерін қолданудың маңыздылығы зор. Білім алушылардың тілді меңгеру деңгейіне, қызығушылығы мен қабілеттеріне қарай оқытуда саралай білім берудің қажеттілігі туындайды. Оқытуда сырты және ішкі саралаудың түрлері қолданылады. Оқу үдерісін ұйымдастыруда сыртқы саралаумен ішкі саралау қатар жүргені дұрыс.

Топта саралаудың мынадай түрлерін қарастыруға болады:

- қабілеттері бойынша саралау;
- тілді меңгеру деңгейлері бойынша саралау;
- қызығушылықтары бойынша саралау;
- машықтанып жатқан мамандықтары бойынша саралау.

Саралап білім беруде кері байланысты қолдану маңыздылығы

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты - еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Оқытушы білім алушының кез-келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Кері байланыс қазіргі кезде білім саласындағы өзекті мәселе болып тұр. Кері байланыс – мақсатқа жетелейтін нақты әрекет, ситуация, талас тудыратын сұрақтар мен мәселелер бойынша түсінік алу және түсінік беру үдерісі. Тиімді кері байланысты ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болып табылады.

Саралап оқыту тәсілі - әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерін саралау тәсілдерін қамтиды. Білім алушыларға тапсырма жеңілден күрделіге қарай, қабілеттерін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып сараланып беріледі.

Қабілетті студенттер оқу мақсаты негізінде алынған тапсырмаларды орындауда белсенділік танытып, ой тұжырымдай алды. Тапсырманы жеке орындау кезінде қиындық келтірген білім алушыларға жұптық жұмыс кезінде жұбының қолдау көрсетуі, оқытушының тиісті бағыт-бағдар беруі болашақ маман ретінде даму, жетілуіне тиімді әсер етеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас - жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін

зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау; білім алушының біліміне диагностика жүргізу, уақытылы кері байланыс алу сапалы білім беруге кепіл болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. Әдістемелік құрал. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013
2. Мейірманқұлова Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Астана: Фолиант, 2010
3. Орманова М. А. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту әдістемесі, Қызылорда, 2018
4. <https://zkoipk.kz/smartconf2019/1-section/5019-conf.html>
5. <https://www.nao.kz/files/blogs/1410319942288.pdf>
6. <http://orleuatr.kz/wpcontent/uploads/2020/02/%D0%96.%D0%86%D0%B7%D2%93%D0%B0%D0%BB%D0%B8.pdf>
7. <https://zkoipk.kz/kz/smartconf2017/1-section/3548-conf.html>
8. <https://melimde.com/oitu-netijelerin-diagnostikalaudi-mazmndi-salasinda-olshemdik.html>

ШЕТ ТІЛ САБАҒЫНДА ТЕЛЕДИДАРДЫ ҚОЛДАНУ

**ЖУСУБАЛИНА Ж.М.
М.Әуезов атындағы ОҚУ**

Түйіндеме. Мақала авторы оқу процесінде теледидарды белсенді және орынды қолдану белгілі шамада оқытудың мазмұнымен және процессімен әсер ететініне тоқталып кеткен. Теледидарды ауызша шет тілді сөйлеуде қолдану студенттердің тілдік қызметін белсендіру, олардың шет тілді сөйлесуін ынталандыруға көлемді оқиғалар құру және студенттердің шет тілін ұсынылатын жағдайларда негізгі коммуникативтік құрал ретінде меңгеруін бақылауды жетілдіру үшін мақсатты болып түсіндірілген.

Кілт сөздер: оқу процесі, теледидар, коммуникативті құрал, тіл, сөздік, сөйлеу.

Ключевые слова: учебный процесс, телевидение, коммуникативный инструмент, язык, словарный запас, речь.

Key words: educational process, television, communicative tool, language, vocabulary, speech.

Техникалық құралдарды пайдаланудың мақсаттылығы, біріншіден оқылатын материалдың мазмұнымен, екіншіден осы құралдың немесе құралдар кешенінің өзіне тән ерекшелігімен шешіледі. Техникалық құралдарды нақты сабақтар үшін мақсатты түрде іріктеу осы сабақтың оқу мақсатымен анықталады. Оқытудың техникалық құралдары формалар үшін қолданылмауы тиіс.

Оқытушының қондырғы өзін ақтағаны және негізделген психологиялық ұстанымы туралы есінде болғаны жөн. Дәл қондырғы түйсікті мақсатты бағытқа, түсінуге, фактілерді іріктеу процессіне, оларды сұрыптау мен бағалауға айналдыруға мүмкіндік береді.

Кез келген оқу ақпаратын, кез келген оқу құралын қабылдау міндетті түрде оқушылардың тәжірибесімен, олардың білімімен және ой-өрісімен міндетті түрде байланысты. Оқушының тәжірибесі санасында көрініс түрінде тұрады және сабақтарда,

оқушылардың жұмысында көрінеді. Оқу процесі қалай өтетіні, жаңа материалды меңгеру қалай жүретіні біршама деңгейде оқушының жағдайына, олардың қызығушылығына, олардың өздік жұмысына дайындығына байланысты. Сондықтан фильмді көрсетер немесе дыбыстық жазбаларды тыңдар алдында көрудің немесе тыңдаудың мақсатын анық және дәл қалыптастыру қажет. Көрудің немесе тыңдаудың мақсатын анықтауда оқытушы тапсырманы нақты қалыптастырып, біреуден кем емес тапсырма беруі керек. Бағдарламаны немесе фильмді түсіну – бір мезетте тыңдау және көру анализаторларының зер салуын талап ететін, оқушылар үшін күрделі, қиын процесс (дыбыстық жазбаны немесе радио бағдарламаны тыңдауда көру анализаторы әрекет етпейді, бұл оқушылар үшін процессті жеңілдетеді).

Оқытудың техникалық құралдары білімді бекіту сатысында біршама көп рөлге ие болады. Техникалық құралдарды қолданатын сабақтарда оқытушы білімнің тұрақтылығын, мықтылығын қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс.

Физиологтар біздің біліміміздің негізінде бас миының қабықтарында туындайтын уақыттық байланыстар жататын бекітеді. Осы байланыстардың мықтылығы біршама деңгейде бас миы қабығындағы қозу мен тежелу процесстеріне байланысты. Өз кезегінде (оқытуға тән), қозу және тежелу процесстері мектеп оқушыларының тәжірибесіне, білім алу кезіндегі олардың белсенділігіне байланысты. Осы сәтте оқушылар қаншалықты белсенді болса, олардың білімі соншалықты берік болады. Бірақ алынған байланыстар, егер оларды бекітіп, күшейтпесе тез сөнеді. Олай болса, байланыстарды бекіту процессінде көрнекі құралдың мәні білімді орнатуда зор екенін ғылым дәлелдеді.

Міне сондықтан да фильмді көргеннен кейін класста, тым болмағанда оқушылардың қиялында – көргенде немесе естігенді тағы да қалпына келтіріп, бейнелерді жандандыру жұмыстарын ұйымдастыру өте маңызды. Бірақ қайталаудың мәні оқушының қайталау процессінде не істейтініне, тұжырымдаудың қалай ұйымдастырылғанына байланысты. Оқытудың техникалық құралдарының көмегімен сұрақ процесінде фильм, диафильм, дыбыстық жазба материалымен оқушылардың білімін тәжірибеде қолдану мүмкіндігі ашылады – мұндай тексеру оқулықтағы жаттанды параграфты қайталап айтып бергеннен қарағанда әсерлі, біршама дәл болады. Техникалық құралдар көмегімен ұйымдастырылған мектеп оқушыларының білімін тәжірибелі тексеру кейде күтпеген мәліметтер береді.

Теледидарды белсенді және орынды қолдану белгілі шамада басқаруды оқытудың мазмұнымен және процессімен әсер етеді. Теледидарды ауызша шет тілді сөйлеуде қолдану студенттердің тілдік қызметін белсендіру, олардың шет тілді сөйлесуін ынталандыруға көлемді оқиғалар құру және студенттердің шет тілін ұсынылатын жағдайларда негізгі коммуникативтік құрал ретінде меңгеруін бақылауды жетілдіру үшін мақсатты болып көрінеді [1; 291].

Теледидар қолданылатын жұмыс біршама деңгейде бұл жағдайда аудиториядағы сабақтарда ауызша шет тілдік сөйлеуді оқытудың оралымды басқару процесімен көлемді бағдарламаларды құру үшін жаңа қосымша мүмкіндіктер туындайтын айырмашылықты бағдарламалау ұстанымы бойынша құрылады. Оқу жұмысында келесі әдістемелік тәсілдер қолданылуы мүмкін:

- Шет тілдік сөйлеу үлгісін диалог, монологтық пікір, жеке репликалар, толық коммуникативтік сюжет түрінде бейнелеу;
- Шет тілдік сөйлеу үлгісін меңгеруді басқарудың дыбыс-бейнелік бағдарламасы;
- «диктор-оқушы» жүйесінде ауызша сөйлесу әрекеттестігі;
- Сөйлеу мен жеке үлгілердің мазмұнын дыбыс-бейнелі иллюстрациялау;
- Оқушыларды шет тілде сөйлеуін ынталандыру үшін тақырыптық және басқа да көрнекілік құру;
- Мәселелік жағдаяттар құру және тапсырмаларды қою;
- Ұсынылатын оқиғаларды суреттеу;
- Диктордың шет тілдік сөйлеуінде кедергілер қою (дыбысты өшіру, шуды енгізу);
- Оқушылардың бейнелік-стилистикалық шет тілдік ойлауын дамыту мақсатында еркін және тұрақты ауызша сөйлеуге иллюстрациялы үйрету;

- Іштей сөйлеу арқылы іштей шет тілдік сөйлеуді басқару үшін ырғақтылыққа жаттығу;
- Шет тілінің функционалды грамматикасын меңгеру үшін жаттығулар;
- Кәсіби-іскерлік және әлеуметтік-тұрмыстық ойындар;
- Сөйлеу-қызметтік (психолингвистикалық) ойындар;
- Осы тілдің реальный меңгеруге арналған жаттығулар;
- Оқушыларды шет тілдік сөйлеу мәдениеті мен оқитын тілді тасымалдаушылардың тілдік және паралингвистикалық тәлімінің ерекшелігімен таныстыруға арналған жаттығулар;
- Шет тілін байланыс және қызмет құралы ретінде меңгеру мен игеру деңгейін анықтауға арналған тесттер.

Теледидар бойынша шет тілдік сөйлеу үлгісін көрсету диалогты драмаластыру, қарапайым байланысу немесе шығармашылық туындылардан кіріккен репликалармен алмастыру, жеке монологтық пікір, повесть немесе романдағы әңгімені немесе эпизодты сахналау түріндегі толық коммуникативтік сюжет, сонымен қатар толық драматургиялық туынды негізінде жүзеге асады. Мұнда, сонымен қатар, оның тілдік ерекшелігі мен экстралингвистикалық мотивтерін, ынталылық пен оқиғаларға көрсете отырып, пікірді түсіндіретін диктор-оқытушының рөлі де белсенді болып табылады. Диктор қатынасушы адамдардан әртүрлі элементтерді қайталауды, қызметті толығымен белгілі бір уақытқа ұстауды сұрай алады. Соңғысын экрандағы біршама даулы және мәселелік жағдайларда қолданған жөн. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер дәл осы сәттерде ақпараттарды меңгеруде біршама үлкен тиімділікке жететін көрсетеді. Қатынасушы адамдардың рөлін немесе алдын ала дайындалған оқушылар, немесе оқытушылар орындайды.

Шет тілдік сөйлеу үлгілерін меңгеруді басқарудың дыбыс-бейнелік бағдарламасы (толық немесе жартылай тілдік сөздер-репликаларды түсінеміз) өзінің құрылымы бойынша машиналық бағдарламаларды еске салады. Диктор нұсқаулық береді, сосын орындау үлгісі мен жұмыс материалының белгілі мөлшері ұсынылады, артынша кілт пен өзіндік түзету беріледі. Іздеу сараптамасы мен барлау зерттеулері процессінде біршама типтік және мүмкін қателер анықталады, бұл бейімделген бағдарламалар құруға мүмкіндік береді.

Мысалы, ағылшын тілі сабағында оқушыларға репликаларға талғаулы сұрақтар қоюға нұсқаулық беріледі. Экранда екі қатысушы адамдар – А және Б дикторлары.

Диктор А хабарлайды:

Yesterday I visited our ArtGallery for the first time».

Диктор Б жауап қайтарады:

«You enjoyed your visit there, didn't you?».

Осындай үлгі бағдарламаға бастама болуы мүмкін. Сосын Диктор А репликалар тізбегін айтады, ал диктор Б талғаулы сұрақ түрінде жауап береді, бұл кезде дыбыс өшіріледі. Осындай жағдайларда оқушылар екі өзара әрекеттес тұлғалар, олардың ымдары мен дене қимылдары түрінде көріп еске түсіреді; еске түсіру реакцияға репликалар үшін етістіктері немесе қандай да бір басқа сөздері бар титрлер түрінде жүзеге асуы мүмкін. Диктор А-ның қойылған сұраққа жауабы қисынды болып табылады, бұл «хабарлама-сұрақ-жауап» диалогтық бірлігін аяқтайды. Диктор А-ның жауабы дыбысталған немесе дыбысталмаған болуы мүмкін – бұл нұсқаулыққа байланысты. Кілт А және Б дикторларының диалогтық бірлікті қайталауын көрсетеді, сосын дыбысты толық өшірген жөн, диалогтағы тілдік сөйлеу үшінші рет ойналады, ал оқушылар оны көзбен көріп есте сақтау материалында айтады.

Теледидарлық бағдарламалау машиналыққа қарағанда тіл мен сөз құбылыстарының біршама кең көлемін қамтуы мүмкін. Әсіресе оқушылардың эвристикалық қызметтерін басқаруда оның мүмкіндігі зор. Біздің пікірімізше, телебағдарламалар айтарлықтай шамада «функционалды грамматика» дегенге, яғни студенттер қызметін шет тілдік сөйлеу әрекеті деңгейінен бастап сөйлеу операциялары деңгейіне дейін аудары грамматикасына оқытуды қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл туралы біраз кейінірек айтылады.

«Диктор-оқытушы» жүйесіндегі ауызша сөйлеу әрекеттестігі белгілі тақырып немесе мәселелік жағдай шеңберінде екі әңгімелесуші арасында байланысты ұқсатуды болжайды.

Диктор мен оқушының әңгімесі әртүрлі бейнеде құрылуы мүмкін: а) алдын ала дайындалған диалог-үлгісі шеңберінде (диктор мен оқушы әрқайсысы өзінің репликаларын айтады); б) репликалар негізінде диктордың оқушыға белгісіз хабарлама немесе сұрақтар түрінде әсер етуі, бұл ретте оқушыға тек көптеген мүмкін реакциялар ғана ұсынылады (оқушы спонтанды бағдарланып, адекватты репликаларды таңдау керек); в) диктордың әрбір пікірімен қатар титрлерде басқа диктормен айтылатын төрт-бес реакция нұсқалары пайда болады (оқушы қажеттісін тез таңдауы тиіс); г) диктор экранда телефондағы әңгімені бейнелейді, оқушы әңгімені шамалап тыңдап, сосын әңгіменің мазмұнын болжап, әңгімелесушінің репликасын «сымның арғы ұшында» айтады; д) репликаларды табу ойыны түрінде (диктор өзінің әсерін айтады – оқушы жауап береді; диктор жаңа репликаны айтады – репликалар мазмұны бойынша қиыспаған жағдайда студияға дабыл беріледі де, диалог басынан бастап қайталады). Жұмыстың соңғы түрі студияға дабылсыз да жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте әрбір оқушы репликаға сәйкестігі кейінірек анықталатын өз нұсқасын ұсынады. Мұндай ойын студенттердің шет тілде сөйлеу реакциясына жағдай жасауға әсер етеді және белгілі жағдайларда сол бір тілекке барлық мүмкін реакция нұсқаларын «ойнауға» мүмкіндік береді. Бұл спонтанды сөйлеу дағдылары мен біліктерін дамытуға әсер етеді.

Тілдік сөйлеулер мен жеке бейнелерді дыбыс-бейнелі иллюстрациялау теледидардың бейнелеу мүмкіндіктерінде құрылады. Фотосуреттер, суреттер, кестелер, диапозитивтер, пантомима, скетчтер, этюдтер, кинокадрлар сәтті қолданылуы мүмкін. Телесуреттерді қолдану жаңа материалды ұсынуда да, онымен жұмыс істеуде де қажет. Иллюстрациялы материал көру-тыңдау әсері арқылы оқушылардың шет тілдік сөйлеу әрекетін басқаруға болатындай түрде құрылуы тиіс [2; 28].

Теледидар оқушылардың шет тілде сөйлеуін ынталандыратын кез келген дерлік көрнекілікті құру үшін кең мүмкіндіктерді ұсынады. Барлық ауызша тақырыптар, сонымен қатар аналитикалық және синтетикалық оқу, белсенді сөздікті меңгеру процессінде туындайтын сөйлеу жағдайлары әртүрлі тәсілдер: микширлеу, үлкейту, кесу, панорамалар және т.с.с көмегімен сәйкес көрнекілікпен қамтамасыз етілуі мүмкін. Әсіресе әрбір ауызша тақырыпқа, жеке сөздер мен сөз тіркесі тізімдеріне, сонымен қатар кез келген әдеби туындыға фотосуреттерді сюжеттік іріктеуге таңдалған фотосуреттерді пайдаланудың перспективалы. Телекамера көмегімен жалпы жобадан бөлшектерге, бір бөлшектен екіншіге өту, фотосуреттің тез ауысуы есебінен фотосуреттер серпінді болады. Суреттерді шет тілде сөйлеу үлгілерімен де, қозғалыс пен әрекет атмосферасын құру үшін әуенмен де беруге болады.

Теледидарлық экран біршама деңгейде оқу сабақтарында мәселелік жағдайлардың туындауын жеңілдетеді. Мәселелік жағдайларды құру формасы жағынан суреттеу құралдарын көрермен мен оның сөздік белсенділігіне әртүрлі құрылымдардың әсерін зерттеу қызықты болып табылады.

К.С.Станиславский әзірлеген және театрлық тәжірибеде теледидардың суреттеу құралын қолдау арқылы кеңінен қолданылғанда ұсынылатын жағдайлар оқушылардың шет тілде сөйлеу белсенділігіне сөздік және экстралингвистикалық әсердің толық жүйесін құра алады. Бұл жағдайларды диктор суреттік көрнекілік фонында немесе онсыз жеке сөйлеу формасында ұсынады. Ұсынылған оқиғалармен жұмыстың бастапқы сатысында оларды орындауды үлгілерін теледидардан көрсеткен жөн.

Диктордың шет тілде сөйлеуінде кедергілер жасау оқушыларда нақты қарым-қатынаста өте қажетті түсінудің «кедергіге тұрақтылық» деп аталатын түрін жасауға әсер етеді. Екінші жағынан, кедергілермен жұмыс оларға шет тілдік қатынасу материалы негізінде сөздік және паралингвистикалық құрылымдарды (ең кең мағынада) байланыстыру дағдысына жетуге мүмкіндік береді. Кедергілерді енгізу тәсілі оқушыларды шет тілдегі кинофильмдердегі және телебағдарламалардағы сөзді шебер қабылдауға дайындайды. Кедергілерді (дыбысты өшіру, «ак», сөйлеу және басқа да шу түрлерін құру) алғашында тек сөз бен көзбен бейнелеу жеткілікті контекст құрған жағдайларда енгізу керек. Бұдан әрі кедергілер одан да кеңірек тәжірибеде қолданылады [3; 31].

Теледидар сонымен қатар еркін және тұрақты ауызша сөйлеуге иллюстрациялы оқытуды пайдалануға мүмкіндік береді, бұл студенттердің бейнелі-стилистикалық шет тілде ойлауын, шет тілде іштей сөйлеуді дамуын басқаруды дамытады. Бұл үшін ырғақтылыққа жаттығулар әзірленеді: диктор оқушылардың бұрын меңгерген шет тілдік сөйлеу пікірлерін (диалогтық және монологтық) қалыпты екіпінде оқиды. Ырғақтылық дыбысты қосу немесе өшіру есебінен құрылады. Алдымен оқушылар диктор сөзінің екіпінімен танысады (ол ақырын басталып тезге дейін түрленеді), сосын максималдық синхронизациясына диктордың сөзімен ұмтыла, іштей сөздер пен репликаларды айтады. Ырғақтық сөйлеуді бақылау белгілі интервал арқылы дыбысты уақтылы қосу көмегімен жүзеге асады. Оқытушы оқушыларға іштей шет тілдік сөйлеу сөздерін айтуды ұсынады. Уақыт өткен сайын оқытушының белгісі бойынша жеке оқушылар іштей айтуда таңдалған фразаларды «дыбыстайды». Мұндай жаттығулар жеке пікірлер мен сөз сөйлеуде іштей сөйлеуді автоматтандыруға әсер етеді. Бұл өз кезегінде дыбыс тіліне де оңтайлы әсер етеді.

Функционалды грамматика бойынша теледидарлық жаттығулар ұсынылған оқиғаларға сәйкес бұдан әрі импровизация арқылы шағын диалогтық үлгі материалдарында құрылады. Бұл ретте телеэкран коммуникативтік жағдайды құру үшін қажетті көрнекілікті қамтамасыз етеді.

Кәсіптік-іскерлік (педагогикалық, психологиялық, лингвистикалық, психолінгвистикалық, сөз-қызметтік) және әлеуметтік-тұрмыстық (күнделікті қарым-қатынас жағдайлары) ойындар тікелей аудиторияда дайындалады және өрістейді. Теледидардан даулы немесе мәселелі жағдай баяндалатын белгілі сюжет көрсетіледі, ойынға қатысушылардың рөлдік ерекшелігі сипатталады.

Ықтимал шет тілдік сөйлеу тәртібін үлгілеуге арналған психолінгвистикалық (сөз-қызметтік) ойындарды қолданғанда сөйлеудің таза сөздік жағына аса назар аударылады. Теледидардан аудиторияда мұқият талданатын және ойналатын осы тілді тасымалдаушылардың сөйлеу тәртібінің үлгілері көрсетіледі. Сосын үлгілерде кейбір жағдайлар өзгереді де, сөйлеу тәртібінің берілген үзіндісі өзгерген немесе жаңа ережелер бойынша ойналады [4,37].

Оқылатын тілдің реалийлерін меңгеруге арналған жаттығулар тілде айрықша сөздер мен құрылымдардың пайда болуы мен өмір сүруін ескертетін белгілі фактілер мен құбылыстарды телеиллюстрациялау негізінде құрылады.

Теледидар шет тілдік сөйлеу мәдениеті мен паралингвистикалық тәртіп ережелеріне оқытуда ерекше рөлге ие. Сондықтан ауызша сөйлеу тәжірибесі бойынша оқу сабақтарында көрсете алатын фильмотекалар мен видео-жазбалар серияларының үлгілерін құру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ильянцева О.М. Элементы компьютерного обучения грамматике английского языка.- Омск: ОмГПИ, 1987-33с.
2. Маслыко Е.А., Бабинская П.К., Будько А.Ф., Петрова С.И. Настольная книга преподавателя иностранного языка. Минск.изд. «Высшая школа», 2004
3. Олифер В., Олифер Н. Новые технологии в обучении. С.Пб.: БХВ-Санкт-Петербург, 2000
4. Е.Н. Соловова Использование видео на уроках иностранного языка // ELTNEWS&VIEWS № 1 март 2003 г. стр. 2

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ – МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ

**МҰХИДДИНОВА ГҮЛЖАНАТ ӘЛІМЖАНҚЫЗЫ,
ЖУСУПОВА ГУЛЬНУР АЙДАРОВНА**

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледж оқытушылары

«Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі колледждегі әдістеме пәндері мен тәжірибе жинақтау түрлерінде қамтылатыны сөзсіз. Еліміздің ертеңі жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сабақ - мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қала алмайды. Сондықтан қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға – оқушының білімін көрсететін нәтиже. Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі болып табылады. Сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр оқытушының, машықтанушының парызы. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты — білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

5-9-сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) пайдалану болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Бұл бағдарламада коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылады. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес. Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру, оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыру қажет. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын. Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық

пәнге тән ортақ тақырыптың болуы, сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесіне есеп беру арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс парақшасынан алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып, ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне көшті.

Критериалды бағалау - оқушының оқу жетістігін бағалау. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты: мектепте оқыту сапасын жоғарылату; мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру. Критериалды бағалаудың міндеттері: сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға; Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған. Критериалды бағалаудың маңызы: Мұғалімдер үшін: Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алу; Сабақ берудің сапасын арттыру; Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлау; Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалану; Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізу. Оқушылар үшін: Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалану; Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну; Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсу; Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсету. Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі: Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді; Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді; Ата-аналар оқушының оқу жетістіктері бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Студенттердің бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Біз осы мақсатта 01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 4S01140601 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігі бойынша даярланып жатқан мамандық студенттері мен машықтанушыларына қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәндері және байқау практикасына, дипломалды практикаға дайындық тәжірибе жинақтауларында критериалды бағалаудың түрлері, интербелсенді әдістің түрлері, рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығы, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдер, блум таксономиясы, танымдық деңгейлері, қысқа мерзімді жоспар жасау – осылардың барлығын меңгертіп жүрміз.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов. Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Себебі, әлем таныған елде рухани бай және интеллектуалды тұлғалар мекендеу қажет. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын болашақ білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы заман талабына сай келешек ұрпақты тәрбиелеу, қалыптастыру - біздер, педагогтердің басым бағыты, басты мақсаты дегіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
2. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.
3. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериялды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017 ж.
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.
5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау басшылығы. Астана, 2016 ж.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым). «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СПЕЦИАЛИСТА ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ СОДЕРЖАНИЮ И ЯЗЫКУ

**МҰНАРБАЙ МИЛЕНА КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ,
магистрант 2 курса КазНПУ им. Абая**

Аннотация: В наше время в условиях глобализации и информационных технологий, профессиональные навыки владения иностранным языком становятся все более важными для успешной карьеры в различных областях. Однако, формирование высокой профессиональной компетенции требует эффективных методов обучения. Данная научная статья посвящена изучению эффективности методов формирования профессиональной компетенции специалиста по иностранному языку через использование технологии интегрированного обучения содержанию и языку. Современная образовательная парадигма предполагает не только усвоение языковых навыков, но и их успешное применение в профессиональной сфере. В данной статье рассматриваются основные аспекты этого подхода, его преимущества и вызовы.

Ключевые слова: интегрированное обучение, профессиональная компетенция, иностранный язык, образование, содержание и язык

Введение

В настоящее время образование является главным приоритетом в развитии нашей страны. Модернизация содержания образования отражена в нашей стране Республике

Казахстан в Государственной программе развития образования и науки на 2020-2025 годы, которая направлена на повышение международной конкурентоспособности казахстанского образования и науки. По мнению С.С.Кунанбаевой, иностранный язык приобретает статус инструмента формирования интеллектуального потенциала современного общества, который становится одним из главных ресурсов развития нового государства. Поэтому для развития иноязычной коммуникативной компетенции студентов необходимо использовать инновационные методы и технологии в преподавании иностранного языка в вузе.

В современном мире глобализации и информационных технологий, владение иностранным языком становится ключевым элементом успешной профессиональной карьеры. Однако, просто знание иностранного языка часто недостаточно. Важно, чтобы специалист обладал не только лингвистической компетенцией, но и умел успешно применять свои знания в конкретной профессиональной области. Обучение иностранным языкам включает в себя не только овладение грамматикой и лексикой, но и развитие навыков общения в профессиональном контексте. Интегрированное обучение содержанию и языку представляет собой метод, который объединяет изучение языка и учебный контент, что способствует более глубокому усвоению материала. Одной из инновационных педагогических технологий, отвечающих требованиям интегрированного преподавания иностранного языка и профильных дисциплин, является технология CLIL (Content and Language Integrated Learning - предметное и языковое интегрированное обучение). Английский считается наиболее широко применяемым целевым языком для CLIL в Европе [3, 89].

Интегрированное обучение содержанию и языку

Метод интегрированного обучения содержанию и языку предполагает объединение языкового обучения с учебным материалом, характерным для определенной профессиональной области. Этот подход способствует более глубокому пониманию терминов и понятий, используемых в конкретной сфере, и улучшает способность студента применять свои языковые навыки в реальной работе. В настоящее время CLIL “реагирует на потребности глобализации и использует лингва франка как средство коммуникации внутри многонациональных сообществ” [4, 72]. Следовательно, обучение, интегрированное с содержанием и языком, повышает мотивацию и развивает когнитивные знания и критическое мышление учащихся, способствует эффективным результатам обучения и поощряет использование языка в реальной жизни в мультикультурной среде. Большинство зарубежных исследователей указывают на аутентичность содержания CLIL, которое обеспечивает вовлеченность студентов и стимулирует их опыт обучения [5, 6].

Преимущества метода

- *Контекстуальное обучение:* Интегрированное обучение помогает студентам освоить язык в контексте его реального применения, что повышает эффективность обучения.
- *Развитие профессиональной компетенции:* Специфика профессионального содержания обогащает лексикон иностранного языка студента, делая его более подготовленным к реальным задачам на рабочем месте.
- *Повышение мотивации:* Студенты чаще ощущают мотивацию, когда видят прямую связь между учебным материалом и их будущей профессиональной деятельностью.

Принципы интегрированного обучения содержанию и языку

1. **Целенаправленность обучения:** Интегрированное обучение направлено на достижение не только лингвистических целей, но и целей, связанных с учебным предметом или профессиональной областью.
2. **Контекстуальность:** Обучение проводится в контексте реальных ситуаций, что позволяет студентам использовать языковые навыки на практике.
3. **Взаимодействие:** Студенты вовлечены в активное взаимодействие с учебным материалом, что способствует более глубокому пониманию и усвоению информации.

Вызовы и перспективы

- *Необходимость подготовки преподавателей:* Эффективная реализация метода требует от преподавателей специальной подготовки, с учетом специфики профессиональных областей.
- *Адаптация учебных программ:* Внедрение интегрированного обучения требует пересмотра учебных планов с целью интеграции языковых и профессиональных компонентов.

CLIL - инструмент для совместного преподавания и изучения контента и языка. Самое важное в CLIL - интеграция. Мы включаем изучение языка в занятия по контенту и наоборот, изучение контента в занятия по изучению языка. Таким образом, нужно сосредоточиться на контенте и совместном обучении. Есть третий элемент, который не менее важен – навыки обучения, которые поддерживают усвоение контента и языка. Таким образом, у нас есть троичная технология, которую следует внедрять в более широком контексте: контент, язык и навыки обучения. Это три основные цели образования в стиле CLIL.




Рисунок 1 - Модель CLIL

Все эти ключевые особенности модели CLIL основаны на следующих четырех принципах: познание, сообщество, контент и коммуникация (4-C CLIL model).

Хорошая практика CLIL основана на познании (мышление), которое является ментальной способностью к познанию. В CLIL основное внимание уделяется содержанию, а не форме. Более того, поскольку осмысление – это как личный, так и социальный процесс (сообщество), новые знания и навыки развиваются как посредством личной, так и совместной рефлексии/анализа (познание) и коммуникативного процесса (коммуникация).

Исследователи выделяют следующие преимущества использования CLIL в высшем образовании:

1. Интегрированные занятия повышают мотивацию студентов к изучению языка, поскольку студенты рассматривают язык как средство изучения другого предмета и получения новой интересной информации. “Студент желает понимать и использовать контент, который мотивирует его или ее изучать язык” [7, 11].
2. У студентов гораздо больше возможностей говорить и писать о процессах, которые они наблюдают и анализируют. Затем они могут поделиться своим опытом с другими учениками в классе.
3. Студенты учатся применять новые знания и навыки.
4. Изучение языка становится мощным инструментом для расширения профессиональных знаний и умений [8, 32].
5. Это помогает расширить кругозор и культурные ценности.
6. Студенты учатся сотрудничать и быть независимыми.
7. Это создает опыт “реальной жизни” и фокусируется на врожденной способности к изучению языка, которая была у всех нас в детстве и подростковом возрасте.

8. Гибкость этого подхода очевидна, поскольку его можно легко применить к различным контекстам обучения, учебным планам или образовательным системам.

Тем не менее, есть некоторые трудности, с которыми сталкиваются преподаватели, которые совершенно очевидны: предоставление контента на иностранном языке (математика, физика, психология и т.д.) может вызвать трудности у преподавателей контента, и может быть хлопотно обучать их иностранному языку, и наоборот, преподаватели иностранных языков сталкиваются с некоторыми проблемами при объяснении содержания. содержание на их языковых занятиях. Как общепризнано, образовательные инновации опережают предоставление педагогического образования. По мере расширения программы от начальной и средней школы до высшего образования требуется все большее число преподавателей CLIL. Педагогические учебные заведения во многих странах не готовят учителей для CLIL. Количество учителей, владеющих данным языком CLIL и имеющих квалификацию в предметной области, ограничено. Даже если у них есть такие навыки, не все учителя готовы сосредоточиться на содержании и языковых целях [5, 21].

Другой проблемой, связанной с внедрением технологии CLIL, является трудоемкая подготовка к занятиям. Требуется сознательное усилие, чтобы установить цели по содержанию, языку и навыкам обучения для каждого занятия. Более того, если вы преподаватель иностранного языка и пытаетесь применить некоторые элементы технологии на своих языковых занятиях в рамках курса английского языка для специальных целей (ESP), предназначенного для 4-го семестра бакалавриата, вам придется потратить значительное время на разработку или адаптацию существующих учебных ресурсов. Будучи преподавателем языка, вы умножаете свои усилия, готовясь к занятиям с различным содержанием, поскольку группы, с которыми вам приходится работать, представляют разные факультеты университета. Поиск подходящих материалов для конкретной группы - еще одна задача для преподавателей. Язык должен быть достаточно простым, а материалы – представлены в удобной для обучения манере, при этом содержание должно быть достаточно насыщенным и познавательно сложным, чтобы заинтересовать учащихся. В качестве выхода можно предложить установить взаимные отношения и поделиться опытом. К счастью, некоторые полезные интернет-ресурсы могут быть полезны как преподавателям, так и студентам на сайтах: OneStopEnglish, BritishCouncil, CLIL Media, Macmillan'sInspiration и др.

Заключение

Интегрированное обучение содержанию и языку представляет собой эффективный метод формирования профессиональной компетенции специалиста по иностранному языку. Этот подход способствует более глубокому усвоению материала, развитию коммуникативных навыков и успешному применению языковых знаний в профессиональной сфере. Изучение и анализ литературы по рассматриваемому вопросу, а также опыт преподавания профессионально ориентированного иностранного языка позволяют нам выделить следующие преимущества комплексного подхода: он повышает мотивацию студентов; развивает у студентов мыслительные способности и креативность; развивает иноязычную компетенцию; погружает студентов в языковую среду; способствует получение более всесторонних знаний для будущего профессионального общения; интенсифицирует процесс обучения профессиональному иностранному языку; развивает и улучшает когнитивные способности студентов; сочетает предметную область и язык, тем самым пополняется словарный запас по специальности. Наряду с этим, существуют специфические трудности в использовании данной технологии: несовершенство учебников английского языка, недостаточное количество занятий (часов) по данной дисциплине и разный уровень знаний, изучающих иностранный язык.

Использованные литературы:

1. State program for the development of education for 2020- 2025. Information and Legal System of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. Available from: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-i-nauki-respubliki.pdf>
2. Kunanbayeva SS. The concept of development of foreign language education in the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. 2010. Available from: <http://referatdb.ru/kultura/142792/index.html>
3. Dalton-Puffer C. Content-and-language integrated learning: from practice to principles. Annual Review Applied Linguistics. 2011; 31:182-204
4. Šulistová J. The Content and Language Integrated Learning Approach in Use. Acta Educ Gen. 2013;3(2):47-54. doi:10.1515/atd-2015-0018
5. Mehisto P, Marsh D, Frigols MJ. Uncovering CLIL: Content and language integrated learning in bilingual and multilingual education. Oxford, England: Macmillan Education. 2008. Available from: <https://trove.nla.gov.au/work/33664489>
6. Coyle D, Hood P, Marsh D. CLIL: Content and language integrated learning. New York, NY: Cambridge University Press. 2010. Available from: <https://abdn.pure.elsevier.com/en/publications/content-and-language-integrated-learning>
7. Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Oxford, Macmillan Education Publ., 2012. 238 p
8. Serikov G.N. [Socially Significant Aspects of Self-Identity]. Bulletin of the South Ural State University. Ser. Education. Pedagogy, 2014, vol. 6, no. 4, pp. 27–32.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ПІКІРТАЛАСТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

ТОЙЛЫБАЕВА ҚЫМБАТ ҒАБИТҚЫЗЫ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты

Түйіндеме. Мақалада оқушының диалогтік ұстанымын, интерпретациялық және коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал ететін жоғары сыныптардағы әдебиет сабақтарында оқу пікірталастарының формаларын қолдану әдістемесі теориялық тұрғыдан негізделді. Оқу диалогы мен пікірталас тарихына шолу жасалып, сол бағыттағы ғылыми әдебиеттер талданылды.

Кілт сөздер: диалог, ынтымақтастық, пікірталас, панельдік дискуссия, форум, дебат.

Ключевые слова: диалог, сотрудничество, дискуссия, панельная дискуссия, форум, дебаты.

Key words: dialogue, cooperation, discussion, panel discussion, forum, debate.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім беруге, оның ішінде орта мектепте әдебиетті оқытуға елеулі әсер ететін күрделі, көп қырлы өзгерістер жүріп жатыр. Мұғалімдер оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттеріне, сондай-ақ қазіргі ақпараттық қоғамның талаптарына толық сәйкес келетін көркем мәтін мен жас оқырман арасындағы қарым-қатынастың жаңа формаларын іздеуді жалғастыруда, білімді өз бетінше іздеуге үйретуге бағытталған және ақпаратты іздеу, құрылымдау және түрлендірудің жаңа тәсілдерін игеруге бағдарланған.

Мектептегі тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі – проблеманы өз бетінше қоя алатын және шеше алатын, қарсыластарының пікірін қабылдай алатын, бағалай алатын және түсіндіре алатын, өз ұстанымын жан-жақты баяндап, қорғай алатын оқушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру. Бұл ретте мұғалімнің «өз қызметінде толеранттылық, диалог пен

ынтымақтастықтың заманауи принциптерін басшылыққа алуы» маңызды. Бұл мәселені жүзеге асыру нәтижесінде шығармашылық ойлау, стандартты емес шешімдерді табу, өмір бойы оқуға дайын болу сияқты тұлғаның қалыптасқан қасиеттері пайда болуы мүмкін. Мектептегі әдеби білім, сонымен қатар, кез келген кәсіби іс-әрекетте, сондай-ақ көркем сөз шығармаларын өзінің ішкі рухани әлемімен үндестіре алатын оқу және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі мектептің негізгі міндеттері – әрбір оқушының қабілеттерін ашу және дамыту, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының тұжырымдамасына сәйкес тұлғаны қалыптастыру, гуманистік ұстанымдар, қарқынды өзгерістердің табалдырығында тұрған жоғары технологиялық әлемде өмір сүруге дайын тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Әдеби шығарманы зерттеудің жаңа тәсілдерінің дамуы «өзінді және өзгені түсінуге» мүмкіндік береді [1, 31] және әдебиет сабақтарында тәрбиелік диалогты қолданудың және оқу пікірталастарын модельдеудің әдістемелік негіздемесін ұсынады. Бұл тұрғыда эпикалық шығармаларды оқу және талдау ерекше маңызға ие, өйткені олардың талдауы диалогтік сипатта және сұрақ-жауапқа негізделген.

Пікірталас арқылы көркем мәтінді түсіндіру диалогтық позицияның қалыптасуын өзімен ішкі семантикалық диалогқа және әдеби шығармада қалыптасқан мағыналарды түсіндіру және түсіну мақсатында сұхбаттасушымен, қарсыласымен сыртқы диалогқа қабілеттілік пен дайындық ретінде анықталады.

Алайда, қазіргі заманғы оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, әдеби шығарманы мектепте талдаудың тиімді тәсілдерін іздеу әлі де өзекті болып қала береді.

Мұндай тәсілдердің ішінде, атап айтқанда, коммуникативті - белсенді және жеке сараланған, бұл біздің ойымызша, оқу процесінде оқытудың пікірталас формаларын неғұрлым белсенді қолдануды қамтиды. Бұл ретте оқытудың пікірталас нысандары деп топтық талқылауды, зерттеуді, сыни ойлауды дамыту сабақтарында туындайтын даулы мәселелер кезінде проблемаларды көпшілік алдында қарауды қолдануды түсіну керек.

Дүниежүзілік педагогикалық тәжірибеде пікірталастың келесі түрлері кең тарады: сарапшылық топ отырысы (панельдік дискуссия); форум (талқылау); симпозиум (хабарлама); дебаттар (алдын ала белгіленген баяндамалар); сот отырысы (сот талқылауына немесе тыңдауға еліктейтін талқылау); аквариум [2,42].

XX-XXI ғасырлардағы диалог ойлаудың әмбебап сипаттамасы, түсіну, қарым-қатынас және білім беру процестерінің іргелі негізі ретінде қарастырылады. Диалог адамның өмір сүру тәсіліне айналады. Сұрақтар туындауы үшін баланың санасына мәдени бейнелер мен мәселелер енуі керек. «Сұрақтар нөлден тумайды». Адам Пушкиннің өлеңдерін немесе Шекспирдің трагедияларын жай ғана оқығанда немесе ұлы ғалымдардың, философтардың ойларына терең бойлағанның өзінде оның санасында адамның әлеммен және өзімен диалогын үлгі ететін қайшылықты, трагедиялық әртүрлі, кереғар ойлар пайда болады [3,138].

Ю.М.Лотман «Ой әлемінің ішінде» кітабында диалогтың пайда болу механизмдері туралы ой қозғады. Диалог Ю.М.Лотман теориясы бойынша диалогқа қатысушылардың семиотикалық құрылымының айырмашылығынан көрінетін ассиметрияны білдіреді. Диалогқа қатысушылар кезектесіп «беру» позициясынан «қабылдау» позициясына ауысады. Диалог мүмкіндігі үшін тағы бір шарт қажет: қатысушылардың өзара мүдделері және сөзсіз кедергілерді жеңу мүмкіндігі [4.268].

Қарым-қатынаста, оның ішінде педагогикалық қарым-қатынаста сөздің өзі, сөйлей білу, түсіндіру, сендіру, айтылғанның мәнін жеткізу және оған деген көзқарасы оқушылар мен мұғалімдердің санасы мен сезіміне ерекше рөл атқарады. «Мен сенімдімін», – деп жазды А.С.Макаренко: «Балаларға жақсы айтылатын іскер, күшті сөздің маңызы зор, мүмкін бізде ұйымдастырушылық формада әлі де көп қателіктер бар, өйткені біз де балалармен қалай сөйлесуді білмейміз» [5,211].

Психология мен педагогика бойынша зерттеулерде педагогикалық қарым-қатынас құбылысының әртүрлі түсіндірмелері келтірілген. Сонымен, А.А.Леонтьев педагогикалық

қарым-қатынас мұғалімнің сабақта және одан тыс уақытта оқушылармен кәсіби қарым-қатынасы ретінде «қолайлы психологиялық климат құруға, сондай-ақ оқу іс-әрекетін психологиялық оңтайландырудың басқа түріне және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа» бағытталған.

М.И.Станкин педагогикалық қарым-қатынас – мұғалім мен оқушылар арасындағы оқу әрекетінің, ынтымақтастығының бір түрі деп жазады. Бұл жеке тұлғаға бағытталған әлеуметтік өзара әрекеттестік. Педагогикалық қарым-қатынас кинетикалық, сөздік, символдық бейнелеу құралдарының бірлігін пайдалана отырып, коммуникативті, перцептивті және интерактивті қызметтерді дәйекті және синхронды түрде жүзеге асырады.

Оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелі болуы үшін баланың бойында нені тәрбиелегіміз келетінін, нені оқыту керектігіне деген оң көзқарасты ояту керектігін бүгінгі күнге дейін педагогика ғылымы дәлелдеп келеді. Ал осы немесе басқа көзқарас қызмет пен қарым-қатынастағы қатынастардың көп функционалды механизмі арқылы қалыптасады.

Педагогикалық жүйе педагогикалық ұжым ұйымдастыратын оқыту мен тәрбиелеу процесін мақсатты түрде жүзеге асырады. Педагогикалық жүйенің әрбір тарихи түрінің өзіндік ерекшелігі бар және белгілі (әртүрлі факторлардың әсерінен) мемлекеттік, педагогикалық және басқа да мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған; уақыт, дәуір, жағдайлар оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауда ғана емес, оның мазмұнын, құрылымын және мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас (байланыс) формаларын анықтауда да өз ізін қалдырады. Сонымен, педагогикалық қарым-қатынас мұғалім мен мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынас ретінде анықталады, оның барысында «оқушылардың ынтымақтасу дамыту және оқу іс-әрекетінің шығармашылық сипаты» үшін оңтайлы жағдайлар жасалады, бұл оқу үшін қолайлы эмоционалдық климатты және мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктерін оқу-тәрбие үрдісінде барынша пайдалану.

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі мақсаты тек білім беру (белгілі бір білім, дағдылар, құзыреттер) ғана емес, сонымен бірге зерттелетін құбылыстармен, объектілермен, ұғымдармен, нақты әлеммен және жалпы адам өмірімен тікелей байланысты белгілі бір жеке мағыналармен, құндылықтармен алмасу болып табылады. Қарым-қатынаста оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де даралығының эволюциясы (яғни жаңа қасиеттер мен сипаттардың пайда болуы) жүреді.

Мұғалімнің сөзі сезімдер мен санаға әсер етуі керек, ойлау мен қиялды ынталандыруы керек, іздеу әрекетінің қажеттілігін тудыруы керек, нәтижесінде мұғалім мен оқушылар арасындағы, оқушылардың өздері арасындағы диалогты ынталандыруы керек. Қарым-қатынас түрі ретінде диалог дүниетанымдық көзқарастардың ішкі дамуына ықпал етеді, білім берудің жаңа көкжиектері мен перспективалық мүмкіндіктерін ашады, ойлау, рефлексия, бағалау қабілеттерін дамытуға, оның ішінде мәтінмен өзіндік жұмысының нәтижелерін, сондай-ақ өз мәтінімен, ауызша немесе жазбаша мәтіндермен жұмыс істеуге ықпал етеді. Бұл қабілеттерді, дағдыларды дамытуда, әрине, әдебиет сабақтарына ерекше рөл беріледі.

Диалогты шындықты тану тәсілі ретінде және сонымен бірге жеке тұлғаның мағыналық қарым-қатынасын, рефлексиясын және өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін ерекше дидактикалық және коммуникативті орта ретінде қарастырған жөн. Жалпы білім беретін мектепте бұл мақсатта пікірталас (пікірталас, форум, аквариум т.б.) сияқты сабақ түрін пайдалануға болады.

Диалог ауызша сөйлеу формаларының бірі ретінде анықталды және сипатталды. Ол тұрмыстық және іскерлік тұрғыдан қарастырылды. Қарым-қатынастың диалогтық формалары көркем әдебиетте де көрініс тапты.

Әртүрлі ғылыми салалардағы заманауи зерттеулер диалогтың кез-келген гуманитарлық өзара әрекеттесудің орталық сипаттамасына және мәдениеттегі мәдениет пен адамның өмір сүру тәсіліне айналатындығын көрсетеді. Л.С.Выготский мен оның ізбасарларының пікірінше, ойлау алдымен сыртқы қарым-қатынаста қалыптасады, содан кейін ішкі диалогқа ауысады. Алайда жеке тұлғаның дамуы тек ішкі диалог негізінде

жүргізілмейді. Диалог - бұл адам басқа адамдармен байланыста болатын қарым-қатынастың негізгі түрі.

Жоғарыда көрсетілген контекстті ескере отырып, диалог мынаны білдіреді: біріншіден, кез-келген іс-әрекеттің, оның ішінде коммуникативті қызметтің алғышарты болып табылатын философиялық тұжырымдама, екіншіден, сөйлеушінің коммуникативті позициясын қалыптастырудың әдістемелік негізі. Диалогты қолданыстағы өзекті сұраққа жауап іздеу мақсатында диалогқа қатысушыларды қызықтыратын ақпаратпен алмасудың мақсатты, мазмұнды, белсенді процесі ретінде түсіндіру де маңызды. Осылайша, диалогты даулы, даулы мәселеге қатысушылар топтарында талқылауға, сондай-ақ пікірталасқа қатысушылар үшін талқыланатын мәселенің бірыңғай мағынасы пайда болатын жеке көзқарастармен алмасуға негізделген пікірталас ретінде қарастырған жөн.

Сонымен қатар, диалог ізгі тұлғаны қалыптастыру және дамыту құралы қызметін атқарады. Мектептегі білім беруде «Әдебиет» пәні адамның дүниетанымының қалыптасуына, оның үйлесімді дамуы мен жетілдірілуіне, ұлттық-мәдени болмысының қалыптасуына ықпал ететін іргелі факторлардың бірі болып табылады.

Оқушы көркем шығарманы талдай отырып, дүние туралы түсініктерді, шындықпен әртүрлі қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді, бұл белгілі бір дүниетаным мен көзқарасқа серпін береді. Осының негізінде дүниетаным қалыптаса бастайды.

Зерттеудің проблематикасы мен негізгі мақсатын ескере отырып, біз диалогтық позицияны қалыптастыруға байланысты жұмыстарға жүгіндік. Мұндай жұмыс үшін А.К.Колеченконың әдістемелік ұсыныстарында көрініс тапқан және сипатталған дағдылардың белгілі бір жиынтығы қажет екені анық, мұнда білім тек фактілерді есте сақтауға шоғырланбауы керек, өйткені бұл оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуға кедергі келтіреді.

Мұғалімнің әрбір тақырып бойынша білімнің оқушылардың бүгінгі және болашақ өмірімен байланысын анықтауы маңызды. Сабақтың маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың өмірлік ұстанымын (тіршілікте қалай өмір сүру керек) қалыптастыруға ықпал ету. Әдеби білім өз алдына мақсат бола алмайды. Олар адамның жан дүниесіне енуі, жеке тұлғаның құндылық саласына әсер етуі тиіс.

Ауызша сөйлеу оқушыларға ауызша және вербалды емес (жест-ишара, мимика, пантомимика, позалар) дағдыларды үйретуді қамтиды. Мұның бәрін гуманитарлық цикл сабақтарында, атап айтқанда әдебиет сабақтарында жүзеге асыруға болады. А.К.Колеченконың жұмысында ұсынылған педагогикалық технологияларды қолдана отырып, жоғарыда аталған дағдыларды қалыптастыруға болады, атап айтқанда, шағын топтарда жұмыс істеу сияқты, мысалы: «ой қозғау», «диспут».

Бұл технологиялар шындықты (дұрыс көзқарас) табу үшін екі түрлі көзқарасты ынтымақтастық және зерттеу арқылы оқушының шығармашылығын біріктіреді. «Ой қозғау» технологиясы келесі алгоритм бойынша құрастырылған: тақырыпты, мақсаттарды жеткізу, қызығушылықты ояту; ынтымақтастықтың жалпы ережелерін, бағалау критерийлерін хабарлау; сарапшылар мен хатшыны тағайындау; бастапқы жағдайды көрсету; бастапқы ақпаратпен танысу, қорытындыларды нақтылау; қосымша ақпаратты талап ету және ұсыну, түпкі мақсат тағы да атап өтіледі; еркін формадағы ойлардың шабуылы жүзеге асырылады. Пікірталасты ауызша немесе жазбаша түрде хабарлау шамамен бір апта ішінде жасалады (талқылауға сұрақтар, күні, уақыты, орны дебат өткізу, қатысушылардың құрамы).

Жүргізуші пікірталасты ашады, тақырыбын, мақсатын хабарлайды, пікірталас тақырыбына түсініктеме береді. Хатшы тағайындалып, қазылар алқасының мүшелері таныстырылады. Жүргізуші әртүрлі позициялардағы қатысушыларды таныстырады. Ережелер, ынтымақтастық ережелері, бағалау критерийлері белгіленеді. Сөз сөйлеу реті белгіленеді. 1-ші және 2-ші көзқарасты қорғаушылар қарама-қарсы жақтың пікірін кезектесіп айтады. Жүргізуші оны қарсыластары дұрыс түсінгенін анықтайды. 1-ші көзқарасты жақтаушылар қояды, сұрақ қояды, 2-ші көзқарасты жақтаушылар жауап береді. Екі жақ та өз көзқарасының дұрыстығын және қарама-қарсы көзқарастың сенімсіздігін дәлелдеуге

тырысады. Уақыт шектеулі. Қазылар алқасы өз шешімін жариялайды. Пікірталастың жеңімпазы анықталады, оның қорытындысы шығарылады.

Егер мәтінде қарама-қайшылықтар нақты ажыратылып, проблемалық мәселе тұжырымдалған болса, көркем шығармаларды немесе сыни әдебиеттерді оқу кезінде пікірталасты әдебиет сабақтарында қолдануға болады. Оқушылар сабақтың сол немесе басқа проблемалық мәселесі бойынша диалогқа түсуі, қазіргі кездегі ақпаратпен алмасуы мүмкін. Сабақтағы пікірталас осылайша тәрбиелік мәні бар болады, бірақ белгілі бір проблемалық мәселе бойынша пікірталас туындауы үшін көзқарастардың, пікірлердің және мүмкін бар ойлардың қарама-қайшылығы қажет. Бұл кезеңде сізге дауласу қабілеті, басқаның аргументтерін тыңдауға және естуге дайындық пен қабілет қажет, қайтадан өз пікіріңізді келтіріп, өзекті сұраққа жауап іздеуде алға жылжу керек болады. Сипатталған процесте диалогтық позиция туады, оның негізінде оқушы, кейінірек ересек адам өзін қоршаған қазіргі әлемде әлеуметтену жолдарын іздейді.

Сондықтан пікірталас технологиясы бойынша оқытудағы ынтымақтастық тұтастың ажырамас бөлігі – маңызды сенімдерді қалыптастыру. Тәуелсіздік пен ұжымшылдық мектеп оқушыларының диалогтық ұстанымын қалыптастырудағы шешуші буындардың бірі болып табылады, өйткені өздік жұмыссыз (соның ішінде оқытусыз) және топта жұмыс істей білуісіз пікірталас та, диспут та мүмкін емес.

Біздің пікірімізше, пікірталас оқушылардың оқу, түсіндіру және коммуникативті дағдыларын және олардың диалогтық ұстанымын дамытудың тиімді құралы бола алады, өйткені олар оқушыны өз ойларын айту, қарсыластың пікірін қабылдау және ойлау, жаңа ақпарат алу және синтездеу, фактілерді салыстыру, жауаптарды табу арқылы шындықты ұжымдық іздеуге бағыттайды.

Ғылыми әдебиеттерді талдаудан көрініп тұрғандай, оқу талқылауының нақты фокусы тек мұғалім үшін маңызды міндеттерді орындау ғана емес, сонымен қатар әр оқушы үшін жаңа білім іздеуге деген айқын ұмтылыс ретінде қарастырылуы керек. Сабақтағы пікірталастың маңызды ерекшелігі – әртүрлі көзқарастарды тыңдауға, бағалауға, түсініктеме беруге (өте дұрыс) дайын мұғалімнің қалыптасқан диалогтық ұстанымы, барлық пікірталас қатысушыларының ең өткір тақырыпты талқылау кезінде алдын-ала белгіленген ережелерді бұзуына жол бермеу.

Біз ұсынған гипотеза негізінен психологтар мен дидактика тұжырымдаған жетекші ережелерге негізделген және сабақта оқыту мен пікірталастың диалогтық сипатына байланысты болды. Бұл ережелер жеке әдістерге белгілі бір теориялық алғышарттар жасалғанын және құнды тәжірибе жинақталғанын, түсінілгенін және жалпыланғанын көрсетеді, оларды оқу пікірталастарын, соның ішінде әдебиет сабақтарын өткізудің әдістемелік әзірлемелерін және технологияларын құру үшін пайдалануға болады.

Әдебиет оқу пәні ретінде оқу пікірталасын педагогикалық коммуникацияның бір түрі ретінде дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие, өйткені әдебиет сабақтарында кез-келген көркем мәтін мұғалімдер мен оқушыларды диалогқа апарды, ал алғашқы пайда болған кезде отандық және шетелдік әдебиеттердің көптеген туындылары кәсіби қоғамдастықта және кең оқырман ортасында пікірталас тудырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бахтин М.М. Человек в мире слова. – М., 1995. – 140 с.
2. Голикова Г.А. Диалог на уроках литературы (аксиологический аспект)// Наука и школа. – 2009. – №3. – С. 40–43.
3. Галицких Е.О. Диалог в образовании как способ становления толерантности: учебно-методическое пособие. – М.: Академический проект, 2004.– 240 с.
4. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. – М., 1996. – 494 с.
5. Макаренко А.С. Педагогические сочинения. В 8 т. – Т. 5. – М.: Педагогика, 1985. – 336 с.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС –ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ДУЙСЕНОВА КАРЛЫҒАШ МУСАХАНОВНА
Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы
«№41 М.Шоқай атындағы орта мектебі» КММ

Түйіндеме. Орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері» секциясы бойынша жаңартылған білім беру мазмұнындағы қазақ әдебиеті бойынша қолданылған әдістердің тиімділігі туралы айтылды. Білім беру жүйесін жаңашаландыру мақсатындағы оқыту үдерісіндегі білім алушының білім теңізінде үздіксіз ізденудегі мүмкіндіктің жан-жақты жеткілікті екендігі, ақпараттық құралдардың артықшылығы жайлы айтылған. Бәсекеге қабілетті, сыни көзқарасы қалыптасқан, ашықтық қағидатында пікірін еркін айтуы және қорытынды шешім шығара алуы үшін оқытудағы түрлі әдістердің оң ықпалы, тиімділігі жайында айтылған. Сабақ барысындағы тілдік дағдылардың өзара байланыстылығы да оқушы ой- өрісін, логикалық ойлау, шығармашылық, танымдық қабілетін дамытуға бағытталғандығы берілген.

Кілт сөздер:

- 1.Стиль- стиль –style
- 2.Интерактивті стратегия - интерактивная стратегия- interactivestrategy
- 3.Функционалды сауаттылық – функциональная грамотность –functionalliteracy
- 4.Сыни ойлау – критическое мышление – criticalthinking
5. Спиральді оқыту – обучение спиральное – spirallearning

Елдің елдігі, ертеңі, өркениеті білімі мен ғылымына байланысты. Бүгінгі күні әлемдік ең озық білім кеңістігінің деңгейіне көтерілудің тиімді жолы–білім беру саласын толықтай озық технологиялармен қамту.

Кез келген сапалы білім мен тәрбие мұғалімнің шеберлігі арқасында берілетіні бәрімізге аян. Сабақты түрлендіру арқылы оқушының қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігін арттыру – әрбір мұғалімнің міндеті. Қазіргі сабаққа қойылатын басты талаптың бірі –оқушы ойын дамыта отырып, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу.


XXI ғасырдағы білім оқушыны оқыту жаңартылған білім беру жүйесіне негізделген, бұл – білім, ғылым саласындағы заманауи үлгіде оқытудың жүйесі. Бұл оқытудың мақсаты оқушы функционалды сауаттылығын қолдана отырып, сыни тұрғыда ойлауға, жеке көзқарасын білдіруге, өздігінен шешім қабылдай білуге бағыттайды. Әрине, бала бойындағы мұндай қасиеттер оқыту үдерісіндегі жеке, жұптық, топтық қарым- қатынас жұмыстарында көрінеді, сонымен қатар ақпараттық технологияларды орынды қолдану арқылы да білім көкжиегін кеңейтеді. Олардың шығармашылық қабілетін шыңдауда үнемі ізденудің пайдасы орасан. Жаңартылған білім беру жүйесі спиральді оқыту қағидасына бағытталған. Жеңілден күрделіге қарай спиральді оқытудың өзі - сапалы білім арудың қадамы. Осы оқыту жүйесінде білім алушы бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын орындайды. Тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімін практикада ұштастыра алуы, жеке ойын, сыни көзқарасын жеткізе білуі, жазу стилі, көркем тілі айқын көрініс табады.Оқушының күнделікті сабақ мақсатын жіті түсінуі жақсы болса, теориялық білімін барлық тапсырмалар деңгейінде қолдана алады деп ойлаймын.

Мен 7,8,9-сыныптарға қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беремін, педагогикалық тәжірибемдегі 8-сыныпқа өткізген М.Мөңкеұлының «Үш қиян» тақырыбындағы сабағыммен бөліскім келеді. Қазақтың көрнекті ағартушы - педагогі Ы.Алтынсарин «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» дегендей, кез келген деңгейдегі (білу, түсіну, қолдану, жоғары) оқу мақсаты беріледі, соған байланысты тапсырмалардың түсінікті болып, орындалуы үшін тиімді әдістерді іріктеудің ұтымдылығы көрінеді. Мысалы, «Word woll» платформасы арқылы өтілгендерді еске түсіруіне, оқушы

қызығушылығын оятуға ықпал еттім. Жоғары деңгейдегі оқу мақсатын меңгерту үшін әдістерді тапсырмаларға сәйкес таңдадым.Топтық жұмыста «Аквариум» (1) әдісі бойынша орындалған тапсырманы ұсынғанда, тыңдаушылар ескертпелерді түртіп алады, содан кейін пікірталасқа маңызды, жеткіліксіз болған тұстарын толықтыратындығынан ұтымды жағын білдім. Мұнда тыңдалым, айтылым дағдысы оқушыны мұқият болуға машықтандырады. Жұптық жұмыста «Кейіпкерлер әлемі» (2) әдісінде кейіпкерге жанама мінездеу береді, мұнда кейіпкердің қасиетін таныта отырып, мінездеудің түріне байланысты өзіндік тұжырым жасауға қалыптасады. Міне, шығарма сюжеті негізінде тура, жанама мінездеуді ажырата білуге, нақтылыққа, түйінді ойын айтуға үйренеді, бұл - оқушының ойлау қабілетін, ақпаратты саралап, жүйелеуді арттыратын әдіс. Білім алушының танымдық, зерттеушілік қабілетін дамытатын оқыту әдістерінің бірі – «Төрт сөйлем». Тура мінездеуді ашу үшін өз пікірін ашық айтады, пікірін бір аргументпен дәлелдейді және өмірмен байланыстыруда мысал келтіреді, қорытынды сөйлемде ойлы шешім шығара алады. «Төрт сөйлем» әдісі аты айтып тұрғандай, 4 сөйлеммен-ақ кейіпкер бейнесін толық анықтайды, зерттеушілік қабілетін дамытады. Шығармаларды тақырып, идеясы жағынан да, образды салыстыру барысында да «Салыстыру кестесінің» тиімділігі өте көп, Салыстыру жағдаятында ерекшелігін, жағымды, жағымсыз мінез –құлқын, ұқсастығын, айырмашылығын ашуда оқушы зейінін, белсенділігін арттыра түседі. Жеке жұмыста «3 минуттық эссе» әдісін қолдану – шығармашыл тұлғаның ынтасын дамытудың бір жолы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым - сабақ үдерісінде үздіксіз орындалатын тілдік дағдылар, сондықтан тақырып бойынша интерактивті стратегияларды пайдалана білуге машықтандыру - жеке тұлғаның келешегі үшін маңызды. Себебі, ашықтық қағидатында заманауи жаңалық жаршысы бола алатын, креативті ойлайтын, бәсекеге қабілетті, ел тізгінін ұстайтын тұлға қалыптастыру – біздің басты міндетіміз. «45 жыл мұғалім болсаң да, 45 минуттық сабағыңа дайындал» деген нақыл сөз әрбір ұстаздың ұстанымы болуы тиіс.

Бөлім:	2-бөлім: Көркем әдебиет және эпикалық сарын			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Дүйсенова Қарлығаш Мұсаханқызы			
Күні:				
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауы. Тарихи құндылығы. Көркемдегіш құралдары			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	8.1.3.1. әдеби шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура, жанама мінездеулерді жіктеу. 8.3.1.1.шығарманың тақырып, идеясын осы тектес басқа шығармамен салыстырып, тарихи, көркемдік құндылығын бағалау.			
Сабақтың мақсаты	Барлығы: шығарманың тақырып, идеясын басқа шығармамен салыстырады; Көпшілігі: шығармадағы кейіпкерлерді тура, жанама мінездеулерге жіктейді Кейбірі: шығарманың тарихи, көркемдік құндылығына баға береді			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басталуы	Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуал «Жылы жүрекпен- жылы тілек» Оқушыларға бүгінгі сабақтың	Психологиялық ахуал қалыптасады	Оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқараста	Оқулық 8-

Ұйымдас тыру	тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады. Қызығушылығын ояту	Топқа бөлінеді 1-топ Сәттілік тілейді 2-топ Жақсы көңіл күймен қатысуға шақырады 3-топ Біліммен белсенді болуға тілектестік білдіреді. Суретпен болжам жасайды.	рына ауызша мадақтау айтылады. Жарайсың! Ойлы шешім!	сынып «Атамұ ра
7 минут	<p>«Болжау» әдісі</p> 	<p>1.Тарихшылар 2. Әдебиетшілер 3. Тілшілер</p>		
Сабақтың ортасы	<p>1.«Word woll» әдісі 1.М. Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауының тақырып, идеясын түсіндің бе? 2.Өлеңде қазақ халқы өміріндегі қай тарихи кезең сипатталады? 3.Ақын толғауында халықты неден сақтандырады?</p>	<p>Өткен тақырыпты пысықтау мақсатында сұрақтарға жауап береді.</p>		Интерн ет желісі
15 минут	<p>Оқу мақсатындағы тура, жанама мінездеу, тарихи құндылық, көркемдегіш құралдар жайлы теориялық ұғымды еске түсіру.</p> <p>2.Тура мінездеу кейіпкердің мінез- құлқын айнытпай, сол қалпында баяндаса, жанама мінездеу оған қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы бейнесін ашып көрсетеді 3.Көркемдегіш құралдардың түрлері, ерекшелігі</p>	<p>Теориялық ұғымдарын еске түсіреді.</p> <p>Топтық жұмыс жасайды</p>	<p>Дескриптор 1-топ -тарихи құндылығына баға береді -мысалмен дәлелдейді -өз ойын жеткізеді</p>	Слайд
10 минут	<p>1-тапсырма Топтық жұмыс «Аквариум» әдісі 1-топ – Тарихшылар. Шығарманың тарихи құндылығын бағалаңыз 2-топ - Әдебиетшілер Шығарманың көркемдік құндылығына баға беріңіз (7-тапсырма) 3-топ - Тілшілер Бүгінгі өмірмен байланыстырыңыз 2-тапсырма Жұптық жұмыс «Кейіпкерлер әлемі» әдісі</p>	<p>Дескриптор Білім алушы 3-топ -шығарма тақырыбын өмірмен байланыстырады -өз ойын жүйелі жеткізеді -сыни көзқарасы калыптасады</p>	<p>Дескриптор Білім алушы 2-топ - қолданылған көркемдегіш құралдарды ажыратады; - көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды -шығармадан дәлел келтіреді -теориялық</p>	

	1.9-тапсырма Кестемен жұмыс		Кестемен жұмыс жасайды, ұқсастығын анықтайды	ұғыммен байланысты рады
	Қазтуған жырларының тақырыбы, идеясы	Мұрат шығармаларының тақырыбы, идеясы		
Бекіту 8 минут	Қорытынды		ұқсастығы	
	<p>2.Тура мінездеу «Төрт сөйлем» тәсілі</p> <p>1. Пікір. Жырдағы жаныңа жақын кейіпкер туралы, өз пікіріңізді жазыңыз. (1 сөйлем)</p> <p>2. Дәлел. Өз ойыңызды аргументпен дәлелдеңіз. (1 сөйлем)</p> <p>3. Мысал. Пікірді өмірмен байланыстырыңыз, мысал келтіріңіз. (1 сөйлем)</p> <p>4. Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңыз. (1 сөйлем)</p> <p>3.Жанама мінездеу</p>		Тура мінездеуді «Төрт сөйлем» тәсілімен анықтайды.	Жанама мінездеуді кесте толтыру арқылы ажыратады.
	Кейіпкер	Қасиеті	Мінездеу	Тұжырым
Сабақтың соңы 5 минут	3-тапсырма Жеке жұмыс «3 минуттық эссе» әдісі Тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде сендерді не толғандырады?		Жазылым бойынша шағын мәтін жазады.	
	<p>Үйге тапсырма: 8-тапсырма</p> <p>Кері байланыс «Ой сүзгі» тәсілі</p> <p>1. Ұстаным. Шығарманы оқығаннан кейінгі менде қалыптасқан ұстаным...</p> <p>2.Талдау. Мәселені былай талдадым...</p> <p>3.Салыстыру. Келесідей салыстыру жасадым</p> <p>4.Бағалау. Шығарманың құндылығына осылай баға бердім...</p> <p>5. Қорытынды. Мынадай қорытындыға келдім...</p>		Оқушылар кері байланыс жасайды.	Жүрекпен бағалау

Сабақ соңындағы кері байланыс жасаудың өзіндік ұтымды тұстары да оқушыға оң ықпал етері анық. Осы сабағымда «Ой сүзгі» әдісі арқылы тақырыпты меңгергенін ұстанымы, талдау жасауы, салыстыра алуы, өзіндік көзқарасымен бағалауы және қорытынды шешімін еркін жеткізуі арқылы білім алушыны зерделеу қабілетін танытады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру мазмұнында тақырыптың оқу мақсатына сай түрлі әдіс-тәсілдерді тиімділігіне қарай түрлендіріп отырса, сабақ қызықты, сапалы болары сөзсіз, оқушының қызығушылығы, ой –өрісі, таным-түсінігі, функционалды сауаттылығы артатыны түсінікті.

Еліміздің білім беру жүйесін жаңашаландыруда жаңартылған білім берудің ерекшеліктері құнды.

Қазақ даласына алғаш мектеп ашқан қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин «Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай, ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек» ,- деп айтқандай, қоғам талабына сай егеменді елімізді жоғары деңгейге көтеретін, мемлекеттік тілімізді құрметтейтін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін жас ұрпаққа терең білімнің берілуі – өзекті мәселе.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Н.А.Даулетова. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері (Әдістемелік құрал Атырау- 2019 ж.).
2. Интернет желісі
3. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. Қазақ әдебиеті оқулығы 8-сынып. Алматы, «Атамұра» 2018 ж.
4. К.Тышқанбайұлы. Тәрбиелік даналық сөздер. 1-бөлім, Қызылорда, 1998 ж.
5. 8-сынып. Қазақ әдебиеті. С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова. Алматы, «Мектеп» 2018 ж.

«БИОСФЕРАДАҒЫ ЗАТ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ АЙНАЛЫМЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

КЕНЖЕБЕКОВА АРДАҚ ӘМІРТАЙҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы №186 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Авторлық бағдарлама белгілі бір білім шеңберінің авторлық нұсқасы, осы білімді игеру көрінісі анықталған және ұсынылған құжат ретінде мемлекеттік стандартқа сәйкес жасалған қазіргі қолданыстағы оқу бағдарламаларына толықтыру ретінде қолданылады.

Педагогтердің тәжірибе алмасуы педагогикалық тәжірибені үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді, бұл оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге жетуге ықпал етеді. Осы орайда «Биосферадағы зат және энергия айналымы» тақырыбындағы авторлық бағдарлама оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда ықпалы зор дегім келеді.

Авторлық бағдарлама 1-4 сыныптарға арналған көмекші құрал ретінде оқушылар мен ұстаздарға ұсынылып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысқа бейімділігін арттыра отырып, ұйымшылдыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, тәрбиелейді.

Қоршаған орта мен адамның арасындағы қарым-қатынастар, табиғи ортаның біртұтастығы және бір-бірімен қатынас түрлері, табиғат нысандары, өсімдіктер мен жануарлар туралы алғашқы оң және теріс көзқарастар туралы білім беріледі.

Адамның табиғатқа деген сұранысы мен қамқорлығы, туған өлке мен атамекен, тұрмыстық ғимараттар, оның табиғаттан алынып жасалатыны, тұрған мекені мен оның құрауыштарының қажеттілігі туралы ой-өрістері дамытылады. Адамның табиғатты пайдалану кезіндегі теріс іс-әрекеттерін көрсету арқылы олардың табиғатқа деген қамқорлығын, аяушылық сезімдерін ояту, өсімдік пен жануарлар дүниесінің адамға қажет екеніне толық көздерін жеткізу, үй және мектеп үлесіндегі өсімдіктерге қамқорлық жасау элементтерін бойларына дарыту. Оқушыларда өсімдіктер мен жануарлардың әр түрлілігі мен бірлестіктерін, топтарын ажырату, олардың тіршілігі туралы қызығушылықтары мен ынтасын арттыру көзделеді. Алғаш рет тірі организмдерді қорғау керектігін түсіндіру. Қызыл кітаптың мақсатын ұғындыру. Сол сияқты оқушылардың қоршаған ортаның сапасы, ластану және адамның денсаулығы арасындағы байланыстарды ажырату деңгейіне дейін білімдері дамытылады. Әрбір курсты аяқтауы табиғатқа шығу арқылы бекітіледі. Туған мекенге деген алғашқы патриоттық сезімі оянады.

Түйінді сөздер: оқыту, білім беру, ерекшеліктер, оқушылар, оқыту әдістері, дүниетану пәні

Кіріспе

«Еркін еліміздің ертеңі жарқын білім мен кенен ғылымда» демекші, жарқын білім мен кенен ғылымды игеру үшін білімді ұрпақ қажет. Оқыту үдерісінде оқушылардың пәннің бөлімдеріне қарай білім мен біліктерін саналы түрде игеруі үшін әр пәннің әдістемелік ерекшеліктерін пайдалануға, жобалау, зерттеу әрекеттері тәсілдерін игеру негізінде, әлеуметтік мәдени кеңістікте өз орнын дұрыс таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру - оқу үдерісіне берілген негізгі міндеттердің бірі.

Мақсаты - оқушылардың ой-өрісін кеңейту, алған білімдерін одан әрі тереңдету. Өтілген тақырыптарды қаншалықты меңгерілгендігін анықтап және шығармашылық қабілеттерін, ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, интеллектуалды жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу.

Міндеті - оқушылардың ой-өрісін кеңейту және ойлау қабілетін дамыту, сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білім мен білігі бойынша:

- айнала қоршаған ортаны бағдарлауды, табиғаттағы заттарды, өсімдіктер мен жануарларды, ауа, су, топырақты ажыратып олардың адам үшін қажеттілігін, адамның табиғаттағы орнын ажырата білулері тиіс. Өзінің тұрған үйін, мекенінің тазалығын, жеке басының гигиенасын сақтауды, ірі құрылыстар, көліктердің түрлері, мектеп т. б. мекемелер туралы, тұрған мекенінің айналасындағы табиғат құрауыштарын, азық-түлік сапасын, айнала мен көше тазалығын сақтауды, үй және жабайы жануарларды ажыратып, олардың адам өміріндегі маңызын білулері тиіс.

Білім алушы білуі керек:

- табиғаттағы заттарды (өлі және тірі заттар) ажырата білу, ауа, су, топырақты ажырату және олардың пайдасы туралы айтып бере алу, өсімдік пен жануарларды ажыратып, олардың адам үшін қажеттілігін іс жүзінде білу. Сонымен бірге, жергілікті жердің табиғат ерекшеліктерін жан-жақты білуіне, құрметтеуіне ықпал етеді. Қысқа мерзімді жоспарлар әртүрлі жұмыс түрлерімен толықтырылған. Атап айтсақ сәйкестендіру, топтық жұмыс түрлері, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары, білімін тексеру, ашық тест, жабық тест түрлерінің қамтылуымен ерекшеленеді.

Бұл ерекшелік сөз жоқ оқушыларды жан-жақты дамуға, өз пікірін айта білуге, білімге деген құштарлығын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, туған жердің ерекшеліктерімен жете танысуға ықпал етеді деген мақсатпен құрылды.

Әдістемелік құралдан күтетін негізгі нәтижелеріміз төмендегідей:

Оқушылардың дүние туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыру;

- денелер, нәрселер, құбылыстар, олардың қасиеттері мен өзара байланысы туралы ұғымдарды түсіндіру;
- оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру және дүниені танып білуге қызығушылығын дамыту;
- оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастыру;
- табиғатты қорғау, сақтау, қамқорлық жасау және үнемдеудің жолдарын үйрету;
- қоршаған орта жайлы білімді оқушылардың өздігінен меңгеруі және оны қолдана білуі.

Бұл авторлық бағдарламаны жасауда өзімнің жылдар бойы жасаған тәжірибемді пайдаландым. «Биосферадағы зат және энергия айналымы» бағдарламасы - оқушыларға тәрбиелік мәні бар, қоршаған ортаны танып білудің ерекше үлгісі. Бүгінгі шәкірттерді, еңбекқор, жан-жақты икемділік қабілеттері жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейді. Бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне байланысты 1-4 сыныпта оқитын оқушылармен сабақты ұйымдастыру әдістемесін, теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар үшін уақытты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- көркем әдебиеттерден
- баспасөз материалдарынан
- ақпарат құралдарынан
- өсімдік және жануарлар макеті
- слайд-фильмдер
- компьютер арқылы тірі және өлі табиғатты тамашалау.

Сабақтың түрлері: баяндама, лекция, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, экскурсия түрінде, зерттеу жұмыстары, эксперимент, үлгі суреттер арқылы жүзеге асырылады.

Сабақтың міндеті:

- Биосферадағы зат және энергия айналымын білу;
- Тірі және өлі табиғатты бір-бірінен ажырата алу және арасындағы байланысты білу;
- Құрал-жабдықтармен жұмыс жасай білу.

«Биосферадағы зат және энергия айналымы» бағдарламасында бағалау қалыптастырушы бағалау арқылы жүзеге асады. Оқушылар теориядан алған білімдерін практикада қалай қолдана алатындықтарын көрсетеді. Бағалау кезінде балалардың ақпаратты қаншалықты игергені ескеріледі.

Практикада жұмыстың әрбір кезеңін біткен сайын оқушылар еңбегін бағалау үшін, «шеберсің», «қолынан бал тамған», «әлі де талпын» сияқты қалыптастырушы бағалау сөздері пайдаланылады. Балалар үйде және мектеп ауласында өсімдіктерді күтіп баптауды үйренеді.

Күтілетін нәтижелер: оқушылар өздерінің бағдарламаға сай алған білімдерін мектепшілік, аудандық, қалалық олимпиадаларға, түрлі сайыстарға қатыстыру.

Құрал- жабдықтарды пайдалану барысында оқушылар төмендегідей қауіпсіздік шаралар сақтау керек:

- Құралдарды арнайы қорапшада сақтау.
- Тәжірибелік жұмыс жасаған кезде, көңілін бөлуге болмайды.
- Жұмыс орнын ұқыпты ұстау керек.
- Құралдарды аса ұқыптылықпен пайдалану қажет.

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

I Бөлім. Мүшелер және мүшелер жүйесі.

Ағза мүшелері және қызметі, тері-ағзаның қорғаныш мүшесі, қаңқа және бұлшықет қызметі, жүрек-қан тамыр жүйесі, өкпе-тыныс алу мүшесі, ас қорыту жолы, жүйке жүйесі тақырыптарын қамтиды.

II Бөлім. Өлі табиғат

Денелер, заттар, құбылыстар, ауа және оның қызметі, жер бетінің ауаны жылытуы, табиғаттағы су, бұлт, жауын-шашын. суды қорғау, ауа райы, пайдалы қазбалардың түрлері,

пайдалы қазбалар және олардың пайдаланылуы, топырақтың ерекшеліктері және оның түрлері туралы білім беріледі.

III Бөлім. Өсімдіктер әлемі

Өсімдіктердің көптүрлілігі, ылғалсүйгіш және құрғақ жерде өсетін өсімдік түрлерімен танысу, жылу сүйгіш және суыққа төзімді өсімдіктер, жарық сүйгіш және көлеңкеде өсетін өсімдіктер, өсімдіктер дүниесін қорғау тақырыптарын қамтиды.

IV Бөлім. Жануарлар әлемі

Жануарлардың көптүрлілігі, балықтар, қосмекенділер, сүтқоректілер, құстардың түрлерімен танысады.

V Бөлім. Табиғатты қорғау

Жануарлар дүниесін қорғау, Қазақстанның Қызыл кітабы, Қызыл кітапқа енген жануарлар, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер, Қазақстанның қорықтары, туған өлкемнің өсімдіктері мен жануарлары, табиғатқа серуен тақырыптарынан тұрады.

Тәжірибелік бөлім

Білім алушыларға шағын зерттеу жұмысын жүргізу, эксперимент жасау.

Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар сөзжұмбақ, ребус, логикалық тапсырмалар, сәйкестендіру, жұбын тап, жұмбақтарды шешу.

Білім алушылардың білім білік деңгейін бақылау

Логикалық тапсырмаларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Логикалық тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделенеді.

Қызықты тапсырмалар арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру
- Ойлау қабілетін дамыту
- Шығармашылық ізденісін дамыту

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері

- Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сәйкесін тап т.б)
- Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (мақал-мәтел, логикалық тапсырмалар т.б)

Қорытынды

1-4 сыныптарға арналған «Биосферадағы зат және энергия айналымы» бағдарламасы мемлекеттік стандарт талаптарына негізделіп құрастырылды. Бастауыш сыныпқа арналған «Биосферадағы зат және энергия айналымы» бағдарламасы бүгінгі талапқа сай «Дүниетану» курстарына қосымша білім беруге бағытталған.

Апробация кезінде аталмыш авторлық бағдарлама арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымы қалыптасып, пәнге деген қызығушылықтары арта түсті. Оқушылар естіген және көргендерін қолымен ұстап түйсініп, табиғаттың әр түрлі құбылыстарынан ләззат ала білді.



Қорытындылай отырып, кез келген білім ордасының білім сапасын арттырудағы туындайтын кейбір проблемалардан шығу үшін нәтижеге бағытталған жалпы орта білім беруде мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамытуды талап ететінін айтқым келеді. Әрбір мұғалімнің кәсіби дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады. Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы. Әр ұстаз оқытудың жаңа технологиясындағы тиімді пайдаланылған әдістердің бәрі бала дамуына қарай бағытталатындығын ескеруі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбетов Қ.Ә., Оспанова Г.С., Мейірбеков А.Қ. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. Алматы, Экономика – 2000.
2. Сәтімбеков Р. Биология: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп. 2007.
3. Бейсенова Ә.С. Экология - ел тағдыры. Алматы. Мектеп.2006
4. Әбшенова Л.Ү. Заирова Б. Адам экологиясы, денсаулығы және өмірлік дағдылары. Алматы. 2010.
5. Ракышев А.Р. Адам денесі. Оқулық. ГЭОТАР-Медиа. 2015.

4-СЕКЦИЯ. ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР

ЖУМАДИЛЛАЕВА ГҮЛЖАМАЛ НҰРТАЗАҚЫЗЫ

**Филология ғылымдарының кандидаты
Шымкент университеті, Шымкент қаласы**

Аннотация

Ұлттық болмысты антропонимия саласында таныту – этнолингвистика мен ономастика (антропонимика) ғылымдарының шекарасын кеңейте түседі. Осы бағытта жазылған бұл мақалаға Қазақстан ономастикасының тарихы мен дамуы, оның теориялық негіздері мен бағыттары жайлы, сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану ғылымы пәніне қатысты ғалымдардың еңбектері, теориялық ой-пікірлері ғылыми негіз болды.

Аннотация

Популяризация национального бытия в области антропонимии – расширяет границы этнолингвистики и ономастики (антропонимики). Данная статья, написанная в данном направлении, послужила научной основой для статей об истории и развитии ономастики Казахстана, ее теоретических основах и направлениях, а также трудов, теоретических соображений ученых, касающихся предмета лингвокультурологии в казахском языкознании.

Резюме

В статье рассматриваются этнолингвистический характер казахских антропонимов и труды ученых-ономастов по его исследованию.

Resume

This article is considered the ethno-linguistic characteristics of Kazakh antroponyms and about the research work of Kazakh anthroponyms of scientific-onomastov.

Қазақ тіліндегі антропонимдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу мен сипаттаудың басты міндеті – ономастикалық қордың лингвомәдени бірліктері болып табылатын антропонимдер мен мәдениет арасындағы арақатынас механизмдерін, қазақ мәдениетінің антропонимдегі көрінісін зерттеу және сипаттау екені белгілі. Этномәдени белгілер, яғни, қазақ рухани мәдениетінің көріністері қазақ эпикалық есімдер, прецеденттік антропонимдер, араб, парсы текті антропонимдер арқылы берілетіні де дау тудырмайды.

Мәселе басқада – қандай да болмасын қазақ тіліндегі антропонимдердің – ұлттық дүниетаным, мәдениет айнасы, ұрпақтан-ұрпаққа берілер рухани қазына екенін дәйектеу, ұлттық реңктегі антропонимдердің лингвомәдени семантикасы негізінде мәдениет пен дүниетаным фрагменттері көрінісін айқындау және сипаттау – міне осы міндеттерді аталмыш мақалада қарастыруға тырысамыз.

Қазақ этносының кісі аттары негізінен Ә.Қайдар, С.Жұбанов, А.Мұқатаева, Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов, Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбаев зерттеулері арқылы қарастырылды.

Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов, Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбаевтар өз еңбектерінде эпос жырларының кейіпкерлері прототиптері, олардың генезисі, өмір сүрген этникалық ортасы мен дәуірі жөнінде жазды. Осыған орай айта кету керек, эпос жырларының кейіпкерлеріне қатысты дәуір мен этникалық орта, жоғарыда аталған ғалымдар тарапынан әр кезеңге, әр эпосқа жіктелінеді, яғни осы мәселелер жөнінде ортақ пікір жоқ.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысандарының бірі – прецеденттік есімдер. В.А.Маслованың көрсетуінше: “Важное место в лингвокультурологии отводится изучению прецедентных имен и ключевых концептов культуры. **Прецедентными именами** называются индивидуальные имена, связанные с широкого известными текстами (Обломов, Тарас Бульба), с ситуациями которые известны большинству представителей данной нации (Иван Сусанин, дед Талаш). К прецедентным именам русской культуры относятся имена людей роль которых чрезвычайно велика не только русской, но и в общечеловеческой культуре” [1, 53 б.].

Әр ұлттық мәдениетке тән прецедентті есімдер бар. “Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қызметінің негізінде фразеологиялық, паремологиялық жүйеде, көне мәтіндерде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады. Ерекше, ұлттық мазмұндық сипаттағы, мәдени ақпараттық мәні басым бұл атаулар тіл білімінде прецеденттік деп анықталып, тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады. Мысалы, Ердің соңы – Есет, пірдің соңы – Бекет (дұрысы Бекет кіші жүзден (Маңғыстау) шыққан сәуегей, әулие, көзі тірісінде “пір” атанған адамның есімі) Асан қайғыға салыну” [2, 46 б.].

Ф.М. Әшімханова қазақ прецедентті есімдерді бірнеше топқа бөледі:

Мифтік бейнелер: Әзірет әли, пайғамбарлар (Дәуіт, Мұса, Сүлеймен), Қаңбақ шал, Қыдыр ата;

Ел аузындағы есімдер: Асан қайғы, Аяз би, Қорқыт, Қобыланды Толағай;

Қасиетті пірлер мен әулиелер: Бибі Фатима, Қожа Ахмет Иассауи, Ұмай ана.

Тарихта болған оқиғалар: Абылай хан, Қасымхан, Есет батыр.

Әдеби мәтіндегі персонаждар: Дайрабай, Мырқымбай (Б. Майлин), Судыр Ахмет (Ә. Нұрпейісов);

Ойдан шығарылған аттар: Алтай, Қамбар, Шығайбай, Тоңқылдақ т.б.” [2, 46-47 бб.].

Қазақ тіліндегі эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздерін зерттеген С. Жапақов прецедентті феноменге эпикалық шығармадағы төмендегі агионимдерді жатқызады: Баба түкті, Шашты Әзіз, Отырарда Арыстан баб, Бибі Фатима, Қарашаш ханым, Палуан қыз, Сексен сегіз сәруар, Тоқсан тоғыз Машайық, Ғайып Ерен-Қырық шілтен, Адам ата, Хауа ана, Мединеде Мұхамед пайғамбар, Түркістанда Қожа Ахмет, Қырда Қияс пайғамбар, ойда Ілияс пайғамбар, Ықлас ата, Дәуіт пайғамбар, Самарқанда палуан Ахмет, Қызыр (Қыдыр) ата, Көл иесі, шөл иесі Қамбар т.б. [3, 97 б.].

С.Жапановтың пайымдауынша: “Прецедентті мәтіндер дегеніміз жұртшылыққа танымал аңыз-әңгіме, ал прецедентті феномендерге сондағы оқиғалар, кейіпкерлер, тарихи тұлғалар, эпикалық, ертегілік, фольклорлық кейіпкерлер т.б. жатады” [3, 99 б.].

Ф.М.Әшімханова прецедентті есімдердің мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, бата сөздерде, нақыл сөздерде көптеп кездесетіні жайында жазады. Мысалы, Түгел сөздің түбі бір, \ Түп атасы Майқы би; немесе Аяз би, әліңді біл, \ Құмырсқа жолынды біл; Қайда барсаң да Қорқыттың көрі, \ Қарынбай малға тоймайды, \ Лұқпан жасқа толмайды т.б. осы және басқа да фразеологизмдер, мақал-мәтелдерде кездесетін прецедентті есімдердің бір қатарының мәдени коннотациясын Ф.М. Әшімханова өз зерттеуінде көрсеткен.

Зерттеушінің пікірінше, поэтонимдер – әдеби көркем туындылардағы жалқы есімдер прецеденттік антропонимдермен тектес есімдер. Осы пікірге қатысты ескеретін бір жай – поэтонимдердің белгілі бір тобы ғана прецедентті сипатқа ие, ал поэтонимдердің көпшілігі сондай қасиеттен жұрдай, олар тек қана кейіпкерлерді және персонаждарды атайтын әдеби антропонимдер.

“... половец есімдерінің этимологиясына жасалған талдау көрсетіп бергеніндей, бұл антропонимдердің басым көпшілігі этнонимдер мен отбасылық рулық лақап атаулар немесе рулық отбасына біріктіретін топтық атаулар және тотем атаулары негізінде пайда болған” [2, 57-59 бб.].

Осы мәселеге қатысты Н.А.Баскаков, С.А.Плетнева т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі деректеріне сүйеніп, половец есімдерінің төркінін анықтау барысында олардың бізге белгісіз болып келген этноэлеметтік құрылымын мынандай рулар құрағаны анықталды: Алтын, Арыстан, Амина, Кул, Торголке, Ит, Токсаба, Кайоба, Беріш-барыс, Қайдар-Айдар, Кимек-Имек, Лақ, Жағалбайлы, Қыпшақ, Басымал, Құлан т.б. Половец есімдерінің басым көпшілігі осы рулар және олардың тотем атаулары мен отбасына біріктіріп, топтық атаулар негізінде пайда болған. Амина руына қатысы бар есімдерге: Кулоба, Самогур, Чинегрена, Колтан, Тарх-Тарг, Асен-Осен антропонимдері немесе топтық лақап атаулар, ал оның бәріне және тотеміне қатысы бар есімдерге: Бердібек, Кобяк-Көбек, Боняк-Боріг, Итоглы, Итлар, Куртык-Құрлық, Сарчан-Сырттан, Альпар-Ольбер, Борил антропонимдері жатады. Мифтік дерекке сай қыпшақ есімді бала мен оның құрсақ атты анасының топтық лақап атауына қатысы бар есімдер: Кончак-Қаншық, Кюнячук-Күнічүк, Балкатги-Балқатқын; Белдюз-Балдыз, Сантуз-Сандыз” [2, 63-64 бб.].

Қазақ ономастикасының тарихы мен даму ерекшеліктері оның теориялық және әдістемелік негіздері мен ұстанымдары арқылы қалыптасқан. Қазақ ономастикасының даму күйін сипаттайтын түрлі ғылыми парадигмалар лингвистикалық және жалпы гуманитарлық пәндері тарихымен ұштасады. Әлемдік және отандық тіл білімдері шеңберінде қалыптасқан этнолингвистика мен лингвомәдениеттану ғылыми бағыттарының қазақ ономастикасына берер үлесі мол болды.

Қазіргі қазақ ономастикасының негізгі бағыттары болып саналатын этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық ономастикалық зерттеулер антропоэлектік парадигма аясында жүргізіліп отыр. Этнос болмысын, рухани және материалдық мәдениетінің танытатын тілдік бірліктердің бірегей лексикалық көздерінің бірі – жалқы есімдер екенін ескерсек, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарымен ономастика ғылымының ұштасқаны – заңды құбылыс. Этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық зерттеу аспектілері қазақ онимиялық бірліктер идиоэтникалық семантикасында орын алған ұлттық мәдениеттің көріністерін қарастырады.

Қазақ антропонимдерінің халық өмірімен, болмысымен, тұрмыс-тіршілігімен, рухани және материалдық мәдениетімен диалектикалық тығыз байланысы қазақ ұлттық антропонимиясының этнолингвистикалық сипатын айқындай, айшықтай түседі. Қазақ тілінде қалыптасқан антропонимиялық жүйенің этнолингвистикалық құрамы, лексика-семантикалық және тақырыптық топтары, кісі есімдерінің қойылу себептерін, экстралингвистикалық себептері мен уәждері, түрлі наным-сенімдер, әдет-ғұрыптармен, салт-санамен байланысы, қазіргі заман талабына сай өзгеруі т.т. арнайы, кешенді түрде тұжырымдай зерттеуді талап етеді.

Антропонимиялық бірліктер мен құбылыстарды ұлттық мәдениетпен ұштастыра қарастыра мен талдау – қазақ тіліндегі кісі аттарын лингвомәдениеттанымдық тұрғысынан зерделеу болып табылады. Қазіргі қазақ антропонимикасындағы лингвомәдениеттанымдық парадигма антропоэлектік ұстанымға сәйкес ұлт пен мәдениет, ұлт өкілдерінің дүниетанымы, дүниені танудағы және атаудағы есімдердің рөлі және рухани құндылықтарды тілде сақтау, болашақ ұрпақтарға жеткізу т.б. мәселелерді шешуге бағытталған.

Антропонимдер және сонымен бірге қазақ ономастикасының басқа категорияларының жалқы есімдері лингвомәдениеттанымдық бағытта, яғни мәдениетпен байланыстыра зерттеуі тиіс. Е.Ә.Керімбаевтың пайымдауынша қазақ жалқы есімдерін мәдениетпен ұштастыра зерттеу ономастикада басты бағыттардың біріне айналуы мүмкін және басты ғылыми бағыттардың бірі болуы тиіс. Зерттеушінің пікірінше: “Қазақ жалқы есімдерін этномәдени аспектіде зерттеу қазақ ономастикасының этнографиялық материалдық және рухани мәдениетінің кең, әрі алуан түрлі байланыстарын ашып көрсетеді. Жалқы есімдерде халықтардың жайғасқан орны мен этникалық құрамы туралы ақпарат, материалдық және рухани мәдениеті жөніндегі деректер болуы, діни дүниетаным мен сенімдер, әдет-ғұрыптар мен салттар және халықтың рухани әрі әлеуметтік өмірінің басқа да салалары туралы мәліметтер орын алуы мүмкін” [4, 9 б.].

Қазақ антропонимдерінің лингвомәдениеттанымдық қырлары мәдениетаралық коммуникация (межкультурная коммуникация) тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Мәдениетаралық қарым-қатынас немесе мәдениетаралық коммуникация этнопсихоллингвистика, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвоелтану, аударма теориясы т.б. ғылыми пәндер тарапынан зерттеледі.

Қазақ тіліндегі антропонимдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу мен сипаттаудың басты міндеті – ономастикалық қордың лингвомәдени бірліктері болып келетін қазақ антропонимдері мен мәдениет арасындағы арақатынас механизмдерін, қазақ мәдениетінің антропонимдеріндегі көрінісін айшықтау және талдау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – 208 с.
2. Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол.ғыл.канд.дисс: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 100 б.
3. Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. филол.ғыл.канд.дисс. 10.02.02. – Алматы, 2003. – 107 б.
4. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф.дисс.д-ра филол.наук: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 61 с.

І. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН АҚПАРАТТЫЛЫҚ СИПАТЫ

КАСЕНОВ Е.С.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қауым.профессоры, ф.ғ.к., Алматы қаласы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада І.Жансүгіров туындыларындағы топонимдердің қолданысы мен олардың мағыналарындағы ақпараттылық қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются различные применение топонимов и их информативность в поэзии И.Жансугурова.

SUMMARU

In this article are considered different using toponymys and their information in poetries I.ZHANSUGUROVA.

Кілт сөздер: онамасиологиялық бірліктер, ақпараттылық, топоним, географиялық атау

Ключевые слова: онамасиологические единицы, информативность, топоним, географическое название

Keywords: onamasiological units, information content, toponym, geographical name

Көркем шығарма мәтіндегі онамасиологиялық бірліктерді ақпараттылығы оның жеке тұрғандағы мағыналық құрылымының байлығына байланысты болады. Көркем шығарма мәтінде топонимдер атауыштық қызмет атқарады. Олар осы мәтінде кездесетін географиялық нысандарды атай отырып, оларға ерекше ұлттық-тарихи әр береді. «Көркем сөзде де топонимдер атауыштық қызметін орындайды, бірақ көркем мәтіннен айырмашылығы, мұнда сәйкестендіретін географиялық нысана ескеріледі, сонымен бірге олар ерекше ұлттық-тарихи ая түзеді. Көркем мәтінде топонимнің тілдік және аялық семантикасы қосымша семантикалық-стистикалық белгілермен және коннотациямен ерекшеленеді, әдеби шығарманың белгілі бір көркемдік сипатын арттыруға әсер етеді. Топонимдердің негізгі ерекшеліктері көркемдік мәтінде қолданылатын өзінің негізгі номинативтік қызметі мен басқа да эстетикалық қызметін орындайды, осымен қатар олар (топонимдер) көркемдік, стилистикалық қызмет атқарады. Топонимдер көркем мәтінде тілдік дерек ретінде де қосымша қызметтер атқарады» [1, 68 б.]. Сол себепті тіліміздегі жер-су атауларынан ұлттың таным-түсінігі, дүниені танып-білудегі ұлттық ерекшеліктері жөнінде ақпарат беріледі. Топонимдер сол тілдің иесі болып табылатын халықтың рухани, әлеуметтік және материалдық мәдениетіне қатысты ақпараттарға толы болады. Сондықтан да І.Жансүгіров туындыларындағы топонимдер мағыналарындағы ақпараттарды анықтаудың маңызы зор.

Топонимдер мағынасына терең үңілу арқылы біз халқымыздың тарихына, дүниетанымдық ерекшеліктеріне қатысты түрлі мәліметтер алсақ, суреткер шығармасында қолданыс табуы арқылы қосымша ақпаратқа қанығамыз. Бұған ақынның «Жетісу суреттері» өлеңі дәлел. «Жетісу суреттерін» бергенде І.Жансүгіров дәл бір картограф-энциклопедист, сөздікші тәрізді сөйлеп, топоатауларды өлең сөздің өрнегімен өріп кестелегендей әсермен жырлайды. Өлеңде соншама топоатаулардың ақындық шабытпен өріліп, жарастық табуы өте сирек ұшырасатын құбылыс [2,125 б.]. Ақын осы өлеңінің өзінде-ақ 81 топонимді өлең өрнегіне енгізу арқылы оқырманына масштабты, яғни кең көлемдегі ақпарат береді. Санамалап көрсетер болсақ, өлеңде мынадай топонимдер берілген: *Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шу, Тарбағатай, Алтай, Ақшұнақ, Жабағылы, Мыңшұқыр, Таз, Жоңғар, Аршалы, Амантекше, Қарасырық, Қарауңгір, Қалмақасу, Қаражырық, Салқынбел, Сайымбөлек, Бүркітті, Үшбүйен, Күреңбел, Қора, Тегерез, Шажжа, Баянжүрек, Мұзбұлақ, Ақтасты, Бүйен, Көкжамбас, Көпірлі, Шатыртас, Демікпе, Алатау.*

Ақын өлеңіндегі бұл «топонимдер халықтың көне тарихынан мол мәлімет бере алатын, этностың өткенінен этнографиялық деректер жеткізе алатын, дәуірлік жүк арқалаған ұлттық лексиканың негізгі саласының бірі» [3, 4 б.]. Демек, ақын өлеңдеріндегі әрбір топоним лексикалық бірлік ретінде *минимум* және *максимум* ақпаратқа ие. Мысалы:

Туғаны Арқадағы Арғын елі,
Өскені Көкшетаудың шалғын жері. (*Құлагер*)

Арқада Ерейменді мекен еткен,
Керейде Сағынайдың болыпты асы. (*Құлагер*)

Ауылы Бақанастың өлкесінде,
Арқадан Алатауға ауған беті.
Өзінің ордасында батыр Кене,
Тарттырып домбыраны отыр Кене. (*Күйші*)

Іле басы — Қас, Күнес,
Өткел таппай үркін ел.
Кетті суға талай көш;
Тозғындады ел, тозды жұрт.

«Жігіт алған» дейтін жыл. (*Дала*) – деген жолдардағы *Арқа, Ереймен, Бақанас, Алатау, Іле, Қас, Күнес* сынды топонимдердің географиялық объекті атауы ретіндегі қызметі — минимум ақпарат. Ал максимум ақпаратқа ғалымдар оның диахронологиялық және функционалдық түрлерін жатқызады. Диахронологиялық ақпарат — тілдік табиғатын қамтиды, яғни лингвистикалық зерттеу арқылы оның қандай сөзден не атаудан қалыптасқаны, тілдік өзгерістері анықталады. Ал ақпараттың функционалдық түріне келсек, ол географиялық атаудың объектімен байланысын, сол объекті туралы кешенді ақпаратты қамтиды. Автор тарихи оқиғаны нақтылы шындық етіп көрсету үшін көптеген географиялық аймақтарды қамтитын атауларды, микротопонимдерді атаумен бірге, жер бедерін (рельефті) суреттейтін толып жатқан сөз қолданыстарында пайдаланды. Ақын өлеңдерінде берілген географиялық атаулар арқылы ұлттың этникалық шекаралары, осы өлкені мекендеген ру, тайпалардың ертедегі көші-қон бағыттары, өлкелердің отарлануы тәрізді мәселелердің де мәні толық ашылады.

«Жер-су аттарында да дастанда сөз болатын оқиғаның өткен өңірін білдіреді. Мұның бәрі жырдың географиясын белгілеуге қажет фактілер болып табылады» - деп топонимдердің қызметі туралы айтқан әдебиетші ғалым Р.Бердібаев пікірін ескерсек, ақын өлеңдеріндегі әрбір топоним белгілі бір тарихи оқиғамен тығыз байланысты екендігін аңғартады [4, 158 б.]. Мәселен, Іле өзенінің жағалауы үшін талай шайқасулар болғаны жөніндегі ақпарат ақынның мына жолдарынан байқалады:

Елге де, егінге де қарайласпай,
Жылысып жылжып жатыр бір мінезбен.
Ел шайқап, ердің қанын ішкен Іле,
Естісең ертегіні ескі сөзден. (*Жетісу суреттері*)

Мұнда «*Ел шайқап, ердің қанын ішкен Іле*» тармағына кірген тілдік бірліктердің жиынтығы негізгі ақпарат өзегі болып тұр. Осындағы сөздердің мағыналары арқылы олар кіретін категорияға, жалпы ұғымдарға қатысты жалпы ақпарат аламыз.

Ономаст ғалым А.В.Суперанскаяның: «әрбір атау - тарихи, ал топономиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық атаулар, әсіресе көне атаулар тарихи ескерткіштер сияқты. Өйткені онда өткен дәуірдің әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, этнографиялық ерекшеліктері, ең негізгісі сол кезеңдегі тілдің жай-күйі көрінеді» [92, 23-36-б.] – деген пікіріне жүгінсек, І.Жансүгіров поэзиясында орын алған әрбір топонимнің тарихы бар. Ақын өлеңдерінде Арқа топонимі — 80 рет, Алатау — 45 рет, Жетісу топонимі — 20 рет, Гималай – 19 рет, Еділ — 15 рет, Жайық — 9 рет, т.б. қолданылған.

Топонимнің бағыттық қызметі белгілі бір жердегі бағдар міндетін атқару болса, көркем туынды мәтнінде топонимдер шығарманың көркемдік уақытында болып жатқан іс-әрекеттерді, географиялық кеңістіктің ауқымдылығын, басты кейіпкерлердің жүріп-тұру бағытын да көрсетеді. Осылайша, ақын поэзиясындағы топонимдер авторлық баяндаудың мезгілдік және кеңістіктік бөліктерін біріктіретін өзіндік мәтіндік тірек ретінде қызмет атқарады. Мысалы:

Ел қандай, Арқа қандай, дұспан қандай
Ауған ел арт жағымен жауласқандай. (*Күйші*)

Еділде өткен күндерде,
Сонда да жан жаншылған.
Сонда сорлы сорлыңыз,
Тамды Еділге тамшы қан.
Анау жатқан Ақжайық,
Орал, Балқаш, Аму, Сыр
Астан-кестен өмірі,
Азынаған көкдауыл...
Елдің күні — жел қайық...
Сол Қоңыртау сағасын,
Тарбағатай, Алатау,
Антон, Черкас қаласын
Басты темір көкпеңбек. (*Дала*)

Су қатып, сүнгі тұрған бокырауда,
Беттеді Кенесары Алатауға. (*Күйші*)

Міне, бұл мысалдардағы *Алатау, Арқа, Жетісу, Еділ, Жайық, Қоңыртау, Тарбағатай, Антон, Черкас* тек жер-су атауы, топоним ғана емес, бұлар — топоним-реалийлер. Ақын өлеңінде бұл атаулар ел үшін, жер үшін күрестің символы, сол кезде болып өткен ұлт-азаттық көтерілісінің әр түрлі кезеңдерінен ақпарат беретін аллюзивтер. Осы топоним-реалийлер арасында аллюзивтер деп аталатын үлкен топ бар. Ол белгілі бір халықтың тарихи жадында сақталған айтулы оқиғаларға, аса танымал жағдаяттарға байланысты сол тілді тұтынушы санасында бірден (автоматты түрде) жаңғырығатын атаулар. Мысалы:

Сол сапыраң өмірдей
Сапырып та шулатып,
Ебінің сар желіндей
Саулайды екен сол сарын. (*Дала,)*

Көкке күй өрт жалындай шалқып жатты,
Көк тасы Самарқанның балқып жатты.
Көк дауыл айдын көлді көкке шашып,
Оқ тиген аққу құсты қаңқылдатты. (*Күйші,)*

«Асанқайғы» бастаған,
Жолшыбай көмір тастаған
«Жиделібайсын» жері бар. (*Дала,)*

Қобызшы ол – «Көк көбікті» күрілдеткен,
«Дүлділін Ер Әлінің» дүрілдеткен.
«Он сан мен Орманбеттің айырылғанын»,
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен. (*Күй,)*

Бұл жолдардағы Самарқан, Ебі, Жиделібайсын топонимдері мен Ер Әлі, Орманбет антропонимдері аллюзивті (метонимдік) қолданыста тұр, бұл жерде тек географиялық

таным-түсінікпен қатар, қазақ халқының тарихын, оның басынан кешкен тағдырын білу керек, яғни бір сөзбен айтқанда адресаттың білім аясына тәуелді. Ал белгілі бір топонимнің аялық семантикасының дәрежесі жеке оқырман үшін әр түрлі болып келеді, себебі нақты әр оқырманның білім деңгейі әр алуан. Тіпті Самарқан, Ебі, Жиделібайсын топонимдері туралы аялық білімі нөлге тең оқырмандар кездесуі мүмкін. Жоғарыдағы мысалдардағы топонимдер поэзиялық шығарма мәтініне енгізілгенімен де олар мекендік-көрсеткіштік қызметін жоғалтқан. Олар, яғни мекендік-көрсеткіштік қызмет бар болғанның өзінде образды-метафористік контекст құра отырып, жоғары образдылық пен метафористікке ие болады.

Қорыта келгенде, ақын поэзиясында көрініс тапқан топонимдер ең алдымен географиялық атаудың объектімен байланысын, сол объекті туралы кешенді ақпаратты қамтып, белгілі бір аймақта ертеректе кімнің, қандай тайпаның, рудың қоныс тепкендігі және жалпы халық тарихынан ақпарат береді. Екіншіден, ақын өлеңдеріндегі әрбір топоним – сол аймақты мекен еткен халықтың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен географиялық орта туралы таным-білімі туралы қосымша ақпарат көзі. Үшіншіден, ақын белгілі бір топонимді қоғамдағы құбылыстардан бірқатар мәліметтер беру мақсатында және оқырманға өзінің ішкі ойын жеткізудегі қатысым құралы ретінде қолданылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі. Алматы, Ф.ғ.к. диссер. Алматы, 2005. – 111 б.
2. Пангереев А.Ш. Жер-су атауларының поэтикасы. Ақтөбе: Полиграфия, 1996. – 114 б.
3. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
4. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. Алматы: Рауан, 1995. – 350 б.

АҚЖАЙЫҚ ӨНІРІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ
АЖГАЛИЕВ МАРАТ ҚАЙЫРЖАНОВИЧ
КАКИМОВА ДАНЕКЕР МЕДЕТОВНА**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Түйіндеме. Ономастикалық кеңістік теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, әр түрлі мәдениеттерді салыстыру, топтастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді. Кез келген географиялық атау, ең алдымен, әрбір халықтың тарихи және мәдени ескерткіші. Сондықтан да әр жердің өзінің географиялық ерекшелігіне баса мән беру керек.

Кілт сөздер. Ономастика, ономастикалық кеңістік, урбанонимдер, годонимдер, топонимдер

Ключевые слова. Ономастика, ономастическое пространство, урбанонимы, годонимы, топонимы.

Keywords. Onomastics, onomastic space, urbanonyms, godonyms, toponyms.

Сонау көне замандардан Батыс пен Шығыс арасын жалғап, әлемдік өркениет пен мәдениеттің кешегі және бүгінгі де көпірі болып отырған Батыс Қазақстан аймағы екі дүние есігіндей.

Орал өзен – екі елдің шекарасы,

Ар жағы түн, бер жағы күн баласы.

Ар жағы үймелеген жын ұясы,

Бер жағы Ер Түріктің сардаласы, - деп ақын Мағжан тебірене жырлаған. Мемлекеттік тіліміздің қоғамдық роліне қатысты академик Ә.Т.Қайдаров: «Ең алдымен, оның тірек болар үш тағаны – жазу–сызуы, ұрпақ арасын жалғастыра алтын көпірі, ономастикасы, терминалогиясы, берік емес екендігін мойындау қажет» деп атап көрсетеді. [1,3]

Жер-су атауларын ел тарихымен, мәдениетімен сабақтастырып, ұлттық тілімізді зерттеудің терең арналарының өзекті мәселелерінің бірі.

Ономастикалық кеңістік теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, әр түрлі мәдениеттерді салыстыру, таптастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді. «Ономастикалық кеңістік» терминін екі мағынада қолдануға болады: 1) жалпы лингвистикалық категория ретінде, яғни болмыстағы нақты заттарды арнайы көрсететін ономастикалық бірліктер жүйесі ретінде; 2) белгілі бір тарихи кезеңдегі нақты бір тілдің категориясы ретінде. Мысалы, қазіргі кезде орыс тіліндегі жалқы есімдер жиынтығы орыс тілінің ономастикалық кеңістігін құрайды. Біздің зерттеуімізде Орал қаласының ономастикалық кеңістігі ұғымына қаладағы мекеме, жоғары оқу орындарының аттарын қамтиды. Біз Орал қаласының жалпы ұғымына ономастикалық әлемін қарастыруды мақсат еттік. [2,54]

Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, қияли деп бөлуі, әр түрлі мәдениеттерді салыстыру, барлық реалийлерді (көне дәуірден бастап) таптастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

В.Д.Бондалетов «ономастикалық көзқарастың тарихи қабылдау мен ұлттық-этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, «ономастикалық кеңістік» терминін екі мағынада қолдануға болады дер санайды: 1) жалпы лингвистикалық категория ретінде, яғни болмыстағы (шынайы және қияли) нақты заттарды арнайы көрсететін ономастикалық бірліктер жүйесі ретінде; 2) белгілі бір тарихи кезеңдегі нақты бір тілдің категориясы ретінде. Мысалы, қазіргі кезде орыс тіліндегі жалқы есімдер жиынтығы орыс тілінің ономастикалық кеңістігін құрайды». [3,237]

Е.Ә.Керімбаев ономастикалық кеңістік пен ономастикон терминдерінің арасына теңдік белгісін қою керек деп санайды, соңғысы өз кезегінде жалқы есімнің жиынтығы деп анықталады, яғни белгілі бір кезеңдегі этностың, социумның жалқы есімдер жасауы, олар онимге тең келеді.

А.В.Супенранскаяның қатысуымен жасалған ономастика бойынша ұжымды теориялық еңбекте терминологиялық сөздікке енгізуге болатын ономастикалық кеңістік ұғымына нақты анықтама беріледі: «ономастикалық кеңістік – белгілі бір халықтың аймақтық, ипотекалық және қияли объектілерді атау үшін тілде қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Ол нақты кезеңде сол халықтың көзқарасындағы әлем модельмен анықталады, дегенмен онда алдыңғы дәуірлердің элементтері де сақталады. Әр мәдениетке, дәуірге аймаққа жататын адамдардың ономастикалық кеңістігі әр түрлі болады. Сонымен қатар әр түрлі зат жалқы есімге ие бола алады. Шынайы болмыс заттар әлемі қияли және ипотекалық заттар әлемімен толықтырылып, шынайы болмыс ретінде қабылданады» [6, 212].

Қала ономастикасының негізгі бөлігін көше атаулары құрайды. Аталмыш атауларды зерттейтін тіл білімінің саласы годонимдер енді бір еңбектерде урбанонимдер деп аталады. Орыстың көрнекті ғалымы А.В.Суперанская өзінің «Что такое топонимика?» атты еңбегінде «Көше, даңғыл, ғимараттар мен қала ішіндегі өзге де нысандар өзіндік күрделі жүйеге ие. Қала ішіндегі нысандардың қайта құрылуына байланысты олардың» мазмұнына байланысты мағыналық атауы да өзгерістерге ұшырайды. Қала ішіндегі барлық нысандар атауын «урбанонимдер» латын тілінен «urbis» қала, «urbanus» қала онимі деген мағынаны береді. Біртіпті мәдениетті елдерде қала ішіндегі нысан атауларының типологиялық мәнінің ұқсастықтары да бар» екенін көрсетеді. Ғалым өндірістік қалаларда сәулет пен жолдар олардың негізгі қызметіне қатысты аталады. Осыған орай нысандардың орналасуына, қызметіне қарай көше атаулары да атау алған дейді. [7,127] Мысалы, Университет көшесі,

Санатория көшесі. Сондай ақ ғалым Н.В.Подольская «Словарь русской ономастической терминологий» атты еңбегінде урбанонимдерді топоним түрі, қандай да бір қалаішілік топографиялық нысан атауы. Оның түрлері годоним, агороним, дромаоним деп бөліп көрсетіп, «годониге урбаноним түрі, даңғыл, көше, бульвар атауларын зерттейтін топонимика саласы» деген анықтама береді. [5,47]

Годонимдер (грек тілінен «hodos» «көше», «опута» атау) көше атауын зерттейтін ономастиканың бір саласы. Ғалым Котлярова Т.Г. Астана қаласының годонимдерін зерделей отырып, оны 4 негізгі топқа бөледі:

- Тарихи атауын сақтап қалған годонимдер;
- Кеңес заманында пайда болған, нәтижесінде тарихи маңыздылығын жоғалтқан атаулар;

- Кеңес дәуірінде пайда болған, идеологиялық тұрғыдан қалыптаспаған годонимдер;

- Кеңес дәуірінде пайда болған, алайда халықтың өткеніне сыр бермейтін годонимдер;

Батыс Қазақстан топонимикасын тұңғыш рет зерттеген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанова өзінің «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі» атты монографиясында онимдердің мынандай түрлерін көрсетеді: антропонимдер кісі есімдерін, космономимдер аспан денелері атауларын, хрономимдер тарихи даталардың атауларын, анемонимдер табиғи зілзала атауларын, топонимдер жер-су атауларын, зоонимдер жан-жануар атауларын, фитонимдер өсімдік атауларын, теонимдер құдай атауларын зерттейді. Ал осының ішінде топонимдерді де бірнеше топқа бөліп көрсетеді. Олар: ойконимдер (елді мекен атаулары), оронимдер (тау атаулары), хоронимдер (әкімшілік бірліктердің атаулары), дромонимдер (жол атаулары), спелонимдер (үңгір атаулары), инсулонимдер (арал атаулары), гидронимдер (су нысандарының атаулары), урбанонимдер (қала көшелерінің атаулары), некронимдер (мола, зират атаулары), дримонимдер (дала, жер атаулары). Біз бүгінгі баяндамамызда ойконимдер мен урбанонимдер мәселесіне кеңінен тоқталмақпыз.

Қазақ ономастикасымен айналысатын ғалымдардың пікірінше, елді мекендерге атау беруде мынандай факторларға баса мән беру керек дейді. Ол, біріншіден, тарихына яғни сол жерде болған қандай да болмасын тарихи оқиғаларды қарастыру керек. Екіншіден, географиясына. Кез келген географиялық атау, ең алдымен, әрбір халықтың тарихи және мәдени ескерткіші. Сондықтан да әр жердің өзінің географиялық ерекшелігіне баса мән беру керек. Мәселен, Ақжайық ауданы Мерген ауылдық округіне қарасты Мойылды деген ауыл бар. Бұрынғы атауы – Горячкино. Ал сол бұрынғы атауының қандай мағына беретінін тарихшылар мен өлкетанушылар әлі де зерттеуде. Бірақ сол ауыл қазір Мойылды деп аталады. Себебі біздің облыстағы Жайық өзенін бойлай қоныстанған елді мекендер ішінен сол ауылдың тұсында ғана мойыл (жергілікті жер диалектісі - торын) бітік өседі. Немесе, сол ауданда бұрынғы Первомай ауылы қазір Қабыршақты деп аталады. Қабыршақты ауылының тұсынан Қабыршақты өзені ағады. Ал Шыңғырлау ауданы да 2017 жылы өте бір ауқымды іс жасады. Себебі, Лубен, Полтава, Белогор, Тасмола ауылдарының атауын Ақбұлақ, Ақтау, Ақшат, Ардақ деп өзгертті. Себебі бұл ауылдардың тұсында біреуінде бұлақ бар, біреуінде ауыл қырқасында аппақ болып көрінетін қырат бар, т.б. Міне, осылардың барлығы да елді мекендердің географиялық ерекшеліктеріне сай қойылған атаулар. Үшіншіден, этнографиялық фактор. Қай жерде қандай құдық бар, қай жерге бұрын ел қыстаған, қай жерді жайлаған, т.б. Мәселен, Теректі ауданы Аңқаты ауылдық округіне қарасты Тасаншеген, Сатымшеген, т.б. ауылдар бар. Осы ауылдардың атауы халықтық этнографиялық факторлерге байланысты қойылған.

Орал қаласының годонимдерінің қалыптасу тарихы сонау, XVIII ғасырлардан бастау алады. Годонимдердің қалыптасуын кезең кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ресей империясының отарлау саясатына байланысты Орал қаласындағы көше атаулары Никольская, Комиссарская, Пролетарская, Красноармейская т.б. годонимдерге ие болды. Сонымен қатар годонимдер қатарынан Приютская, Красновская, Ломанная, Тепловозная, Рабочая, Кривая, Ленина, Шоссейная табылып отырды. Барлық годонимдердің

лингвистикалық та, экстралингвистикалық та сипаттамасы, оның қойылу себебі де бар. Қазақстанға орыс халқын қоныстандыру саясатына байланысты, қоныстанушылармен қатар жаңа атаулар да пайда бола бастады. Мысалы Украинская, Самарский, Саратовский, Верши-Гора, Николаевская тағы басқалары. Ұлы Отан соғысынан кейін жауынгер батырларды ұлықтау мақсатында қойылған көше атаулары да жеткідікті.

Көше атауларын атаудың өзіндік ішкі сыры, ономастикалық сипаты бар. Годонимдердің өткен тарихпен де бүгінгі жаңаруымен де байланысы бар. Оның нәтижесі бүгінгі таңда Қазақстанның Астанасы Астана қаласына ауысуына байланысты ономастикада көптеген жаңа атаулар пайда болды. Мысалы, Бәйтерек, Астана т.б. атаулар.

Қолымыздағы 1917 жылғы Орал қаласының сұлба картасына сүйене отырып, сол кездегі жүргізілген саясатқа байланысты қойылған Большая Михайловская (қазіргі Достық даңғылы), Түркістан алаңы – Театральная көшесі (Дина Нұрпейісова атындағы көше), Чижинская – Революцияға 1905 жыл (Ахмедияр Құсайынов көшесі), Сарайчиковская – Нариманова (Сарайшық) Қолымыздағы Ескі Орал қаласының көшелерін сипаттайтын альбомда тарихи атаулар жиі кездеседі. Көше атауларының тарихы, қала тарихымен тікелей байланысты екені белгілі. Орал қаласының 1917 жылғы сұлба картасында 122 көше атауы берілген. Көше атаулары қала тарихы мен еліміздің және өлке географиясымен тығыз байланысты. Кеңес дәуірі кезінде Орал қаласының барлық көше атаулары ауыстырылды. Қалада Железнов, Столыпин, Скобелев, Кутузов, Суворов сынды атаулардың басқа адам есімімен көше атаулары болған жоқ. Көше атауларының тарихи маңызы сол көшеде орналасқан объекті тарихымен ұштасатыны белгілі.

Татар слободасы Яик қалашығында алғаш 1696 жылғы деректерде аталады. Ол Ескі Собордың оңтүстік беткейінде орналасады. Оның негізін татарлар мен ноғай-татарлары салады. Дәл осы тұста ескі ағаш және тас мешіттер болды. Жаңа татар слободасы Петропавл (қазіргі Пугачев) және Қазан (қазіргі Чапаев) көшелерінің аралығында XVIII орналасты. XIX ғасыдың екінші жартысында қаланың өсуіне, құрылыстың қарқынды дамуына байланысты Орал қаласында қазан татарлары қоныс тебеді. Осы кезде татар слободасының гүлденген кезі болды. Қазан алаңындағы базардың дамуы да әсер етеді. Себебі, қазан татарларының басты кәсібі сауда болды. Осы жерде көпес үйлері де көптеп салынды. Слободаның ең көрікті ғимараты екі қабатты мешіт болды. Халық бүгінгі күнге дейін Қызыл мешіт деп атайды.

Үлкен Михайлов көшесі (Достық -Дружба) даңғылы Жайық өзенінен Ескі Саборға дейін жалғасады. Ол қашанда өлі тыныштығымен таңғалдырады. Бұл жіңішке, ыңғайлы көшені қаланың басты магистралы екені сенгісіз.

Крестовоздвиженская (Ғұмар Қараш) 1784 жылы құрылған. 1807 жылы өрттен кейін Орал жаңа құрылыс жоспары бойынша салынады. 1841 жылы көшенің шығыс бөлігінде архитектурасы жағынан ерекше шіркеу Крестовоздвиженская көшесі салынады. Оның негізінде үлкен алаң пайда болып, осы атауды иемденеді. 1899 жылы Пушкиннің жүз жылдығына Крестовой шіркеуінің қасына қала мектептерінің оқушылары бульвар бақ егеді. Келесі жылы көктемде бақ кеңейіп, Пушкиннің бағына айналады. Бүгінгі күні шіркеу де бақ та жоқ. Олардың орнына облыстық аурухана корпусы орналасқан.

XIX ғасырдың 80 жылдарында қала қамалдарының орнына Түркістан (қазіргі Д.Нұрпейісова) алаңы орын алады. Бірақ оның алдында алаңның шығыс бөлігінде үлкен сауда комплексі болды. Ол Жаңа базар деп аталды. 1822 жылы қаланың жаңа құрылыс жоспарында қаланың солтүстік шығыс ауданындағы аяқталған құрылыс территориясы алынады. Дәл осы жерде қалаға кіші кіре берісте жаңа базарлар орын алады. Кейін совет кезеңінде базар территориясы үш есеге кішірейтіледі. Бүгінде қаланың бас базары өз территориясын кеңейтті, әйтсе де ескі Оралдың базарына тең келмейді. Қаладағы базарлардың негізгі бөлігі шөп (сено) базары болды. Сено ең бірінші тауар, себебі қалада әр аулада мал мен жылқы ұсталды. Базардың батыс бөлігіндегі көшенің Сенная деп аталуы да осыдан.

Годонимдер үлкен сараптамадан, талдаудан өтіп барып қойылады. Оның өзіндік ережелері де бар. Годонимдер Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан

Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы №2572- XII «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы» негізінде дайындалады. Сәйкесті аумақтар тұрғындарының пікірлерімен есептесе отырып, қаладағы алаңдарды, даңғылдарды, бульварларды, көшелерді, тұйық көшелерді, гүлзарларды, саябақтарды, көпірлерді және басқа да құрамдас бөліктерді атау және қайта атау, бұл атаулардың транскрипциясын өзгерту мәселелері қала әкімі мен қалалық маслихат сессиясының шешімімен қабылданады. Бірінші кезекте патшалық, кеңестік билік саясатына байланысты, күштеп ұжымдастыру, жеке басқа табыну, волонтаризм мен тоқырау нәтижесінде пайда болған топонимикалық нысандар, мән-мағынасыз және қайталанған атауларды қысқарту және ежелгі жергілікті атауларымен ауыстыру қажет. Қалада пайда болған жаңа топонимикалық нысандардың атаулары қалалық ономастикалық комиссияда қаралып, тәртіпке келтіріледі. Годонимдердің қалыптасуына ежелгі қазақша топонимдерді, олардың мағыналық мазмұндарын, қолдану жиілігін, қазақ тілінде дұрыс жазылуын және орыс тіліндегі транскрипциясын жасауды есепке алу негіз болады. Қазақша топонимдерді басқа тілдерде өз бетінше және бұрмалап (толық не жартылай) транскрипциялау мен калька жасауға тыйым салу. Жаңа ұлттық атаулар қазіргі қазақтың әдеби тілінің нормаларына сәйкес беріліп, рәсімделеді, ал орыс транскрипциясы олардың жазылу дәлдігін сақтауы тиіс. Годонимдерге тарихи тұлғалардың, мәдениет және ғылым, және экономика саласы қайраткерлерінің есімдерін берерде, осы тұлғалардың қала, өлке тарихына тікелей қатысы ескерілуі тиіс. Ономастиканың тарихи-лингвистикалық және ғылыми принциптерінің бұзылу мүмкіндігін болдырмау мақсатында топонимикалық нысандардың атауын өзгерту мен қайта атау жөніндегі даулы мәселелер, соның ішінде тарихи атауларды қайтару қалалық ономастика комиссиясымен шешіледі. [8,2]

Сонымен ономастикалық «кеңістік» концептісінің жаңа замандағы сипаты идеологиялық ментальді-топонимиялық стереотиптің зор ықпалымен ерекшеленеді. Сөйтіп елді-мекен, табиғи орта нысаналарының атаулары мемлекетте жүргізіліп жатқан саяси, идеологиялық жағдайларға, саясатқа сай қойыла бастайды. Алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бастап туындайтын қоғам тұрмыс-тіршілігіндегі барлық салалардың саясилануы топонимдер номинациясының себептері, уәждері, олардың семантикасы мен қайта атау процестерінде көрініс табады. [11,49]. Жалпы адамзат және ұлттық мәдениеттердің негізгі ұғым - тіректерінің бірі болып саналатын «кеңістік» концептісінің ономастикалық лингвоментальді көріністері негізінен жоғарыда көрсеткендей болып келеді. «Кеңістік» концептісі лингво-когнитивті құрылым ретінде қарастырылып, оның ментальді-топонимиялық стереотиптерге негізделетіні айқындалды және диахрониялық тұрғыдан бұл көп деңгейлі құрылым өзгеріске ұшырайтындығы мәлім болды. [12,63] Басқаша айтқанда, әр тарихи кезеңде кеңістікті ұғыну мен тану әр қилы болып келеді, соған байланысты топонимдердің құрамы мен сипаты өзгеріп тұрады, сондай-ақ әр тарихи кезеңдегі әрбір топонимиялық жүйе әлем бейнесінің тілдік фрагменті түріндегі топонимиялық әлем бейнесін, болмысын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Орал қаласындағы көше атауларын өзгертумен, ауыструмен қалалық ономастикалық комиссия шұғылданады. Аталмыш органның «Орал қаласының алаңдарын, көшелерін, гүлзарларын, саябақтарын және басқа да құрамдас бөліктерінің атауларын және қайта атауларын тәртіпке келтіру туралы» нұсқаулығының 3 бөлімінде «Бірінші кезекте патшалық, кеңестік билік саясатына байланысты күштеп ұжымдастыру, жеке басқа табыну, волонтаризм мен тоқырау нәтижесінде пайда болған топонимикалық нысандар, мән-мағынасыз және қайталанған атауларды қысқарту және ежелгі жергілікті атаулармен ауыстыру қажет» делінген. Бірақ, мән-мағынасы жоқ көшелердің атаулары өзгеріссіз қалып, Джамбульская - Жамбыл, М.Мәметова – Дәулеткерей, Киров - Карев, М.Утемісов - Махамбет ақын, У.Исаев - Ораз Исаев т.б. болып өзгертілген. Қала ономастикасы туралы сөз еткенде, соның ішінде көше атауларын қарастырғанда біздің мәселеміз осындай. [9,78]

Халықты қорғайтын - Қорғаныс министірлігі болса, сол халқымыздың бар байлығы, ұлттық тілін қорғар, соның ішінде қала, елді-мекен, көше атауларын қорғайтын, қадағалайтын - ономастикалық Заң қажет-ақ. Бұл турасында өзге елдердің тәжірибесіне сүйенуге болады. Мысалы, АҚШ-та ономастика мәселесімен «Географиялық атаулар бюросы», Канадада «Географиялық атаулардың тұрақты комитеті», Германия мен Украинада «Географиялық атаулардың ұлттық комитеті» айналысады. Бұлардың бәріне географиялық атауларды дұрыс пайдалануды бақылап, түзеп отыру үшін заңды құқықтар берілген. Венгрияда «Ономастика туралы» арнайы заң қабылданған. Осындай заң көрші Қырғызстанда да бар.

Сонымен ономастикалық «кеңістік» концептісінің жаңа замандағы сипаты идеологиялық ментальді-топонимиялық стереотиптің зор ықпалымен ерекшеленеді. Сөйтіп елді-мекен, табиғи орта нысаналарының атаулары мемлекетте жүргізіліп жатқан саяси, идеологиялық жағдайларға, саясатқа сай қойыла бастайды. Алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бастап туындайтын қоғам тұрмыс-тіршілігіндегі барлық салалардың саясилануы топонимдер номинациясының себептері, уәждері, олардың семантикасы мен қайта атаупроцестерінде көрініс табады. [11,49].

Жалпы адамзат және ұлттық мәдениеттердің негізгі ұғым - тіректерінің бірі болып саналатын «кеңістік» концептісінің ономастикалық лингвоментальді көріністері негізінен жоғарыда көрсеткендей болып келеді. «Кеңістік» концептісі лингво-когнитивті құрылым ретінде қарастырылып, оның ментальді-топонимиялық стереотиптерге негізделетіні айқындалды және диахрониялық тұрғыдан бұл көп деңгейлі құрылым өзгеріске ұшырайтындығы мәлім болды. [12,63] Басқаша айтқанда, әр тарихи кезеңде кеңістікті ұғыну мен тану әр қилы болып келеді, соған байланысты топонимдердің құрамы мен сипаты өзгеріп тұрады, сондай-ақ әр тарихи кезеңдегі әрбір топонимиялық жүйе әлем бейнесінің тілдік фрагменті түріндегі топонимиялық әлем бейнесін, болмысын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Алматы- 1998
- 2.Исмаилова Ж.А. Оңтүстік Қазақстан облысы топонимдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері (1905-2005), Алматы – 2007
- 3.Никонов В.А. Имя и общество. Москва –1974
- 4.Суперанская А.В. Что такое топонимика. Москва – 1985
- 5.Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. Москва – 1978
6. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Алматы- 1998
7. Суперанская А.В. Что такое топонимика. Москва – 1985
- 8.«Орал қаласының алаңдарын, көшелерін, гүлзарларын, саябақтарын және басқа да құрамдас бөліктерінің атауларын және қайта атауларын тәртіпке келтіру туралы нұсқаулық».
- 9.Забелин Н.Ю. Московская городская топонимика структурно-семантический анализ топонимической системы. Москва- 2007
10. Смолицкая Г.П. Занимательная топонимика. Москва – 1990
- 11.Рысбергенова К.К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. Алматы: Ғылым, 2000
12. Сытин П.В. Откуда произошли названия улиц. Москвы. - М., 1959.

ӨЗГӨН КЫРГЫЗДАРЫНЫН ООЗЕКИ ТИЛИНДЕГИ ЖЕРГИЛИКТҮҮ ТЕРМИНДЕРДИН УРУУЛУК НЕГИЗДЕРИ

Н.К. Исаева

Кыргыз Республикасынын Улуттукилимдер академиясы, Ч.Т.Айтматов атындагы
Тил жана адабият институтунун аспиранты

Аннотация: Макалада түштүк-чыгыш диалектисинде сүйлөгөн Өзгөн кыргыздарынын тилдик өзгөчөлүктөрү каралды. Аталган чөлкөмдө жашаган уруулардын оозеки тилинин оригиналдуулугун чагылдырган тилдик каражаттарды ачып берүү аракети жасалды. Алардын лексикалык жана семантикалык бөтөнчөлүктөрүн аныктоо, жалпылык жана айырмачылыктарын ачып берүү, тилдик системадагы ордун көрсөтүү сыяктуу маселелер колго алынды. Ошондой эле диалектилерди жана кыргыздардын уруулук курамын изилдеген окумуштуулардын илимий эмгектери жана макалаларына көңүл бурулду.

Аннотация: В статье рассмотрены языковые особенности узгенских кыргызов, которые используют юго-восточный диалект. Предпринята попытка выявить языковые средства, отражающие своеобразие устной речи племен, проживающих в этом регионе. Отражены вопросы выявления лексических и семантических особенностей, их общие черты и различия, а также их роль в языковой системе. Также внимание было уделено научным работам и статьям ученых, изучающих диалекты и этнический состав кыргызов.

Негизги сөздөр: түндүк, түштүк, ичкилик, диалект, тил, уруу, уруулар, тилдик каражаттар.

Ключевые слова: северный, южный, юго-восточный, ичкилик, диалект, язык, род, племя, племена, языковые средства.

Кыргыз тилинин диалектилерине жана говорлоруна байланыштуу классификациялардын ичинен түндүк диалектиси, түштүк-чыгыш диалектиси жана түштүк-батыш, же ичкилик диалектиси деп бөлүп кароо кеңири таралган. Анын ичинен Өзгөн кыргыздарынын оозеки тили түштүк-чыгыш диалектисине кирээри, бирок, ичкилик диалектисинен кадыресе өзгөчөлөнүп турарын белгилей кетүү керек. Өзгөн кыргыздарынын оозеки тилин изилдөөдө өзгөчө деталдуу байкоо жүргүзүү зарылдыгы бар. Түштүк-чыгыш диалектилик тобуна кирген терминдерди, алардын ичинен Өзгөн кыргыздарынын тил өзгөчөлүктөрүн изилдөөгө кыргыздын улуу диалектологу Ж.Мукамбаевдин кошкон салымы эбегейсиз. Кыргыз тилине жана анын диалектилери менен говорлоруна байланыштуу Ж.Мукамбаевдин 400дөн ашык эмгеги жарык көргөн. Окумуштуунун түзгөн “Кыргыз тилинин диалектологиялык сөздүгү” Өзгөн кыргыздарынын оозеки тилин изилдөө үчүн чоң байлык. Анткени 40 миңге жакын сөздү камтыган ушул сөздүктө Өзгөн кыргыздарынын жергиликтүү ареалында колдонулган 2000ден ашуун термин топтолгон.

Саясий-социалдык шарттарга, түрдүү ички-тышкы факторлорго карабастан өнүгүп келген кыргыз тили учурда башка дүйнө тилдериндей эле илимий-техникалык жетишкендиктерге жараша заманбап өзгөрүүлөргө да дуушар болууда. Өнүгүү жолунда барган сайын кеңейип, ар түрдүүлүгүн сактап келген кыргыз тилинин, анын ичинде Өзгөн кыргыздарынын элдик оозеки тили кыргыз тилинин калыптануусуна жана өнүгүүсүнө өз салымын кошуп, байытып турган маанилүү материал. Өзгөн кыргыздарынын элдик оозеки тилине мүнөздүү терминдердин өзгөчөлүктөрүн изилдөө менен тилдин, жергиликтүү элдин тарыхын, фольклорун, этногенезин, материалдык жана рухий маданиятын аймактын географиялык өзгөчөлүктөрүнө жана ошондой эле жергиликтүү элдин уруулук курамы менен эриш-аркак изилдөө чоң мааниге ээ.

19 айыл аймагы жана 300 миңге жакын калкы бар райондун борбору Өзгөн шаары - Кыргызстандагы байыркы шаарлардын бири. Орто кылымдарда бул шаар Орто Азиядан Кашкарды көздөй кеткен соода жолдорунун маанилүү борбору болгон. Анын 2 миң жылдан ашуун тарыхы бар. Улуу Жибек Жолу соодагерлеринин аялдамасы болуп, абдан бай

тарыхый маданиятка ээ болгон. Азыркы күнгө чейин сакталган тарыхый-маданий эстеликтердин кээ бирлери XII кылымда тургузулган. Аларды караханий династиясынын тарыхый саамалдары десек болот. Ошондой эле чеп урандылары, мазарлар бар жана аалым Имам Серахсинин күмбөзү жайгашкан.

Өзгөн шаарынын калкынын саны 55 миңге жакын. Шаарда жашаган 24 этникалык топ бар. Алар: кыргыз, өзбек, орус, тажик, татар, түрк, уйгур жана башка улуттагылар[1]. Улуу Жибек Жолунда жайгашып, түрдүү-түркүн соодагерлер кербендери менен токтоп өткөн тарыхый шаар - Өзгөндүн эли кылымдар боюу башка улуттар менен жуурулушуп жашап келгени алардын тилинин байышына, өзгөрүшүнө алып келген. Өзгөн XI кылымдын экинчи жарымынан XIII кылымга чейин Караханиддер мамлекетинин борбору болуп, XIX кылымдын башында Кокон хандыгына өткөн. Россиянын курамына киргенден кийин Анжиян уездине карап калган. 1924-жылдан Ош округундагы Өзгөн болушунун, 1928-жылдан Өзгөн районунун борбору болгон[2, 773-774-б.].

Эколог жана генетик Ысмаил Салимов археолог, тарыхчы А.Бернштамдын Өзгөн деген аталышты алганга чейин кытай жазмаларында “Ю” деп турарын жазганын айтып, “Ю” шаары же Өзгөндүн 7000 жылдык тарыхы бар деген оюн айтат. Ал эми тарыхчы К.Молдокасымов Өзгөн караханиддер бийлеп турган доордо гүлдөп-өскөнүн белгилейт[3].

Караханиддердин бийлиги астында турганда эл ислам маданияты менен жакындан таанышып, анын таасири астында жашоо-тиричилигинде, салт-санаасында, тилинде кыйла өзгөрүүлөргө дуушар болот. Мына ушундан улам тилдин өсүп-өнүгүшүнө же уланышына коомдун башынан өткөргөн ар бир тарыхый жагдай чоң таасирин тийгизет.

Кыргыз тилинин терминологиясы жана диалектилик өзгөчөлүктөрүн изилдөө иштерине токтоло турган болсок, 1920-1930-жылдардан тартып профессор К.К.Юдахин, К.Тыныстанов, И.А.Батманов, Ж.Шүкүров ж.б. изилдеп башташканы маалым.

Проф. К.К.Юдахин 1940-жылы чыккан “Кыргызча-орусча сөздүгүнүн” кириш сөзүндө кыргыз говорлорун түндүк, түштүк деген негизги эки топко бөлүштүрөт. 1948-жылы проф. К.К. Юдахин “Из лаялякских материалов” деген макаласында кыргыз диалектилеринин жаңы классификациясын берген: түштүк диалектилер жана түндүк диалектилер деген эки чоң топко бөлүштүрүлүп, түштүк диалектилерден ичкилик диалектиси өзүнчө бөлүнүп чыгарылган[4, 33-б.]. Диалектилик белги катары түштүк говорлору үчүн э тыбышы менен дифтонг болорун, ал дифтонг Талас говоруна да мүнөздүү экенин айтат.

Башка окумуштуулардан айырмаланып К.К. Юдахин кыргыз тилин диалектилик жактан классификациялоодо уруулук принципке басым жасап, ал эми академик Б.М.Юнусалиев диалектилерди түндүк, түштүк-чыгыш, түштүк-батыш деп классификациялап, диалектилерди говорлорго ажыратат[5].

Б.М. Юнусалиевдин диалектилерди түндүк, түштүк-чыгыш, түштүк-батыш деп классификациялашы бардык аймактын тилдик фактыларына негизделгендиктен илимий жактан туура деп эсептелгенин окумуштуу А.Биялиев баса белгилейт[6, 24-б.]. Диалектилерге бөлүүдө Б.М.Юнусалиев да кыргыз тилинде уруулук таасирлердин бар экенине токтоло кетет. Окумуштуу кыргыз тилинде элдин территориялык орун алышына жана айрым учурда уруулук составга бөлүнүшүнө жараша фонетикага, грамматикага жана лексикага таандык диалектилик да айырмалар бар экенине токтолот[7].

Өзгөн кыргыздарынын оозеки тил түштүк-чыгыш диалектилер тобуна кирерин жогоруда белгилеп кеттик. Б.М.Юнусалиев бул топ тууралуу төмөндөгүдөй жазат: түштүк-чыгыш диалектиси грамматикалык жагынан түндүк диалектиге көбүрөөк жакындашса, тыбыштык жана сөздүк жактарынан түштүк-батыш диалектиге көбүрөөк окшошот. Фонетика жактан 8 кыска, 8 созулма үндүү жана палаталдуу ачык эфонема жана анын созулма варианты, сөз башында каткалаң п тыбышы мүнөздүү, ошондой эле көмөкчү этиштердин эле, **жибер** формалары колдонулат. Грамматика жагынан **-ың** формасы 2-жак сылык мааниде колдонулуп, жамдама сан атооч түзүүчү **-тэ** мүчөсү, **йэ, ки, лэкин** байламталары пайдаланылат. Лексика жагынан жалпы элдик сөздөр менен катар тажик жана өзбек тилдеринен кабыл алынган синонимдик параллелдердин активдүүлүгү, мисалы: **чон//кэттэ,**

пал//асел//эсэл, баш//келде//кэллэ ж.б. алтайлык доордо монгол тилдеринен кабыл алынган **белен, керээз, бараан** сыяктуу сөздөр учурайт.

Түштүк-чыгыш диалектиси өз ичинен чыгыш говору жана түндүк-батыш говору деп бөлүнөт. Чыгыш говоруна Ош жана Жалал-Абад шаарларынын чыгыш тарабындагы райондордогу (болжол менен түштүктөгү бир чети Ноокат, түндүктөгү экинчи чети Базар-Коргон) кыргыздардын тили кирет. Алар төмөнкү белгилер менен айырмаланат: эринчил дифтонгулардын ордуна эринчил созулмалар, **с,з** чаташтырылбай колдонулат, **-ыр, -ыры** формалары мүнөздүү эмес. Түндүк-батыш говоруна болжол менен Кара-Үңкүр суусунан батышты карай кеткен тоолордо (Чаткал кошо кирет) жашаган кыргыздардын тили кирип, төмөнкү өзгөчөлүктөр менен айырмаланат: эринчил дифтонгулар колдонулат, кээ бир сөздөрдө созулма **уу** ордуна **уй** дифтонгунун учурашы: **туура**, эмес **туйра** (этиш маанисинде), **с, з** тыбыштарынын чаташтырылышы, көмөкчү этиштин учур чак-**ыр//ыры** формасы (жатыр – жатыры). Ош шаарынын батыш тарабындагы жана Өзбекстан менен Тажикстандагы жашаган кыргыздардын тили түштүк-чыгыш диалектиге көп окшоштуктары болуу менен катар принципиалдуу өзгөчөлүктөрү да бар. Ошондуктан алардын тили кыргыз тилинин өз алдынча түштүк-батыш диалектисин түзөт[8, 81-б.].

Өзгөн районунун аймагында жашаган кыргыздардын оозеки тилиндеги өзгөчөлүктөрүн аныктоодо алардын уруулук курамына көңүл буруу зарыл. Жергиликтүү калктын уруулук курамына токтолсок, анда басыз, адыгине, ичкилик ж.б. уруулардын өкүлдөрү жашап жатканына күбө болобуз. Басыз уруусу Теңир-Тоолук кыргыздардын уруулук түзүмүндө сол канатка кирген чоң уруулардын бири. Бул уруу негизинен Фергана кырка тоосунун эки тарабын мекендеп, Кыргызстандын түндүгүндө да, түштүгүндө да жайгашып, ал эми Өзгөн районунун Зергер, Жыланды, 15 жаш, Ара-Көл, Салам-Алик, Кош-Этер, Кызыл-Байрак, Кара-Дыйкан айыл аймактарында жашап келет. Тагыраак айтсак, басыз уруусунун өкүлдөрү райондун ар бир айыл аймагында бар.

Чыгыш таануучу, этнограф Н.А.Аристов[9], чыгыш таануучу, тилчи офицер В.П.Наливкин, тарыхчы Я.Р.Винников, чыгыш таануучу, этнограф В.В.Радлов, чыгыш таануучу, тарыхчы, этнограф Ч.Валиханов, этнограф С.М.Абрамзон тарабынан кыргыздын уруулук курамын изилдөө боюнча өз убагында алгылыктуу иштер жүргүзүлгөн. Кыргыз тарыхчы жана этнографы, О.Каратаев кыргыздардын уруулук курамы, этномаданий, этносаясий тарыхы, алардын келип чыгышы, локализациясы, эн тамгалары боюнча эмгектерди жаратып келет.

Я.Р. Винниковдун “Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции” деген эмгегинде кыргыздардын уруулук курамы тууралуу маалыматтар берилип, анда ал **басыз тобуна** кирген кыргыздар тууралуу мындай дейт: “Они обитали по долинам Ачи, Карабулак, Актаук, Карамарт, Караалма, Урумбаш, Кызылсу, Кугарт, Сарыбулак и Ялгызарча Октябрьского района Джалал-Абадской обл., в долинах **Ирису, Джилянды, Зергер, Кутурган, Шамрат, Донгуз-тау и Зиндансу Узгенского района и по долине Улучат, Кара-Тюбе, Яссы, Кульдук, Капчигай и Ничке-Сай Мирза-Акинского района Ошской области**”. Ошондой эле “На территории кишлаков Кызылсенгир, Кошкенчи, Бостон и Акбаши Сузакского района, Кашкурган Базар-Курганского района, **Шура, Топу, Учтопкур, Калты, Ничкесай и Донгузтау Узгенского района, Джилянтемир** и Сарыбулак Ачинского района киргизы подразделений басыз жили вперемешку с киргизами багыш, мундуз, канды, карабагыш и других групп, составляя здесь от 10 до 50% общей численности населения”[10, 154-б].

Тарыхчылардын, санжырачылардын берген маалыматтарына ылайык Өзгөндө ичкилик уруусунун бостон, дөөлөс (төөлөс), найман, кыпчак, канды, оң канатка кирген Көкө-Наалы уруулук бирикмесинин ири уруусу моңолдор, Адыгине уруулук бирикмесине кирген баргы, бөрү, карабагыш, жору, Тагай уруулук бирикмесине кирген багыш, сол канатка кирген мундуз, басыздын кашкасы (жетен кашка, жаңы кашка), ошондой эле кытай, төбөй, байсогур, бөлөкбай, андан сырткары кызыл-курт ж.б. уруулардын өкүлдөрү аралаш жашап келет[11, 100-б.].

Өзгөн районунун географиясында жашаган элдин уруулук составы абдан бай экени, аныкурамында бир топ кыргыз урууларынын өкүлдөрү жашай турганы көрүнүп турат. Мына ошого жараша алардын колдонгон тили да оозеки тилдик каражаттарга бай. Башкача айтканда, түндүк диалектинин элементтери менен бирге эле түштүк жана ичкилик диалекттеринин элементтерин кездештирсе болот.

Бул боюнча тилчи, тарыхчы, диалектолог Б.М.Юнусалиевдин эмгектерине көп кайрылабыз. Окумуштуу кыргыз лексикологиясын изилдөөдө анын диалектилик базасын да кошо иликтегенин жогорудагы мисалдар далилдейт. Ошол иликтөөнүн натыйжасында келип чыккан “Кыргыз диалектологиясы” эмгеги окумуштуунун көзү өткөндөн кийин жарыкка чыгып, тил илиминде беделдүү орунду ээледі.

Өзгөн кыргыздарынын оозеки тилин изилдөөдө жергиликтүү эл колдонгон терминдер диалектолог Ж.Мукамбаевдин “Кыргыз диалектологиялык сөздүгүндө” кеңири берилген. Алардын кээ бирлерин мисалга келтирсек: **гажайып** – адабий тилде **ажайып** деген сөздүн башына говордогу **г** тыбышы кошулуп айтылат. **Эжэйип** деп да айтылат. Мында адабий тилдеги **а** тыбышынын ордуна говордогу палаталдык ачык **э** тыбышы колдонулган. Классификациялык-аймактык жагынан түштүк-чыгыш, ошондой эле ичкилик, түштүк-батыш диалектилерине да таандык. Бул сөз Өзгөн, Чаткал райондорунда кездешет. **Газавы** – мыкаачы; өтмө мааниде колдонулат. кызыл камчы эркек; *жүдө йәм катын газавы киши*. Мыкаачы жана өтмө мааниде аялга кол көтөргөн эркектерге карата айтылат. Ошондой эле **газавы** – Өзгөн, Жаңы-Жолдосазай деген мааниде колдонулат; *кыйнап газавын берди*. Азап чектирди деген. Бул сөз татар тилинде да *газабы* деп кездешет, түрк тилинде *азаб* деген термин бар – *vicdan azabi çekmek* (окулушу – виждан азабы чекмек) – өкүнүү, жасаган ишине бушайман болуу деген мааниде колдонулат. **Пәкизэ** – таза деген мааниде колдонулат; Өзгөндө, о.э. Сузак, Лейлекте бул термин кеңири тараган. *Пәйшәмби күнү жол басып, жума күнү жетип алат ол пәкизэ; өтмө мааниде чырайлуу, сулуу; тәззә пәкизә эде, пайчасы кеңип кетиптир* [13, 116-б.]. **Гөйкөлгөн** – көйкөлгөн; тегиз (текши) өскөн шибер чөпкө, жаратылышка карата, кээде жарашыктуу кийим кийип алгандарга ж.б. карата айтылат. *Карачы, жер гөйкөлүп калыптыр. Жай мезгили рәсә сонун да*. Гөйкөлгөн деген сөздө адабий тилдеги **к** тыбышы жумшарып **г** тыбышы менен айтылып жатат. Бул чөлкөмдө палаталдык ачык **э** тыбышы өтө кеңири тараган. Күнүмдүк баарлашууда бул тыбыш жергиликтүү уруулардын лексикасында өтө көп кездешет. Мисалы: *мәйли//мейли; рәсә//өтө; әсәл//бал; кәл//кел, таз; кәллә//келле, баш; дәңгәнә//деңгене, союш; нәк//алмурут; нәкә//нагыз, чыныгы; мәәлә//район, махалле; мәйдә//майда; мэкә//жүгөрү; нәс//кыска, төмөн; нәскә түш// төмөн жакка түш; пәстәк бой//бою кыска келген (адам); зәрил//зарыл; кәләч//көлөч, галош; кәр, кәрәң//керең, дүлөй; кәпкүр//депкир, иләп//илеб, эрин; гәйвир, гәңгир//аңкоо; кәсә//кесе, ж.б.у.с.*

Сөз башында каткалаң **П** тыбышы колдонулат: *пәйтәмә, пәйшәмбилик, пәтир нанж.б.*

Ошондой эле ичкиликтерге тиешелүү эринчил **в** дифтонгу колдонулат: *тов, суw, көw* ж.б. Ал эми эринчил дифтонг ордуна созулма үндүүлөр өтө кеңири колдонулат: *тоо, суу, көө, күү, жөө* ж.б.

С тыбышынын ордуна **Ч** тыбышы колдонулган учурлар кездешет: *чоз//соз; чозмо//созмо, резинка, ластик; чозмо атуу//ор.рогатка менен атуу; чакыч//сагыз* ж.б.

-ың формасы 2-жак сылык мааниде колдонулат: *келиң, бериң, отуруң, туруң, жүрүң* ж.б.

Ал эми түштүк-батыш диалектинде кеңири колдонулган көмөкчү этиш *эле* ордуна *эде* формаларын колдонгон учур ичкилик урууларынын көптүгүнө карабастан сейрек кездешет. Балким мындай көрүнүш башка уруулар менен тыгыз байланышта жашап келгендиктеринен улам болушу толук мүмкүн.

Мындан сырткары, тоолуу аймактарда жашаган бөлөкбайдын бетен, кашканын жетен кашкаларында, байсогурларда төмөндөгүдөй макал-ылакаптар айтылып келет: *Катын калп айтпайт, каңырыш угат; Айникенин кемпири “арба” десең “ооба” дейт; Эркектин эң*

жаманы жата калып эшек үркүтөт; Укпайт деп ушак айтпа, көрбөйт деп уруулук кылба; Өз агасын агалай албаган, бирөө агасын сагалайт; Эрдин жүзү бурулганча, жердин жүзү бурулсун ж.б.у.с.

Макалада Өзгөн кыргыздарынын оозеки тилиндеги терминдердин колдонулушу, алардын тилдик өзгөчөлүктөрү жана уруулук курамы тууралуу азыноолак айтылды. Өзгөн кыргыздарынын тилин изилдөөдө ошол аймакта жашаган элдин уруулук курамы менен тыгыз байланышта кароо зарылдыгы бар экени даана байкалды. Уруулардын бири-бири менен болгон алакасы тилдин лексикалык курамындагы да байытып, тилдеги фонетикалык жана грамматикалык кубулуштарды изилдөөнү улантууга түрткү болот.

Колдонулган адабияттар

1. Ош жаңырыгы. Байыркы, жаш Өзгөн шаары. 06.03.2004-ж.
2. Кыргыз энциклопедиясында IV том. 773-774-б.
3. Супер.кг. № 704, 29-апрель-5-май, 2016-ж
4. Ж.Жумалиев. Кыргыз диалектологиясы. Б., 2017, 33-б.
5. Б.М. Юнусалиев. Кыргыз диалектологиясы. Мектеп басмасы, 1971.
6. А. Биялиев. Кыргыз диалектологиясы. Б-2014.,24-б.
7. Б.М. Юнусалиев. Кыргыз диалектологиясы. Мектеп басмасы, 1971. 77-б.
8. Б.М. Юнусалиев. Кыргыз диалектологиясы. Мектеп басмасы, 1971. 81-б.
9. Н.А. Аристов. Труды по истории и этническому составу тюркских племен. Бишкек: Илим, 2003
10. Я.Р.Винников. Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции, под редакцией Г.Ф.Дебеца, Издательство Академии наук СССР, М.,1956., 154-б.
11. А. Раимжанов. Басыз санжырасы. Б.:Турар, 2022, 100-б.
12. Ж.Мукамбаев. Кыргыз диалектологиялык сөздүгү. Б., 2009. 116-б.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Ә.Б.Алмауытова	АЛҒЫСӨЗ. БОЛАТ БОРАНБАЙ – ТІЛТАНУШЫ ҒАЛЫМ	3
Е.Қажыбек	КЕМЕЛ ТІЛ – КЕМЕЛ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ. ЕРДЕН ҚАЖЫБЕК	5
Б.Сағындықұлы	ТІЛ БІЛІМІНІҢ КӨРІГІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН ҒАЛЫМ	8

1-СЕКЦИЯ. ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

Б.Е.Боранбай	ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ЖОБАСЫНДАҒЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР ЖАЙЫНДА	11
Б.С.Қапалбеков	ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ	14
Б.Сағындықұлы	ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТҮЙТКІЛДІ ТҰСЫ НЕМЕСЕ Б.БОРАНБАЙ БАҒАЛАҒАН БАҒЫТ	17
М.Б.Сабыр	БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ	19
А.М.Абасилов, А.Ж.Абасилова	АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ: ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕМЕС ШЕКАРАЛАР	23
М.Б.Қаракұл	А.БАЙТҮРСЫНҰЛЫ – АҒАРТУШЫ-ӘДІСКЕР	27
А.А.Қалманова	ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - РУХАНИ ЖЕТІЛҮДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ	30
М.Б.Мендибаева, С.К.Қылышбаева	РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ҚҰДІРЕТІ ...	32
Алтаева Г.А., Мадыгулова А.В.	ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ТРУД» В КАЗАХСКИХ И РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ	38
Абекенова Г.Н., Такиров С.У.	ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	43

2-СЕКЦИЯ. ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.Ж.Алламбергенова, К.А.Толеубаева	XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРІ (С.САҒЫНТАЙ, А.ЕЛГЕЗЕК ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)	47
А.М.Арысбек, Г.С.Бөкен	ТҮРЫСБЕК СӘУКЕТАЙДЫҢ «МЕН ЖЫНДЫМЫН» РОМАНЫНДАҒЫ АДАМ ЭКЗИСТЕНЦИЯСЫ	52
А.Қ.Ешжанова	МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ	56
А.Б.Жамал, Г.С.Бөкен	БАҚҚОЖА МҰҚАЙ – ПРОЗА ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ	59

Л.Ж.Игизбаева	КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР БЕЙНЕСІНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН КӨРКЕМ БЕЙНЕ	63
Н.Б.Избасар, Г.С.Бөкен	ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК САТИРАСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ ИДЕЯЛЫҚ ӨЗЕКТЕСТІК СИПАТЫ	65
Кунгурова С.Н., Мадыгулова А.В.	СВЯЗЬ ФИЛОСОФСКИХ ИДЕИ АЛЬ-ФАРАБИ О ГУМАННОМ ОБЩЕСТВЕ С МИРОВОЗЗРЕНИЕМ АБАЯ КУНАНБАЕВА	70
Б.М.Корабаева, Г.С.Бөкен	ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМ ШЫНДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ (Ұ.ДОСПАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	74
А.Б. Рымғалиева, Ж.Қ. Смағұлов	Т.КӘКШҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МҰҚАНОВТАНУ ІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	77
Н.К.Молдағали, Г.С.Бөкен	ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ПОЗИЦИЯ	82
Г.Н.Нұрлан, С.У.Такиров	АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР (ТҰРСЫНЖАН ШАПАЙ ЗЕРТТЕУІ НЕГІЗІНДЕ)	87
Н.А.Садуақас	ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ	91

3-СЕКЦИЯ. ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.М.Ахметжанова	БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛАУ ӘДІСІ	96
С.М.Қайыржанов, А.Б.Абылкасова	ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЙЫЛАТЫН БАСТЫ МАҚСАТ	100
А.К.Курсабаева	ДИАЛОГТІК ОЙЛАУДЫ ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ	103
Б.К.Ахунов, Т.Ж.Дүйсенова	«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	109
Жусубалина Ж.М.	ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТЕЛЕДИДАРДЫ ҚОЛДАНУ	113
Г.Ә.Мұхиддинова, Г.А.Жусупова	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ – МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ	118

М.К.Мұнарбай	ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СПЕЦИАЛИСТА ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ СОДЕРЖАНИЮ И ЯЗЫКУ	120
Қ.Ғ.Тойлыбаева	ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ШІКІРТАЛАСТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ...	124
К.М.Дуйсенова	ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС –ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ	129
А.Ә.Кенжебекова	«БИОСФЕРАДАҒЫ ЗАТ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ АЙНАЛЫМЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ	133

4-СЕКЦИЯ. ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Н.Жумадиллаева	ҚАЗАҚ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР	137
Касенов Е.С.	І. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН АҚПАРАТТЫЛЫҚ СИПАТЫ	141
М.Б.Сабыр, М.Қ.Ажғалиев, Д.М.Какимова	АҚЖАЙЫҚ ӨҢІРІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	144
Н.К. Исаева	ӨЗГӨН ҚЫРГЫЗДАРЫНЫН ООЗЕКИ ТИЛИНДЕГИ ЖЕРГИЛИКТҮҮ ТЕРМИНДЕРДИН УРУУЛУК НЕГІЗДЕРІ	150